2-басылым

# Қазақ тілі

оқулық

B2

ортадан жоғары деңгей

Астана, 2017



ӘОЖ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырысы бойынша Қазақстан Республикасының тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында шығарылды.

Издание выпущено по заказу Комитета по развитию языков и общественно-политической работы Министерства культуры и спорта Республики Казахстан в рамках “Государственной программы развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы”

*“Үздіксіз білім беру моделі арқылы «Қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқыту» әдістемесі негізінде қазақ тілін оқытуға арналған типтік оқу-әдістемелік кешені” жобасы аясында әзірленген ортадан жоғары деңгейді оқытуға арналған “Қазақ тілі” оқулығы*

*(Жобаға жетекшілік жасаған – М. М. Мұқаметқали, п.ғ.к.)*

***Пікір жазғандар:***
**З.С. Күзекова** – *Назарбаев университеті Қазақ тілі, әдебиеті, мәдениеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы;*
**Ш.Қ. Құрманбаева** – *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы;*
**М.С. Жолшаева** – *С. Демирел университеті Қазақ филологиясы кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы.*
**А.Ф. Зейнулина** – *С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті Қазақ тілі және журналистика кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты.*

**А.К. Балабеков, А.Т. Бозбаева-Хунг, Г.Қ. Досмамбетова, Б.О. Салыхова, Ә.Ж. Хазимова**

Қ **Қазақ тілі:** Ортадан жоғары деңгейге арналған оқулық. – Астана: 2017. – 340 бет.

ISBN

Әлемдік тіл үйрету тәжірибесінің кең тараған, озық әдістемелерін негізге ала отырып жазылған бұл оқулық үздіксіз білім беру моделі арқылы «Қазақ тілін шетел тілі және екінші тіл ретінде оқыту» әдістемесі негізінде әзірленген қазақ тілін оқытуға арналған типтік оқу-әдістемелік кешеннің құрамына енеді. Оқулық қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалаудың Қазтест жүйесі мен Европалық стандарт деңгейлеріне сәйкес ортадан жоғары деңгейде оқитын топтарға ұсынылады.

Ұсынылып отырған оқулық қазақ тілін меңгерудің ортадан жоғары деңгейі (В2) бойынша әзірленген. Оқулықта коммуникативтік дағдыларды дамытуға негіз болатын сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша тілдік материалдар қамтылған. Тілдік қатынастың отбасы-тұрмыстық, мәдени-әлеуметтік, кәсіби-елтанымдық және қоғамдық салаларына сәйкес өзекті тақырыптарды қамтыған мәтіндер мен коммуникативтік тапсырмалар жүйесі тіл үйренушінің сөйлеу әрекетінің оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым түрлері бойынша тілдік дағдылары мен сөйлеу іскерліктерін қалыптастыруға бағытталған. Сонымен бірге, тыңдалымға арналған аудиомәтіндер мен тапсырмалар аудиодискіге жазылып, оқулыққа қосымша ретінде жеке ұсынылды.

Оқулық қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде үйренушілерге, қазақ тілінің оқытушылары мен әдіскерлеріне, сондай-ақ жалпы қазақ тілін үйренемін деген оқырман қауымға арналған.

Учебник разработан на основе широко распространённых, передовых методик в практике обучения языку и является частью типового учебно-методического комплекса для обучения казахскому языку, разработанному по методике «Обучение казахскому как иностранному или как второму языку» через модель непрерывного образования. Учебник рекомендуется для групп, обучающихся на уровне выше среднего, соответствующем системе оценки уровня владения казахским языком Казтест и уровням Европейского стандарта.

Рекомендуемый учебник разработан для обучения казахскому языку на уровне выше среднего (В2). Здесь охвачен языковой материал, являющийся фундаментом развития коммуникативных навыков по видам речевой деятельности. Система коммуникативных заданий и текстов, которые отражают актуальные вопросы, соответствующие семейно-бытовой, культурно-социальной, профессиональной, сфере страноведения и общественной сферам языковой коммуникации, направлены на формирование у лиц, обучающихся языку языковых навыков и умений по таким видам речевой деятельности, как чтение, аудирование, письмо, говорение. Также как дополнение к учебнику предлагаются аудиоматериалы по блоку аудирование, которые были записаны на аудиодиск, и соответствующие задания.

Учебник предназначен для лиц, изучающих казахский язык как иностранный или как второй язык, преподавателей и методистов казахского языка, а также для широкого круга читателей, желающих обучаться казахскому языку.

ӘОЖ

ISBN

© Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті, 2017

© Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, 2017

© Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2017

# МАЗМҰНЫ


**I БӨЛІМ. ОТБАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**1-сабақ.** Іссапарға барар алдында... 7

**2-сабақ.** Қимыл есімі 18

**II БӨЛІМ. ТІЛ БІЛУДІҢ ПАЙДАСЫ**

**1-сабақ.** Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем 32

**2-сабақ.** Себеп-салдар сабақтас құрмалас сөйлем 43

**III БӨЛІМ. ӘЛЕМ ТАҒАМЫ АЛДЫҢЫЗДА**

**1-сабақ.** Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем 52

**2-сабақ.** Келісу, растау мәнді қыстырмалар 65

**IV БӨЛІМ. БІЛІМДІ МЫҢДЫ ЖЫҒАР**

**1-сабақ.** Күшейткіш демеуліктер 80

**2-сабақ.** Кезектес салалас құрмалас сөйлем 93

**V БӨЛІМ. МҰРАЖАЙ: ТАРИХ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ**

**1-сабақ.** Талғаулы салалас құрмалас сөйлем 102

**2-сабақ.** -и, -дай/дей/тай/тей... жұрнақтары 115

**VI БӨЛІМ. ОЛИМПИАДА ҰРАНЫ**

**1-сабақ.** Төл сөз бен төлеу сөз 128

**2-сабақ**. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері 145

## VII БӨЛІМ. ЭКОЛОГИЯ


**1-сабақ.** ... барғалы бері, ... барғалы жатырмын ... бара бастадым ...... 156

**2-сабақ.** Төл сөз бен төлеу сөз. Себеп-салдар және талғаулы салалас құрмалас сөйлем (қайталау) ...... 173


## VIII БӨЛІМ. НАНЫМ-СЕНІМДЕР


**1-сабақ.** Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем ...... 186

**2-сабақ.** Кезектес салалас құрмалас сөйлем ...... 198


## IX БӨЛІМ. ЕЛТАНЫМ


**1-сабақ.** «ЭКСПО АСТАНА-2017» ...... 209

**2-сабақ.** Көрікті мекен ...... 221


## X БӨЛІМ. ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭТИКА


**1-сабақ.** Мемлекеттік қызметші этикасы ...... 231

**2-сабақ.** Әріптес және достық ...... 239


## XI БӨЛІМ. АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ


**1-сабақ.** XXI ғасыр адамы ...... 249

**2-сабақ.** XXI ғасыр жастары ...... 257


## XII БӨЛІМ. РЕСМИ-ІС ҚАҒАЗДАР


**1-сабақ.** Жеке тұлғаға қатысты құжаттар ...... 267

**2-сабақ.** Ұжымдық құжаттар ...... 276


## ҚОСЫМША


ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ ...... 287
СӨЗДІК ҚОР ...... 305
АУДИОМӘТІНДЕР ...... 318

# АЛҒЫСӨЗ

Ұсынылып отырған қазақ тілін меңгерудің ортадан жоғары деңгейін (В2) оқытуға арналған оқулықтың екінші басылымы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырысы бойынша Қазақстан Республикасының тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында үздіксіз білім беру моделі арқылы «Қазақ тілін шетел тілі және екінші тіл ретінде оқыту» әдістемесі негізінде жарыққа шығып отыр.

Аталған оқулықтың бірінші басылымы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығымен 2012 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің тапсырысымен үздіксіз білім беру моделі арқылы «Қазақ тілін шетел тілі және екінші тіл ретінде оқыту» әдістемесі негізінде қазақ тілін оқытуға арналған типтік оқу-әдістемелік кешен ретінде жарыққа шыққан. Кешен қазақ тілінің бес деңгейлік (қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары, жоғары деңгей) оқулықтарынан тұрады. Оқулықтар қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерін анықтайтын 2015 жылы 24 қарашада Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің №236-ОД бұйрығымен бекітілген қазақ тілін оқытудың талаптарын анықтайтын ҚР СТ 1926-2015, ҚР СТ 1928-2015, ҚР СТ 1929-2015, ҚР СТ 1925-2015, ҚР СТ 1927-2015 Қазақстан Республикасының ұлттық стандартының, Қазақ тілін оқытуға арналған бірүлгі бағдарламаның негізінде әзірленді.

2016 жылы бес деңгейлік оқулықтың тіл үйренушілер тарапынан жоғары сұранысқа ие болған қарапайым (А1) және базалық (А2) деңгейлеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп, екінші басылымы жарыққа шықты.

Ұсынылып отырған қазақ тілін меңгерудің ортадан жоғары деңгейін (В2) оқытуға арналған оқулықтың екінші басылымын әзірлеу барысында өңірлердегі тілдерді оқыту орталықтарының оқытушылары мен әдіскерлерінен оқулықтың мазмұнын жаңартуға, жетілдіруге байланысты ұсыныстары мен пікірлері негізге алынды.

Оқулық мазмұны белгілі бір тілді екінші тіл ретінде оқытудың халықаралық тәжірибелеріне сәйкес сөйлеу әрекетінің Тыңдалым, Оқылым, Жазылым, Айтылым сияқты түрлерін қамтиды.

Оқулық 12 бөлімнен тұрады. Әр бөлім 2 сабақты қамтиды. Әр сабақта жаңа лексикалық, грамматикалық тақырыптар ұсынылады. Алғашқы меңгерген ақпарат пен кейінгі меңгерген лексикалық бірліктердің бірін-бірі толықтырып, сөздік құрамда үздіксіз қолданысқа түсу барысында тіл үйренушінің меншігіне айнала беретіні ескерілді. Жаңа сөздермен таныстыру мақсатында оқулықтың соңында қазақша-орысша сөздік ұсынылып отыр.

Грамматикалық тақырып сөйлеу әрекетінің түрлерімен тығыз байланыста берілген, алайда грамматиканы терең меңгерту үшін жеке бір бөлік ретінде де қарастырылады. Грамматикалық тақырыпқа қатысты мәліметтер грамматикалық анықтағышта толық қамтылған.

Әр бөлім жаңа лексикалық қормен таныстырудан басталып, өткен тақырыпты еске түсіру тапсырмаларымен жалғасып, жаңа тақырып бойынша тапсырмалармен ұласады. Тапсырмалар жеке, жұппен және топпен орындауға негізделген, бір ерекшелігі «қазір және осында» қағидасы арқылы орындалады. Әрбір тапсырманың орындалуы бойынша үлгі берілген.

Жазылым әрекетін дамыту мақсатында шағын іс қағаздарының бірқатар үлгілерін бере отырып, бекітілген типтік формалары бойынша сөздіктің көмегімен ішінара толтыру тапсырмалары берілді. Ұсынылған тақырыптық суреттер мен түрлі үлгідегі сызбалар, елтанымдық деректер тіл үйренушілерінің айтылым әрекетін дамытуға негізделді. Тіл үйренушінің тыңдалым білігін дамыту мақсатында деңгейге сәйкес тыңдалым мәтіндері аудио таспалар арқылы жеке ұсынылды.

Құрметті әріптестер, мазмұны жағынан жетілдірілген, жаңа, өзекті тақырыптар қамтылған оқулықтың екінші басылымын ұсына отырып, ерекше ынта мен ықыласты талап ететін осындай қиын да, қызықты тіл үйрену ісінде осы оқулық өздеріңізге көмекші болады деп сенеміз.

***Авторлардан***

# I БӨЛІМ



**1-САБАҚ** Іссапарға барар алдында
- *Әлемнің жеті кереметі*

**2-САБАҚ** Қимыл есімі
- *Қазақстанның жеті кереметі*



# ОТБАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

## «Іссапарға барар алдында...»
## «Іссапарға бармас бұрын...»

**1.** ***305 - беттегі сөздермен танысыңыз.***

**2. Сұрақтарға жауап беріңіз. Жауапты екінші бағанға жазыңыз.**

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Оспанның жолдасының аты – Алмагүл, ал ұлының аты – Арман. Сонда Алмагүл Арманға кім болады? | ................................. |
| 2 | 2. Оспан – Арманның інісінің әкесі. Оспан Арманға кім болады? | ................................. |
| 3 | 3. Зарина – Оспанның тұңғыш қызы. Зарина Арманға кім болады? | ................................. |
| 4 | 4. Шәрипа Оспанның анасы. Ол Арманға кім болады? | ................................. |
| 5 | 5. Зарина Жақсыбектің немересі, ал Жақсыбек Арманға кім болады? | ................................. |
| 6 | 6. Алмагүл Арманның анасы, ал Жақсыбекке кім болады? | ................................. |
| 7 | 7. Оспан Шәрипа мен Жақсыбекке кім болады? | ................................. |
| 8 | 8. Алмагүл мен Оспанға Зарина кім болады? | ................................. |
| 9 | 9. Арман, Зарина, Мақсат, Жәмила Жақсыбекке және Шәрипаға кім болады? | ................................. |

**3. Топтық жұмыс. Екі топқа бөлініп төмендегі сөздерді қарсы топқа жасырыңыз.**

**нағашы** **немере** **қарындас**
**сіңлі** **келін**
**аға** **іні**

**4. «Пирамида» сөз жұмбағын табыңыз.**

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қ | Ө | Ұ | Ү | Ң | Ү | Й | Ғ | П | Р | С | Т | О |
| Ы | В | А | Р | Т | А | Т | У | Е | Н | С | Т | Л |
| У | К | Ұ | Ү | Й | Л | Е | Н | У | Ө | Һ | Ұ | Ү |
| Р | О | М | А | Қ | Т | А | Н | Ы | Ш | Л | О | З |
| В | С | Е | Н | І | М | Д | І | Л | І | К | Р | М |
| Ы | Н | Т | Ы | М | А | Қ | Т | А | С | Т | Ы | Қ |



**5. Төмендегі ұғымдарды қалай түсінетіңізді айтыңыз.**

ТАТУЛЫҚ СЕНІМДІЛІК
ДОСТЫҚ

**6. Тиісті сөздерді қойып, сөйлемді толықтырыңыз.**

1) айрықша 2) мұрагер 3) қуану 4) мәселе

А. ................................ шешімі бар немесе жоқ іс.
Ә. ................................ өмірде жақсы хабарды естігенде адамда болатын сезім.
Б. ................................ ата-анадан, туысқаннан бір затты мұраға алып қалатын адам.
В. ................................ «ерекше» сөзінің синонимі болып келетін сөз.

**7. Сөздерді тіркестіріңіз.**

| | | |
|---|---|---|
| 1 | мәселені | А) таңдау |
| 2 | жарасымды | Ә) асу |
| 3 | құлақ | Б) шешу |
| 4 | намысқа | В) айналысу |
| 5 | жар | Г) отбасы |
| 6 | спортпен | Ғ) тию |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | мақтан | Д) қуану |
| 8 | дүниетанымы | Е) тұру |
| 9 | балалық | Ж) тұту |
| 10 | үйлену | З) кең |
| 11 | некеге | И) шақ |
| 12 | балаша | Й) тойы |

**8. Тиісті сөздерді қойып, сөйлемді толықтырыңыз.**

*~~мәселені,~~ ерекшелігі, мақтан тұтуы, айналысу, құлақ асу, таңдады, сезімтал, дүниетанымын, салып, нәзік, мұрагерің*

1. Отбасындағы *мәселені* бірігіп шешкен дұрыс.
2. Менің ұлым журналист мамандығын ............................ .
3. Ерте үйленсең, ізіңді басар ........................................ өзіңмен бірге өседі.
4. Әрбір қазақстандық азамат өз Отанын .................. ........................ керек.
5. Бала тәрбиесімен әке де, ана да қатар ...................................... керек.
6. Ол араға он жыл ........................ туған жеріне қайта оралды.
7. Танымдық бағдарламалар баланың ......................................... кеңейтеді.
8. Үлкендердің айтқан сөздеріне .................... .................. керек.
9. Қыз бала ........................, ................................... болып келеді.
10. Әр отбасының өзіндік .................................. болады.

**9. Төменде берілген мәтінге жауап беріңіз.**

*1. Теледидардан, журналдардан бала тәрибесі туралы мақалалар мен хабарларды көресіз бе?*
а) иә
ә) жоқ
б) кейде

*2. Балаңызбен жиі ойнайсыз ба?*
а) иә
ә) жоқ
б) кейде

*3. Бала тәрбиесімен жұбайыңыз еке-уіңіз де айналысасыз ба?*
а) иә
ә) жоқ
б) кейде

*4. Денешынықтыру сабағы баланың физикалық өсуіне көмегін тигізеді деп ойлайсыз ба?*
а) иә
ә) жоқ
б) кейде

*5. Сіз бір жұмыс істеп жатқанда балаңыз өз көмегін ұсынса қабылдайсыз ба?*
а) иә
ә) жоқ
б) кейде

*6. Балаңызға тек қажет жағдайда ғана бұйрық бересіз бе?*
а) иә
ә) жоқ
б) кейде

*7. Қоршаған орта баланың қалыптасуына ықпал етеді деп ойлайсыз ба?*
а) иә
ә) жоқ
б) кейде

*8. Балаңызға «Менің уақытым жоқ», «Мен жұмыс істеп отырмын» деген сөздерді жиі айтасыз ба?*
а) иә
ә) жоқ
б) кейде

*Жауаптарда неше* ***«иә», «жоқ», «кейде»*** *жауаптары барын санаңыз.*

**«Иә»** деген жауап көп болса, онда сіз тамаша ата-анасыз.

**«Жоқ»** немесе **«Кейде»** деген жауап көп болса, онда сізге балаңызға көп көңіл бөлу керек.

**10. Суреттердегі адамдар қай саланың шебері екенін тауып жазыңыз.**

*СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?*

**ӘРТІС, ТЕЛЕ-ЖҮРГІЗУШІ**


Ескендір Хасанғалиев

1. ............................ ............................

**«X FACTOR» ТЕЛЕ-ЖОБАСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ**


Рахман Омар

2. ............................ ............................

**ӘНШІ, КОМПОЗИТОР**


Марина

3. ............................ ............................

**АУДАРМАШЫ**


Дария Ғабдол

4. ............................ ............................

**11. Топтық жұмыс. Төмендегі ұғымдарды басқа сөзбен қалай айтамыз? Құрылымды пайдаланыңыз.**

| А тобы | Ә тобы |
|---|---|
| ерекше | тыңдау |
| тату отбасы | он жыл өткен соң |
| футбол ойнау, шаңғы тебу т.б. | рақмет айту |
| көп нәрсе білетін бала | бала, немере |

**Үлгі:**

**12. Топтық жұмыс. Төмендегі кестені толтырыңыздар. Жазылған сұрақтарды келесі топқа оқып беріңіздер.**

***Бала ата-анаға қандай сұрақтарды жиі қояды?***

| | А тобы | Ә тобы |
|---|---|---|
| 1 | ...................................................... | ...................................................... |
| 2 | ...................................................... | ...................................................... |
| 3 | ...................................................... | ...................................................... |
| 4 | ...................................................... | ...................................................... |
| 5 | ...................................................... | ...................................................... |

## ОҚЫЛЫМ

**Оқыңыз.**



**1**

Балам мектепке びарарда жұбайымыз екеуіміздің алдымызда «Біржанды қандай мектепке береміз?» деген үлкен мәселе тұрды. Сонда баланың өзі «Мен тек қазақша оқимын» деп тұрып алды. Сөйтіп, қаладағы №12 мектепке бердік. Баламның осы таңдауына қуандым.



**2**

Мен Ақмола облысының Ерейментау ауданы Сілеті ауылында дүниеге келгенмін. Әкем – құрылысшы, анам – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Мен ата-анамның парасатты, дүниетанымы кең, тамаша жандар екенін мақтан тұтамын.



**3**

Бес баланың әкесімін. Досхан, Айхан, Дастан, Әбдірахман есімді ұлдарым, Ғажайып деген қызым бар. ...Өзім 23 жасымда үйленгенмін. Ерте үйленгеннің бір жақсысы, ізіңді басар мұрагерлерің өзіңмен бірге өседі. Балаларым – менің болашағым!



**4**

Үш ағамнан кейін араға он екі жыл салып дүниеге келіппін. Ата-анамның қызы емес, немересі сияқтымын. Ата-анамның маған деген мейірімі айрықша болды. Еркелікпен балабақшаға барған жоқпын. Тәрбиеммен анам айналысты. Мен ата-анамды ерекше құрметтеймін!

*«Жұлдыздар отбасы» журналынан*

**1. Мәтінге сәйкес *дұрыс* немесе *дұрыс емес* жауапты белгілеңіз.**

| № | 1 | Дұрыс | Дұрыс емес |
|---|---|---|---|
| **1** | Олардың алдында кітап алу туралы мәселе тұрды. | ✓ | |
| **2** | Біржан орысша оқығысы келді. | | |
| **3** | Ескендір Хасанғалиев ұлын қазақ мектебіне берді. | | |
| **4** | Ата-анасы баласының таңдауына қуанды. | | |
| № | **2** | **Дұрыс** | **Дұрыс емес** |
| **1** | Рахман – бес баланың әкесі. | | |
| **2** | Ол пайғамбар жасында үйленді. | | |
| **3** | Оның ойынша ерте үйленген дұрыс. | | |
| **4** | Оның қызының аты – Ғажайып. | | |
| № | 3 | **Дұрыс** | **Дұрыс емес** |
| **1** | Алматы облысы Ақши ауылында дүниеге келді. | | |
| **2** | Оның анасы – математика пәнінің мұғалімі. | | |
| **3** | Ол өз ата-анасын мақтан тұтады. | | |
| **4** | Оның әкесі құрылыста жұмыс істейді. | | |

### 2. Мәтін мазмұны бойынша төменде берілген ойлардың авторын табыңыз.

**Бұл ойларды кім айтты?**

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Бала – біздің болашағымыз, ізімізді басар мұрагеріміз. | А) Ескендір Хасанғалиев |
| 2 | Мен ата-анамды мақтан тұтып, құрметтеймін. | Ә) Рахман Омар |
| 3 | Баланың таңдауына өз келісімін беріп, қуанды. | Б) Зарина Қалайберді |
| 4 | Ата-анам мені ерекше жақсы көріп өсірді. | В) Дария Ғабдол |

### 3. Мәтінен синонимдерін табыңыз.

| | | | |
|---|---|---|---|
| **жолдас, әйел, жар** | ............................................ | **адамдар** | ............................................ |
| **риза болу,** | ............................................ | **отбасын құру** | ............................................ |
| **туу, өмірге келу** | ............................................ | **секілді** | ............................................ |
| **ұстаз** | ............................................ | **ерекше** | ............................................ |

### 4. Топтық жұмыс.

1. Мәтінді қайта оқыңыздар.
2. Мәтіндер бойынша қарсы топқа сұрақ қойыңыздар.

| А тобының сұрақтары | Ә тобының сұрақтары |
|---|---|
| 1...................................................... | ...................................................... |
| 2. .................................................... | ...................................................... |
| 3. .................................................... | ...................................................... |
| 4. .................................................... | ...................................................... |
| 5. .................................................... | ...................................................... |

### 5. Тиісті сөзді қойып, сөйлемді толықтырыңыз.

***сондықтан*** ***себебі***

1. Ата-анам мені еркелетіп өсірді, ............................ мен оларды құрметтеймін.

2. Мен баламның таңдауына қуандым, .......................... ол дұрыс таңдау жасады.

3. Балаларым менің мұрагерім, ........................ олардың біліміне көп қаржы жұмсаймын.

4. Мен ата-анамды мақтан тұтамын, .......................... олар парасатты адамдар.

5. Мен журналист болғым келеді, ................ журналистка факультетін таңдадым.

6. Қазақ отбасында ер адамды құрметтейді, .................. соңғы шешімді сол қабылдайды.

**6. Топтық жұмыс:**

**ЖҰМЫС ШАРТЫ:**

*Қағаздан дөңгелек жасаңыздар да, сол қағазды торкөздерге лақтырыңыз. Қағаз қай торкөзге түссе, сондағы сұраққа жауап беріңіз. Егер сұраққа жауап берсеңіз 1 ұпай, ал жауап бере алмасаңыз, алдыңғы жинаған ұпайдан бір ұпай алынып отырады.*

Жол беріңіз!

1. Отбасы дегеніміз... Сіздің ойыңыз.

2. Сіз отбасыңызда кімге ұқсайсыз?

3. Достық дегеніміз не?

4. Өзіңіз туралы не айтып бере аласыз?

5. Үлгілі отбасы деп қандай отбасын айтуға болады?

6. Ең жақын досыңыздың мінезін айтып беріңіз?

Жол беріңіз!

7. Үлкен отбасы болған жақсы ма, әлде шағын отбасы болған жақсы ма? Неге? Себебін түсіндіріңіз.

8. Сіз достарыңызға сырыңызды айтасыз ба?

9. Егізіңіздің болғанын қалайсыз ба? Неге? Себебін түсіндіріңіз?

10. Балалар өз ата-аналарына ұқсауы керек пе? Сіздің ойыңыз.

? Қалаған сұрағыңызды таңдаңыз

11. Ата-ана болудың қандай қиын жақтары бар деп ойлайсыз?

Жол беріңіз!

12. Сіз жақсы доссыз ба? Жақсы дос болу үшін не істеу керек?

Жол беріңіз!

13. Сіз жақсы ата-анасыз ба? Жақсы ата-ана болу үшін не істеу керек?

14. Ер бала мен қыз бала жақын достар бола ала ма?

15. Ата-ана бала тәрбиесінде қандай қателік жіберуі мүмкін?

16. Сіздің ең жақсы көретін туысқаныңыз? Ол кім? Ол адамды не үшін жақсы көресіз?

? Қалаған сұрағыңызды таңдаңыз.

18. Өзіңіздің мінезіңізді айтып беріңіз?

17. Ең жақын досыңыздың келбетін сипаттаңыз?

? Қалаған сұрағыңызды таңдаңыз



## ГРАММАТИКА

### 1. Ережемен танысыңыз.

Іссапарға барар алдында .......
Іссапарға бармас бұрын ....

**288** - бет.

Іссапарға *бармас бұрын* құжаттарды әзірлеу керек.
Жұмысқа *тұрар алдында* мемлекеттік тілден емтихан тапсырады.

### 2. Тиісті қосымшаны жалғаңыз.

~~- ар~~ -мас -ер
-ер -мес -бас
-пас -пес -р
-ар

| | | |
|---|---|---|
| 1 | бар..... алдында | оқы...... бұрын |
| 2 | кет..... алдында | көр...... бұрын |
| 3 | кел...... алдында | жаз...... бұрын |
| 4 | ұйықта...... алдында | айт...... бұрын |
| 5 | жаса..... алдында | кет....... бұрын |

### 3. Толықтырыңыз.

1. Ол саяхатқа шықпас ....................... сол ел туралы ақпарат жинайды.
2. Асқар киім алар ..................... киімнің бағасына қарайды.
3. Мен кітап сатып алмас ..................... авторына қараймын.
4. Шет елге барар .................... бірнеше қажетті фраза жаттап алыңыз.
5. Ол қонақ үй алар ....................... орналасқан жеріне қарайды.
6. Асқар мамандық таңдамас .................... ата-анасымен ақылдасты.

### 4. Сөйлемді аяқтаңыз.

| | | |
|---|---|---|
| *1. Мен дәрігерге бармас бұрын* ........................................... ........................................... ....................................... . | *2. Мен жүгірер алдында* ........................................... ........................................... ....................................... . | *3. Бір істі жасамас бұрын* ........................................... ........................................... ....................................... . |
| *4. Дәрі қабылдар алдында* ........................................... ........................................... ....................................... . | *5. Кез келген тауар сатып алмас бұрын* ........................................... ........................................... ....................................... . | *6. Отбасын құрар алдында* ........................................... ........................................... ....................................... . |

**5. Төменде берілген ойларға пікір айтыңыз.**

Сіз қалай ойлайсыз? Ойыңызды дәлелдеуге тырысыңыз.

### 25 ЖАСҚА ТОЛМАС БҰРЫН

| | | | |
|---|---|---|---|
| Жиі кинотеатрға бару | Көп кітап оқу | Сенбі, жексенбі қыдыру | |
| Қазақстан бойынша саяхат жасау | | | Ата-анаға қаржылай көмектесу |
| | Шет елдерге саяхат жасау | Кафе, мейрамханаларға жиі бару | |
| Жақсы фирмаға жұмысқа орналасу | | | Карьера жасау |
| | Машина, үй сатып алу | | Депозитте ақша жинау |
| Спортпен айналысу | | Ерікті болып жұмыс істеу | Қайырымдылықпен айналысу |

**Үлгі:** 25 жасқа толмас бұрын, **«қайырымдылықпен айналысу»** дегенді *қолдаймын/қолдамаймын*. Себебі ..........................................................................

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

**Қажетіңізге жарар! Жаттап алыңыз!**



**Қазақстанда қыркүйек айының екінші жексенбісі** ***«Отбасы күні»***



**15 мамыр ХАЛЫҚАРАЛЫҚ** ***Отбасы күні***

## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Жауап беріңіз.**

1. Сізге ата-анаңыз үнемі ақыл, кеңес айтты ма?
2. Сіз кімге ұқсайсыз? Анаңызға әлде әкеңізге?
3. Ата-анаңызды сипаттай аласыз ба?
4. Сізге үнемі кім қолдау көрсетеді? Анаңыз әле әкеңіз бе?

**2. Пікір білдіріңіздер.**

1. Балаға үнемі ақыл айту, кеңес беру, ескерту жасау дұрыс па?
2. «Ұру, ұрсу» бала тәрибелеуде дұрыс па?

**3. Тыңдаңыз. «Иә» немесе «Жоқ» деп жауап беріңіз.**

№1

| № | | Иә | Жоқ |
|---|---|---|---|
| 1 | Ата-анасы – асыл жандар. | ✓ | |
| 2 | Әкесінің есімі – Әлімгерей. | | |
| 3 | Әкесінің жеке кәсібі жоқ. | | |
| 4 | Әкесі іссапарда жүреді. | | |
| 5 | Анасы – мұғалім. | | |
| 6 | Анасы – парасатты жан. | | |
| 7 | Анасы ақыл айтпайды. | | |



**Гүлназ Әлімгерей,** *тележүргізуші*

**4. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

№2

| | |
|---|---|
| 1 | Асанның әкесі қандай адам? |
| 2 | Әкесі оған мамандық таңдауына кеңес берді ме? |
| 3 | Қандай жағдайларда әкесінен көмек сұрайтын еді? |
| 4 | Әкесі оның тәрбиесіне қаншалықты көңіл бөлді? |



**Асан,** *студент*

**5. Тыңдаңыз. Дұрыс нұсқаны жазыңыз.**

№3

| | |
|---|---|
| 1 | Жұбаныш Жексенұлы балаларымен әңгімелеседі. |
| | ............................................................................................................ |
| 2 | Оның ұлы Өнер академиясында 1-курста оқиды. |
| | ............................................................................................................ |
| 3 | Қызы өскенде кәсіпкер болғысы келеді. |
| | ............................................................................................................ |
| 4 | Ол балаларының ойларын кейде тыңдайды, кейде тыңдамайды. |
| | ............................................................................................................ |



**Жұбаныш Жексенұлы,** әнші

## АЙТЫЛЫМ

**1. Топтық жұмыс. Төмендегі тірек сөздерді пайдалана отырып, досыңызға сұрақ қойыңыз.**

**А** ***Іске асырар алдында не істейсіз?***

**Үлгі:**
*1. Сіз көлік сатып алар алдында мамандардан кеңес аласыз ба?*
*2. Сіз көлік сатып алмас бұрын отбасы мүшелерімен ақылдасасыз ба?*

| | | |
|---|---|---|
| **Мамандық таңдау** | **Көлік сатып алу** | **Шетелге шығу** |
| **Жұмысқа тұру** | **Тұрмысқа шығу** | **Үйлену** |

**Ә** ***Кімді мақтан тұтасыз? Не себепті?***

**Үлгі:**
*Мен ағамды мақтан тұтамын, себебі ол маған және өзінен кішілерге үнемі көмектесіп жүреді.*

| | | |
|---|---|---|
| **Ата-ана** | **Ата-әже** | **Ұл, қыз, немере** |
| **Аға, іні** | **Әпке, сіңлі, қарындас** | **Әріптестер, достар** |

**2. Топтық жұмыс. Пікірлеріңізді айтыңыздар.**

**Қоғамдық мәселе:** Қазіргі кезде біраз жастар есеппен үйленуді ойлайды. Сондай жастарға не айтар едіңіз?

| **А тобы** | **Ә тобы** |
|---|---|
| **Отбасын құрар алдында ........** | **Отбасын құрмас бұрын ..........** |

## ЖАЗЫЛЫМ

**1. Сіз «Парасат» журналының редакциясына жаңадан жұмысқа тұрдыңыз. Сізге атақты әртістен сұхбат алу тапсырылды. Сұхбатта төмендегідей ақпараттар қамтылуы керек:**



**2. Бір тақырыпты таңдаңыз. Қысқаша сипаттап жазыңыз.**

## «Балалыққа саяхат»

1. Ата-анаңызбен бірге өткізген ерекше мереке
2. Ата-анаңыз сыйлаған ерекше сыйлық
3. Ата-анаңызға ренжіген кезіңіз, бірақ қазір ол сіз үшін қызық естелік
4. Ата-анаңызға айтпай істеген ісіңіз, бірақ қазір ол сіз үшін қызық естелік



..........................................................................................................................................
..........................................................................................................................................
..........................................................................................................................................
..........................................................................................................................................
..........................................................................................................................................
..........................................................................................................................................
..........................................................................................................................................
..........................................................................................................................................
..........................................................................................................................................
..........................................................................................................................................
..........................................................................................................................................
..........................................................................................................................................
..........................................................................................................................................
..........................................................................................................................................
..........................................................................................................................................
..........................................................................................................................................
..........................................................................................................................................
..........................................................................................................................................
..........................................................................................................................................
..........................................................................................................................................



# 2-САБАҚ

# ОТБАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

## Қимыл есімі

**1.** ***305 -беттегі сөздермен танысыңыз.***

**2. Сәйкестендіріңіз.**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | ~~ата-ананы~~ | 1 | отбасы | ............1. 3.......... |
| 2 | мәселе | 2 | сіңіру | .............................. |
| 3 | мақтан | 3 | ~~құрметтеу~~ | .............................. |
| 4 | бойға | 4 | шешу | .............................. |
| 5 | ізінді басар | 5 | тәрбиелеу | .............................. |
| 6 | парасатты | 6 | адам | .............................. |
| 7 | бала | 7 | мұрагер | .............................. |
| 8 | тату | 8 | тұту | .............................. |



**3. Дұрыс нұсқасын таңдаңыз.**

1. Жаңа істі ***<u>бастар</u>/бастап*** алдында нақты жоспарлар құру керек.
2. Жұмыс ***іздемес/ізден*** бұрын түйіндеме дайындау қажет.
3. Ақшаны ***жұмсар алдында/жер алдында*** ойлану керек.
4. Кез келген затты сатып алмас ***бұрын/алды*** оның бағасы емес, сапасына қарау керек.
5. Ұйықтар ***алдында/бұрын*** бал қосылған сүт ішу денсаулық үшін пайдалы.

**4. Топтық жұмыс. Пікір білдіріңіздер.**

| А тобы | Ә тобы |
|---|---|
| Мектепте қосымша сабақтар бар. Сіз балаңызды бірнеше қосымша сабаққа жаздыңыз, алайда балаңыз барғысы келмейді. Ол сабақтардың өмірде маңызды екенін ол әлі түсінбейді. Сіз қалай түсіндірер едіңіз?<br><br>**Қосымша сабақтар:** математика, физика, ағылшын тілі, шешендік өнер | Асқар 2 курс студенті. Грантта оқиды, алайда мамандығын жақсы көрмейді. Бұл мамандыққа ата-анасының қалауымен түсті. Енді оқуды тастағысы келеді. Егер Асқар сіздің бауырыңыз немесе балаңыз болса, қандай көмек берер едіңіз?<br><br>Асқардың мамандығы: **екі шет тілі: ағылшын-корей** |

**5. Қандай шығындарды күнделікті қажет, қай шығындарды уақытша деп ойлайсыз. Бөліп жазыңыз.**

Азық-түлік киім коммуналдық төлем ұялы телефон көлік жөндеу
саяхатқа шығу мейрамханаға бару несие көлік жөндеу киноға бару
туған күнге сыйлық алу жолақы жанармай шаштараз медицина

| Күнделікті қажет шығындар | Уақытша шығындар |
|---|---|
| .................................................................... | .................................................................... |
| .................................................................... | .................................................................... |
| .................................................................... | .................................................................... |
| .................................................................... | .................................................................... |
| .................................................................... | .................................................................... |
| .................................................................... | .................................................................... |
| ...................................................... . | ...................................................... . |

**6. Тиісті сөздерді қойып, сөйлемді толықтырыңыз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| *есептеймін* | *қор* | ~~*үнемдеймін*~~ | *жұмсау* |
| *түбіртегін* | *бюджетін* | *жоспарлайды* | *уақытша* |

1. Мен ақшамды ылғи ...үнемдеймін.......
2. Шығындарымды үнемі ......................................
3. Олар демалысын өздері ......................................
4. Ақша ............................ – үлкен өнер.
5. Сіз отбасы ........................ жоспарлайсыз ба?
6. Дүкенде касса ............................ талап етемін.
7. Болашаққа артық ........................ жинау керек.
8. ............................ шығындарды есептеген дұрыс.



**7. Болымды және болымсыз түрде жауап беріңіз.**

1. Сіз уақытты үнемдей аласыз ба?

........................................................................................................................................ .

2. Сіз ақшаны үнемдей аласыз ба?

........................................................................................................................................ .

3. Сіз демалысыңызды жоспарлай аласыз ба?

........................................................................................................................................ .

4. Сіз отбасы бюджетін жүргізе аласыз ба?

........................................................................................................................................ .

5. Отбасы шығындарын есептей аласыз ба?

........................................................................................................................................ .






**8. Қаржыға қатысты тіркестер мен сөздерді белгілеңіз.**



| |
|---|
| уақытты үнемдеу |
| бюджет құру |
| жоспарлау |
| шығын |
| түбіртек |
| қарыз |
| кіріс |
| сараңдық |
| айлық |
| ақша үнемдеу |
| ақша есептеу |
| азық-түлік |

**9. Пікір алмасыңыз.**







*(Отбасылық бюджетті басқару негіздері, 6-7-бб., RFCA)*

## ОҚЫЛЫМ

**1. Оқыңыз.**

# ОТБАСЫ БЮДЖЕТІН САУАТТЫ ЖОСПАРЛАЙ БІЛЕСІЗ БЕ?

Отбасылық бюджетті сауатты жоспарлау – үлкен өнер. Осыны меңгерсеңіз, ақшаңызды үнемдейсіз және артық қор да жинай аласыз. Ендеше, қаражатты болудың құпиясы неде?Адамның қанша ақша алатыны емес, келесі жалақыға дейін қанша ақша қалатыны маңызды.

Тапқан табысты есеппен жұмсауды сараңдық деп ойлау – қателік. Еңбекпен тапқан қаражатты қалай болса солай жұмсауға болмайды. Демек, ақшаны шаша бермей, оны дұрыс ұстауға үйреніңіз. Мысалы, шет мемлекеттерде отбасылық бюджетті жоспарлауды, ақшаны үнемдеуді арнайы оқытып, балаларды жастайынан тәрбиелейді.

Ақшаны үнемдей алмаудың басты себебі ақшамызды ойланбай жұмсау және өзімізге пайдасы аз нәрселерді алуда. Қажет емес затты артық алып, керісінше, қажеттісін алуды ұмытып кетіп жатамыз.

Сонымен отбасы бюджетін жоспарлағанда:

1. Шығындарыңызды есептеңіз. Мысалы, шығынның екі түрі болады. Біріншісі – қажет шығындар. Олар – күнделікті азық-түлік, коммуналдық төлемдер, жолақы, жанармай ақысы, киім-кешек алу т.б. Екіншісі – уақытша шығындар. Олар – аяқкиім немесе көлік жөндеу, несие, қарыз, туысқандарға сыйлық алу, туған күнге бару т.б.

2. Күнделікті кететін шығындарды үнемі жазып жүріңіз. Мысалы, бір айда қанша теңгеге азық-түлік алатыныңызды білмесеңіз, бір ай уақытыңызды оны анықтауға арнаңыз.

3. Дүкендерден азық-түлік алған сайын оның түбіртектерін жинаңыз. Осылар арқылы азық-түлікке жұмсалатын қаражатты анықтай аласыз. Яғни, әрбір шығынды осылай есептейтін болсаңыз, ақшаны неге көп жұмсайтыныңыз анықталады.

4. Болашақта жұмсайтын қаражатыңызды нақты жоспарлаңыз. Мысалы, демалысқа бару, көңіл көтеру, концертке бару, дәмхана, мейрамханаларға т.б. Бұл жағдайларда нақты қанша ақша жұмсайтындығыңызды білгеніңіз дұрыс.

5. Жалақыңыздың немесе тапқан табысыңыздың белгілі бір пайызын жинап отырыңыз.

6. Ең бастысы ақшаны тек жақсылыққа, қайырымдылыққа, қуанышты күндерге жинаңыз.

Көптеген адамдар жалақы алғанда, бірден дүкен аралауға құмар. Психологтар осы әдеттен бас тартуға шақырады. Жалақыңызды алысымен ешқайда бармай, тура үйіңізге тартыңыз. Осы кеңестерді пайдалансаңыз, ақшаңыздың үнемделгенін көріп таңғалатын боласыз.



*(«Астана ақшамы» газетінен)*

**2. Мәтіннен қарсы мәндес сөздерді табыңыз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. сауатсыз | сауатты | 6. сирек | .................................... |
| 2. кем | .................................... | 7. жамандық | .................................... |
| 3. жомарттық | .................................... | 8. қайғылы | .................................... |
| 4. ақшалы | .................................... | 9. кіріс | .................................... |
| 5. жанұялық | .................................... | 10. көп | .................................... |

**3. Мәтін мазмұнына сәйкес келетін бір ойды табыңыз.**

| | | |
|---|---|---|
| 1. Отбасы бюджетін жоспарлау – өте қиын іс әрі сараңдықтың белгісі. | 2. Отбасы бюджетін жоспарлауды үйренсеңіз, ақша жинай аласыз. | 3. Нарық заманында уақытша шығындарды бақылау-дан шығармау керек. |

**4. Мәтіннің мазмұнына сәйкес келмейтін бес ойды табыңыз.**

1. Қалтаңызда ақша ұстаудан бастаңыз.
2. Ай сайынғы табысыңыздың 10 пайызын сақтаңыз.
3. Шығындарыңыз бақылауда болсын.
4. Ақшаларыңыздың көбеюін қамтамасыз етіңіз.




5. Жинаған ақшаңызды босқа шашудан сақтаныңыз.
6. Сатып алған затыңыз үйіңіз-ге тек табыс әкелетін болсын.
7. Болашақта табыс табудың жолын қарастырыңыз.
8. Жоспарды айларға немесе жылдарға жасаңыз.

**5. Тақырыпшаларды мәтін мазмұны бойынша орналастырыңыз.**

| Мәтін мазмұнының реті |
|---|
| .............................................. |
| .............................................. |
| .............................................. |
| .............................................. |
| .............................................. |



**6. Қажетті жерге ✓ белгісін қойыңыз.**

| № | | келісемін | келіспеймін |
|---|---|---|---|
| 1 | Екі мың теңге бір аптаға жетеді. | | |
| 2 | Пайдасы аз нәрселерді алу – шығын. | | |
| 3 | Тамақты үнемі сырттан ішу арзандау. | | |
| 4 | Жалақы бір айға толық жетеді. | | |
| 5 | Айлықтың 10 пайызын жинау пайдалы. | | |
| 6 | Тапқан табысты есеппен жұмсау – сараңдық. | | |
| 7 | Несие алу барлық мәселені шешеді. | | |
| 8 | Қарыз алуға әдеттенбеңіз. | | |
| 9 | Ақшаны тек жақсылыққа жинау керек. | | |
| 10 | Ақша табу оңай емес, сондықтан оны шашпау керек. | | |

*дегенмен*

**7. Пікір алысыңыздар.**

***Отбасы бюджетін кім жүргізгені дұрыс?***
***Ер адам ба, әлде әйел адам ба?***
***Екеуі бірге жүргізуі керек пе?***



*Мен ер адам деп есептеймін. Себебі:*

..........................................................................................

..........................................................................................

..........................................................................................

..........................................................................................

..........................................................................................

.................................................................................... .

*Мен әйел адам деп есептеймін. Себебі:*

..........................................................................................

..........................................................................................

..........................................................................................

..........................................................................................

..........................................................................................

.................................................................................... .

*Мен «екеуі бірге жүргізу керек» деп есептеймін. Себебі:*

..........................................................................................................................................

..........................................................................................................................................

..........................................................................................................................................

.......................................................................................................................................... .

## ГРАММАТИКА

### 1. Ережемен танысыңыз.

Қимыл есімі

289 - бет.

Ақша *үнемдеу* – үлкен өнер.

### 2. Әр жолдан бір артық сөзді сызып тастаңыз. Себебін түсіндіріңіз.

1. *оқу, үйрену, жазу, ~~кіру~~*
2. бару, келу, шығу, табыс табу
3. отыру, тұру, жүру, мақтан тұту
4. ақша жұмсау, жинау, сақтау, көру
5. тәрбиелеу, сыйлау, құрметтеу, ақша шашу
6. мақтан тұту, құрметтеу, сыйлау, ішу
7. жоспарлау, үнемдеу, табыс табу, есептеу
8. үйлену, тұрмысқа шығу, отағасы болу, айналысу

### 3. Тиісті сөзді қойып, сөйлемді толықтырыңыз.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| *алу* | *ойлау* | *таңдау* | *жинау* | *бару* |
| *тарту* | *~~айналысу~~* | *жоспарлау* | *болу* | *үйрену* |

1. Спортпен *айналысу* денсаулыққа пайдалы.
2. Қара шаңырақ иесі .................... оңай емес.
3. Ақша ....................... – жақсы әдет.
4. Тауға автобуспен ....................... қиын.
5. Отбасы бюджетін ...................... керек.
6. Азық-түлік сатып .................... шығын емес.
7. Қазақ тілін .................... онша қиын емес.
8. Жаман әдеттен бас ...................... керек.
9. Мамандық .......................... – жауапты іс.
10. Ақшаны есептеу сараңдық деп ............ – қателік.



**4. Сөздерді орын тәртібіне сәйкес орналастырып, сөйлем құраңыз.**

1. дұрыс | ақшаны | өнер | жұмсау – үлкен.

..........................................................................................................................................

2. жерде | бұл | шаңғы | болмайды | тебуге.

..........................................................................................................................................

3. азық-түлік | дүкеннен | сатып | керек | алдында | тізім | алар | жасау.

..........................................................................................................................................

4. жүгіру – | адам | таңертең | пайдалы | денсаулығына.

..........................................................................................................................................

5. бала | тәрбиелеу | ата-ананың | міндеті.

..........................................................................................................................................

6. Асқар | бірінші | кеше | жүгіруден | алды | орын.

..........................................................................................................................................

**5. Жауап беріңіз.**



@karina97

Менің атым – Карина. Мен студентпін, университеттің үшінші курсында оқып жүрмін. Болашақ мамандығым – қаржыгер. Мен қазір дипломдық жұмыс жазып жүрмін. Тақырыбы «Отбасы бюджетін құру жолдары». Мен осы тақырыпқа сәйкес сауалнама жүргізуім керек. Сауалнамада көптеген сұрақтар бар. Сол сұрақтарға жауап беруге қарсы емессіз бе?

1. Сіз қыдыруды ұнатасыз ба?

...................................................................... .

2. Достарыңыз мейрамханаға баруға жиі ұсыныс жасай ма?

...................................................................... .

3. Дүкен аралауды ұнатасыз ба?

...................................................................... .

4. Үнемдеу сараңдық па?

...................................................................... .

5. Ақшаны көп жұмсау жомарттық па?

...................................................................... .

## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Жауап беріңіз.**

1. Азық-түліктің бағасына қарайсыз ба?
2. Сатушыдан түбіртек талап етесіз бе?
3. Түбіртектерді жинайсыз ба?
4. Ай сайынғы шығындарыңызды есептейсіз бе?

**2. Тыңдаңыз. Мәтінге сәйкес дұрыс ақпаратты белгілеңіз.** №4

| | | Дұрыс | Дұрыс емес |
|---|---|---|---|
| 1 | Алма азық-түліктің пайдасы туралы кітаптарды оқыды. | | |
| 2 | Кітаптағы кеңестерді қолданып көруге тырыспады. | | |
| 3 | Ол түбіртектерді жинап жүрді. | | |
| 4 | Жолдасы екеуі шығындарды есептеді. | | |
| 5 | Түбіртектегі азық-түліктің бағалары арзан. | | |
| 6 | Алма тек қымбат азық-түліктер алған. | | |
| 7 | Ол енді азық-түліктің бағасына қарайды. | | |
| 8 | Ол күнделікті шығынды есептеп жүрген жоқ. | | |
| 9 | Азық-түлік шығыны жалақының 80 пайызын құрады. | | |
| 10 | Келесі айда Алма шығындарды есептейтін болады. | | |

**3. Тыңдаңыз. Дұрыс нұсқаны жазыңыз.** №5

1. Андрейдің пәтері бар болатын.
..................................................................................................
.................................................................................................. .

2. Пәтер алғысы келмейді.
..................................................................................................
.................................................................................................. .

3. Оның жұмыстан кейін хот-дог жейтін және лимонад ішетін әдеті жоқ.
..................................................................................................
.................................................................................................. .

4. Хот-дог және лимонад денсаулыққа пайдалы..................................................................
.................................................................................................. .

5. Осы әдеті 10 жылда қанша тұратынын есептеген жоқ..................................................
.................................................................................................. .

6. 10 жылда екі жүз мың теңге шықты.
..................................................................................................
.................................................................................................. .

7. Олар жаман әдеттерін бір-екі ай есептеген жоқ..................................................
.................................................................................................. .

8. Ол ақша жинауды бастаған жоқ.
..................................................................................................
.................................................................................................. .

**4. Мәтінді қайта тыңдаңыз. Салыстырыңыз. Өз ойыңызды жазыңыз.**

Олар қандай болады? Олар нені түсінді? Қандай шаралар жасады?

| **Бұрынғы Алма** | **Қазіргі Алма** |
|---|---|
| ........................................ | ........................................ |
| ........................................ | ........................................ |
| ........................................ | ........................................ |
| **Бұрынғы Андрей** | **Қазіргі Андрей** |
| ........................................ | ........................................ |
| ........................................ | ........................................ |
| ........................................ | ........................................ |

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

## Ақша туралы қандай қызық ақпарат білесіздер?

## Сіз әр елдің ақшасын жинайсыз ба?

Ақша рөлін ерте заманда кейбір халықтарда (гректер, римдіктер, славяндар, моңғолдар, т.б.) мал, ертедегі Русьте, Скандинавияда – аң терісі, Қытайда – шай, Абиссинияда – тұз атқарды.

Ең алғашқы ұлттық валютамыз - 1993 жылы 15 қарашада айналымға енгізілді. Банкноттар Англияның "De La Rue" фабрикасында басылды. Қазақ валютасын өмірге келтірген суретшілер Тимур Сүлейменов, Меңдібай Алин, Ағымсалы Дүзелханов, Қайролла Әбжәлелов.



# Қазақстанның жеті кереметі

*Қазақстанның жеті кереметі туралы қандай ақпарат білесіз?*

*Әріптесіңізбен білетін ақпаратыңызды бөлісіңіз.*

*Қазақстанның кереметі болып саналатын қай жерде болдыңыз?*

*Осы кереметтердің қатарына қандай жерлерді қосар едіңіз?*



Таңбалы тас
Алматы облысы



Домбыра



Киіз үй



Алтын адам
Алматы облысы



Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Түркістан



Бекет ата мешіті
Маңғыстау



Бәйтерек Астана

## АЙТЫЛЫМ

**1. Жұптық жұмыс.**

Өз араларыңызда сауалнама жүргізіңіздер.

Сауалнама тақырыбы:

«СІЗ АҚШАҢЫЗДЫ ЕСЕПТЕЙСІЗ БЕ?»

**Аты-жөні:** ..............................

*теңгемен*

| Шығын атаулары | 1 күн | 1 апта | 1 ай |
|---|---|---|---|
| Азық-түлік | .............................. | .............................. | .............................. |
| Жолақы | .............................. | .............................. | .............................. |
| Түскі ас | .............................. | .............................. | .............................. |
| Киім | .............................. | .............................. | .............................. |
| Жанармай | .............................. | .............................. | .............................. |
| Мейрамхана, дәмхана | .............................. | .............................. | .............................. |
| Коммуналдық төлем | .............................. | .............................. | .............................. |
| Қонаққа бару/ туған күн/ сыйлық алу | .............................. | .............................. | .............................. |
| Сән салоны/ шаштараз | .............................. | .............................. | .............................. |
| Ұялы телефон | .............................. | .............................. | .............................. |
| Ғаламтор төлемдері | .............................. | .............................. | .............................. |
| Демалыс орындары | .............................. | .............................. | .............................. |
| Газет-журнал | .............................. | .............................. | .............................. |
| Білім алу | .............................. | .............................. | .............................. |

# СІЗ АҚШАҢЫЗДЫ ЕСЕПТЕЙСІЗ БЕ?

**1. Суреттегі заттардың қайсысы отбасылық бюджетке шығын әкеледі деп ойлайсыз? Нақты дәлелдер келтіріп, себебін жазыңыз. Кем дегенде 3 себеп болуы тиіс.**

..........................................................................................................

..........................................................................................................

..........................................................................................................

..........................................................................................................

..........................................................................................................

..........................................................................................................

..........................................................................................................

.............................................................





**2. Жауап жазыңыз.**

1. Онлайн сауда жасау қауіпсіз бе?
2. Онлайн сауда жасаудың қандай тиімді жақтары бар?
3. Сіз нені интернет арқылы сатып аласыз?
4. Төлем карточкасын пайдаланысыз ба, әлде қолма-қол төлейсіз бе?



..........................................................................................................

..........................................................................................................

..........................................................................................................

..........................................................................................................

..........................................................................

..........................................................................

.............................................................











# II БӨЛІМ



**1-**САБАҚ

Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем

- *Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл!*
- *Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір*

**2-**САБАҚ

Себеп-салдар сабақтас құрмалас сөйлем

- *Тіл үйренудің жалпы ережелері*



# 1 - САБАҚ

# ТІЛ БІЛУДІҢ ПАЙДАСЫ

## Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем

*бірақ, дегенмен, алайда, сонда да*

**1. 305 - беттегі сөздермен танысыңыз.**

**2. Тиісті сөзді қойыңыз.**

1. Оны кейде «шағын мемлекет» деп атаймыз – ......................... .
2. Өмірдегі қажеттіліктеріміз үшін жұмсаймыз – ......................... .
3. Дүкеннен бір зат сатып алғанда сатушы беретін қағаз – ......................... .
4. Ақшаның қадірін білмей, орынсыз жұмсау – ......................... .
5. Достарымыздан немесе жақындарымыздан сұраймыз – ......................... .
6. Мемлекеттік немесе отбасылық қаржы қоры – ......................... .
7. «Ақша» сөзіне синоним – ......................... .

*бюджет*
*отбасы*
*ақша шашу*
*қаржы*
*қарыз*
*ақша*
*түбіртек*

**3. Топтық жұмыс. Сөздерді қарсы топқа жасырыңыздар.**

| А тобының сөздері | Ә тобының сөздері |
|---|---|
| *несие* | *депозит* |
| *жалақы* | *дүкен* |
| *онлайн төлем* | *банк карточкасы* |
| *сыйақы* | *айыппұл* |
| *валюта* | *инфляция* |

**4. Берілген сөздерді тиісті орнына қойыңыз.**

есептеймін,
кіріс,
жұмсауды,
~~аты-жөнім~~,
болады,
шығын,
жекеменшік,
шашсаңыз,
артық,
қарыз,
жоспарлау,
үнемдеуді,
қажет




*Менің (1) аты-жөнім Қуандық Ержанұлы. Жасым жиырма алтыда. (2) .................... фирмада есепші болып жұмыс істеймін, сондықтан мен қалай ақша (3)..................... жақсы білемін. Себебі, егер сіз ақшаны қалай болса солай (4).................. ешқашан ақша жиналмайды.*

*Ақша тек (5)..................... білетін адамдардың қалтасында көбейеді. Оның отбасына (6) ............. болады. Ал, үнемдеуді білмейтін адамдардың отбасында (7)...................... болады.*

*Отбасылық бюджетті дұрыс (8) .... ........................... керек. Күнделікті (9) ..................... нәрселерге қанша ақша кететінін білсеңіз, сіз ешқашан (10) .................... болмайсыз. Сондықтан мен өзім бір айға керек шығындар тізімін үнемі (11) ............................ . Мысалы, осы айда мен он мың теңге (12) .......................... жұмсадым. Келесі айда осы кеткен шығынды қайта қалпына келтіремін. Менің ойымша, үнемдеу және жоспарлау сізді қарыздан құтқарады.*

**4. Ақпаратты пайдаланып бір-біріңізге үлгі бойынша сұрақ қойып, ауызша жауап беріңіз. Саяжанның бір айлық шығынын есептеңіз.**

**Жұмыс күні:**
аптасына 5 күн
**Кофе:**
300 теңге 1 кофе/1 күнде
**Түскі ас:**
600 теңге
**Жолақы:**
180 теңге
**Кино:**
айына 1 рет, 1500 теңге
**Мейрамхана:**
10 000 теңге /айына 1 рет
**Тілдік курс:**
15 000 теңге/айына бір рет






**ҮЛГІ:**

***1-нұсқа***
*– Саяжан аптасына неше күн жұмыс істейді?*
*– Саяжан аптасына 5 күн жұмыс істейді.*
***2-нұсқа***
*– Саяжан айына неше күн жұмыс істейді?*
*– Саяжан айына 20 немесе 21 күн жұмыс істейді.*

**5. Жауап беріңіз.**
1. Сіз неше тілде сөйлейсіз?
2. Қандай тілдерде сөйлейсіз?
3. Жұмыста қай тілде жиі сөйлесесіз?
4. Үйде/ достарыңызбен/туыстарыңызбен қай тілде жиі қарым-қатынас жасайсыз?
5. Қоғамдық орындарда қай тілді жиі қолданасыз?
6. Шет тілін қайда үйрендіңіз?

**6. Жауап жазыңыз.**




**Шет тілін қалай үйрену керек?**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **үйрену** | | **бару** | | **оқу** |
| | **көру** | | **жаттау** | |
| **жасау** | | **тыңдау** | | **жалдау** |

1. Маған шет тілін ...........................................
2. Оған курстарға ...........................................
3. Шет тілінде кітап, газет-журнал ...........................................
4. Сол тілде фильмдер ...........................................
5. Шет тілінде ән ...........................................
6. Жаңа сөздер ...........................................
7. Үнемі жаттығулар ...........................................
8. Жеке мұғалім ...........................................

**керек**

**қажет**

**7. Топтық жұмыс. Пікір білдіріңіздер.**

1. Шет тілін үйрену үшін адамға қандай қабілеттер қажет деп ойлайсыз?

2. Барлық адамның тіл үйренуге деген қабілеті бола ма?

**8. Ойыңызды айтыңыз.**

Жағдаят: Сіз фирма немесе компания басшысыз. Сізге қызметкер керек. Сіздің алдыңызда екі түйіндеме жатыр. Түйіндеме бойыншы кімді жұмысқа алар едіңіз? Неге? Себебін айтып беріңіз

| | Асанов Мұрат Қайырұлы | Смайлова Сәуле Азаматқызы |
|---|---|---|
| **Білімі:** | Орта /колледж/ | Жоғары |
| **Жұмыс өтілі:** | 10 жыл | 3 |
| **Тілді білуі:** | Ағылшын – бастауыш деңгей, орыс тілі – еркін, ана тілі – қазақ тілі | Ағылшын, орыс, испан тілдері еркін (ауызша, жазбаша), ана тілі – қазақ тілі |
| **Біліктілікті арттыру:** | 10 семинар-тренингтен өткен | 2 семинар-тренингтен өткен |

**9. Сөздерді тиісті бағанға жазыңыз.**

*шет қазақ ағылшын екітілді жетік*
*нашар таза табысты мүдделес*
*заман жұмыс өмір еркін қостілді*
*аударма орташа пікірлес тез*



| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. ..................<br>2. ..................<br>3. .................. | **білемін** | 4) ....................<br>5) ....................<br>6) .................... | **сөйлеймін** | 7) ......................<br>8) ......................<br>9) ...................... | **сөздік** |
| 10) ....................<br>11) ....................<br>12) .................... | **тілі** | 13) ................<br>14) ................<br>15) ................ | **талабы** | 16) ....................<br>17) ....................<br>18) .................... | **адамдар** |

**10. Сөйлем құраңыз.**

| | | |
|---|---|---|
| 1. Мен | артықшылықтарын | тобында оқимын. |
| 2. Ағылшын тілін | тілдік кедергіні | тіл болып саналады. |
| 3. Шет тілінде еркін сөйлеу үшін | халықаралық | жою керек. |
| 4. Зерттеушілер тіл үйрену | ортадан жоғары | дәлелдеді. |
| 5. Шетелдік көркем әдебиетті | түсініп | оқу үшін сөздік қор мол болу керек. |
| 6. Шет тілін үйрену | зер салып | жақсартады. |
| 7. Мәтінді жақсы түсіну үшін | ми қызметін | оқу қажет. |

### 11. Белгіленген сөздерді болымсыз түрде беріңіз.

1. Тіл үйрену ойлау қызметін *жақсартады.*

........................................................................................ .

2. Мен екі шет тілінде таза *сөйлеймін.*

........................................................................................ .

3. Тіл үйренушілер екі тілді сөздіктерді *пайдаланады.*

........................................................................................ .

4. Бірнеше тіл білу заман талабы *болып отыр.*

........................................................................................ .

5. Халықаралық тілдер тобына қырғыз тілі *жатады.*

........................................................................................ .

6. Көркем әдебиет оқу сөздік қорды *көбейтеді.*

........................................................................................ .

7. Шет тілінде жылдам *жазамын.*

........................................................................................ .

### 12. Өз жауабыңызды белгілеңіз.

| | келісемін | келіспеймін |
|---|---|---|
| 1. Шет тілінде еркін сөйлеуге болады. | | |
| 2. Тіл білу денсаулыққа пайдалы. | | |
| 3. Бірнеше тіл білу – заман талабы. | | |
| 4. Шет тілін білсең, жақсы жұмыс табасың. | | |
| 5. Тіл үйрену ми қызметін жақсартады. | | |
| 6. Бірнеше тіл білсең, көп ақша табасың. | | |
| 7. Шет тілін екі айда үйренуге болады. | | |
| 8. Табысты адамдар шет тілін біледі. | | |
| 9. Шет тілін өз бетінше үйренуге болады. | | |
| 10. Мүдделес адамдармен үйрену оңай. | | |

*дегенмен*

### 13. Сөз тіркестерінің мағынасын айтыңыз.

қатар атқара алу
ақпаратты жою
зер салу
жерде қалмау
тез байқау
өз бағасын білу

### 14. Топпен талқылаңыздар.

**БОЛЖАМДАРЫҢЫЗДЫ ДӘЛЕЛДЕҢІЗ!**

“– **Шет тілін білу** заман талабы ма? –”

“– **Шет тілін үйренгенде, оның тарихын білу керек пе?** ”

“– **Тіл үйрену пайдалы іс пе?** – ”

“– **Тілді үйренуге** шет тілі курстары қаншалықты көмек береді? – ”

“– **Тіл үйрену** ойлау қызметін жақсартады дегенге сенесіз бе? – ”

“– **Көп тіл білу** ақша табудың жолы ма? – ”

## ОҚЫЛЫМ

**1. Оқыңыз.**






### Тіл үйрену ми қызметін жақсартады

Пенсильвания штаты университетінің (АҚШ) психологы Юдит Кролл екі немесе бірнеше тіл білу миды «өз қалпында» сақтап қалатынын және адамның психикалық функциясын жақсартатынын тәжірибе түрінде дәлелдеді. Зерттеуші қажетсіз ақпаратты жою және ең маңыздысына зер салып таба білу сияқты ойлау қызметінің міндеттерін бір тілді білетіндерге қарағанда, екі тілді білетін адамдар неғұрлым жақсы орындайтынын анықтады. Екі тіл білетіндер өзгелерге қарағанда артықшылықтарды тез байқап, көп жұмысты қатар атқара алады екен.

http://kz.biocenter.kz/

**2. Кестедегі ақпараттарды тиісті орындарға қойыңыз (А, Ә, Б, В)**

### Тіл білсең, жерде қалмайсың

*Қазіргі кезде шет тілін білу – өзекті мәселе, алайда «Шет тілін білудің қандай пайдасы бар?» деп сұрақ қоятын адамдар да бар. Сонымен, шет тілін білудің қандай пайдасы бар екенін талқылап көрейік.*

| | |
|---|---|
| **1. Қазіргі қоғамда жұмыс табу мүмкіндігі жоғары.** | |
| **2. Жаңа идеяларды табу және жүзеге асыру мүмкіндігі.** | |
| **3. Өз-өзіңізге сенімділік артады.** | |
| **4. Адамдармен араласу және қарым-қатынас жасау мүмкіндігі.** | |



*Шет тілін білудің осындай пайдалары кез келген адамға қажет нәрсе. Шет тілін білудің сізге және сіз қоршаған ортаға ықпалы зор екенін ұмытпаңыз.*



**А** Қазіргі заман ғаламтор заманы, дегенмен, көптеген сайттар шет тілінде. Сіз үнемі ізденістегі адам болсаңыз, бұл сіз үшін өте маңызды. Жасыратыны жоқ, көптеген салалардағы жаңа идеялар батыстан шығып жатады.

**Ә** Сіз тек өз тіліңізде сөйлейтін адамдармен ғана емес, өзге тілді білетін адамдармен араласу мүмкіндігіне ие боласыз. Ал қарым-қатынас жасау сіздің жеке қасиеттеріңізді ашуы мүмкін.

**Б** Сіз филолог болмасаңыз, таныстарыңыздың ішінде шет тілін білетін адам жоқ болуы мүмкін. Ал шет тілін білетін филолог мамандар – өздеріне сенімді және өзінің құнын білетін адамдар. Олар жұмыссыз қалмайтынына сенімді болады.

**В** Сіз ірі қалада тұрсаңыз, шет тілін білетін мамандар жұмысты тез табатынын білгеніңіз жөн. Оның себебі ірі қалаларда шетелдік компаниялар көп. Кәсіби біліктілігі жоғары, бірақ шет тілін білмейтін маманға қарағанда, кәсіби біліктілігі төмендеу, алайда шет тілін білетін маман жерде қалмайды.

http://massaget.kz

**3. Жоғарыдағы мәтіндерден берілген сөздерге мағыналас сөздерді табыңыз.**

**1**

| | |
|---|---|
| 1) көп тіл білу | ........................................ |
| 2) керек емес | ........................................ |
| 3) ғалым | ........................................ |
| 4) соғұрлым | ........................................ |
| 5) өзге | ........................................ |
| 6) бірге атқару | ........................................ |
| 7) анықтады | ........................................ |
| 8) жылдам | ........................................ |

**2**

| | |
|---|---|
| 1) маңызды | ........................................ |
| 2) үлкен | ........................................ |
| 3) жұмыс табады | ........................................ |
| 4) іске асыру | ........................................ |
| 5) өз бағасын білу | ........................................ |
| 6) әсері | ........................................ |
| 7) ылғи | ........................................ |
| 8) аса | ........................................ |

**4. Сөздерді тақырыпқа сәйкес бөліп жазыңыз.**

### ТІЛ ҮЙРЕНУ МИ ҚЫЗМЕТІН ЖАҚСАРТАДЫ

1) ........................................ *анықтау*

2) ........................................ *дәлелдеу*

3) ........................................ *сенімділік*

4) ........................................ *ғылым*

### ТІЛ БІЛСЕҢ, ЖЕРДЕ ҚАЛМАЙСЫҢ

1) ........................................ *жұмыс табу*

2) ........................................ *қажеттілік*

3) ........................................ *зерттеу*

4) ........................................ *мүмкіндік*



**5. Мәтін идеясына қарсы ақпараттарды тауып, тақырыпқа сай бөліңіз.**

| ТІЛ ҮЙРЕНУ МИ ҚЫЗМЕТІН ЖАҚСАРТАДЫ | | ТІЛ БІЛСЕҢ, ЖЕРДЕ ҚАЛМАЙСЫҢ |
|---|---|---|
| | *миды шаршату* | |
| | ***шет тілін білу маңызды емес*** | |
| | *қажетті ақпаратты жою* | |
| 1) миды шаршату | ***ұзақ уақыт жұмыс іздеу*** | 1) ұзақ уақыт жұмыс іздеу |
| | *ойлау қызметі нашар* | |
| 2) ........ | ***өз-өзіне сенімсіз*** | 2) ........ |
| | *дәлелдей алмау* | |
| 3) ........ | ***жеке қасиеттерді жою*** | 3) ........ |
| | *зер салу* | |
| 4) ........ | ***нашарлау*** | 4) ........ |
| | *адамдармен араласа алмау* | |
| 4) ........ | ***көп жұмысты қатар атқара алмау*** | 4) ........ |
| | *тіл білетіндер арасында айырмашылық жоқ* | |
| 5) ........ | | 5) ........ |

## ГРАММАТИКА

**1. Ережемен танысыңыз.**

Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем

**290** - бет.

Ғаламтордан ақпарат іздедім, *бірақ* таба алмадым.
Мен кітапханаға бардым, *алайда* керек кітапты таппадым.
Ол қалаға келгісі келмеді, *дегенмен* келуге тура келді.

**Бірінші жай сөйлем** + **Ол тіл курстарына барғысы келеді.**

← **шылау** →

**Екінші жай сөйлем** – **Оның уақыты болмай жүр.**

**Ол тіл курстарына барғысы келеді, бірақ оның уақыты болмай жүр.**

+ **Ол жұмысқа кешігіп келді.**

← **шылау** →

– **Ол берілген тапсырмаларды уақытында орындады.**

**Ол жұмысқа кешігіп келді, алайда берілген тапсырмаларды уақытында орындады.**

**2. Сөйлем бөліктерін қосыңыз.**

| | |
|---|---|
| 1. Мәтінді оқып болдым, | алайда уақытым болмай жүр. |
| 2. Шет тілін үйренгім келеді, | бірақ кейбір сөздерді түсінбедім. |
| 3. Жұмыс табу қиын, | дегенмен сатып алды. |
| 4. Ол шет тілінде еркін сөйлейді, | бірақ жабық екен. |
| 5. Тілдік кедергіні жоюға болады | дегенмен іздеп көруге болады. |
| 6. Ол кітап сатып алғысы келмеді, | алайда ол оңай емес. |
| 7. Мен кітапханаға бардым, | сонда да кешігіп келді. |
| 8. Ол жұмысқа таксимен келді, | әйтсе де білмейтін сөздері көп. |

**3. Тиісті шылауды қойып, сөйлемді толықтырыңыз.**

| бірақ | алайда | дегенмен | әйтсе де | сонда да |
|---|---|---|---|---|

1. Шет тілінде еркін сөйлегім келеді, ...бірақ... сөздік қорым жетпейді.
2. Мәтіндер дұрыс секілді, ........................ қайта тексеріп шығу керек.
3. Ол бүгін ерте тұрды, ........................... жұмыстарын аяқтай алмады.
4. Оның киноға келуге мүмкіндігі болмады,......................... келуге тырысты.
5. Ол дәмханаға барды, ................... көрсетілген қызмет оған ұнамады.
6. Ғаламтордан материал іздедім, ...................... таба алмадым.

**4. Жай сөйлемдерден қарсылықты салалас құрмалас жасаңыз.**

**1. Ол сыртқа бір шығып бір кіріп жүр. Оның бұл ісін ешкім түсінбей отыр.**

Ол сыртқа бір шығып, бір кіріп жүр, бірақ оның бұл ісін ешкім түсінбей отыр.

2. Олар өз келісімін бермеді. Бұл менің жоспарларыма кедергі бола алмайды.

..........................................................................................................................................

3. Әрбір адам ана тілінің қадірін білу керек. Көп адам осыны жақсы түсіне бермейді.

..........................................................................................................................................

4. Оңтүстік тілі немесе солтүстік тілі деген болмайды. Аймақ халқының тілінде аздаған ерекшеліктер болады.

..........................................................................................................................................

**5. Топпен талқылаңыздар.**

*Мемлекет азаматтары мемлекеттік тілді білуі тиіс, алайда ...*

*Жас кезде ел, жер көру керек, дегенмен ...*

*Мемлекеттік тіл біреу ғана болу керек, алайда ...*

*Мамандықты әр адам өзі таңдауы тиіс, бірақ ...*

**5. Топтық жұмыс.**

1. А тобы бір ой айтады.

2. Ә тобы ол ойға қарсы шығады.

**Үлгі:**

| А тобы | Ә тобы |
|---|---|
| 1. Олар кинотеатрға келді, | бірақ киноға билет болмады. |
| 2. ........................................ | ................................................ |
| 3. ........................................ | ................................................ |
| 4. ........................................ | ................................................ |
| 5. ........................................ | ................................................ |
| 6. ........................................ | ................................................ |
| 7. ........................................ | ................................................ |

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

**1. Оқыңыз. Есте сақтаңыз.**

**ЖЕТІ ЖҰРТТЫҢ ТІЛІН БІЛ,**
**ЖЕТІ ТҮРЛІ БІЛІМ БІЛ!**

*Әбу Насыр Әл-Фараби*




**Қазақ тілі ЮНЕСКО-ның Index Translationum статистикасы шығарған рейтинг желісінде ТОП-50 аударушы тіл қатарына енген (2012 жылғы статистика).**

**Қазақ тілі әлемдегі ірі 40 тілдің қатарына енеді.**

**Қазақ тілі – 500 млн қолданушысы бар Google Translate автоматты аударма қызметіне қосылған 90-тіл.**

**Қазақ тілі көптеген маманның пікірінше диалектісі жоқ тілдердің бірі болып саналады.**

*https://massaget.kz/blogs/oy_tolgaular/15446/*

## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Пікір білдіріңіздер.**

1. Бірнеше тіл білу – жақсы ақша табудың жолы деп ойлайсыз ба?
2. Сіз екінші тілді не мақсатпен үйренер едіңіз?

**2. Тыңдаңыз. Мәтінге сәйкес дұрыс нұсқасын белгілеңіз.** №6

| | | Дұрыс | Дұрыс емес |
|---|---|---|---|
| 1 | Самат отандық фирмада жұмыс істейді. | | |
| 2 | Адамдар тілді бір ғана мақсатпен үйренеді. | | |
| 3 | Ол екі шет тілін біледі. | | |
| 4 | Самат шет тілін ақша табу үшін үйренді. | | |
| 5 | Ол шет елге көп шығады. | | |
| 6 | Өзге ұлт өкілдерімен араласқысы келеді. | | |

**3. Тыңдаңыз. Дұрыс нұсқаны жазыңыз.** №7



1. Раушанның болашақ мамандығы қандай?
2. Ол нешінші курста оқиды?
3. Раушан өз мамандығын не үшін таңдады?
4. Раушан қайда жұмыс істегісі келеді?
5. Шет тілін білу туралы Раушанның пікірі қандай?

**4. Тыңдаңыз. Дұрыс нұсқаны жазыңыз.** №8

1. Мәтін Сырым туралы болды. ..........................................................................
2. Ол шетелдік фирмада жұмыс істейді. ..........................................................................
3. Шет тілін білу ешкімге керек емес. ..........................................................................
4. Ол бес шет тілін біледі. ..........................................................................
5. Оған жұмыс табу қиын болды. ..........................................................................

**5. Жауап беріңіз.**

1. Самат, Раушан және Мақсаттың шет тілін үйренудегі мақсаттары бірдей ме?
2. Тілді «қызығушылық» үшін үйрену дегенге сенесіз бе?

## АЙТЫЛЫМ

**1. Жұптық жұмыс.**

А) Бір тіл үйренуші тіл үйренудің бес пайдалы жағын мен жолдарын айтады, екінші тіл үйренуші оған қарсы бес ой білдіреді.




Ә) Рөлдеріңізбен ауысыңыздар.

**2. Өз ойыңызды білдіріңіз.**

Сіз өзге тілді қалай үйрендіңіз? Өзге тіл үйреншілерге қандай кеңестер бере аласыз?

## ЖАЗЫЛЫМ

facebook

Сіз досыңызбен Facebook арқылы хат жазысып отырсыз. Ол Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде оқиды, бірақ ол сізге оқуды тастағысы келетінін айтты. Сіз оның қателік жасағалы жатқанын және тіл білу өте маңызды екенін айтып, райынан қайтаруыңыз керек. Оған нақты дәлелдер мен мысалдар келтіре отырып, жауап жазыңыз.

..........................................................................................................................................

..........................................................................................................................................

..........................................................................................................................................

..........................................................................................................................................

..........................................................................................................................................

..........................................................................................................................................

# ТІЛІ БІЛУДІҢ ПАЙДАСЫ

## Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем

*себебі, ал, сондықтан, сол себепті, өйткені*

**2**- САБАҚ



**1.** ***306 - беттегі сөздермен танысыңыз.***

**2. Кестедегі сөздерді пайдаланып, сұраққа жауап беріңіз.**

***Үлгі:***
*– Сіз қазақ тілі мен жапон тілін білесіз бе?*
*– Мен қазақ тілін білемін, бірақ жапон тілін білмеймін*

| | | |
|---|---|---|
| қазақ | | жапон |
| орыс | | қытай |
| ағылшын | | кәріс |
| қырғыз | | татар |
| испан | | француз |

**3. Асты сызылған сөздерді үлгі бойынша өзгертіңіз.**
Өткен грамматиканы еске түсіріңіз ***-ша/-ше*** (Қазақ тілі. Базалық деңгей. ...-бет)

*қазақ тілі ⟶ қазақша*

1. Мен <u>қазақ тілінде</u> еркін сөйлеймін. ..............................
2. Сен <u>ағылшын тілінде</u> кино көресің бе? ..............................
3. Сіз <u>орыс тілінде</u> газет оқисыз ба? ..............................
4. Ол <u>қытай тілін</u> жетік біле ме? ..............................
5. Мен <u>кәріс тілінде</u> сөйлей алмаймын. ..............................

**4. Сұрақтарды досыңызға қойып, жауап алыңыз.**

1. Сен неше тіл білесің және қандай тілдер?
2. Ол тілдерді қандай дәрежеде білесің?
3. Тіл үйренуді қашан бастадың?
4. Тіл үйренудегі мақсатың не? Не үшін үйрендің?
5. Тілді қандай жолмен үйрендің?
6. «Тіл білсең, жерде қалмайсың» деген пікірмен келісесің бе?
7. «Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір» деген мақалдың мағынасы қандай?



**5. Тиісті сөзді қойып, сөйлемді толықтырыңыз.**

1. Бір *сәт* экология туралы ойлануымыз қажет.
2. Кез келген ата-ананы баласының болашағы ..............................
3. ........ адамдар бірнеше тілде өз ойын еркін жеткізе алады.
4. Орысша қойылған сұрақтарға .............................. жауап беремін.
5. Қазақстан Республикасында құжат .................... мемлекеттік тілде жүргізіледі.
6. Қорқынышты фильмдерді көргенде денем ...................... кетеді.
7. Абайдың ............................ үнемі оқып жүремін.
8. Бұл мәселеге ...................... көзқараспен қарау керек секілді.
9. Қаланың ...................... тұрғындары қала тарихын жақсы біледі.
10. Мен қазақы ...................... туып-өскен адаммын.

*мазалайды,*
*~~сәт~~,*
*қазақша,*
*түршігіп,*
*байырғы,*
*қарасөзін,*
*алмасу,*
*басқаша,*
*кей,*
*ортада*

**6. Берілген сөздерден сөз тіркесін жасап, сөйлем құраңыз.**

| | |
|---|---|
| **1. басы** | **А) жасау** |
| **2. жауап** | **Ә) істеу** |
| **3. жағдай** | **Б) қосылу** |
| **4. оқуға** | **В) қою** |
| **5. ерін-бей** | **Г) қай-тару** |
| **6. ынта** | **Ғ) түсу** |

1. *Көптен бері енді басымыз қосылды.*
2. ..........................................................................................
3. ..........................................................................................
4. ..........................................................................................
5. ..........................................................................................
6. ..........................................................................................

**7. Өз ойыңызды білдіріңіз. Себебін түсіндіріңіз.**

**Иә** **Жоқ**

Қазіргі таңда

Жастардың басы қосылса, тек қазақша сөйлейді

Қазақ тілі курстары тұрақты түрде жұмыс істейді

Қазақ тілінде сөйлейтін-дердің саны артуда

Қазақ тілін үйренгісі келетіндерге барлық жағдай жасалған

Қазақ тілінде жақсы сөйлеу үшін тілдік орта болуы керек

## ОҚЫЛЫМ

**1. Оқыңыз.**

Сұрақтардың мәтін бөліктеріне сай ретін көрсетіңіз.

# ҚАЗАҚША ОҚУ КЕРЕК ДЕП ШЕШТІМ



***Оксана Петерс,***
*тележүргізуші*

1. Сіздің қазақша білетініңізді адамдардың байқамай қалған кездері болды ма?
2. Қазақ әндерін білесіз бе?
3. Мемлекеттік тілді үйренушілерге не айтар едіңіз?
4. Отбасыңызда қазақша сөйлейсіз бе?
5. Қазақ тілін қай кезден бастап үйрендіңіз?

**А** Алтыншы орыс сыныбынан жетінші қазақ сыныбына ауысқан кезде, сабаққа көршілер көп көмектесті, сол себепті сабаққа дайындалу қиын болған жоқ. Түсінбеген жерлерімді дәптерге жазып, көрші үйге баратынмын. Мына бір жерін түсіндіріп беріңізші, – деп өтінетінмін. Сонда ауладағы достарыммен бір сәт ойнасам болды, бір сұрақ мазалайтын. «Олар мен туралы не дейді екен?» – деп, өзіме-өзім сұрақ қоям. Сондықтан маған да қазақша жетік білу керек болды. Ол үшін «қазақша оқу керек» деп шештім, сол себепті қазақ мектебіне ауыстым.

**Ә** Үйде, көбінесе, қазақша сөйлеуге тырысамын, үшінші сыныпта оқитын балама тілді білмесең, болашағың қиын болады деймін, сондықтан күніне кем дегенде бес сөзден жаттатқызамын.

**Б** Мұхтар Әуезов атындағы университеттің қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне оқуға түстім. Аудиторияда кей мұғалімдер орысшалап, «девушка вы перепутали аудиторию, это казахская группа» деген кездер де болған. Мен: «Жоқ, шатыстырған жоқпын, осы факультеттің студентімін», – деп қазақшалап жауап қайтарамын.

**В** Достарымның бәрі қазақтар. Бірге басымыз қосылса, ән айтқанды жақсы көреміз, өйткені маған Абайдың қарасөздері, өлеңдері қатты ұнайды. Әсіресе, «Желсіз түнде жарық айды» айтқанды жақсы көремін. Қазақ тілін білмесем, менің өмір жолым мүлдем басқаша болар ма еді.

**Г** Қазіргі таңда тілді қазақ тілін үйренуге барлық жағдай жасалған, сол себепті тіл үйренемін деушілерге ешқандай қиындық жоқ. Қазақ балабақшалары бар, мемлекеттік органдарда құжат алмасу қазақ тілінде жүргізіледі. Қазір байқасаңыз, мемлекеттік тілді үйренгендердің арасында өзге ұлт өкілдерінің саны артуда.

*(«Егемен Қазақстан» газетінен)*

**3. Төмендегі сөйлемдерде берілген ойлар мәтіндерде қандай сөздер арқылы берілген? Сөздерді тауып жазыңыз.**

1. Сізбен бірге бір подьезде, бір қабатта немесе бір көшеде тұратын адам ..................................
2. Қалалық жерде балалар ойнайтын жер. ..................................
3. Шет тілін үйренетін адам ..................................
4. Қалада туып-өскен адам. ..................................
5. Сіз үйреніп жүрген тілде сөйлейтін адамдар тобы сіз үшін. ..................................
6. «Басқа мемлекет» тіркесінің синонимі. ..................................
7. Мекемеде жұмыс істеп бір айлық жұмыс үшін алатын ақша. ..................................

**4. Бірінші мәтінге сәйкес дұрыс ақпаратты белгілеңіз.**

| | Дұрыс | Дұрыс емес |
|---|---|---|
| 1. Мұхтар Әуезов атындағы университетте оқыды. | ✓ | |
| 2. Қазақ тілін үйренуге ата-анасы көмектесті. | | |
| 3. Оны бірнеше сұрақ мазалады. | | |
| 4. Оның достары орыс тілінде сөйледі. | | |
| 5. Ол ағылшын тілін оқу керек деп шешті. | | |
| 6. Оксана орыс мектебінде оқыды. | | |
| 7. Қазақ тілін үйренем деушілерге жағдай жоқ. | | |
| 8. Құжат алмасу қазақ тілінде жүргізіледі. | | |
| 9. Үйде үнемі орысша сөйлеуге тырысады. | | |
| 10. Абайдың қарасөздері, өлеңдері ұнайды. | | |
| 11. «Желсіз түнде жарық ай» әні ұнамайды. | | |
| 12. Орыс тілін білсе, оның өмірі басқаша болар еді. | | |

**8. Сіздің пікіріңіз қандай?**

**«Шет тілін меңгеру үшін міндетті түрде сол елде тұру керек» деген пікірге қосыласыз ба?**

Қазақтың салт-дәстүрін, өнерін, мәдениетін білу қазақ тілін үйренуге септігін тигізе ме?

Көп тіл білетін адамға қарағанда бір тіл білетін адамның мүмкіндіктері қандай?

Тіл үйрену үшін тілдік ортада жүру міндетті ме?

Шет тілін білмесең, болашағың қиын болады деген пікірге қалай қарайсыз?

## ГРАММАТИКА

**1. Ережемен танысыңыз.**

Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем

291 - бет.

1. Мен қазақ тілін білемін, себебі мемлекеттік тілді білу – менің міндетім.
2. Мен қазақша жетік білмеймін, сондықтан қазақ тілі курсына барып жүрмін.

**2. Сөйлемнің екінші бөлігін табыңыз.**

| | |
|---|---|
| 1. Қазақ тіліндегі кітаптарды оқимын, | А) өйткені ақша керек болды. |
| 2. Құжаттар қазақ тілінде, | Ә) себебі үйдің жанындағы дүкен жабық. |
| 3. Бүгін күн суық болды, | Б) сондықтан билет сатып алдым. |
| 4. Банктен несие алдым, | В) себебі тілді дамытуға пайдасы көп. |
| 5. Алтыншы тамызда Астанаға барамын, | Г) сондықтан олар тауға шыққан жоқ. |
| 6. Театрдың жанындағы дүкенге бардым, | Ғ) сондықтан қазақ тілін оқып жүрмін. |
| 7. Жолаушыны ұшаққа отырғызбады, | Д) сол себепті жұмысқа келе алмады. |
| 8. Арман сырқаттанып қалыпты, | Ж) өйткені оның құжаты дұрыс болмады. |

**3. Тиісті жалғаулықты қойып, сөйлемді толықтырыңыз.**

| себебі/ өйткені | сондықтан/сол себепті |
|---|---|

1. Қазіргі таңда қазақ тілін білу маңызды, ............................ көп адамдар тілді үйренуде.
2. Мен жақсы жұмысқа орналастым, ............................................ мен қазақ тілін білемін.
3. Қазақ тіліндегі бағдарламаларды көремін, ............................................ маған ұнайды.
4. Қазақ тілі – көркем тіл, ........................................... маған қазақ тілінде сөйлеу ұнайды.
5. Сөздік қорыңды үнемі дамытып отыруың керек , .................... ұмытып қалуың мүмкін.
6. Оған аудармашы қажет емес, ...................................... ол қазақша өте жақсы сөйлейді.

**4. Жауап беріңіз.**

### СІЗ ҚАЛАЙ ОЙЛАЙСЫЗ?

1. Көп адамдар жазда жұмысқа велосипедпен барады, себебі ....................................................
2. Кейде жеке көлікке қарағанда автобуспен жүрген ыңғайлы, себебі ......................................
3. Тілде кішкентай кезден үйренген тиімді, сондықтан ..........................................................
4. Ол бүгін жұмысқа кешігіп келді, себебі ..............................................................................
5. Олар хатқа уақытында жауап жазбады, сондықтан ..............................................................
6. Бүгін жиналыс болмады, себебі ............................................................................................
7. Пәтер ақысы өсіп кетті, себебі .............................................................................................
8. Жас отбасына мемлекет көмектесуі керек, себебі ..................................................................

## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Пікір білдіріңіз.**

1. Әкесі мен анасы – екі ұлт өкілі. Олардың баласы кімнің тілінде сөйлейді деп ойлайсыз?

2. Шет тілінде ана тіліндей сөйлеу, жазу мүмкін бе?

**2. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.** №9



*Оксана Лоскутова, тележүргізуші*

1. Тілді жүз пайыз меңгеру мүмкін бе?
2. Оксана қазақша қалай үйренді?
3. Тілді білу үшін адамға не керек?
4. Оксана қайда білім алды?
5. Қазақ тілі мұғалімі кім және ол қандай кісі?
6. Сабақ үстінде не істеуге тиіс еді?
7. Жұмыста қай тілде сөйлеседі?

**3. Тыңдаңыз. Сұхбатта айтылмаған ойларды сызып тастаңыз.** №10

1. Қазақ тілді ортада дүниеге келді.
2. Анасы қазақ мектебіне оқытқысы келмеді.
3. Қазақ тілін үйренгенде көп қиналды.
4. Мұғалімдері көп көмектесті.
5. Сыныптастары оны орыс деп ойлады.
6. Қазақ тілін білгені үшін мақтанады.
7. Тілді үйрену – өз қалауы емес, заман талабы.
8. Тілді балабақшада үйреніп алды.



*Игорь Сахар тележүргізуші*

**4. 10, 11-сұхбаттарды қайта тыңдаңыз. Дұрыс нұсқасын жазыңыз.**

| | |
|---|---|
| 1. Тілді жүз пайыз меңгеруге болады. | ................................................................ |
| 2. Оксана жазуды төрт жасында үйренді. | ................................................................ |
| 3. Оксана жұмыста орысша сөйлейді. | ................................................................ |
| 4. Игорь орыс мектебінде оқыды. | ................................................................ |
| 5. Қазақ тілін үйрену өз қалауы емес. | ................................................................ |
| 6. Игорьге көршілері көмектеспеді. | ................................................................ |

**5. Топтық жұмыс. Ой бөлісіңіздер.**

| А тобы | Ә тобы |
|---|---|
| Шет тілін бала кезден үйренген дұрыс | Баланың тілі ана тілінде шығуы керек |

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

# ТІЛДІ ҮЙРЕНУДІҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

**1**

Тіл үйренумен күн сайын айналысып, аптасына 6–7 сағат уақытыңызды бөлсеңіз сәттілікке жетуге болады.

**2**

Тіл үйрену кезінде грамматикасын үйренуден шаршасаңыз – оқыңыз; оқудан шаршасаңыз – үйреніп жатқан тілдің аудиокурсын тыңдаңыз; үйреніп жатқан тілде фильмдер көріңіз.








**4**

Өз ана тіліңіздегі қызықты деген ақпараттарды, қызық әңгімелерді, әзіл-қалжыңдарды мүмкіндігінше жаттап алыңыз.

**5**

Өзіңіз үйреніп жүрген тілде сөйлей алатын адамдармен сөйлесудің кез келген мүмкіндігін пайдаланыңыз (бірақ ондай ортаға тілді жеткілікті білгеннен кейін ғана бару керек).





## АЙТЫЛЫМ

**1. Сіз қалай ойлайсыз?**

А) Сіз досыңызға төмендегі сұрақтарды қойыңыз.




1. Сіздің ойыңызша, қазақ тілін үйрену қиын ба?
2. Қазақ тілін білсеңіз, жақсы жұмыс табасыз ба?
3. Қазіргі ұлты басқа қазақтілді тележүргізушілер қазақ тілін атақ үшін үйренген бе?
4. Шет тілінде сол тілде сөйлейтін адам сияқты таза сөйлеу мүмкін бе?
5. Тілді екі аптада үйренуге бола ма?
6. Қазақ тілін білу үшін ауылға бару керек пе?

Ә) Рөлдеріңізбен ауысыңыздар.

## ЖАЗЫЛЫМ

**1. Досыңыз екеуіңіз Facebook-те хат жазысып отырсыздар. Сіз қазақ тілін үйреніп жүргеніңізді айтыңыз.**




*деген сылтаулар айтты. Досыңыздың пікірін теріске шығарыңыз, дәлелдеріңізді келтіріңіз, жауап жазыңыз.*

# III БӨЛІМ



**1-**САБАҚ — Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем
- *Ас адамның – арқауы*

**2-**САБАҚ — Келісу, растау мәнді қыстырмалар
- *Жаманнан жарты қасық ас қалады*



# 1 - САБАҚ

## ӘЛЕМ ТАҒАМЫ АЛДЫҢЫЗДА

### Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем

*және, да, де, әрі*

**1.** ***306 - беттегі сөздермен танысыңыз.***

**2. Тиісті жалғаулықтарды қойып, сөйлемді жалғастырыңыз.**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| бірақ | алайда | себебі | дегенмен | сондықтан |

1. Ол кітапты оқығысы келмеді, ........................... оқуға тура келді.
2. Оның Қазақстанға келгісі келеді, ........................... қазақ тілін үйреніп жүр.
3. Мен қазақ тілін білуім керек, ........................... мен Қазақстанда тұрамын.
4. Телефон нөмірі дұрыс, ........................... тағы бір рет қарайын.
5. Мен оның электронды поштасына хат жібердім, ........................... ол жауап бермеді.

**3. Себеп-салдар салалас сөйлемге айналдырып жазыңыз.**

1. Бүгін Астанадамын. Іссапарға келдім.
   Бүгін Астанадамын, себебі іссапарға келдім.
2. Құжаттарды қайта тексеру керек. Ертең қол қоюға береміз.
   ..........................................................................................................................
3. Тілді жақсы меңгеру керек. Кітапты көп оқыған дұрыс.
   ..........................................................................................................................
4. Ақпараттарды ғаламтордан аламын. Маған жылдам ғаламтор керек.
   ..........................................................................................................................

**4. Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем жасаңыз.**

1. Ол емтиханға жақсы дайындалды. Емтиханнан төрт алды.
   Ол емтиханға жақсы дайындалды, сонда да емтиханнан төрт алды
2. Біз шет тілі курстарын іздедік. Жақсы курстар таба алмадық.
   ..........................................................................................................................
3. Оның айтқан сөздерді дұрыс. Мен келіспедім.
   ..........................................................................................................................
4. Мен оған телефон шалдым. Ол телефон тұтқасын көтермеді.
   ..........................................................................................................................

III БӨЛІМ

**5. Сөздерді тақырыптық топтарға бөліп жазыңыз.**

ем | екі мың он бір | қуырдақ | жиырма үш | Құлжа

екі жүз он үш | қымыз | бір мың екі жүз елу алты | асылған ет | Шыңжаң

қазы | Қытай | жетпіс бес | шипалы | сергек сезіну

тынысы жеңілдеу | көже | Германия | жүзі жарқырау | Ресей

| Сандар | Мекен, ел | Тағам | Денсаулық |
|---|---|---|---|
| 1) ........................ | ............................ | .............................. | .............................. |
| 2) ........................ | ............................ | .............................. | .............................. |
| 3) ........................ | ............................ | .............................. | .............................. |
| 4) ........................ | ............................ | .............................. | .............................. |
| 5) ........................ | ............................ | .............................. | .............................. |

**6. Жауап беріңіз.**

1. Сіз қай елдерде болдыңыз?

**Ресей** **Үндістан** **Қытай** **Өзбекстан** **Германия** **Түркия**

2. Бұл елдердің қай қаласында болдыңыз?

3. Осы елдердің ұлттық тағамдарын білесіз бе? Білсеңіз, қандай тағамдарын айта аласыз?

**7. Топтық жұмыс. Ақпарат беріңіз.**

| А тобы | Ә тобы |
|---|---|
| Қазақтың ұлттық тағамдары | Қазақтың ұлттық сусындары |

**8. Жауап беріңіз.**

Жақсы көретін тағамдарыңыз?

Ең сүйікті тағамыңыз туралы айтып беріңіз

**9. Тиісті жауапты таңдап, не үшін таңдағаныңызды түсіндіріңіз.**

1. Қазының салмағы 1256 келі болады. *а) сенемін ә) сенбеймін б) мүмкін*
2. Қазы Гиннестер кітабына енді. *а) сенбеймін ә) сенемін б) мүмкін*
3. Қытайда қымыздан дәрі шығарады. *а) мүмкін ә) сенбеймін б) сенемін*
4. Қымыздан балмұздақ жасайды. *а) сенемін ә) сенбеймін б) мүмкін*
5. Германияда қымыздан косметика жасайды. *а) мүмкін ә) сенбеймін б) сенемін*
6. Қымыз – ең пайдалы сусын. *а) сенбеймін ә) мүмкін б) сенемін*

**10. Оқыңыз. Есте сақтаңыз.**

**әдетке айналдыру** – бір істі үнемі істеу/ күнделікті әрекетке айналдыру
**тынысы жеңілдеу** – еркін/ жақсы/ кедергісіз дем алу
**жүзі жарқырау** – аурудан кейін жазылу/сауығу/ дені сау болу
**денсаулықты түзету** – аурудан кейін денсаулықтың қалпына келуі
**сергек сезіну** – адам өзін-өзі жақсы сезіну/ көңіл күйі жақсы болу

**11. Жауап беріңіз.**

**1.** Қазақ халқының қандай ұлттық тағамдарын білесіз?

**2.** Ең жақсы көретін тағамыңыз қандай?

**3.** Жақсы көретін тағамыңыздың құрамы туралы айтып беріңіз.

**4.** Қазақ халқының қандай ұлттық сусындарын білесіз?



## ОҚЫЛЫМ

**9. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

***«Бренд» деген ұғымды қалай түсінесіз?***

*Бренд болған қазақтың қандай өнімдерін айта аласыз?*

*«Қазақтың қандай ұлттық тағамдары бренд бола алады» деп ойлайсыз?*

*Белгілі бір өнімді брендтеу мемлекет үшін қаншалықты маңызды?*

*Ұлттық тағамдарды брендке айналдыру үшін қандай жұмыстар атқару керек ?*

**1. Оқыңыз.**

### Қазы – қазақтың бір бренді

1



2011 жылы 23 қаңтарда Шыңжаңның Құлжа қаласында Мақтал және Рахат есімді қазақ азаматтары бастаған бес ағайынды жігіт ұзындығы 213 метр, салмағы 1256 келі болатын қазы жасап шықты. Сөйтіп, дүниежүзі Гиннес рекордтарын бағалау комиссиясы «Дүниежүзіндегі ең ұзын қазақтың ұлттық қазысы» деген арнаулы атақ берді де, қазақтың тағамы әлемге танылды.

*www.minber.kz*

## Қымыздың қызығын шетел көріп жатыр...

2



Қытайлардың 75 пайызы қымыздың қаншалықты пайдасы бар екенін біледі. Қытайлық БАҚ мәліметтеріне сүйенсек, мұндай нәтижені халық арасында жүргізілген сауалнама көрсеткен. Қытай халқы қымызға қызығушылық білдіріп отыр әрі оны медицинада пайдаланып жатыр. Мысалы, оның көп ауруға ем екенін зерттеп, одан дәрі өндіруге бет бұруда.

*Германия қазір қымыздың ұнтағын таблетка пішінінде шығарып жатыр. Сонымен қатар одан балмұздақ жасап, кәмпит, косметикалық тауарлар өндіруге кіріскен.*

http://adyrna.kz

## Қымыздың пайдасы

3



Қымыз ішуді әдетке айналдырсаң, басқа сусындардан оның артықшылығын сезінесің. Осы шипалы сусын аштық пен шөлді бірден басады да, денені салқындатады. Егер қымызды үзбей ішсең, бір аптадан соң өзіңді сергек сезінесің. Денсаулығың түзеліп, тынысың жеңілдейді, жүзің жарқырап шыға келеді. Оны басқа қорек түрлерімен еш салыстыруға болмайды.

http://adyrna.kz

**2. Мәтіннен төмендегі сөздердің баламасын табыңыз.**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1) атты | есімі | 5) жасаушы | .................... | 9) тамақ | .................... |
| 2) бауырлар | ...................... | 6) ақпарат | .................... | 10) үнемі | .................... |
| 3) әлемдегі | ...................... | 7) ішінде | .................... | 11) кейін | .................... |
| 4) арнайы | ...................... | 8) сырқат | .................... | 12) өзге | .................... |

**3. Төмендегі ойлар қай мәтінде айтылған?**

| | |
|---|---|
| ...................................... | 1. Қымызды түрлі салада пайдалану. |
| ...................................... | 2. Бауырлардың бірігіп жұмыс істеуі. |
| ...................................... | 3. Қымыздың пайдасы туралы сауалнама жүргізу. |
| ...................................... | 4. Көп еңбек етіп, әлемді таңғалдыру. |
| ...................................... | 5. Қымыздың пайдасын көптеген адамдар түсінеді. |
| ...................................... | 6. Ұлттық тағамды әлемге таныту. |
| ...................................... | 7. Қымызбен басқа сусындарды салыстыруға болмайды. |
| ...................................... | 8. Адам денсаулығына қымыздың берер пайдасы көп. |
| ...................................... | 9. Қымыз ішсең, үнемі сергек жүресің. |
| ...................................... | 10. Қымыз өндірумен шетелдік кәсіпорындар айналысады. |

**4. Сөздерді орын тәртібімен қойып, сұрақ құрастырыңыз.**

***а)***
***Сұрақтарды досыңызға қойыңыз.***

***ә)***
***Досыңыздың жауабын мәтін арқылы тексеріңіз.***

***б)***
***Енді рөлдеріңізбен ауысыңыздар.***

1. ұзын/ Ең/ жасалды/ қазы/ және/ қайда/ қашан?
.................................................................................
2. жасаған /Қазыны/ кімдер?
.................................................................................
3. қанша /ұзындығы /Қазының?
.................................................................................
4. қай /өндіріліп /Қымыз/ елдерде/ жатыр?
.................................................................................
5. шетелде/не /Қымыздан /жатыр /жасалып?
.................................................................................
6. денсаулыққа /Қымыздың /пайдасы/қандай бар?
.................................................................................

**5. Өзара пікір таластырыңыздар.**

Қытай қазақтың қазысын Гиннестер кітабына енгізді

Немістер қымыздан балмұздақ, ал қытайлар дәрі-дәрмек жасап жатыр

1. Бұл Қытай немесе Германия үшін қаншалықты маңызды деп ойлайсыз?

2. Осы тағамдарымызды өз елімізде неге осылай пайдаға асыра алмаймыз?

Оған қандай себептер немесе кедергілер бар?

**6. Өз ойыңызды білдіріңіз.**

*Сіз қазақтың ұлттық тағамдарын брендке айналдыруды алдыңызға мақсат етіп қойдыңыз. Сол үшін қандай жұмыстар жасар едіңіз? Атқаратын істеріңіздің жоспарын құрып, басқа тіл үйренушілерге таныстырыңыз.*

**7. Оқыңыз.**

*Көктем шыққан соң біріміздің басымыз ауырып, екіншімізді ұйқы басып, асқазан, жүрек қан тамырларының жұмысы нашарлай бастайды. Жаз басталғанша денсаулығымыз сыр беріп отырады.*

**Себебі неде болуы мүмкін?**

*1. Меніңше, қыстың суығынан кейін адам көктемнің жылы ауа райына үйрене алмайды.*

2. .................................................................................
3. .................................................................................
4. .................................................................................
5. .................................................................................

**8. Біліп жүріңіз.**



## А дәрумені

*Қасиеттері:*

- иммунитетті, сүйектерді, көздің көруін және теріні жақсартады.

*Кездесетін тағамдар:*

- бауыр, балық, сүт, сарымай, жұмыртқа, сәбіз.

## Д дәрумені

*Қасиеттері*

- теріні күннен қорғауға көмектеседі;
- сүйектің мықты қалыпта-суын қамтамасыз етеді.

*Кездесетін тағамдар:*

- бауыр, жұмыртқа сарыуызы, сүт, май.





## Е дәрумені

*Қасиеттері:*

қартаюды баяулатады;

- өкпені улы заттардан қорғайды;
- жүрек жұмысын жақсартады;
- рактың алдын алады.

*Кездесетін тағамдар:*

- тәтті картоп, жержаңғақ майы, шекілдеуік, шпинат, жаңғақ.

Кейде кеңседе компьютер алдында ұзақ отырып жұмыс жасағанда, көзіміз талып ауырып жатады немесе жұмыс істеуге құлқымыз болмай, мазамыз қашатын кездер болады.

### СІЗ ҚАЖЕТТІ ДӘРУМЕНДЕРДІ ҚАЙ ТАҒАМДАРДАН АЛА АЛАСЫЗ?

1. *Менiңше, балық өнiмдерiн және сәбiз жеу керек. Сүт, айранды да көбiрек пайдаланған жөн.*
2. ..................................................................................................................................
3. ..................................................................................................................................
4. ..................................................................................................................................
5. ..................................................................................................................................

**9. Сөйлемдерді тиісті сөздермен толықтырыңыз.**

| | |
|---|---|
| **буға пісіру** | **қуыру** |
| **бұқтыру** | **асу** |

1) ......................................... – судың буымен пісіру

2)......................................... – тек маймен пісіру

3)......................................... – тек суға салып дайындау

4)......................................... – аз су құйып, бетін жауып, тамақтың өз буымен пісіру

**10. Өзгертіңіз.**

***Үлгі:*** *жасау* *жасалған*

1) қуыр ....................................

2) бұқтыр ....................................

3) тура ....................................

4) ас ....................................

5) буға пісір ....................................

6) аршы ....................................

III БӨЛІМ

**11. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Сіз тамақ жасауды ұнатасыз ба?
2. Егер ұнатсаңыз, әдетте қандай тағам дайындайсыз?
3. Қандай елдің тағамдарын білесіз және ұнатасыз?
4. Сіз қандай тағамды жақсы көресіз? Қуырылған тағам ба немесе бұқтырылған тағам ба?

***12. Өзіңіз жақсы көретін тағамыңыздың құрамын жазыңыз.***

..............................................................................................................................................................

..............................................................................................................................................................

..............................................................................................................................................................

..............................................................................................................................................................

..............................................................................................................................................................

..............................................................................................................................................................

..............................................................................................................................................................

..............................................................................................................................................................

**13. Ұнататын тағамыңыздың құрамында кездесетін дәрумендерді төмендегі кестеге сипаттап жазыңыз.**

## ДӘРУМЕНДЕР - АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

| Дәрумен аты | Кездесетін тағам, жеміс, атаулары | Қызметі |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

**1. Оқыңыз. Қарамен берілген фразаларға назар аударыңыз. Жаттап алыңыз.**

– Аға, **«Ас адамның – арқауы»** дегенді түсіндіріп беріңізші.

– Адам дұрыс әрі сапалы тамақ ішсе, оның денсаулығы мықты болады.

– Ал, **«Жаманнан жарты қасық ас қалады»** деген ше?

**–** Алдыңа келген ас – сенің несібең, сондықтан оны қалдырып, обал жасауға болмайды.

– Түсіндім, рақмет, аға!



**2. Жаттап алыңыз. Қажет болар.**

### ДАСТАРХАНҒА БАТА БЕРУ



*Дастарханыңа береке берсін,*
*Бастарыңа мереке берсін,*
*Астарыңа адалдық берсін,*
*Бастарыңа амандық берсін,*
*Дендеріңе саулық берсін!*

### АС ҚАЙЫРУ


Ас қайыру батасы
Ас бергенде бас берсін,
Өмірі ұзақ жас берсін.
Кетпес дәулет, кең пейіл,
Қайырымды дос берсін
Ықыласпен қол жайсаң
Ақ тілекті тегейін
Дастарқаның мол болсын
Денсаулығың зор болсын.

III БӨЛІМ

# ГРАММАТИКА

**1. Ережемен танысыңыз.**

Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем **291** - бет.

*Мен қазақ ұлттық тағамдарының ерекшеліктерін білемін әрі дайындай аламын.*
*Аудан орталығында мейрамхана ашылды және оған жаңа қызметкерлер келді.*
*Ол қонақтарды күтіп алды да, түскі асты дайындауға кірісті.*

| Ол үйге кірді де, *1 - әрекет* | сырт киімін шешті де, *2 - әрекет* | асүйге қарай беттеді. *3 - әрекет* |
|---|---|---|

**2. Тиісті жалғаулықтарды қойып, сөйлемді толықтырыңыз.**

| | |
|---|---|
| ~~мен~~/ бен | 1. Асқар *мен* Марат қазақтың ұлттық тағамдарын дайындайтын мейрамханада жұмыс істейді. |
| де/да | 2. Наурыз көжеге ......, бидай көжеге ....... сүт өнімдері қосылады. |
| және/ мен | 3. Алматы – Қазақстанның Оңтүстік астанасы ......... ірі қалаларының бірі. |
| та/те | 4. Асхат ......, Марат ....... ағылшын тілінен емтиханға күні-түні дайындалып жатыр. |
| бен/ пен | 5. Дәулет ...... Сырым шаңғы тебуден жарыстарға үнемі қатысады. |
| де/да | 6. Бұл фильм ауылда ....., қалада ...... көп көрермен жинады. |
| және/ әрі | 7. Қазақ тілі .......... қырғыз тілі ұқсас тілдер. |
| әрі/мен | 8. Астана – елорда ........... Қазақстанның орталығында орналасқан. |

**3. Берілген сөйлемдерден ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем жасаңыз.**

1. Ол туған жеріне келді. Бала кезіндегі достарымен кездесті.

*Ол туған жеріне келді әрі бала кезіндегі достарымен кездесті.*

2. «Әлем тағамдары» кітабын сатып алды. Тағам дайындауды үйрене бастады.

..........................................................................................................

3. Ол қазақ тілін жетік біледі. Телеарналардағы жаңалықтарды еркін түсінеді.

..........................................................................................................

4. Бұқтырылған етке бұрышты салды. Оларды жақсылап қуырды.

..........................................................................................................

5. Олар жайлауға көшіп келді. Киіз үйлерді ауыл шетіне тікті.

..........................................................................................................

### 4. Тиісті жалғаулықты қойыңыз.

**Мен «Асыңыз дәмді болсын!» деген кітап сатып алдым 1......., қазақтың ұлттық тағамдарын жасауды үйрене бастадым. Маған еттен жасалатын тағамдар бөлігі ұнады 2.......... солардың бірін пісіріп көргім келді 3....., дайындауға кірісіп кеттім. Себебі етті қуырып 4......., асып 5...... жеуге болады. Ол тағам «Сірне» деп аталады.**

да та
да және
да әрі
да де
және
және та





***Дайындау тәртібі:***

1. Етті ірілеп турайсыз 6..., ұнтақталған қызыл және қара бұрышқа араластырасыз.
2. Қазанды отқа қойыңыз 7....., майды қатты қыздырыңыз.
3. Қызған майға пиязды салыңыз 8............ сарғайғанша қуырыңыз.
4. Пияз қурылғаннан кейін етті салыңыз, жақсылап араластырыңыз 9.......... туралған бұрыш салып, қазанның бетін жабыңыз. Отты сәл азайтып қойыңыз 10............ уақытты белгілеңіз.
5. Тұз және дәмдеуіштерді қалауыңыз бойынша салыңыз.

### 5. Топтық жұмыс.

**және** | **әрі** | **да/де/та/те**

1. А тобы бір ой (сөйлем) айтады
2. Ә тобы жалғаулықтарды пайдаланып ойды (сөйлемді) жалғастырады
3. Топтар орындарымен ауысады.

### 6. Тиісті жалғаулықты қойыңыз.

**бірақ** **себебі** **және** **да/де/та/те**

1. Мен киноға бардым, .................. маған кино ұнамады.
2. Асқар ....... Әсел өздерінің жеке мейрамханасын ашты.
3. «А» дәрумені балықта ......, сүтте ...... бар.
4. Таңғы асқа ботқа жеу керек, .................... денсаулыққа өте пайдалы.
5. Ол бүгін таңертең ерте тұрды, ........................ дәрігерге жазылып қойған еді.

### 7. Ақпарат беріңіз.

Мен ........................... және .............................. жақсы көремін.
Мен ........................... және ............................ ұнатпаймын.
Мен ............................. жақсы көремін, бірақ .............................. ұнатпаймын.
Мен ......................... да, ........................ да білемін, себебі мектептке оқыдым.

## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Топтық жұмыс. Ойларыңызды айтыңыздар.**

| А тобы | Ә тобы |
|---|---|
| Тоңазтқыш жоқ кезде адамдар азық-түлікті қалай сақтаған? | Сүт тағамдарының денсаулыққа қандай пайдасы бар? |

**2. Тыңдаңыз. Тиісті сөздерді жазыңыз.**

1. Қазақ халқы асты жоғары бағалаған, себебі оны ...................... білген.
2. Ата-бабамыздың негізгі асы ет .................... сүт болған, себебі олар мал шаруашылығымен айналысқан.
3. Қазақ әйелдері тағамдарды .................................. әдіс-тәсілдерін білген.
4. Сүт ........................ сүттен жасалатын тағамдар денсаулыққа өте пайдалы.
5. Сүт өнімдерінің емдік қасиеті ....................................... бар екен.
6. Сонымен бірге шұбат ......................... денсаулыққа өте пайдалы.

**3. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.** №11

1. Мәтіннің тақырыбы қалай аталады?
..........................................................................................................................
2. Қазақ халқы қандай шаруашылықпен айналысқан?
..........................................................................................................................
3. Қазақ халқының негізгі асы не болған?
..........................................................................................................................
4. Сүттен қандай тағамдар әзірлеген?
..........................................................................................................................
5. Тағамдарды сақтау әдістерін кім білген?
..........................................................................................................................
6. Сүт өнімдерінің қандай пайдасы бар?
..........................................................................................................................
7. Мәтінде шұбат туралы не айтылды?
..........................................................................................................................

**4. Тыңдаңыз. Тағамның дайындалу әдісінің ретін нөмірлеңіз** №12

| | |
|---|---|
| | Кәдіні екіге бөліп кесеміз және оның ішінен жұмсағын аламыз. |
| | Пиязды сәл қуырамыз да, ұсақтап кесілген сарымсақ пен қызанақты қосамыз. |
| | Тағамды 180 градус температурада 45 минут пісіру керек. |
| | Кәдінің жарты бөліктеріне ет салып, зәйтүн майының қалғанын құйып, қысқа толқынды пешке қоямыз. |
| | Ыстық су құйылған үлкен кәстрөлде 7-8 минут бойы кәдіні пісіріп, суын төгіп, суыту керек. |
| | Барлығын 10 минут бұқтыру керек және бұқтырудың соңына қарай туралған ақжелкен себу керек. |
| | Жұмсағын турап, көкөністермен араластырамыз да, қалауымыз бойынша лимон шырыны және дәмдеуіштермен дәмдейміз. |

## АЙТЫЛЫМ

**1. Оқыңыз.**

Топтық жұмыс. Өз еліңіздің немесе басқа халықтың ұлттық тағамдарына қатысты осындай ерекшеліктерді білесіз бе? Білсеңіз, сол туралы бір-біріңізге айтып беріңіздер.

Қазақ халқында бас тарту – дәстүрі бар. Бас үлкен адамдар, ақсақалдар, құрметті қонақтарға тартылады. Басты алған кісі өзі бірінші ауыз тиеді де, қалған адамдарға бастың мүшелерін бөліп береді. Мысалы, құлақты «сақ құлақ» болсын деп, тілді «шешен» болсын деп балаларға, таңдайды «әнші» болсын деп қыздарға ұсынған.





Қазақта тек жылқының басы тартылмайды, ал қалған түліктің басы тартылады. Ірі малдың басы бөлініп асылады.

*www.aitaber.kz*

**2. Қалай ойлайсыз?**



Қазақ халқының дәстүрлеріне сәйкес тек үлкен адамдарға бас тартылады. Яғни, жас адамдарға басты ұстауға немесе оны үлкендерден бұрын ауыз тиюге болмайды. Сондықтан жастарға бас тартылмайды.

*А) Тағамға қатысты өзге ұлттардың қандай дәстүрлерін білесіз? Өз ұлтыңыздың бір дәстүрі туралы айтып беріңіз.*

**1. Оқыңыз. Танысыңыз.**

Мәтін келеді 62 беттегі

**2. Ақпарат беріңіз.**

### ТАҒАМҒА ҚАТЫСТЫ ҚАНДАЙ ДӘСТҮРДІ БІЛЕСІЗ?
### ОЛ ДӘСТҮР ҚАЙ ҰЛТҚА ТӘН?

**3. Екеуара жұмыс. Сұхбаттасыңыздар.**

1. Сіз қайда тамақтанғанды ұнатасыз? Үйде немесе кафеде?
2. Кешкі асты үнемі отбасыңызбен бірге ішесіз бе?
3. Таңғы аста жиі кофе ішесіз бе?
4. Түскі асты үнемі уақытында ішесіз бе?
5. Сіз диета ұстап көрдіңіз бе?
6. Сіз күнделікті жеміс-жидек қолданасыз ба?
7. Сізге қай елдің тағамдары ұнайды?

III БӨЛІМ

## ЖАЗЫЛЫМ

**1. Төмендегі тағамдар туралы жазыңыз.**



**Күріш ботқасы**

а) тағам қоспалары:
..................................................................
..................................................................
..................................................................

ә) тағамның дайындалу жолы: ..........................................
..................................................................
..................................................................
..................................................................
..................................................................
..................................................................



**Палау**

а) тағам қоспалары:
..................................................................
..................................................................
..................................................................

ә) тағамның дайындалу жолы: ..........................................
..................................................................
..................................................................
..................................................................
..................................................................
..................................................................



**Грек салаты**

а) тағам қоспалары:
..................................................................
..................................................................
..................................................................

ә) тағамның дайындалу жолы: ..........................................
..................................................................
..................................................................
..................................................................
..................................................................
..................................................................



**2. Үйіңізге көптен көрмеген жақын танысыңыз келді. Сіз оның жақсы көретін тағамын дайындап бермекшісіз. Сізде бар қоспалар:**

*1 кг сиыр еті, 2 кг сәбіз, 3 бас пияз ,*
*1 бас сарымсақ, өсімдік майы, күріш,*
*ұнтақталған қызыл және қара бұрыш,*
*кептірілген жүзім, 2 тал қияр,*
*3 тал қызанақ, зере.*



**3. Қоспаларды пайдалана отырып, қандай тамақ пісірер едіңіз? Тағамның дайындау тәсілін жазып шығыңыз.**

..................................................................................
..................................................................................
..................................................................................
..................................................................................
..................................................................................
..................................................................................
..................................................................................
..................................................................................

# ӘЛЕМ ТАҒАМЫ АЛДЫҢЫЗДА

## Келісу, растау мәнді қыстырмалар

*Әрине, әлбетте, шынында «екен» көмекші етістігі*

# 2-САБАҚ





**1. 307 - беттегі сөздермен танысыңыз.**

**2. Топтық жұмыс.**

Екі немесе үш топқа бөлініңіздер. Төменде бірнеше тағамның атауы жазылған. Сол тағамдардың құрамдас бөліктерін 3 минут ішінде жазып шығу керек. Қай топ бірінші болып жазып шықсы, сол топ жеңіске жетеді.



***Асылған ет***



***Тұшпара***



***Наурыз көже***



***Қуырдақ***



***Мәнті***



***Палау***

### 3. Құрылымдарды сәйкестендіріңіз.

1. Түс мезгілінде ресми түрде амандасу.

2. Біреудің бір нәрсені таңдауы жақсы болғанда қолданатын құрылым.

3. Сізге біреу көмектесуге ниет білдіргенде алғыс айту.

4. Біреудің ойын білу үшін қолданылатын құрылым.

5. Біреудің ойымен толық келіскен кезде қолданатын сөз.

**А) Әлбетте**

**Ә) Көңіліңізге рақмет.**

**Б) Қайырлы күн!**

**В) Талғамыңыз жақсы екен.**

**Г) Қалай қарайсыз? Қалай ойлайсыз?**

### 4. Қажет сөздерді қойып сөйлемдерді толықтырыңыз.

*ыңғайлау, талқылауға, қарсылығым, кездесулер, ~~барысында~~, әріптестік, ыңғайлы.*

1. Жұмыс барысында көптеген қателіктер болып тұрады.
2. Ортақ мәселені .................... келген адамдардың ойы бір жерден шықты.
3. Өзіңізге ............................... уақытта келе аласыз.
4. Менің еш ................................ жоқ. Ескертулерді түзеймін.
5. Іскери .................................... тыныш және ыңғайлы жерде өткені дұрыс.
6. Шетелдік іскер адамдармен .............................. орнатып жатырмыз.
7. Шаруаларды ............................... керек. Уақыт тым аз.

### 5. Ұнаған жауапты белгілеңіз.

1) Қай елдің тағамдарын ұнатасыз?

*а) қазақ* *ә) еуропалық* *б) шығыс*

2) Мейрамханадан ................ тамақтанамын.

*а) жиі* *ә) кейде* *б) күнде*

3) Мейрамхананың ........... маңызды.

*а) бағасы* *ә) қызметі* *б) тағамы*

### 6. Тақырыпқа сай келмейтін сегіз артық сөзді табыңыз.

*Мейрамхана, кітап, аспаз, даяшы, есеп шот, кеңсе, тағам, салат, басытқы, тәтті, тапсырыс беру, құжат, қызмет көрсету, жеміс, көкөніс, бұйрық, өзімен бірге алу, шаңғы, арнайы тағам, кешенді ас, әдебиет, қасық, шанышқы, ағаш, дүкен*

## ОҚЫЛЫМ

**1. Пікір білдіріңіз.**

«1. Сіз мейрамханада қай сөзді жиі қолданасыз?
2. Неге ол сөзді қолданасыз?»

*Даяшы,*
*Інім,*
*Сіңлім,*
*Қарындасым,*
*Бауырым,*

**2. Жауап беріңіз.**

**Сіз мейрамхананың шағым кітабына шағым жазып көрдіңіз бе?**

**Иә,** жаздым, себебі ..........................................................................
..........................................................................

**Жоқ,** жазған жоқпын , себебі ..........................................................................
..........................................................................

**3. Сіз не істер едіңіз?**



– Маған тауық сорпасы және қызанақ салатын беріңіз.
– Ал мен кәуап және грек салатын аламын.
– Жарайды, қазір 10 минуттан кейін дайын болады.
– Рақмет!

**20 минут уақыт өтті.**
**Сіздің тапсырысыңыз әлі жоқ. Сіз не істейсіз?**

**Оқыңыз.**

**1-келуші:** Қайырлы күн, Самал Оспанқызы!
**2-келуші:** Сәлеметсіз бе, Азамат Маратұлы!
**1-келуші:** Келіңіз, отырыңыз.
**2-келуші:** Рақмет. Әдемі әрі жайлы мейрамхана екен. Талғамыңыз жақсы екен.
**1-келуші:** Көңіліңізге рақмет. Жұмыс барысын талқылауға ыңғайлы жер болғандықтан, осы жерді таңдадым.
**2-келуші:** Өте дұрыс. Ендеше жұмысты талқылағаннан кейін тамақтанайық. Ұсынысыма қалай қарайсыз?
**1-келуші:** Әлбетте, менің қарсылығым жоқ.
**2-келуші:** Ендеше бастайық...



**Даяшы:** «Дәмді» мейрамханасына қош келдіңіздер! Мінеки, ас мәзірі.
**1-келуші:** Бүгінгі күннің арнайы тағамы қандай?
**Даяшы:** «Кәдіге бұқтырылған көкөністер». Түрік тағамы.
**2-келуші:** Мм, атының өзі тәбет шақырады екен. Ал ол тағамның құрамын айтып жіберіңізші.
**Даяшы:** Әлбетте. Кәді, сарымсақ, қияр, қызанақ және картоп. Ас мәзірін қарайсыздар ма, әлде бірден тапсырыс бересіздер ме?
**1-келуші:** Бірден тапсырыс береміз. Маған «Кәдіге бұқтырылған көкөністер» және қуырылған тауық еті.
**2-келуші:** Маған сиыр етінен жасалған қуырдақ және ірімшік сорпасы.
**Даяшы:** Жақсы, айтқандарыңыз болсын! Қандай сусын ішесіздер?
**1-келуші:** Маған шие шырыны болса....
**2-келуші:** Ал маған алма және алмұрт қосылған шырын.
**Даяшы:** 15 минуттан кейін дайын болады.



**1-келуші:** Тағамдары өте дәмді екен. Сіз қалай ойлайсыз?
**2-келуші:** Шынында тіл үйіретін тағамдар екен.
**1-келуші:** Басытқыға қалай қарайсыз?
**2-келуші:** Рақмет, тәттіні ұнатпайтын едім. Жұмыстарды ыңғайладық. Менің тағы бір іскери кездесуім бар еді. Рұқсат болса, мен тұрайын.
**1- келуші:** Дұрыс айтасыз, жұмыстар реттелді. Әріптестігіміз одан әрі жалғасады деген сенімдемін.
**2-келуші:** Әлбетте, жалғасады. Онда, келесі кездескенше Азамат Маратұлы, сау болыңыз.
**1-келуші:** Келесі кездескенше, сау болыңыз.

**1-келуші:** Даяшы!
**Даяшы:** Сізді тыңдап тұрмын. Тағы бірнәрсе қалайсыз ба?
**1-келуші:** Жоқ, рақмет. Есепті әкеліңізші.



**4. Төмендегі сұрақтарға мәтін бойынша жауап беріңіз.**

1. Диалог кімдердің арасында болды?
2. Диалог қай жерде өтті?
3. Олар мейрамханаға не мақсатпен келді?
4. Диалог кейіпкерлері бір-бірін тани ма?
5. Мейрамхананың тағамдары қандай? Дәмді ме, қымбат па?
6. Күннің арнайы тағамы қалай аталады?
7. Мейрамханадан кім бірінші болып кетті?
8. Олардың тапсырыс бергені туралы айтылады ма?
9. Самал Оспанқызы мен Азамат Маратұлы жақын достар ма?
10. Олар тапсырысты бірден берді ме?

**5. Сөздер мен сөз тіркестерін беретін мағыналарымен сәйкестендіріңіз.**

| | |
|---|---|
| 1. Тыныш, жағдай жасалған жер | А) ыңғайлы |
| 2. Жақсы, сұлу, тамаша жер немесе орын | Ә) талқылау |
| 3. Жұмыс мәселелері туралы айту кезі | Б) әдемі |
| 4. Белгілі бір мәселені ортаға салу | В) барысы |
| 5. Мейрамханадағы бір күннің басты тағамы | Г) іскери |
| 6. Жұмыстарды аяқтау, мәселелерді шешу | Ғ) есепшот |
| 7. Іскер адамдардың кездесуі | Д) арнайы тағам |
| 8. Мейрамханада төлем қағазы | Ж) ыңғайлау |

**6. Топтық жұмыс.**

1. Қалаңыздағы бір жақсы мейрамхана туралы сөйлесіңіздер.
2. Суретке қараңыз. Мейрамханада қолданылатын 2 сөйлем берілген. Бос торкөздерге өз сөйлемдеріңізді жазыңыздар.



**Қайырлы кеш, қандай тапсырыс бересіздер?**

**Маған бір стакан қызыл шарап**

**Маған қуырылған картоп және цезарь салаты**

______________________________
______________________________
______________________________
______________________________

______________________________
______________________________
______________________________
______________________________

**5. Төмендегі құрылымдарды пайдалана отырып жауап беріңіз.**

## ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҚЫМБАТ БАСЫТҚЫНЫ АҒЫЛШЫН ОЛИГАРХЫ САТЫП АЛҒАН



Әлемдегі ең қымбат басытқыны ағылшын кәсіпкері сатып алған екен. Құны 34 мың доллардан асатын Карл Вайнингердің тәтті тағамы Гиннестің рекордтар кітабына енгізілген екен. Кәсіпкер Камбрия графтығындағы қонақүйлердің бірінде осы шоколад пудингіне тапсырыс берген екен.

Карл Фаберже жұмыртқасы пішініндегі ыдысқа салынған десерт жеуге болатын әшекей бұйымдармен көмкерілген екен. Және алтын түсті дәммен безендіріліп, құлпынай мен аққайнар қосылған. Тағамның құны – 22 000 фунт стерлинг, яғни шамамен 34 000 доллардан асады екен. Әлемдегі ең қымбат десерт туралы теледидардан естіген олигарх бірден оның дәмін татып көрмек болған. Ал мұның алдында 25 000 доллар тұратын балмұздақ әлемдегі ең қымбат басытқы деп саналатын.

*http/www.alashainasy.kz/world*

III БӨЛІМ

**6. Ой бөлісіңіздер.**

*Вайнингердің әрекетін қалай атар едіңіз?*

*Сіз осылай жасар ма едіңіз?*

*Сізде осындай ақша болса не сатып аласыз?*

**7. Сөздерді орын тәртібіне сай реттеп, диалог құрыңыз.**

– бізге /Даяшы/ ас /беріңізші/ мәзірін.

– қазір/ Әлбетте,.

– Маған /сиыр /қуырылған /еті /

және көкөніс /беріңіз /салатын.

– әрине /Иә,.

– қазы /Маған/ және /жая.

– күте /Сәл/ тұрыңыз.

.................................................................................

.................................................................................

.................................................................................

.................................................................................

.................................................................................

.................................................................................

................................................................................. .

................................................................................. –ба /Таңдадыңыз?

................................................................................. – Иә, пекинше үйрек /аламын.

................................................................................. – Жарайды. ішесіз/ Не?

................................................................................. – әкеліңізші/ алма /Маған / шырынын.

................................................................................. – бәрі /Қазір /болады/ дайын.

................................................................................. . – Рақмет. Тамаша

**8. Диалогтегі тағамдар мен сусындарды ас мәзірінен тауып белгілеңіз.**

## «Дәмді»

ұлттық тағамдар
мейрамханасының
**ас мәзірі**

***Ет тағамдары:***

- ○ Асылған ет — 7500 тг.
- ○ Қуырдақ — 1200 тг.
- ○ Қазы-қарта — 2000 тг.
- ○ Жал-жая — 1800 тг.



***Салаттар:***

- ○ Көкөніс салаты — 500 тг.
- ○ Ақжелкен қосылған бұрыш — 600 тг.
- ○ Қуырылған қияр — 700 тг.

***Сусындар:***

- ○ Қымыз — 500 тг..
- ○ Шұбат — 550 тг.
- ○ Саумал — 400 тг.



***Шайлар:***

- ○ Сүт қатқан шай — 250 тг.
- ○ Қара шай — 150 тг.
- ○ Көк шай — 200 тг.

## «Ханшайым»

ұлттық тағамдар
мейрамханасының
ас мәзірі

*Ыстық тағамдар:*

- ● Қышқыл қаймақтағы тауық еті — 1200 тг.
- ● «Теңіз» сорпасы — 1500 тг.
- ● «Пекинше үйрек» — 2500 тг.



*Салаттар:*

- ● «Теңіз сыйы» — 700 тг.
- ● Қытайша қызанақ — 500 тг.

*Шырындар:*

- ● Алма шырыны — 500 тг.
- ● Жүзім — 550 тг.
- ● Шабдалы — 400 тг.

*Шайлар:*

- ● Жүгері шайы — 250 тг.
- ● Қалампыр шайы — 300 тг.

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

**1. Оқыңыз.**



**Ас – адамның арқауы.**

**Жаманнан жарты қасық ас қалар.**

**Ас – иесімен тәтті.**

**2. Тиісті мақалды жазыңыз.**

| | |
|---|---|
| Үйге қонақ келгенде қонақпен бірге тамақ ішу керек, әйтпесе қонақ өз-өзін ыңғайсыз сезінуі, ұялуы мүмкін. | ............................................................ .................................. .......................... ............................................................ |
| Дұрыс тамақтану адамның денсаулығына ғана емес, сонымен қатар оның көңіл-күйіне де әсер етеді. | ............................................................ .................................. .......................... ............................................................ |
| Алдыңа келген, құйып берген тамақты толық ішу керек, әйтпесе обал болады немесе тамақты ысырап етуге болмайды. | ............................................................ .................................. .......................... ............................................................ |

**3. Біліп жүріңіз!**



## ГРАММАТИКА

**1. Ережемен танысыңыз.**

| Келісу/келіспеу, растау/жоққа шығару мәнді қыстырма сөздер | **292** - бет. |
|---|---|

*– Бүгін сіз жиналысқа келесіз бе?*
*– Әрине, келемін.*

**2. Сұрақтарға *ӘРИНЕ, ӨТЕ ДҰРЫС, ШЫНЫНДА, ДӘЛ СОЛАЙ, ӘЛБЕТТЕ* деген қыстырма сөздерді пайдаланып, жауап беріңіз.**

**1. Сіз қазақтың ұлттық тағамдарын білесіз бе?**

**2. «Ас – адамның арқауы» деген ой дұрыс айтылған ба?**

**3. Бұл тамақтың жасалу реті осылай ма?**

**4. Мына мейрамхана басқа мейрамханаға қарағанда арзан ба екен?**

**5. – Кешіріңіз, мына тағамды қайта жылытып беріңізші?**

**6. Бұл құжатта ақпарат осылай жазылу керек пе?**

**7. Бұл аймақтың табиғаты қандай керемет, иә?**

**3. Жағдаятқа сәйкес келетін сөздерді қойыңыз.**

1. Сіз досыңызбен, әріптесіңізбен толық келіскен жағдайда қай қыстырманы қолданасыз?
2. Бір нәрсенің жақсы немесе жаман екені туралы айтқанда, соны растау үшін қолданылатын қыстырма.
3. Сізден біреу көмек сұрағанда немесе өтініш білдіргенде, қолданатын қыстырма.

***әлбетте***

***шынында, шыныменде***

***әрине, дұрыс айтасыз, дәл солай***

**4. Келіспеу, жоққа шығару мағынасындағы сөйлемдердің астын сызыңыз.**

1. Таңғы асқа сүт өнімдерін пайдалану денсаулыққа пайдалы.
2. Бұл жаттығуды былай жасау керек.
3. Ауа райының жылынуы адамдарға пайдалы.
4. Олай емес, бұл жаттығуды былай жасау керек.
5. Жоқ, ауа райының жылынуы қауіпті.
6. Жоқ, сүт өнімдерін кешкі асқа пайдаланған дұрыс.

**5. Оқыңыз. Даяшы жиі қолданатын жауаптарды есте сақтаңыз.**

*– Әлбетте, қазір дайын болады*

*– Әрине, тез дайын болады*

*– Кешіріңіз, 15 минуттай күтесіз*



**6. Құрылыммен танысыңыз.**

*екен* көмекші етістігі

**207** - бет.

*Қалада ұлттық тағамдар мейрамханасы өткен айда ашылған екен.*
*Өзімнің жеке бизнесімді ашсам екен.*
*Біз тапсырыс берген мейрамхана жайлы әрі тыныш екен.*

**7. Тиісті жерлерге «*екен*» етістігін қойып, сөйлемді аяқтаңыз.**

1. Олар тапсырыс берген ......................................
2. Азық-түлік бағасы қымбаттапты ...............
3. Ертең жауын жаумайды ...................................
4. Марина қазақ тілін үйренген ........................
5. Тамақ жасап үйрену керек .............................
6. Асан қалаға кеше кетті ....................................
7. Келесі жылы оқуға түссем ...........
8. Олар ауылға жиі баратын ..........
9. Бүгін ол үйде болса .....................
10. Мейрамхана 1979 жылы ашылды...
11. Олар ересектерге оқулық жазады ...
12. Бұл құжаттар тексерілген ..............

**8. «*екен*» етістігі тіркеспейтін етістіктерді табыңыз.**

барыпты | алған | оқыса | барады



### 9. Тиісті сөздерді қойыңыз.

***екен, әрине, екен, әлбетте, екенін***

Өмірде бәрі болады 1 .......... . Себебі, бұрын мен үйленбей тұрғанда ешқашан тамақ жасамаймын деп ойлайтынмын. Себебі, тамақ дайындау әйел адамның қызметі деп түсінетінмін. Қазір үйленгенмін, 2 ..., тамақты әйелім дайындайды.

Бірде мынандай жағдай болды. Әйелім ауырып ауруханаға түсті. Балаларыма тамақ дайындайтын ешкім жоқ. Кеште жұмыстан келсем, балаларым мені күтіп отыр 3 ...... . Сондықтан мен тамақ жасап үйрену керек 4 ........ түсіндім. 5 .........., бірінші жасаған тамағым дәмді болған жоқ, бірақ балаларыма ұнаған секілді. Сол кездегі балаларымның қуанышы менің «Тамақты тек әйел адам дайындау керек» деген пікірімді жоққа шығарды.

III БӨЛІМ

### 10. Дұрысын таңдаңыз.

1. «Конгресс Холл» сарайында өткен аптада «МузАрт» тобының шығармашылық концерті *болған/ болса екен.*
2. Қазақстандық ғалымдар Түркиядағы бірнеше университетке дәріс оқуға *барады/барды екен.*
3. Университетті аяқтағаннан кейін жақсы жұмысқа *орналассам/орналас* екен.
4. Шетелдік әріптестерді әуежайдан қарсы алу *керек/үшін екенін* ұмытып кетіппін.
5. Олар шетелден семинарға келген *қонақтар/қонақтарды екен.*
6. Өткендегі мейрамханаға қарағанда мына мейрамхана *қымбат/қымбатты екен.*
7. Пәтер алу үшін олар кезекте *бірінші/бір екен.*
8. Біздің тапсырыс берген тамағымыз *өте дәмді/дәмділеу екен.*

## ТЫҢДАЛЫМ

### 1. Жауап беріңіз.

А) Егер сіз мейрамхана ашсаңыз, неге көңіл бөлер едіңіз? Себебін түсіндіріңіз

| | | |
|---|---|---|
| арзан баға | шығыс тағамдары | іскери түскі ас |
| ұлттық тағам | ас мәзірі үш тілде | сапалы қызмет |
| дизайн | табиғи сусындар | үш тілде сөйлейтін даяшы |
| еуропалық тағам | темекі шегетін орын | 24 сағат бойы жұмыс істеу |

Ә) Мейрамханаңызды қалай атар едіңіз?
Себебін түсіндіріңіз



«_________________________»
**МЕЙРАМХАНАСЫ**

**Қош келдіңіздер!**

Б) Мейрамханыңызда қандай тағам мен сусын түрлері болады?

........................................ ........................................ ........................................
........................................ ........................................ ........................................
........................................ ........................................ ........................................
........................................ ........................................ ........................................
........................................ ........................................ ........................................

**2. Тыңдаңыз. Дұрыс жауапты белгілеңіз.** №13

1. Фарух Қазақстанға алғаш рет ........................ болып келді.

    а) турист    ә) даяшы    б) елші

2. Қазақстанда әр ........................ халықтар тұрады.

    а) бір    ә) түрлі    б) екі

3. Қандай ұлттық тағамдарға жиі тапсырыс береді?

    а) асылған ет, қуырдақ    ә) ірімшік сорпасы    б) кеспе, салат

4. Іскери адамдарға ........................ әрі .................. орын керек.

    а) тыныш, қымбат    ә) жайлы, тыныш    б) тыныш, ыңғайлы

**3. Қайта тыңдап, тілшінің сұрақтарын нөмірлеп, ретімен қойыңыз.** №13

| | |
|---|---|
| | Жақсы. Мейрамханаңызды неге «Дәмді» деп атадыңыз? |
| | Фарух, сіз неге Қазақстанда мейрамхана ашуды шештіңіз? |
| | Сіздердің ас мәзірлеріңізде қазақтың қандай тағамдары бар? |
| | Келушілер көбіне қай тағамға тапсырыс береді? |
| | Қай халықтың тағамдарын дайындайсыздар? |
| | Әдетте, ұлттық тағамдар мейрамханасы қымбат деп айтады, сіздерде баға қалай? |
| | Соңғы сұрағым, құпия болмаса, жылдық табысыңыз қанша? |
| | Мейрамханаңызда іскери кездесулер болып тұратын шығар? |

**4. Сұхбатты қайта тыңдап, сұрақтарға жауап беріңіз.** №13

1. Фарух мейрамханасын не себепті Қазақстанда ашты?
2. Ең алғаш үйренген қазақша сөзі қандай?
3. Мейрамханада қай ұлттың тағамдары дайындалады?
4. Қай тағамға көп тапсырыс беріледі?
5. Тағамдардың бағасы қанша теңге?
6. Мейрамханада қандай кездесулер болады?
7. Фарухтың жылдық табысы қанша?

**5. Пікір білдіріңіз.**




Қазақстандағы көптеген кафе/мейрамханалар шетелдік азаматтардықі.

Сіз қалай ойлайсыз?

Олар неге кафе/мейрамханаларды Қазақстаннан ашуды көздейді?

## АЙТЫЛЫМ

**1. Жұптық жұмыс.**

А. Жоғарыда көрсетілген ас мәзірін пайдалана отырып, біріңіз тапсырыс беруші, екіншіңіз даяшы болыңыз.

Ә. Рөлдеріңізбен ауысыңыздар.

**2. Топтық жұмыс. Сізге және сіздің досыңызға қаладағы төрт мейрамхананың қызмет көрсетуін, бағасын, тағамның сапасын тексеру тапсырылды. Сіздердің мейрамханадағы әрекеттеріңіз.**

| | |
|---|---|
| 1) Мейрамханаға кіріп отыру<br>2) Күннің арнайы тағамын сұрау<br>3) Ас мәзірін қарау<br>4) Тапсырыс беру<br>5) Тамақ ішу/жеу<br>6) Есебін сұрау<br>7) Басқа мейрамханаға бару | Қазақ тілі курсындағы адам санына байланысты топ құрыңыздар.<br><br>Бір топта үш адам болуы тиіс. |

## ЖАЗЫЛЫМ

**1. Барған мейрамханаларыңыздың тексеру қорытындысын жазыңыз.**

| Мейрамхана атауы | Тағамның атауы, сапасы, бағасы | Сусынның атауы, сапасы, бағасы | Күннің арнайы тағамының атауы, сапасы, бағасы | Қызмет көрсету сапасы |
|---|---|---|---|---|
| ......................... | ......................... | ......................... | ......................... | ......................... |
| ......................... | ......................... | ......................... | ......................... | ......................... |
| ......................... | ......................... | ......................... | ......................... | ......................... |
| ......................... | ......................... | ......................... | ......................... | ......................... |



# IV БӨЛІМ



**1-САБАҚ** Күшейткіш демеуліктер
- *– Кешіріңіз, оқуға қандай құжат тапсыру керек?*

**2-САБАҚ** Кезектес салалас құрмалас сөйлем
- *Адамның күні адаммен*
- *Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады!*



# 1 - САБАҚ

## БІЛІМДІ МЫҢДЫ ЖЫҒАДЫ...

### Күшейткіш демеуліктер

*-ақ, -ау, ай, әсіресе, да (де, та, те)*

IV БӨЛІМ

**1. *307 - беттегі сөздермен танысыңыз.***

**2. Кесте бойынша ақпарат беріңіз.**

ҚАЛАДАҒЫ
ЕҢ ЖАҚСЫ
АСХАНА/КАФЕ/
МЕЙРАМХАНА

1. Менің ойымша, қаладағы ең жақсы ..............
ол – «.........................................................................»
***асханасы/кафесі/мейрамханасы.***
2. Себебі «.........................................................................»
***асханасы/кафесі/мейрамханасы* ....................**

| Қайда? | Қандай? | Тағамдар | Қызмет көрсету |
|---|---|---|---|
| қала орталығында<br>қала шетінде<br>жұмыстың жанында<br>үйдің жанында | қымбат емес<br>тыныш, таза<br>кең, түнгі 03:00-ке дейін жұмыс істейді,<br>жақсы музыка, | дәмді, ұлттық тағам, еуропалық тағам, шығыс тағамы, түрлі тәттілер, салаттар | жылдам, сыпайы, |

3. Сондықтан сіздерге «..............................» *асханасына/кафесіне/мейрамханасына баруды ұсынамын.*
3. Сөйлемдерді «екен» етістігін пайдаланып өзгертіңіз.
4. Сөздерді мағынасына қарай бағандарға топтастырыңыз.
5. Сәйкестендіріңіз.

**2. Сөйлемдерді «*екен*» етістігін пайдаланып өзгертіңіз.**

1. Санжар үш апта бұрын университетке емтихан тапсырыпты.
Санжар үш апта бұрын университетке емтихан тапсырған екен.
2. Оның болашақта дәрігер болғысы келеді.
.....................................................................................................................................,,,,,,,,
3. Олар барған қонақүй қымбат емес, арзан әрі таза.
.....................................................................................................................................,,,,,,,,
4. Қазақстан спортшылары Лондонда болған олимпиадада жеті алтын алыпты.
.....................................................................................................................................,,,,,,,,
5. 2016 жылы Бразилияда болатын олимпиада ойындарына барғысы келеді.
.....................................................................................................................................,,,,,,,,
6. Әріптестер ертең орталық кеңседе кездеседі және құжаттарға қол қояды.
.....................................................................................................................................,,,,,,,,
7. Мемлекеттік қызметкерлер екі жылда бір рет емтихан тапсырады.
.....................................................................................................................................,,,,,,,,

### 3. Сөздерді мағынасына қарай бағандарға топтаңыз.

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| оқығым | әлбетте | алуға | өте дұрыс | тексеру | ұйықтағым | көруге | шынында | сұрауға | айтуға |
| дұрыс айтасыз | сөйлесу | баруға | телефон соғу | жазғым | қатысқым | үйрену | демалғым | әрине | жіберу |

| Келісу/растау | Рұқсат сұрау | Қалау | Міндеттілік |
|---|---|---|---|
| ........................ | ........................ | ........................ | ........................ |
| ........................ | ........................ | ........................ | ........................ |
| ........................ | ........................ | ........................ | ........................ |
| ........................ | ........................ | ........................ | ........................ |
| ........................ | ........................ | ........................ | ........................ |
| ........................ | ........................ | ........................ | ........................ |
| | болады ма? | келеді | керек |

### 4. Сөздерді тіркестіріңіз.

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1) «Болашақ» | а) пайдалану | 1) иегері | а) тақырыбы |
| 2) құжаттар | ә) жастар | 2) үлес | ә) қызметші |
| 3) жұмыстарды | б) мол | 3) шәкіртақы | б) атану |
| 4) мүмкіндік | в) бағдарламасы | 4) іріктеу | в) қосу |
| 5) талпынған | г) ұйымдастыру | 5) мемлекеттік | г) тәртібі |
| 6) тиімді | ғ) қабылдау | 6) зерттеу | ғ) тағайындау |

### 5. Сөйлем мағынасына сәйкес сөздерді табыңыз.

| | |
|---|---|
| 1. Емтихан тапсырмасын жазатын қағаз. | **талапкер** |
| 2. Сабақ үлгеріміндегі «жақсы» деген бағадан төмен баға. | **үміткер** |
| 3. Мектепті, университетті аяқтаған оқушылар, студенттер. | **түлек** |
| 4. Бағдарлама грантына, жұмыс орнынан құжат тапсырған адам. | **емтихан парақшасы** |
| 5. Орта мектепті аяқтаған жоғары оқу орнына оқуға түскісі келетін болашақ студент. | **орташа** |
| 6. Бағдарламаға қатысу, жұмысқа тұру немесе бірнәрсе сұрау мақсатында басшыға жазылатын құжат. | **өтінім** |

### 6. Дұрыс нұсқаны табыңыз.

1. Қазіргі кезде халықтың ............................ жақсарып келеді.

а) әлеуеті ә) әлеуметтік жағдайы б) әлеуметтеріне

2. Бағдарламаға жоғары .............. білімі бар азаматтар ғана өтінім білдіре алады.

а) орта ә) жоғары б) төмен

3. Шетелде ғылыми .............................................. өтетіндер санатына қарай іріктеледі.

а) құжаттан　　ә) оқудан　　б) тағлымдамадан

4. Құжаттардың нотариалды ........................................ көшірмесін тапсыру керек.

а) куәландырылған　　ә) расталған　　б) бекітілген

5. Мен ........... технологиямен жұмыс істеп, елімнің экономикасына үлесімді қосамын.

а) ескі　　ә) озық　　б) бұрынғы

6. Талапкер ....................... оқу орнын бағдарлама тізімі бойынша таңдау керек.

а) кіші　　ә) басқарма　　б) жетекші

**7. Білім дәрежелерін ең төменгісінен бастап, ретімен жазып шығыңыз.**

| | |
|---|---|
| бакалавр | 1) ........................ |
| PhD | 2) ........................ |
| бастауыш білім | 3) ........................ |
| магистратура | 4) ........................ |
| кәсіптік білім | 5) ........................ |
| орта білім | 6) ........................ |



**8. Сұрақтарға толық жауап жазыңыз.**

1. Қандай мекемеде жұмыс істейсіз?

........................................................................................................................................

2. Еңбек өтіліңіз қанша жыл?

........................................................................................................................................

3. Қандай оқу орнында оқыдыңыз?

........................................................................................................................................

4. Мемлекеттік грантпен оқыңдыңыз ба әлде ақылы бөлімде оқыдыңыз ба?

........................................................................................................................................

5. Шетелде білім алдыңыз ба?

........................................................................................................................................

6. Халықаралық бағдарламаларға қатыстыңыз ба?

........................................................................................................................................

**9. Оқыңыз. Есте сақтаңыз.**

***сүбелі үлес*** – көлемді/ қомақты үлес

***игі іс*** – пайдалы/ қажетті/ жақсы іс

***зәру болу*** – тапшы болу

***ақша жарату*** – ақша жұмсау

***құрау*** – белгілі бір заттың жиынтығы

***атына заты сай*** – өз мазмұнына сай

**10. Оқыңыз.**



**Ержан Тәтішов қорының білім гранттары бағдарламасы**

Бағдарламаның мақсаты – қаржы-экономика мамандығы бойынша дарынды әрі білікті жастарды қолдау. Бағдарламаға мектеп, колледж түлектері мен әлеуметік жағдайы төмен және балалар интернатының түлектері қатыса алады.



**«Бота» қайырымдылық қоры**

Қазақстан Республикасының:
– жоғары оқу орындарында соңғы немесе соңғы курстың алдындағы курсында оқитын;
– академиялық үлгерімі жақсы;
– ақылы бөлімде оқитын;
– оқу ақысын төлеуге қаржылық қаражаты жоқ студенттерге гранттар тағайындайды.

**11. Жоғарыдағы мәтіндердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын жазыңыз.**

| Ұқсастықтары | Айырмашылықтары |
|---|---|
| ........................................ | ........................................ |
| ........................................ | ........................................ |
| ........................................ | ........................................ |
| ........................................ | ........................................ |
| ........................................ | ........................................ |

**12. Тиісті сөзді жазыңыз.**

| | | |
|---|---|---|
| **сүбелі үлес** | **игі іс** | **зәру болу** |
| **ақша жарату** | | **атына заты сай** |

1. М. Әуезов қазақ әдебиетіне .......................... ..........................
Оның «Абай жолы» роман-эпопеясы қазақ әдебиетінің классикасы болып қалды.
2. Жаз мезгілінде күн қатты ыстық болғандықтан кейбір аймақтар ауыз суға ........................ ............................
3. Алматыда кәсіпкерлер өз қаржысына мектеп салды. Бұл білім саласына жасаған ...................... ....................... болып табылды.
4. Қайырымдылыққа .............................. .............................. әрбір адам жасай алатын игі іс.
5. Жақсылық .......................... ....................... ................ азамат.
Үнемі адамдарға көмектесіп жүреді.

IV БӨЛІМ

**13. Жоба құрыңыз.**

Сіз болашақта білім грантын беретін қор құрмақшысыз. Сол ойыңызды іске асырыңыз.

**«..........................» ҚОРЫНЫҢ БІЛІМ ГРАНТЫ**

Қордың мақсаты: ______________________________

______________________________

______________________________

Кімдерқұжаттапсыраалады: ______________________________

______________________________

______________________________

Қандай мамандықтар: ______________________________

______________________________

______________________________

**14. Сіз басқарып отырған мекемеде/бөлімде бір қызметкер жоғарыдағы бағдарламалардың біріне құжат тапсырғысы келеді. Бағдарлама шарты бойынша қатысушы үміткерге ұсыныс хат керек. Қызметкеріңізге көмек беріңіз.**

фото

Қатысушының аты-жөні: ______________________________

Ұсынған адамның аты-жөні: ______________________________

Лауазымы: ______________________________

Мекеме: ______________________________

Мекенжайы: ______________________________

Телефон: ______________________ Факс: ______________

Ұялы телефон: ______________________

Эл. почта: ______________________

Мерзімі: ______________________

А) Грантты тағайындау кезінде үміткердің қандай қасиеттері мен қабілеттерін ескеру керек?

______________________________

______________________________

______________________________

______________________________

______________________________

______________________________

Ә) Үміткер өзінің жеке қабілеттері мен қасиеттерін қандай жұмыстарда көрсете білді?

______________________________

______________________________

______________________________

______________________________

______________________________

______________________________

**14. Сұрақтарға жауап беріңіз**

1. Елімізде қандай бағдарлама арқылы шетелде білім алуға болады?
2. «Болашақ» бағдарламасы Қазақстанның білім жүйесіне қандай үлес қосады?
3. Соңғы жылдары «Болашақ» бағдарламасына қандай өзгерістер енгізілді?

## ОҚЫЛЫМ

**1. Оқыңыз.**

**1**



**Дидар Байжанова**

*Құжаттарды қабылдау және байқауды ұйымдастыру бөлімінің жетекші менеджері*

"Менің ойымша, бүгінгі жастарға мүмкіндік мол, әсіресе, кез келген білімге талпынған азамат "Болашақ" бағдарламасын тиімді пайдаланып, шетелде жоғары білім ала алады. Алдағы уақытта талапкерлер бағдарламаға кез келген ғаламторы бар жерде отырып-ақ құжаттарын тапсыратын болады. Конкурсқа қатысу арқылы елінің дамуына сүбелі үлесін қосатынын жастарымыз ұмытпаса игі. Сондай-ақ, "Болашақ" бағдарламасындағы шәкіртақы да барған қаласына байланысты төленеді. Себебі әр жердің әлеуметтік жағдайы әркалай".

**2**



**Дәулет Қанашаев**

*«Болашақ» стипендиясының иегері*

"Қазақстан дәл қазіргі уақытта білімді, әсіресе қабілетті мамандарға зәру. Сол себепті мен жоғары оқу орнын бітірген соң, осы бағдарламаға қатыстым. Қазір "Болашақ" мәртебелі стипендиясының иегерімін. Ұлыбританияның Оксфорд университетінде экономика саласы бойынша магистратурада білімімді жетілдірудемін. Мемлекет біздің барлық жағдайымызды жасап отыр. Соны тиімді пайдалану керек.

Мәселен, менің оқу ақымның барлығын мемлекет төлейді. Оқуыма қатысты кез келген шығын мемлекеттік бюджеттен бөлініп отырады. Сондай-ақ, ай сайынғы шәкіртақым 300 мың теңгедей болады. Бірақ бұл қаржының 130 мың теңгесін жатақханаға төлеймін. Күнделікті тамағыма да осы қаржыдан жұмсаймын. Бөлінген шәкіртақы маған жетеді. Сондай-ақ, менен Қазақстан мен Ұлыбританияда білім берудің айырмашылығын сұрайды. Ұлыбританияда ЖОО-ның ұстаздары сабақты өте жоғарғы дәрежеде өтеді. Дамыған технологияның озық үлгілерін тиімді пайдаланады. Қарапайым ғана мысал келтіретін болсам, біз емтихан тапсырған кезде емтихан парақшасына аты-жөнімізді жазуға тыйым салады. Ал ұстаз емтиханды тексерген уақытта кімнің жауабы екенін білмейді. Әрине, бұл ұстаз бен студенттің құрметін сақтап қалатын әрекет. Бұл әділ баға қою үшін жасалған әдістің бірі ғана. Қаңтар айында диплом аламын. PhD-ге ұсыныс түсіп жатыр. Бірақ мен елімді қатты сағындым. Сондықтан Қазақстанға келіп, оқыған білімімді елімнің қажеттілігіне жаратсам деймін.

*www.otyrar-tv.kz*

**2. Төмендегі ойларды кімнің айтқанын белгілеңіз.**

| | Дидар | Дәулет |
|---|---|---|
| 1. Шәкіртақы 300 мың теңгені құрайды. | | |
| 2. Жастар шет елде білім ала алады. | | |
| 3. Қазақстанға оралып елім үшін қызмет етемін. | | |
| 4. Жастар елдің дамуына үлес қосуы тиіс. | | |
| 5. Мемлекет жастарға жағдай жасап отыр. | | |
| 6. Әр елдің экономикасы әртүрлі. | | |
| 7. Қазақстанға білімді мамандар қажет. | | |
| 8. «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқимын. | | |
| 9. Қазіргі жастардың мүмкіндігі мол. | | |
| 10. Шәкіртақы білім алып жатқан қалаға байланысты. | | |
| 11. Құжаттарды ғаламтор арқылы тапсыруға болады. | | |

**3. Мәтінде бар ақпараттарды алуға қажетті сұрақтарды жазыңыз.**

| Дидар Байжановаға қойылатын сұрақтар: | |
|---|---|
| 1. | ........................................................................................................................ |
| 2. | ........................................................................................................................ |
| 3. | ........................................................................................................................ |
| 4. | ........................................................................................................................ |

| Дәулет Қанашаевқа қойылатын сұрақтар: | |
|---|---|
| 1. | ........................................................................................................................ |
| 2. | ........................................................................................................................ |
| 3. | ........................................................................................................................ |
| 4. | ........................................................................................................................ |
| 5. | ........................................................................................................................ |
| 6. | ........................................................................................................................ |
| 7. | ........................................................................................................................ |

**4. Қою бояумен берілген сөздердің мәтіннен баламасын тауып жазыңыз.**

1. Қазіргі таңда оқығысы келетін жастардың мүмкіндігі **көп.**
2. «Болашақ» бағдарламасына түскен азаматтар **өзге елде** білім алады.
3. Әрбір қазақстандық елдің дамуына **қомақты** үлес қосатынын **естен шығармаса екен**.
4. Студенттерге шәкіртақы **оқитын** қаласына байланысты **беріледі.**
5. **Өйткені** әр елдің **әлеуметтік жағдайы әртүрлі**.
6. Қазақстанға **білікті** әрі қабілетті мамандар өте қажет.
7. Жоғары оқу орнын **бітірген соң,** «Болашақ» бағдарламасына тапсырдым.
8. Жоғары оқу орындарының **оқытушылары** жоғары дәрежеде сабақ өтеді.
9. **Алған** білімімді елімнің **керегіне қолдансам** деймін.
10. Емтихан тапсырғанда емтихан **қағазына** өз **есімімізді** жазбаймыз.
11. Шәкіртақым 300 мың теңге **болады.**
12. Менен Қазақстан мен Ұлбыританияның білім деңгейінің **ерекшелігін** үнемі сұрайды.

| | ***мәтінде*** |
|---|---|
| көп | ............................................................ |
| өзге елде | ............................................................ |
| қомақты | ............................................................ |
| естен шығармаса екен | ............................................................ |
| оқитын | ............................................................ |
| беріледі | ............................................................ |
| өйткені | ............................................................ |
| әлеуметтік жағдайы әртүрлі | ............................................................ |
| білікті | ............................................................ |
| бітірген соң | ............................................................ |
| оқытушылары | ............................................................ |
| алған | ............................................................ |
| керегіне қолдансам | ............................................................ |
| қағазына | ............................................................ |
| есіміңізді | ............................................................ |
| болады | ............................................................ |
| ерекшілігін | ............................................................ |

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

***– Кешіріңіз, оқуға қандай құжат тапсыру керек?***

***– Керек құжаттардың тізімі дәлізде, «Ақпараттар тақтасында» ілулі тұр***



*– Студент ұлыма ақша салайын деп едім. Қандай құжаттар керек екенін айтып жібересіз бе?*



## ГРАММАТИКА

**1. Ережемен танысыңыз.**

Күшейткіш демеуліктер

**294** - бет.

Сен *де* еліңнің болашағын ойлауың керек.
Ол осы байқаудан өтпей қалады-*ау* деймін.
Бағдарлама бойынша тек бір-*ақ* студент емтиханнан өтпеді.

***-ақ, - ау, де, да, те, та***

**2. Тиісті демеулікті қойыңыз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1) бір-...... | 6) айтқан-... деймін | 9) Асан ..... | 12) бесеу-..... |
| 2) келді-... деймін | 7) сондай-...... | 10) осы-..... | 13) оқып ..... |
| 3) көріп ..... | 8) олар ..... | 11) алды-... деймін | 14) берді -.. деймін |

**3. Дұрыс нұсқаның астын сызыңыз.**

1. Құжат тапсырған күні-***ақ/-ау*** мен іссапармен Алматыға ұшып кеттім.

2. Ертең олар әріптестерімен жиналысқа барады***-ау/-ақ*** деймін.

3. Мен секілді ол ***да/де*** «Болашақ» степендиясының игері болған.

4. Сондай***-ақ/-ау***, негізгі мамандықтарды меңгеру үшін бір жыл оқу тым аз болады деп ойлаймын.

5. Шетел университеттерінде магистратура оқу бір**-ақ/-ау** жыл, сондықтан бір жылда көптеген пәндерді оқуыңа тура келеді.

6. **Әсіресе/әсіресе де** Асанның оқыған университеті – Европадағы атақты университеттердің бірі.

**4. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Нақты білмейтін ойыңызды жеткізу үшін қай демеулікті пайдаланасыз? ..............................
..............................

2. Бір затты үлкейтіп немесе кішірейтіп, оқиғаны маңызды етіп айтқыңыз келеді. Сол кезде қай демеуліктерді пайдаланасыз? ..............................
..............................

## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Жауап беріңіз.**

1. «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқу үшін қандай талаптар қойылады деп ойлайсыз?
2. Осы бағдарлама бойынша кез келген азамат оқи ала ма?
3. Егер сізде мүмкіндік болса осы бағдарлама бойынша оқуға баратын ба едіңіз? Егер барсаңыз қай елге барар едіңіз?

**2. Топтық жұмыс. Пікір білдіріңіздер.**

| А тобы | Ә тобы |
|---|---|
| «Болашақ» бағдарламасы Қазақстанның дамуына ықпал етеді | «Болашақ» бағдарламасына тым көп қаржы кетеді. Ол тек жекелеген мамандарға ғана пайдалы. |

**3. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.** №14

1. Қай бағдарлама туралы айтылды?
2. Ақпараттар қайдан алынды?
3. Қай сала бойынша құжаттар қабылданады?
4. Кімдер үшін бағдарлама талаптары жеңілдетілген?
5. Қандай талаптар төмендетілген?
6. Басты талап қандай?

**4. Жауаптарды сұрақтармен сәйкестендіріңіз.** №15

............. 1. «Бакалавриат» бағдарламасын аяқтаған соң «магистратура» бағдарламасында оқуды жалғастыруға бола ма?

............ 2. «Болашақ» стипендиясын тағайындау үшін емтихандар қай жерде өткізіледі?

............ 3. Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясына жеңілдіктер кімдерге арналған?

**5. Тыңдаңыз. Дұрыс нұсқасын жазыңыз.** №16

1. «Болашақ» бағдарламасына құжат тапсыруға сіз-ақ келдіңіз.

..............................................................................................................................................

2. Бағдарламаға қатысу үшін үміткердің орыс тілін де, неміс тілін де білуі міндетті .

..............................................................................................................................................

3. Үміткерлер мемлекеттік тілден тест тапсырмайды-ау деп ойлаймыз.

..............................................................................................................................................

4. Бағдарлама бойынша бакалаврға да, докторантураға да құжат тапсыра алмайсыз.

..............................................................................................................................................

5. Екінші тур қорытындысы бойынша сен-ақ келесі турға өттің.

..............................................................................................................................................

**6. Ойыңызды білдіріңіз.**




**«БОЛАШАҚ»**
**бағдарламасына қандай өзгерістер енгізер едіңіз?**

**Мысалы:**
*құжат тапсыру/ үміткерге қойылатын талаптар/*
*қаржы мәселесі/ мамандықтар тізбесі*

IV БӨЛІМ

## АЙТЫЛЫМ

**1. Топтық жұмыс. Төмендегі ақпараттарды оқыңыз. Екі топқа бөлініп, өзара пікір-сайыс өткізіңіз.**

***«Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелдерде бакалаврларды оқыту тоқтатылды***

**1 – топ:**
Бакалаврларды оқытуды
**қолдайды**



**2 – топ:**.
Бакалаврларды оқытуды
**қолдамайды**

**Әр топ бестен кем емес дәлел келтіруі тиіс.**
1) ....................................................................................................................................
2) ....................................................................................................................................
3)....................................................................................................................................
4) ....................................................................................................................................
5) ....................................................................................................................................

Төмендегі ақпараттарды пайдалануыңызға болады:

| | |
|---|---|
| *Негізгі назар магистрлар мен PhD докторларын даярлауға бағытталатын болады.* | *«Назарбаев университеті» ашылды.* |
| *Шетелде оқу тым қымбат болды.* | *Бітіруші түлектердің шетелде қалуы жиілеп кетті.* |

## ЖАЗЫЛЫМ

**1. Онлайн конференция арқылы «Болашақ» бағдарламасының Құжаттарды қабылдау және конкурсты ұйымдастыру бөлімінің жетекші менеджері сұрақтарға жауап беріп жатыр. Сізді қызықтыратын кемінде жеті сұрақ жазыңыз.**

# БІЛІМДІ МЫҢДЫ ЖЫҒАДЫ...

## Кезектес салалас құрмалас сөйлем *бірде, кейде, біресе*
## Жалпылау есімдігі

**2- САБАҚ**





***1. 308 - беттегі сөздермен танысыңыз.***

**2. Сөйлемдердің жалғасын табыңыз**

1. Өткен жылы «Болашақ» бағдарламасына құжаттарымды тапсырдым
2. «Болашақ» бағдарламасы бойынша бакалаврлар дайындалмайтын болды
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі
4. Олармен бір апта болды хабарласа алмай отырмын
5. Қазақстан Республикасы – Орта Азиядағы ірі мемлекеттердің бірі
6. Бұқаралық ақпарат құралдары – ақпараттар,танымдық мәліметтер жиынтығы
7. Астанада отандық кәсіпкерлердің кеңейтілген отырысы болды
8. Жазғы олимпиада ойындарына әлемнің 120 елінен спортшы қатысты
9. Отбасылық бюджетті тиімді жоспарлаңыз, оны ұқыпты жұмсаңыз
10. Ол іссапарға барғысы келмеді

| | |
|---|---|
| | және экономикасы дамыған әрі әлеуметтік жағдайы тұрақты мемлекет. |
| | алайда ондағы ақпараттардың барлығы пайдалы бола бермейді. |
| | себебі келесі айлыққа дейін біраз уақыт барын ұмытпаңыз |
| | себебі олардың телефон нөмерлерін ұмытып қалыппын. |
| | бірақ дипломымның баллы жетпей бағдарламаның 1 турынан өтпей қалдым. |
| | себебі «Назарбаев университеті» халықаралық дәрежеде дайындайтын болды. |
| | және олардың әрқайсысы тамаша жетістіктерге қол жеткізді. |
| | және шетелдік фирмалармен өзара келісімшарттар жүргізілді. |
| | сондықтан қазақ тілін білу, оны құрметтеу менің міндетім. |
| | алайда баруға тура келді. Себебі жобаны уақытында аяқтау керек болды |

**3. Толықтырыңыз.**

**жеке бас мәселесін/ қол ұшын созуға/ қаңқу сөз/аулақ бол/ назар аударуларын**

1. Асқар әріптестеріне үнемі ............................................................ дайын.
2. Ол бұл әңгіменің ............................................. екенін білді, сондықтан көңіліне алмады.
3. Ең бастысы жұмыс пен ................................................ араластырмау керек.
4. Самат тыңдаушыларды басты мәселеге ......................................... сұрады.
5. Абай: «Бес нәрседен қашық бол»,- деп өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік және босқа ақша шашудан ......................... ......................... деп айтып кеткен.

**4. Топтық жұмыс.**

1. Сөздерді жасырыңыздар. Сөздің мағынасын айтыңыздар.

| А тобы | Ә тобы |
|---|---|
| қаңқу сөз | қол сұғу |
| қол ұшын созу | назар аудару |
| тасы өрге домалау | жеке бас мәселесі |

**5. Сөйлем мағынасына сәйкес сөздерді табыңыз.**

| | |
|---|---|
| 1. Өзіміз нақты білмейтін бір жұмысты істер алдында, әріптестерімізден, отбасымыздан, достардан сұраймыз ........................................................................ | А) қол ұшын созу |
| 2. «Дұрыс» сөзіне қарсы мәндес сөзді табыңыз .................................. . | Ә) қаңқу сөз |
| 3. «Көмектесу» сөзінің басқа сөзбен аталуы ........................................ . | Б) кеңес |
| 4. Адамның өзінен басқа ешкім білмейтін құпиясы. ............................. . | В) сыр |
| 5. Біреу туралы нақты емес әңгімелер айту ........................................ . | Г) бұрыс |

**6. «Иә» немесе «Жоқ» деп жауап беріңіз.**

| | ИӘ | ЖОҚ |
|---|---|---|
| 1. Кеңседе әріптесіңізбен күбірлеп сөйлесесіз бе? | | |
| 2. Адамдарға жиі жәрдемдесесіз бе? | | |
| 3. «Адамның күні адаммен» дегенге келісесіз бе? | | |
| 4. Өз біліктілігіңізді арттыратын курстарға барасыз ба? | | |
| 5. Өзіңізге жүктелген міндетті уақытында орындайсыз ба? | | |
| 6. Уақытыңызды бағалайсыз ба? | | |
| 7. Әріптестеріңіздің қайғысын, қуанышын бөлісе аласыз ба? | | |
| 8. Қаңқу сөздерге сенесіз бе? | | |
| 9. Өзге адамдардың сырын білгіңіз келе ме? | | |
| 10. Сіз жұмысыңызды ұнатасыз ба? | | |
| 11. Әріптестеріңізге ақыл-кеңес бересіз бе? | | |
| 12. Жұмыстан кейін жұмыс туралы сөйлесесіз бе? | | |

## ОҚЫЛЫМ

**1. Жауап беріңіз.**

> **Кімді XXI ғасырдың ең табысты адамы деп айта аласыз? Ойыңызды дәлелдеңіз.**

**2. Топтық жұмыс. Пікір білдіріңіздер.**

| Қандай адам табысты бола алады? | Қандай адам табысты бола алмайды? |
|---|---|
| **А тобы** | **Ә тобы** |
| еңбекқор | жалқау |
| ........................................ | ........................................ |
| ........................................ | ........................................ |
| ........................................ | ........................................ |
| ........................................ | ........................................ |
| ........................................ | ........................................ |
| ........................................ | ........................................ |

## ТАБЫСТЫ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ



***1. Жаман әдеттерден арылыңыз!***

Жұмыста сағыз шайнамаңыз, күбірлеп сөйлеп, өзгенің мазасын жөнсіз алмаңыз, өз бойыңыздағы барлық жағымсыз қылықтардан арылыңыз. Бірде жұмысқа кешігіп, бірде келмей қоюдан аулақ болыңыз.



***2. Біліктілігіңізді арттырыңыз!***

Басқа міндет жүктеліп жатса, өз міндетіңізді өзгеге тапсырып, оны орындауға ұмтылыңыз. Жаңа іске кірісуге жүрексінбеңіз. Жаңа тапсырмаларды орындау арқылы сіз өзіңіздің кәсіби біліктілігіңізді арттырасыз.

***3. Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады!***

Айналаңыздағылармен жылы қарым-қатынаста болыңыз. Өзіңіздің жеке басыңыздағы жағдайлармен бөлісіп, сырыңызды айту қажет емес. Бәрімен әрдайым сыпайы болып, қуаныш пен қайғысына ортақтасып жүріңіз. Ешуақытта өзгені жамандап, қаңқу сөздер айтпаңыз. Өз ортаңыздағы мәселелерді сыртқа шығармаңыз.

***4. Өзгені де құрметтеңіз!***

Әріптестеріңіз өз ойын білдіріп жатса, мұқият тыңдаңыз. Әріптестеріңіздің жеке бас мәселелеріне, қызығушылықтары мен өмірлік ұстанымдарына қол сұқпаңыз. Оны «телефоның қанша тұрады» сияқты жөнсіз сұрақтармен мазасын алмаңыз.



***5. Қол ұшын созыңыз!***

Өзіңізді ғана ойламай, жұмысыңыздан қолыңыз босаған кезде жаныңыздағы әріптестеріңіздің бәріне көмектесіңіз немесе оған ақыл-кеңес айтып, бағыт-бағдар беріңіз. «Адамның күні адаммен» дегенді естен шығармаңыз.



***6. Уақытты бағалаңыз!***

Тапсырманы уақытында орындаңыз. Егер де жұмысым нәтижелі болсын десеңіз, оған барлық күшіңізді салып, жауапты қараңыз. Уақытты қадағалай отырып, сіз өз ісіңізді тыңғылықты әрі сәтті орындап шығасыз.

**7. Салғырттыққа жол жоқ!**

Әр мекеменің өз заңдылықтары бар. Сол заңдылықтарды ұстаныңыз. Кездесу, жиналыстарда өзгелермен бірге өзекті мәселелерді талқылап, өз ойыңызды білдіріңіз. Белсенділік танытпай, қызығушылық білдірмей, жан-жағыңызға қарап, біресе телефонмен хабарлама жазып, біресе ойын ойнасаңыз, өзгелер сіздің жұмысқа деген салғырттығыңызды аңғарады.

**8. Ықылас білдіріңіз!**
Әрдайым қызметке қатысты ойларыңызбен бөлісіп, ісіңізді жақсы атқаруға ұмтылыңыз. Сіздің жұмысқа деген ынтаңызды көрген басшылық сізді байқап, мәртебеңізді көтереді. Ықыласыңыз болмаса, сіздің тасыңыздың өрге қарай домалауы екіталай.

**9. Жан-жақты болыңыз!**
Жан-жақты болуға ұмтылыңыз. Кәсібіңізге байланысты соңғы жаңалықтарды, қосымша мәліметтерді оқып, оны өзгелермен бөлісіңіз.

*http://massaget.kz/*

**3. Төмендегі ойларды мәтін бөліктеріне сәйкестендіріп орналастырыңыз.**

| | |
|---|---|
| ..................... | 1. Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет. |
| ..................... | 2. Жан-жақты болу. |
| ..................... | 3. Уақыт – қымбат. |
| ..................... | 4. Бойдағы жаман әдеттерден арылу. |
| ..................... | 5. Өзімшіл болмау. |
| ..................... | 6. Жұмысты бар ниетпен жасау. |
| ..................... | 7. Немқұрайлылық танытпау. |
| ..................... | 8. Жылы қарым-қатынас орнату. |
| ..................... | 9. Жаңа жұмыстардан қорықпау. |



**4. Кестені толтырыңыз.**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *жаман қылықтар* | *жұмысқа уақытында келу* | *адамдары түсіну* | *өз басын ғана ойлау* | *білімді жетілдірмеу* | *тапсырманы мерзімінде орындау* |
| *өсек айту* | *уақытты үнемдемеу* | *ақылдасу* | *үнемі белсенділік таныту* | *үнемі ізденісте болу* | *кеңсе тәртібіне бағынбау* |
| *адамдармен тіл табыса білу* | *сыпайылық танытпау* | *жұмысты шала істеу* | | *әріптестерді бос әңгімемен мазаламау* | *жұмысқа ынталы болу* |

| | Табысты болудың жолдары | Табысты болуға кедергілер |
|---|---|---|
| 1 | ............................................................ | ............................................................ |
| 2 | ............................................................ | ............................................................ |
| 3 | ............................................................ | ............................................................ |
| 4 | ............................................................ | ............................................................ |
| 5 | ............................................................ | ............................................................ |
| 6 | ............................................................ | ............................................................ |
| 7 | ............................................................ | ............................................................ |
| 8 | ............................................................ | ............................................................ |
| 9 | ............................................................ | ............................................................ |
| 10 | ............................................................ | ............................................................ |

**5. Жауап беріңіз.**
1. Мәтінде берілген ойлардың қайсысын үнемі есте сақтау қиын? Неге?
2. Мәтінде берілген ойлардың қайсысымен келіспейсіз ? Неге?

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

**1. Мағынасын талқылаңыздар.**

- Татулықта табыс – мол
- Еңбек еткен — мұратқа жеткен
- Қолы ашықтың - жолы ашық
- Еңбек ерлікке жеткізер, Ерлік елдікке жеткізер

**2. Оқыңыз және есте сақтаңыз.**

*– Мәншүк Айдарқызы, жоба туралы сізбен ақылдасайын деп едім.*



*– Дәулет Қалайбердіұлы, сізден бірер сағатқа сұранайын деп едім.*



*– Наталья, түске дейін маған ешкімді кіргізбеңіз.*



*– Наталья, маған жоспарлау бөлімінің бастығын шақырыңызшы.*



*Жарайды, қазір.*



**3. Берілген тапсырмаларды орындаңыз.**

1. Сіз дүкен кассасына/ дәрігерге/ құжат тапсыруға/ теміржол билетін алуға келдіңіз. Онда кезекте адамдар тұр. Сіз кезектің соңын сұрауыңыз керек. Қалай сұрайтын едіңіз. *Жазыңыз.*

– ..............................................................................................................................................

.............................................................................................................................................. .

2. Сіз кезекте тұрсыз сізден кейін бір адам бар, бірақ ол дәл қазір су алуға кетті. Кезекке тұруға басқа адам келді. Сіз оған өзіңізден кейін адам бар екенін айтуыңыз керек. Сіз қалай айтар едіңіз.

– ..............................................................................................................................................

.............................................................................................................................................. .

## ГРАММАТИКА

**1. Ережемен танысыңыз.**

Кезектес салалас құрмалас сөйлем

295 - бет.

*Ол өз ойын бірде қазақша, бірде орысша айтып жатыр.*
*Ол кейде жұмысқа уақытында келеді, кейде ерте келеді.*
*Біресе жаңбыр жауады, біресе жел соғып, күн суытып кетеді.*

**2. Тиісті шылауды қойыңыз.**

1. Біресе қалаға барғысы келеді, ................ ауылға кеткісі келеді. Бір шешім қабылдай алмай жүр.
2. Оның баласы сабаққа бірде дайындалады, .............. дайындалмайды.
3. Кассада билет кейде болады, .................. болмайды. Билетті ерте сатып ал.
4. Пойыз біресе жылдам жүреді, ................ ақырын жүреді. Уақытында келмеуі мүмкін.
5. Ол тапсырманы кейде түсінеді, ................ түсінбей қайта сұрайды.

**3. Тиісті жалғауларды жалғап, берілген сөздерден сөйлем құраңыз.**

1. Ол/мұражай/мұрағат/бару.

.......................................................................................................................................

2. Азық-түлік/ баға/ арзандау/қымбаттау.

.......................................................................................................................................

3. Сағат/ жүру/тоқтау/дұрыс/жұмыс/істемеу.

.......................................................................................................................................

4. Жел/ қатты/соғу/ақырын/соғу.

.......................................................................................................................................

5. Телефон/дауыс/шығу/шықпау.

.......................................................................................................................................

6. Демалыс/ күндер/ кітап оқу/ теледидар көру.

**4. Ережемен танысыңыз.**

Жалпылау есімдігі

295 - бет.

*Бәрін* айту мүмкін емес, себебі уақыт тығыз.
Қонаққа шақырылған адамдар *түгел* келді.
Олардың *барлығы* қазақ тілінен тест тапсырады.

### 5. Сұрақтарға сай есімдіктерді түрлендіріңіз.

| | кімнің? нenің? | кімге? неге? | кімді? нені? | кімде? неде? | кімнен? неден? | кіммен? немен? |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **бәрі** | ..................... | ..................... | ..................... | ..................... | ..................... | ..................... |
| **барлығы** | ..................... | ..................... | ..................... | ..................... | ..................... | ..................... |
| **барша** | ..................... | ..................... | ..................... | ..................... | ..................... | ..................... |

### 6. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз.

1. <u>Барлығының</u> атын жатқа білемін. ...........................................................
2. <u>Бәрін</u> қарадым, бірақ таппадым. ...........................................................
3. <u>Бүкіл</u> халық мерекеге атсалысты. ...........................................................
4. <u>Барша</u> жұртпен бірге мен де бардым. ...........................................................

### 7. Дұрыс нұсқаның астын сызыңыз.

1. **<u>Барлық</u>/барлығы** адам жұмыста табысқа жеткісі келеді.

2. Сол күні маған әріптестерімнің **бәрі/бәрінің** қол ұшын берді.

3. Ертең жиналысқа **түгел/түгелі** келеміз.

4. Ол жиналған **барша/баршаның** халықтың алдында еркін сөйледі.

5. Құжаттардың **барлығы/барлық** көшірмесін ертеңге дейін жасау керек.

6. Менде бар кітаптың **бәрі/бәріне** осы. **Барлығын/барлық** алып келдім.

7. **Барлық/барлықтары** адамдармен тіл табысып, қарым-қатынас жасау өте қиын.

## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Жауап беріңіз.**

Ең алғашқы жұмыс күніңіз есіңізде ме? Есіңізде болса, айтып беріңіз.

**2. Кеңестерді тыңдаңыз. Бағандағы сөздер тұсына кеңестердің ретін қойыңыз.**

№17

| | |
|---|---|
| | 1) «Сіз» және «Сен» |
| | 2) Жұмыс үстелі |
| | 3) Қойын дәптерге жазу |
| | 4) Танысу |
| | 5) Киім |
| | 6) Есімдерді жаттау |
| | 7) Қызығушылық таныту |
| | 8) Бастыққа SMS хабарлама жібермеу |



**3. Тыңдаңыз. Мәтінді ретімен қойыңыз.**

№18

### КЕҢСЕДЕ СЕРГУДІҢ ЖОЛДАРЫ

| | |
|---|---|
| | **Үстеліңізді жинастырыңыз**<br>Үстеліңіз реттеліп тұрса да, барлық ескі қағаздарды қарап, қажет еместерін лақтырып, қалғандарын жиыстырып қойыңыз. Орныңыздың «жаңарғанын» сезінгеннен кейін, жұмысқа қайта кірісуге құштар боласыз. |
| | **Жұмыс орныңызға гүл әкеліп қойыңыз**<br>Отырғызылған не жаңа кесілген гүл болса да – өз еркіңіз. Бастысы, жұмыстан шаршаған кезде кейде әдемі гүлге назар аударып, кейде суарып қойсаңыз, иіскеп не жай сүйсініп қарасаңыз болады. Әріптестеріңіз де сіздің үстеліңізге қызығып қарайды. |
| | **Әріптесіңізге көмек беріңіз**<br>Пайдалы істер – жақсы көңіл-күйдің бірден-бір қайнар көзі. Әріптесіңізге кішігірім көмек көрсетіп, рақметін естігенде, бойыңызда жаңа күш пайда болғанын сезінесіз. Мұндай сезімді ғаламтордағы әзілдерден ала алмайсыз. |
| | **Әріптесіңізбен әңгімелесіңіз**<br>Позитивті адамдармен араласқанда, олардың оң энергиясы жан-жаққа шашырайтыны белгілі. Әріптестеріңіздің арасынан осындай жанды таңдап алып, оған шай не кофе ұсынып, кеңсе жаңалықтары жайлы әңгіме бастаңыз. Бірнеше минуттан кейін-ақ оның позитивті көңіл-күйі сізге де беріледі. |

*Материалдар http://massaget.kz сайтынан өңделіп алынды*

**4. Топтық жұмыс. Ойларыңызды білдіріңіздер.**

### КЕҢСЕ ЭТИКЕТІ МЕН ЗАҢДАРЫ

| А тобы | Ә тобы |
|---|---|
| ................................................................ | ................................................................ |
| ................................................................ | ................................................................ |
| ................................................................ | ................................................................ |
| ................................................................ | ................................................................ |



## АЙТЫЛЫМ

**1. Топтық жұмыс. Төмендегі кеңестерді оқыңыздар. Екі топқа бөлініп, өзара пікір сайыс құрыңыздар.**

**1- топ: Кеңестерді қолдайды.**
**2- топ: Кеңестерді қолдамайды.**

1. Бір ғана бағытта біліктілігіңізді дамытыңыз.
2. Басқалардан артық болу жолын іздеңіз.
3. Еске сақтаңыз, күш білімде.
4. Үздіктерден үйреніңіз.
5. Жұмыс уақытынан кейін жұмыста 2-3 сағат қалып жұмыс істеңіз.
6. Сіздің мамандығыңыз болып табылмайтын жұмысты шетке қойыңыз.
7. Бар күшіңізді өзіңізге жұмсаңыз.

## ЖАЗЫЛЫМ

**«Табысты болудың жолдары» тақырыбында шағын эссе жазыңыз. Эссеңізде кем дегенде табысқа жетудің жеті жолы болу керек.**

..........................................................................................................................................

..........................................................................................................................................

..........................................................................................................................................

..........................................................................................................................................

..........................................................................................................................................

Жақсы жұмыс істеу үшін – жақсы демалыс керек.

Табысты болу үшін адамдармен қарым-қатынас жақсы болу керек.

Өз жұмысыңды жақсы көріп істеуің керек.

**Әр нәрсені уақытында істеу керек.**

**Үнемі ізденісте болу керек.**

# V БӨЛІМ



**1-**САБАҚ

Талғаулы салалас құрмалас сөйлем

- *Сіз бастығыңызбен сөйлесуді қалай бастайсыз?*

**2-**САБАҚ

-и, -дай/дей/тай/тей... жұрнақтары

- *Ақпараттық хат үлгісі*



# 1 - САБАҚ

## МҰРАЖАЙ: ТАРИХ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

### Талғаулы салалас құрмалас сөйлем

*не, не болмаса, немесе, я, яки*



**1. *309 - беттегі сөздермен танысыңыз.***

**2. Өткен грамматиканы еске түсіріңіз. Етістіктерді тиісті шаққа қойыңыз.**

1. Бүрсігүні компания басшылығы жұмысқа қатысы жоқ әңгімелер арқылы жаңа келген маманды ......................... . *(тексеру)*
2. Ертең ол жас маманға жаңа жобаларды іске асыруды ......................... . *(жүктеу)*
3. Мен кеше жиналыста қызметке деген қызығушылығымды ...................... . *(көрсету)*
4. Келесі аптада ұжым отырысында осы мәселе ......................... . *(талқылану)*
5. Сіз бірге жұмыс істейтін әріптестеріңіздің есімдерін жаттап ......................... ба? *(алу)*
6. Ол кеше ғаламтордан сол мекеме туралы бар ақпарат ......................... . *(жинау)*
7. Сен мекеменің мекенжайын біліп ......................... ба? *(алу)*
8. Мен кешке акционерлер жиналысына бара ......................... . *(алмау)*
9. Жұмыс беруші жаңа маманды өткен аптада сұхбаттасуға ......................... . *(шақыру)*
10. Жұмыстан кейін кешке қарай электрондық жәшігімді ......................... . *(қарау)*

**3. Дұрыс нұсқаны таңдаңыз.**

1. Ол бұрын есеп бөлімінде жұмыс *істеген/істейді* екен.
2. Олар өткен аптада компания жұмыстарымен шетелге іссапарға *барыпты/барыппын.*
3. Мен ертең барлық мамандарды жинап, жұмыстағы өзгерістер туралы *айтпақшымын/айтпақшы*.
4. Мүмкін, барлық жұмыстарды қыркүйектің аяғына дейін *аяқтар/аяқтады*.
5. Ол өзіне әлеуметтік желілерден жеке парақша ашып *алыпты/алыптым*.
6. Ол құжаттарды өткен айда *берген/беріпті* екен, мен оны ұмытып *кетіппін/кетіпті*.
7. Мен кеше қалаға *бармақ/барған* болдым, бірақ жолым болмады.
8. Біз жобаны қазанда *өткізерміз/өткізермін* деп ойлап *отырмыз/отырмын*.

**4. Жауап беріңіз.**

ӨМІРІҢІЗДЕ ЖЕТКЕН БІР ТАБЫСЫҢЫЗ/ЖЕТІСТІГІҢІЗ ТУРАЛЫ АЙТЫП БЕРІҢІЗ

***- қашан және қайда болды?*** ***- жаныңызда кімдер болды?***
***- сіз не істедіңіз?*** ***- қандай сезімде болдыңыз?***

**5. Сөйлем мағынасына сәйкес сөздерді табыңыз.**

| | |
|---|---|
| 1. Белгілі бір халықтың өткен тарихын, мәдениетін білдіретін суреттер, мүсіндер және түрлі бұйымдар сақталатын жер | **мүсін** |
| 2. Түрлі әшекей бұйымдар жасайтын немесе белгілі бір істі жоғары сапада жасайтын, шәкірт тәрбиелейтін адам | **мұражай** |
| 3. Еуропалықтардың жаудан қорғану үшін тұрғызған үйлері | **ғасыр** |
| 4. Адамды, затты, жануарларды бейнелеу үшін ағаштан, темірден жасалған ескерткіш | **шебер** |
| 5. Әрбір жүз жылды бір сөзбен қалай айтамыз? | **қамал** |

## 6. Топтық жұмыс.

Сөздерді екінші топқа сипаттап айтыңыз. Екінші топ қандай сөз екенін табуы керек.

| А тобы | Ә тобы |
|---|---|
| алаң | ескерткіш |
| сурет | көрме |
| мүсінші | суретші |
| ғасыр | сәулетші |

## 7. Сөздерді топтастырыңыз.

***өнер туындылары, кітап, қойылым, мүсін, кітапханашы, әртіс, көркем сурет, оқырман залы, рөлде ойнау, ескерткіш, кітапқа тапсырыс беру, қол шапалақтау, сөздік, қолданбалы өнер, сирек кездесетін басылым, көрініс, асыл тастар, емтиханға дайындық, сахна, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жазу, гүл шоғын сыйлау***

| № | Мұражай | Кітапхана | Театр |
|---|---|---|---|
| **1** | | | |
| **2** | | | |
| **3** | | | |
| **4** | | | |
| **5** | | | |
| **6** | | | |
| **7** | | | |

## 8. Сөйлемдердегі артық сөзді алып тастаңыз.

1. Өткен тарихты қайта жаңғыртатын жаңғыру орын ол – мұражай.
2. Кеше Астанада олимпиада жеңімпаздарын ұлықтау ұлықтап рәсімі өтті.
3. Мұражайлардағы қайталанбас қайталап туындыларды сақтау – біздің міндетіміз.
4. XX ғасырда ғасыр адам баласы озық технологияларды ойлап тапты.
5. Ескерткіштер мен мүсіндер тарихи құндылықтар құндылық болып табылады.
6. Есілдің оң жақ жағалауы жағалау ескі қала болып саналады.
7. Орталық мұражайда сәндік сән бұйымдардың таңдаулы үлгілері жинақталған
8. Ол жерде әлем мойындаған мойындап тұлғалардың туындылары қойылған.

**9. Оқыңыз. Есте сақтаңыз.**

Лувр,
Ұлттық өнер галереясы,
Уффици галереясы,
Эрмитаж,
Мысыр мұражайы,
Ватикан
мұражайы

**өскелең ұрпақ** – қазіргі жастар/балалар

**тұспа-тұс** – нақты бір уақытқа дәл келу

**етек алу** – бір оқиғаның таралуы/басталуы/болуы

**орын тебу** – орналасу

**10. Қалалар мен мемлекеттерді сәйкестендіріңіз. Мұражайларды әр елдің тұсына жазыңыз.**

| | | |
|---|---|---|
| 1. Париж | А) Италия | ................................................................ |
| 2. Вашингтон | Ә) Италия | ................................................................ |
| 3. Флоренция | Б) Франция | ................................................................ |
| 4. Санкт-Петербор | В) Мысыр | ................................................................ |
| 5. Каир | Г) Ресей | ................................................................ |
| 6. Ватикан | Д) АҚШ | ................................................................ |

**11. Жаттығыңыз.**

**– .............................................. мұражайы қайда орналасқан?**

**– ................................. мұражайы Ресейде Мәскеу қаласында орналасқан.**

V БӨЛІМ

## ОҚЫЛЫМ

**1. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Сіз мұражайға баруды ұнатасыз ба?
2. Мұражайға өз қалауыңызбен барасыз ба немесе шақыртумен барасыз ба?
3. Мұражайға бару әуестікке жатады ма?
4. Жоғарыдағы аталған мұражайлар туралы не білесіз? Ол жерлерде болдыңыз ба?
5. Әлемнің тағы қандай мұражайларын білесіз?

**2. Оқыңыз.**

«Өткенді айтпай, болашақ жоқ» демекші, адамзаттың өткені мен өшкенін жаңғырту, тарихын ұлықтау, өскелең ұрпаққа таныстыру мақсатында ұйымдастырылатын мәдениет пен тарихтың негізгі орталарының бірі – мұражайлар.

# *Әлемнің үздік мұражайлары*

Лувр – қайталанбас өнер туындыларын тамашалау үшін халық ең көп жиналатын Францияның ұлттық мұражайы, яғни Еуропадағы ең тұңғыш мұражай болып табылады. Мұражай Сенаның оң жақ жағалауында, яғни Париждің орталығында орналасқан.

Луврдың негізі ғимараты XII ғасырда тұрғызылған Франция королі II Августтың қамалы болып табылады. Ал мұражайдың ашылуы Француз революциясы етек алған тұсқа, яғни 1793 жылмен тұспа-тұс келеді. Луврдың ең танымал құндылықтары ретінде – Леонардо да Винчидің Мона Лизасын, не болмаса көнегректік Венера Милосская мен Ника Самофракийская мүсіндерін атап өтуге болады.



Лувр



Ұлттық өнер галереясы

Бұл көркемөнер мұражайы Вашингтон қаласының Ұлттық саябағында орналасқан. Аталған галереяда әлемдегі ең үздік еуропалық және америкалық шеберлердің туындылары жинақталған. Мұнда сурет, графика, мүсін, акварель, фотосурет, фарфор және сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын жалықпастан тамашалауға болады.

Әлемнің ең таңдаулы әрі ең үлкен көркем сурет және мүсін мұражайы Флоренцияның Уффици алаңында орын тепкен. Мұражайдың суреттер топтамасы Джотто, Симона Мартини, Леонардо да Винчи, Рафаэлия, Микеланджело және Караваджо сынды әлем мойындаған тұлғалардың туындыларымен толықтырылған. Сондай-ақ, Дюрер, Рембрандт және Рубенс секілді неміс, голланд шеберлерінің жұмыстары қойылған.



Уффици мұражайы

Әлемдегі ең үлкен мұражайлардың кешені. Мұражайда 1400 зал бар және онда қойылған 50 000 затты көріп шығу үшін 7 шақырым жерді жүріп өту керек екен. Онда көне және қазіргі заманғы көркемөнер туындылары жинақталған.



Мысыр мұражайы



Мысыр мұражайы

Мысыр мұражайында көнемысыр өнерінің әлемдегі ең көлемді топтамасы жинақталған. Мұражай тарихы 1835 жылдан басталады. Ал мұражайдың классикалық стильдегі қазіргі ғимараты француз сәулетшісі Марсель Дюнонның жобасы бойынша 1900 жылы тұрғызылған. Мұражайда сонау Грек-Роман кезеңінен бергі өнер туындыларының 120000 үлгісі қойылған.

Эрмитаж – әлемнің ең үлкен мұражайларының бірі әрі бірегейі. Мұражайда әлем мәдениетінің үш миллионға жуық өнер туындылары мен ескерткіштері қойылған. Мұражай 1764 жылы құрылған. Негізін қалаушы II Екатерина болып саналады. Эрмитаж топтамасының құрамында: көркем сурет, мүсін және қолданбалы өнер бұйымдары, археологиялық ескерткіштер, нумизматикалық заттар, асыл тастар жетерлік.

http://massaget.kz/



Эрмитаж

**3. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Еуропада қандай мұражай тұңғыш рет ашылды? Ол қайда орналасқан?
2. Лувр мұражайының ашылуы қай оқиғамен тұспа-тұс келеді?
3. Луврдағы туындылардың ең құндысы қайсы?
4. Ұлттық өнер галереясының топтамасында қандай туындылар бар?
5. Уффици галереясында кімнің туындылары қойылған?
6. Әлемнің үш милионға жуық туындылары қай мұражайда жинақталған?
7. 1835 жылы ашылған қай мұражай және ол мұражайда қандай туындылар бар?
8. Аумағы 7 шақырым болатын мұражай қай мұражай және ондағы залдар мен туындылар саны қанша?

**4. Ақпараттарды анықтаңыз. Ақпарат бар болса «+», жоқ болса «–» белгісін қойыңыз.**

| | Лувр | Ұлттық өнер галереясы | Уффици галереясы | Эрмитаж | Мысыр мұражайы |
|---|---|---|---|---|---|
| Орналасқан елі | | | | | |
| Құрылған жылы | | | | | |
| Туындылар саны | | | | | |
| Атақты тұлғалар | | | | | |
| Залдар саны | | | | | |
| Тарихы | | | | | |
| Негізін салған адам | | | | | |
| Асыл тас, фарфор | | | | | |
| Ескерткіш, мүсін | | | | | |
| Қолданбалы өнер бұйымдары | | | | | |
| Фотосуреттер | | | | | |
| Көркем суреттер | | | | | |

# ГРАММАТИКА

**1. Ережемен танысыңыз.**

| Талғаулы салалас құрмалас сөйлем | 296 - бет. |
|---|---|

*Не Ұлттық өнер галереясына, не болмаса қалалық мұражайға барамыз.*
*Әлде Алматыда, әлде Астанада нақты қай қалада екенін білмеймін.*

**2. Сәйкестендіріңіз.**

| | |
|---|---|
| 1. Ол ұшақпен ертең келеді | А) әлде ол жақта таныстарыңыз бар ма? |
| 2. Ауа райының қолайсыздығынан ұшақ Алматы әуежайына қонады | Ә) немесе Астана әуежайына қонады. |
| 3. Менің ертең Өскеменде болуым керек. Сол себепті не бүгін пойызбен кетемін | Б) я болмаса келесі апта келуі мүмкін. |
| 4. Асқар Жұманұлысізді біреу қарсы ала ма | В) не болмаса ертең ұшақпен ұшуға тура келеді. |

**3. Сөйлемдердегі сөздерді орын тәртібіне сәйкес орналастырыңыз.**

1. Ертең/не/іссапарға/барамын/жиналысқа/қатысамын/не.

..........................................................................................................................

2. әлде/Мұражай/Райымбек даңғылында/орналасқан/Сәтбаев көшесі .

..........................................................................................................................

3. Біз/театрға/барамыз/не/киноға/не.

..........................................................................................................................

**4. Қалай ойлайсыз?**

Үлгі: №1. *Полиция не оны жібереді, не болмаса айыппұл салады.*

1

2

3

4

5


**5. Топтық жұмыс.**
1. А тобы бір ой айтады.
2. Ә тобы ол ойды жалғастырады.
**Үлгі:**

| А тобы | Ә тобы |
|---|---|
| **1. Ертең жаңбыр жауады,** | **немесе күн ашық болады.** |
| **2.** ........................................................ | ........................................................ |
| **3.** ........................................................ | ........................................................ |
| **4.** ........................................................ | ........................................................ |
| **5.** ........................................................ | ........................................................ |
| **6.** ........................................................ | ........................................................ |
| **7.** ........................................................ | ........................................................ |

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

**1. Жаттығыңыз.**

а) Сіз бастығыңызбен немесе өзіңізден жасы үлкен және еңбек өтілі көп әріптесіңізбен жұмысқа қатысты бір мәселе туралы сөйлесуіңіз керек. Сөйлесуді қалай бастайсыз?

..............................................................................................................................
..............................................................................................................................

ә) Сізге жұмыстан бірер сағатқа кету керек болып тұр. Бастығыңыздан қалай сұранасыз?

..............................................................................................................................
..............................................................................................................................

б) Сіз бастықсыз. Жұмыс бөлмеңізде жеке отырып бір жұмысты аяқтауыңыз керек. Еш-кімнің мазаламағанын қалайсыз. Хатшыңызға қалай бұйрық берер едіңіз?

..............................................................................................................................
..............................................................................................................................

**2. Оқыңыз.**

*Хабарландыру!*

Құрметті келушілер! Орталық мұражай 2012 жылғы 15 тамыздан 15 желтоқсанға дейін жөндеу жұмыстарына байланысты уақытша жабылатынын хабарлаймыз.

***Мұражай әкімшілігі***

## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Жауап беріңіз.**

### Сіз қалай ойлайсыз?

*су астында*
*орманда*
*тау ішінде*
*жер астында*

**мұражай болуы мүмкін бе?**



**Үлгі:** Әрине, мүмкін, себебі ..........................................................................
Мүмкін емес, себебі ..........................................................................

**2. Пікір білдіріңіз.**

### Сіз келісесіз бе?

1. Мұражай адамға эстетикалық тәрбие береді
2. Мұражайға барсаң демалып қаласың
3. Өткен тарихыңды біліп, мақтаныш сезім пайда болады
4. Мұражай туристерді тартудың бір жолы
5. Танымдық ақпараттар аласың
6. Жаңа мәдениетпен танысасың

**Үлгі:** Иә, келісемін, себебі ..........................................................................
Жоқ, келіспеймін себебі ..........................................................................

**3. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.** №19



1. Мәтіннің тақырыбы қандай?
2. Мұражай қай мемлекетте орналасқан?
3. Ол қай жылы ашылған?
4. Неше ескерткіш бар?
5. Экспозициялар неше метр тереңдікте жатыр?
6. Оны қалай тамашалауға болады?
7. Мұражай қандай мақсатта салынған?
8. Онда қандай топтамалар бар?

**4. Мәтінді қайта тыңдаңыз. Дұрыс жауапты таңдаңыз.**

1. "Канкун" атты демалыс орталығында су ............... мұражайы бар.
**а) асты ә) үсті б) жаны в) маңы**

2. Мұражай ................. саласында яғни әлемдегі ең ірі құрылыстардың бірі.
**а) көркем фильм ә) көркем өнер б) көркем сурет в) көркем кітап**

3. Мүсіндердің әрқайсысы су астында ................. көрінуі үшін арнайы материалдардан жасалған.
**а) дәл ә) жақсы б) анық в) тұнық**

4. Суға түспей-ақ су астындағы .......................... баға бере аласыз.
**а) заманға ә) ғасырға б) тіршілікке в) өмірге**



**5. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.** №20

1. Кімге телефон соқты? ..........................................................
2. Мұражайға баруға келісті ме? ..........................................................
3. «Жастар нашақорлыққа қарсы» жарнаманың аты ма? ..........................................................
4. Мұражайда не өтеді? ..........................................................
5. Олар қайда кездеседі? ..........................................................
6. Көрме сағат нешеде басталады? ..........................................................

**6. Жауап беріңіз.**



## АЙТЫЛЫМ

**1. Топтық жұмыс. Төмендегі ойларды топ болып талқылаңыздар.**

### *Мұражай*

***1***
*– тек үлкен адамдарға арналған орын*

***4***
*Мұражайға бару – қолы бос адамдардың жұмысы*

***3***
*– ел тарихының қазынасы*

***2***
*Қазіргі жастар мұражайға жиі барады*

***5***
*– адамға тыныштық сыйлайтын орын*

**Үлгі:** Бірінші оймен келісемін, себебі.................................................................
Екінші оймен келіспейпін, өйткені....................................................................

## ЖАЗЫЛЫМ

**1. Еліміздегі мұражайларды әлемнің үздік мұражайлары сияқты атақты ету үшін қандай жұмыстар жүргізер едіңіз. Кем дегенде 10 іс-шара жазыңыз және оны атқару жолдарын көрсетіңіз.**

| | Іс-шара атауы | Іске асыру жолдары |
| --- | --- | --- |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

# МҰРАЖАЙ: ТАРИХ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ

*-и, -дай/дей-тай/тей...* жұрнақтары

## 2- САБАҚ





**1. 309 - *беттегі сөздермен танысыңыз.***

**2. Өткен грамматиканы еске түсіріңіз. Баяндауыштарды ырықсыз етіс формасында жазыңыз.**

***Үлгі:*** *берді - берілді*

1. Мұражай көрмесіндегі экспонаттарды жаңғыртты.

..........................................................................................................................................

2. Ұлттық мұражайға әлемнің атақты туындыларын орналастырды.

..........................................................................................................................................

3. Бүгінгі жиналысты ерте бастадық.

..........................................................................................................................................

4. «Францияның маржандары» көрмесін көрермендерге таныстырды.

..........................................................................................................................................

5. Қала әкімі жас суретшілер мұражайының түсаукесерін ашты.

..........................................................................................................................................

6. Ол жұмысқа келгелі бері біраз жұмыстарды атқарды.

..........................................................................................................................................

**3. Тиісті форманы таңдаңыз.**

1. Ол сабаққа кешікпеуі үшін ерте тұрып .......................................

а) жуынды ә) жуылды б) жуғызылды в) жуғызысты

2. Олар студенттерге қала тарихы туралы ақпараттар .......................................

а) жинады ә) жинатқызды б) жиналды в) жинау

3. Арман сабақтан келген соң әкесіне .......................................

а) көмектесу ә) көмектескізді б) көмектес в) көмектесті

4. Қаладағы ең биік ғимарат 1985 жылы .......................................

а) тұрғызылған ә) тұрғызылысты б) тұрғызды в) тұрғызу

5. Мемлекеттік қызметшілер барлық ақпаратпен қамтамасыз ..............................

а) ет ә) етілді б) етісті в) етілу

V БӨЛІМ

### 4. Сөйлемдегі асты сызылған сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын табыңыз.

1. Бұл көрме бұрынғы өнер бағытының <u>жаңадан қалыптасқан</u> үлгісі.

а) жаңарған ә) ескірген б) өзгерген в) дайындалған

2. Қазақстанда ХХ ғасырда көптеген тарихи-мәдени мұражайлар <u>ашылды</u>.

а) жабылды ә) құрылды б) тоқтатылды в) қосылды

3. Орталық кеңседе болатын <u>жиналыс</u> келесі аптада өтетін болды.

а) қала ә) мекеме б) отырыс в) мұрағат

4. М. Әуезовтің «Абай жолы» романының <u>қазақ тіліндегі нұсқасын</u> оқу керек.

а) түпнұсқа ә) қалыптасу б) орын в) аспап

5. Әрбір адамның бір іске деген <u>икемі</u> бала кезінен байқалады.

а) пайдасы ә) жазуы б) қабілеті в) баспа құралдары

### 5. Сөйлем мағынасына сәйкес сөздерді табыңыз.

| | |
|---|---|
| **баспа** | 1. Белгілі бір істі жүзеге асыру үшін ел президенті немесе министрі, мекеме басшысы шығаратын құжат түрі ........................ |
| **саз аспап** | 2. Мұражайлар қорында сақталатын заттарды қалай атаймыз? |
| **пікірталас** | 3. Санамалап заттарды «дана» дейміз немесе .................... |
| **бірлік** | 4. Екі түрлі топ бір мәселені немесе бірнеше мәселені талқылайтын отырыс ............................. |
| **жарлық** | 5. Кітап, журнал, газет басып шығаратын мекеме ............................................. |
| **сақтам** | 6. Музыкалық құралдарды қазақша .............................. дейді. |

### 6. Сұрақтарға жауап беріңіз. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз.

1. Шет тілінде еркін сөйлеу үшін қанша сөздік <u>*қор*</u> қажет деп ойлайсыз?

2. Сіз мейрамханадан <u>*кешенді*</u> түскі ас ішесіз бе, әлде жеке тағамға тапсырыс бересіз бе?

3. <u>*Ғылыми-зерттеу*</u> жұмыстарымен кімдер айналысады?

4. Сіз <u>*дәстүрлі емес*</u> медицинаға сенесіз бе?

5. <u>*«Елбасы»*</u> сөзінің қандай баламасы бар?

6. Қазақстанның әлемдік қоғамдастықта <u>*мәртебесі*</u> қандай деп ойлайсыз?

7. Әлемдік жылыну <u>*аймақтық*</u> мәселе ме, әлде <u>*жаһандық*</u> мәселе ме?

8. <u>*Бәсекеге қабілетті болу*</u> үшін мемлекет қандай болу керек?

9. Сіз, әдетте, дастарқаныңызға қандай <u>*сыйлық тарту етесіз*</u>?

10. Тарихтағы қандай <u>*тас жазуларды*</u> білесіз?

**7. Оқыңыз.**

**көз тартар көрікті орын** – *өте әдемі, сұлу жер*
**бармақтай** – *өте кішкентай*
**әлемге әйгілі** – *атақты, танымал*
**тәнті қылу** – *риза қылу*

**8. Қалай ойлайсыз, адамдар мұражайға не үшін барады? бірнеше жауапты таңдап, не себепті таңдағаныңызды дәлелдеңіз.**

Ал, сіз барасыз ба? Не үшін барасыз?

| | |
|---|---|
| ақпараттар жинау үшін | мәдениетпен танысу үшін |

| | | |
|---|---|---|
| уақыт өткізу үшін | демалу үшін | ақша жұмсау үшін |
| өнермен танысу үшін | тарихты білу үшін | қызық үшін |

**9. Сіз қай мұражайға барар едіңіз? Себебін түсіндіріңіз.**





*Кітап мұражайы* | *Музыка аспаптар мұражайы* | *Теміржол мұражайы*

*Көркемсурет мұражайы* | *Президент мұражайы*

**10. Ескертулермен танысыңыз. Сіз келісесіз бе? Егер келіспесеңіз, неге?**

***МҰРАЖАЙҒА КЕЛУШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА:***

- *Мұражайға сырт киіммен кіруге;*
- *Темекі тартуға, ішімдік ішіп келуге, қатты дауыстан сөйлеуге;*
- *Мұражай экспонаттарын бейнекамераға, фотосуретке түсіруге;*
- *Қолындағы заттары мен сөмкелерін алып кіруге*

**ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**

*Мұражай әкімшілігі*

## ОҚЫЛЫМ

**1. Жауап беріңіз.**

1. Сіз Қазақстанның қандай мұражайларын білесіз?
2. Қай мұражайда болдыңыз? Ол қай қалада?

**2. Оқыңыз.**



Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мұражайы – Қазақстанның жаңарған тарихының мұражайы. Ол Президенттің 2004 жылғы 28 тамыздағы Жарлығымен құрылды. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мұражайы қорында 121 089 сақтам бірлік бар.

1

Соның ішінде Мемлекет Басшысының жеке кітапханасының қоры 15 575 дана кітап пен баспа басылымдарынан, Мемлекет басшысының жеке мұрағатының қоры 98 042 сақтам бірлігінен тұрады. Мұражай қорын 7 616 сақтам бірлік құрайды. Мұражай кешенді ғылыми-зерттеу, ғылыми-білім беру және мәдени орталық ретінде түрлі республикалық және халықаралық көрмелер, кездесулер, дәріс-экскурсиялар, дәстүрлі емес кездесулер, пікірталас клубтарының отырыстарын үнемі өткізіп тұрады. Сондай-ақ, мұражайда мәдени және тарихи тәрбиелік тақырыпта республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар өткізіліп отырады.

Бүгінде Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті мұражайы ел астанасындағы көз тартар көрікті орындардың біріне айналды. Мұнда шетелден келген туристерде келіп тұрады.

*www.prezidentsmuseum.kz*

### МҰРАЖАЙҒА КЕЛІҢІЗДЕР!

10 адамнан жоғары топтар үшін жалпы және тақырыптық экскурсиялар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Сұраныстар алдын-ала қабылданады. Экскурсиялар төмендегі және тағы басқада экспозициялар бойынша жүргізіліп отырады:

«Атамекен»,

«Тәуелсіз Қазақстан» (1985-1991 жж.),

«Н.Ә. Назарбаевтың еңбек жолы»,

«Елбасы мәртебесі – ел мәртебесі»,

«Қазақстан және әлемдік қоғамдастық»,

«Қарулар коллекциясы»,

«Табыс стратегиясы»,

«Н.Ә. Назарбаев еңбегінің қоғамға танылуы».

«Н.Ә. Назарбаевтың ұлттық, аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі»,

«Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы»,

«Қазақстан Республикасы Президентіне тарту етілген сыйлықтар».

### 3. Сөздердің синонимін табыңыз.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1) Елбасы | 2) алғашқы | 3) дана | 4) құрайды | 5) жианалыс |
| ............................... | ............................... | ............................... | ............................... | ............................... |
| 6) ылғи | 7) қазіргі күні | 8) елорда | 9) сабақ | 10) әдемі орын |
| ............................... | ............................... | ............................... | ............................... | ............................... |
| 11) тапсырыс | 12) туған жер | 13) әлеумет | 14) ену | 15) жұмыс |
| ............................... | ............................... | ............................... | ............................... | ............................... |

### 3. Төмендегі экспозицияларда қандай экспонаттар бар деп ойласыз. Жазып шығыңыз.

| | |
|---|---|
| 1. «Елбасы мәртебесі – ел мәртебесі» | 3. «Н.Ә. Назарбаевтың еңбек жолы» |
| 2. «Қазақстан және әлемдік қоғамдастық» | 4. «Қазақстан Республикасы Президентіне тарту етілген сыйлықтар» |

| | |
|---|---|
| 1. ............................................................... | 3. ............................................................... |
| .................................................................... | .................................................................... |
| .................................................................... | .................................................................... |
| .................................................................... | .................................................................... |
| 2. ............................................................... | 4. ............................................................... |
| .................................................................... | .................................................................... |
| .................................................................... | .................................................................... |
| .................................................................... | .................................................................... |

### 4. Оқыңыз.

*Сіз білесіз бе?*



**Республикалық кітап мұражайы**

Мұражай қоры тас жазулары, алғашқы баспа құралдары, атақты жазушылардың түпнұсқа кітаптарынан тұрады. Сирек кездесетін кітаптардың ішінде алақанға сыйып кететін, бармақтай, көлемі 2–3 см болатын кітап пен сегіз қырлы құран да бар. Аты әлемге әйгілі бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби, Қорқыт атаның мәдени еңбектері қойылған.

### Республикалық музыка аспаптар мұражайы

Мұражайда қазақ халқының барлық дерлік ұлттық-тарихи аспаптардай аспаптар мен Абай, Жамбыл, Құрманғазы, Дина сынды атақты тұлғалардың домбыралары бар. Мұражай тұтастай ағаштан жасалған, ішкі бөлмелеріндегі қазақтың ою өрнектері мұражайға келушілерді тәнті қылады. Мұражайға келіп тұрыңыздар.






### Дінмұхамед Қонаев мұражайы

Мұражайда Д.Қонаевтай қоғам қайраткерінің жеке заттары, карулары, сыйлықтары сынды құнды дүниелер жинастырылған. Ол жерден Д.Қонаевтың отбасылық шежіресі және Қазақстанның қалыптасуындағы маңызды оқиғалар туралы ақпараттарды таба аласыз.

### Теміржол көлігінің орталық мұражайы

Бұл мұражай тек теміржолшыларға ғана емес, әрбір адамға де өте қызықты. Мұражай Қазақстандағы алғашқы теміржолының салынуына атсалысқан қоғам қайраткерлері жайлы, алғашқы стансалардың келбеті, атақты теміржолшылар жайында баяндайды.



*www.massaget.kz*

**6. Сөз тіркесін жасаңыз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1) тас | а) кітап | 7) тәнті | е) шежіре |
| 2) түпнұсқа | ә) әйгілі | 8) құнды | ж) қылды |
| 3) әлемге | б) құралдары | 9) қоғам | з) баяндайды |
| 4) ағаштан | в) қазақи | 10) отбасылық | и) қайраткерлері |
| 5) ою-өрнек | г) жасалған | 11) өте | к) қызық |
| 6) баспа | д) жазулар | 12) жайында | қ) дүние |

**7. Кестені толтырыңыз.**

| | Экспонаттар | Мұражай ерекшелігі |
|---|---|---|
| **Республикалық кітап мұражайы** | ............................................<br>............................................<br>............................................<br>............................................ | ............................................<br>............................................<br>............................................<br>............................................ |
| **Республикалық музыка аспаптар мұражайы** | ............................................<br>............................................<br>............................................<br>............................................ | ............................................<br>............................................<br>............................................<br>............................................ |
| **Дінмұхамед Қонаев мұражайы** | ............................................<br>............................................<br>............................................<br>............................................ | ............................................<br>............................................<br>............................................<br>............................................ |
| **Теміржол көлігінің орталық мұражайы** | ............................................<br>............................................<br>............................................<br>............................................ | ............................................<br>............................................<br>............................................<br>............................................ |

**8. Төмендегі тұлғалар туралы не білесіз? Ой бөлісіңіздер.**



**Абай Құнанбайұлы**



**Жамбыл Жабаев**



**Дінмұхамед Қонаев**

## ГРАММАТИКА

### 1. Ережемен танысыңыз.

*-и, -дай/-дей, -тай/-тей,...* жұрнақтары | **296** - бет.

«Мәдени мұра» бағдарламасы қазақ тарихындағы әйгілі тұлғалардың еңбектерін жинақтады. Дүниеде қазақ тіліндей бай тіл жоқ.

### 2. Дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

1. Мұражай қызметкерлері *ғылым/ғылыми*-зерттеу жұмыстарымен айналысады.
2. Абай Құнанбайұлындай/ Құнанбайұлы тұлға жайлы әрбір адам біледі.
3. Қазақ халқының өміріндегі *тарихы/тарихи* оқиғалардың хронологиясы жинақталды.
4. Қазіргі жастар *қазақы/қазақтың* дәстүрдің кейбір ерекшеліктерін зерттеуде.
5. Ж. Жабаевтың *әдеби/әдебиет* шығармалары Ұлы Отан соғысы кезінде танымал болды.
6. Қазіргі заманда *заманауи/заман* технологияны жан-жақты меңгеру керек.
7. Д. Қонаевтың *саясат/ саяси* көзқарастары жинақталған кітап жарыққа шықты.

### 3. Тиісті сөзді қойыңыз.

1. Республикалық кітап мұражайынан .................... кітапты көргенде таңқалдым.

а) бармақтай ә) бармақ б) бармақтау в) бар

2. Ол қуанғанда жас ...................... қуанады.

а) бала ә) баладай б) балалы в) балалар

3. Студенттердің бәрі .................... оқыса жақсы болар еді.

а) Әселдай ә) Әселдей б) Әселге в) Әселдің

4. Мен өмірімде ...................... әдемі қаланы көрген жоқпын.

а) Астанадай ә) Астана б) Астананы в) Астанамен

5. Тамақты ......................... ішу денсаулыққа зиян болуы мүмкін.

а) суық ә) суықтай б) суықтап в) суықшыл

6. Мен оның достарын сауық кешінен ........................... болдым.

а) көргендей ә) көрген б) көру в) көрсету

**4. Құрылыммен танысыңыз.**

| *-п, -ып, -іп тұрады/жатады/жүреді/отырады* | **297** - бет. |
|---|---|

Қаладағы мұражайларда жас суретшілер көрмесі үнемі ұйымдастырыл*ып* жатады.
Ол шетелге іссапарға жиі шығ*ып* тұрады.

**5. Сөйлемдерді өзгертіңіз.**

1. Бұл аймақта жауын жиі жауады.

   *Бұл аймақта жауын жиі жауып тұрады.*

2. Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік көркемсурет мұражайына үнемі барамын.

   ........................................................................................................................

3. Иә, ол біздің үйге апта сайын келеді.

   ........................................................................................................................

4. Менің әріптестерім ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысады.

   ........................................................................................................................

5. Менің досым қазір шет елде тұрады, бірақ ол Қазақстанға жиі келеді.

   ........................................................................................................................

6. Әлемде болып жатқан жаңалықтарды үнемі бақылаймын.

   ........................................................................................................................

**6. Етістіктерді ауыспалы өткен шақта беріңіз.**

| | |
|---|---|
| 1. Студентердің ғылыми-практикалық конференциялары жиі өткізіліп тұрады. | ................................ |
| 2. Жексенбі сайын анаммен телефон арқылы сөйлесіп тұрамын. | ................................ |
| 3. Мұражайға келушілерден сұраныстар жиі келіп жатады. | ................................ |
| 4. Ол жас ғалымдарға үнемі кеңес беріп отырады. | ................................ |
| 5. Ол табиғат құбылыстарын күн сайын бақылап жүреді. | ................................ |

**7. Сұраққа жауап беріңіз. Кемінде бес жауап. Тиісті шақты пайдаланыңыз.**

***Сіз үнемі/жиі не істейсіз?***

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ



**1. Оқыңыз.**

**АҚПАРАТТЫҚ ХАТ**

Халықаралық Бизнес Академиясы

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС АКАДЕМИЯСЫ

**Құрметті қаржыгерлер мен есепшілер!**

Сіздерді 2013 жылдың 23 қаңтарында «ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚСЫЗДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДАМУЫ» тақырыбындағы семинар-тренингке қатысуға шақырамыз.

Семинар-тренинг аясында төмендегідей секциялар жұмыс істейді:

1. Қаржылық тұрақсыздық жағдайындағы экономика секторы салаларын дамыту мәселелері.
2. Қаржы секторын басқаруды жетілдіру мәселелері.
3. Біртұтас экономикалық кеңістіктегі ықпалдастық (интеграция) құралдары.

**Жұмыс тілдері** – қазақ, орыс, ағылшын.
**Семинар өтетін мекенжай:** Алматы қаласы, Розыбакиев көшесі, 227.
Тапсырыс 31-25-00 телефоны арқылы немесе 2012_10@gmail.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

**2. Жаттығыңыз. Семинар-тренингке қатысу тапсырысын толтырыңыз.**

| | |
|---|---|
| **Қатысушының аты-жөні:** | ........................................................................................................ |
| **Облыс, қала:** | ........................................................................................................ |
| **Секция атауы:** | ........................................................................................................ |
| **Жұмыс орны:** | ........................................................................................................ |
| **Қызметі:** | ........................................................................................................ |
| **Байланыс телефоны:** | ........................................................................................................ |
| **Электронды поштасы:** | ........................................................................................................ |

## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Пікір білдіріңіз.**

**Президенттерге берілген сыйлықтар не себепті мұражайларда сақталады деп ойлайсыз?**

**2. Топтық жұмыс.**

Әр топ өз мұражайын ашады. Сол мұражай туралы төмендегідей ақпарат береді.
1. Мұражай залдары
2. Мұражайдағы ескерткіштер, суреттер, жәдігерлер туралы

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ

**3. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.** №21

1. Экспозиция қалай аталады?
2. Экспозиция қай жылдарды қамтып отыр?
3. «Тәуелсіз Қазақстан» экспозициясы қандай процесті көрсетуге арналған?
4. Залда қандай экспонаттар қойылған?
5. Экспонаттар қандай кезеңді баяндайды?
6. Келушілер немен танысуға мүмкіндік алады?
7. Экспозиция кімнің қандай тарихи рөлін ашып көрсетеді?

**4. Тыңдаңыз. Дұрыс нұсқасын таңдаңыз.** №22

*1. Іскери кездесулер қай залда болған?*
А) Қола зал
Ә) Алтын зал
Б) Күмбезді зал
В) Шаңырақ зал

*2. Елбасына тарту етілген сыйлықтар*
А) кескіндеме, алтын
Ә) мүсін, кескіндеме
Б) күміс, кескіндеме
В) кескіндеме, ескерткіш

*3. Сыйлық алмасу қай кезеңнен келе жатқан дәстүр?*
А) ежелгі кезеңнен
Ә) қазіргі кезден
Б) кешегі күннен
В) бүгінгі күннен

*4. Сыйлық беру – ненің кепілі?*
А) ізгілік пен сенімнің
Ә) достық пен сенімнің
Б) ізгі ниет пен достықтың
В) махаббат пен ізгі ниеттің

*5. Сыйлықтардың саны неше?*
А) жеті мың
Ә) жеті мыңдай
Б) жеті мыңнан асады
В) жеті мыңға жетпейді

*6. Сыйлықтар неше мемлекетте дайындалған?*
А) елу
Ә) елуден астам
Б) жетпіске жуық
В) алпыстан астам

*7. Сыйлық алмасу қандай актіні білдіріп келеді?*
А) құрмет актісін
Ә) сыйлау актісін
Б) ізеттілік актісін
В) кішіпейілділік актісін

*8. Сыйлықтар кімге тарту етілген?*
А) Басшыға
Ә) Министрге
Б) мемлекетке
В) Президентке

**5. Пікір білдіріңіз.**

**ЕКІ ЕЛДІҢ ПРЕЗИДЕТТЕРІ АРАСЫНДАҒЫ СЫЙЛЫҚ АЛМАСУ ДӘСТҮРІНІҢ МАҢЫЗЫ НЕДЕ ДЕП ОЙЛАЙСЫЗ?**

## АЙТЫЛЫМ

**Сіз туристік фирма ашқыңыз келеді. Фирмаңыз түрлі туристік бағытта жұмыс істегенін қалайсыз. Соның ішінде мәдени-танымдық туризм.**

А) Ол үшін сіз мұражай қызметкерінен ақыл-кеңес сұрауыңыз керек.
Фирма ашқысы келетін адам мен мұражай қызметкері арасында диалог құрыңыз.

Ә) Рөл ауыстырыңыздар.

## ЖАЗЫЛЫМ

**Ұлтық мұражайда төмендегі көрме болады. Сол көрмеге баруды ұйымдастыру сізге тапсырылды. Мұражайға хат жазып , төмендегі ақпараттарды анықтаңыз.**

1. Жұмыс уақыты
2. Кіру ақысы (жеке адам үшін және топ үшін)
3. Қазақ тілінде эксскурсовод алу (төлемақысы)
4. Экспонаттар туралы қысқаша ақпарат



# VI БӨЛІМ



**1-**САБАҚ — Төл сөз бен төлеу сөз
- *Хат жазып үйреніңіз*

**2-**САБАҚ — Сөйлемнің бірыңғай мүшелері
- *Газетке жазылыңыз!*



# 1 - САБАҚ

## «ШАПШАҢЫРАҚ, БИІГІРЕК, КҮШТІРЕК!» – ОЛИМПИАДА ҰРАНЫ

### Төл сөз бен төлеу сөз

**1. 310 - *беттегі сөздермен танысыңыз.***

**2. Жұптық жұмыс. Өзара сұхбаттасыңыздар.**

1. Әлемдегі ең атақты қай мұражай деп ойлайсыз?
2. Мұражайға кіру тегін болу керек пе, әлде тегін бе?
3. Ең бірінші барған мұражайыңыз есіңіз де ме?
4. Соңғы рет қашан мұражайға бардыңыз? Қай мұражайға?
5. Мемлекет үшін мұражайдың маңызы қандай деп ойлайсыз?
6. Оқушыларға мұражайға бару пайдалы ма? Неге?
7. Мұражайда қандай көрмеге барғыңыз келеді?

**3. Төменде көрсетілген спорт түрлерін атаңыз. Олардың қайсысы Олимпиада Ойындарына енгізілген?**



Семсерлесу



..................................



..................................



..................................



..................................



..................................



..................................



..................................



..................................



..................................



..................................



..................................



..................................



..................................




**4. Талғаулы салалас сөйлем құраңыз.**

| | | |
|---|---|---|
| театр/ кино | бару | 1. *Демалыс күні не театрға барамыз, не киноға барамыз.* |
| қазақша/ орысша | кітап оқу | 2. .................................................................................................... |
| ертең/ бүгін | келу | 3. .................................................................................................... |
| сүт/ айран | сатып алу | 4. .................................................................................................... |
| кафе/ мейрам-хана | тапсырыс беру | 5. .................................................................................................... |
| ұшақ/ пойыз | билет алу | 6. .................................................................................................... |

VI БӨЛІМ

**5. Оқыңыз. Есте сақтаңыз.**

**аяққа нық тұру** – *әл-ауқатын жақсарту, қиындықтардан кейін адамның өз-өзіне келуі*
**қош айтысу** – *белгілі бір істен кету, қоштасу*
**табиғатына сай келмеу** – *ұқсамау, бір нәрсенің адамға жат болуы*
**бел буу** – *бір істі жасауға нақты шешім қабылдау*
**топ жару –** *жарыста бірінші келу, жеңу, бірінші болу*
**тұғырдан тайдыру** – *жұмыс орнынан алып тастау, атақтан айыру*
**қарап отырмау** – *болып жатқан жағдайға көнбей, өз бетінше әрекет ету*
**қара үзіп кету** – *жарыстарда қарсыластарды артқа тастау*
**тер төгу** – *көп еңбектену*
**екінші орынға табан тіреді** – *екінші орын алу*

**6. Көп нүктенің орнына сәйкес нұсқасын қойыңыз.**

| | |
|---|---|
| бағындырды<br>~~леп~~<br>шамам<br>бәйгеден<br>абырой<br>есептеймін<br>жаттығу<br>күш<br>жанкүйерлер<br>тағатсыздана | 1. Ерекше дауыспен айтылатын сөйлемнен кейін ...*леп*.... белгісі қойылады.<br>2. .................. болғанда, олар жарысқа уақытында келді.<br>3. Олар бұл ойды қолдайды деп ..................................<br>4. Қазақстандық спортшылар олимпиада шыңын .........................<br>5. Бұл жұмысты аяқтауға менің ..................... жетпейді-ау деймін.<br>6. ................ бірінші келген спортшылар сұхбат берді.<br>7. ...................... стадионға жарты сағат бұрын жиналды.<br>8. Жарыстың қорытындысын ..................... күтіп отырмыз.<br>9. Жеңіске жету үшін бар ............-жігерді салу керек.<br>10. ................. арнайы жасалған тәртіппен өтіп жатыр. |

**7. Тиісті сөзді қойыңыз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| аяғынан нық тұрып | қош айтысады | топ жарып | бел буды |
| тұғырдан тайдырғысы | табиғатына сай келмейді | қара үзіп | |
| тер төгу | табан тіреді | қарап отырмады | |

1. Самат жарыста жарақат алды, алайда ол күшті адам болғандықтан тез ............................ ............................ ........................ кетті.
2. Допинг қолданған спортшы спортпен ............................ ..........................
3. Самал бұл үйірмеге барғысы келмейді. Себебі ол оның ....................... .......................................... ............................

VI БӨЛІМ

4. Ол өз жұмысын, тұратын жерін ауыстыруға ............................ ................
5. Асқар осы жарыста .......................... ....................... бірінші болып келді.
6. Ол босқа ................................. ............................ келмеді, сондықтан өз бетінше жарысқа дайындала бастады.
7. Кешегі жарыста Азамат қарсыластарынан .................... ......................... бірінші болып келді.
8. Оның бәсекелестері оны ....................................... .............................. келді, алайда ол бәрін жеңіп шықты.
9. Жеңіске жету үшін көп еңбектену, ............................ ................... керек.
10. Бүгінгі жарыста Сырым екінші орынға ...................... ........................

**8. Топтық жұмыс. Сөздерді екінші топқа жасырыңыздар.**

| А тобының сөздері | Ә тобының сөздері |
|---|---|
| аяққа нық тұру | қош айтысу |
| табиғатына сай келмеу | бел буу |
| топ жару | тұғырдан тайдыру |
| қарап отырмау | қара үзіп кету |
| тер төгу | орынға табан тіреу |

**9. Берілген сөздерден сөз тіркесін жасап, сөйлем құраңыз.**

| | | |
|---|---|---|
| 1) Жарыс кезінде оқыс қимылдан жарақат алды | 1. жарақат | А) аяқтау |
| 2. ........................................................................................ | 2. мансап | Ә) болу |
| 3. ........................................................................................ | 3. топтық | Б) алу |
| 4. ........................................................................................ | 4. спорт | В) қуу |
| 5. ........................................................................................ | 5. сәтті | Г) жарыс |
| 6. ........................................................................................ | 6. көшбасшы | Ғ) ардагері |
| 7. ........................................................................................ | 7. жарысқа | Д) мақсат |
| 8. ........................................................................................ | 8. аталмыш | Е) қатысу |
| 9. ........................................................................................ | 9. сыйға | Ж) тарту |
| 10. ...................................................................................... | 10. көздеген | З) оқиға |

VI БӨЛІМ

**10. Пікір білдіріңіз.**




**11. Спортшылардың есімін тиісті торкөзге орналастырыңыз.**

| | | |
|---|---|---|
| Бақыт Сәрсекбаев | Бекзат Саттарханов | Василий Жиров |
| Ермахан Ыбрайымов | Александр Винокуров | Зульфия Чиншанло |
| Илья Ильин | Майя Манеза | Ольга Шишигина |
| Ольга Рыпакова | Серік Сәпиев | Юрий Мельниченко |
| Светлана Подобедова | Бақтияр Артаев | Ақжүрек Таңатаров |
| Ирина Некрасова | Асхат Жіткеев | Александр Парыгин |
| Ниджат Рахимов | Дмитрий Баландин | Данияр Елеусинов |
| Жазира Жаппарқұл | Дариға Шакимова | |

| № | Қала | Алтын | Күміс | Қола |
|---|---|---|---|---|
| I | Атланта | | | |
| II | Сидней | | | |
| III | Афина | | | |
| IV | Бейжің | | | |
| V | Лондон | | | |
| VI | Рио-де-Жанейро | | | |

VI БӨЛІМ

## 12. Сіз білесіз бе?



Бүгінде біз тамашалап жүрген заманауи Олимпиада ойындарын алғаш ойлап тапқан **Пьер де Кубертен** 1912 жылы аталған сақиналарды да танымбелгі ретінде ұсынған екен. Бес дөңгелек **дүниенің бес бөлігін білдіреді**: *Америка, Еуропа, Азия, Африка және Мұхиттар*. Солтүстік және Оңтүстік Америка бір құрлық ретінде қаралса, Антрактида ол кезеңде назарда болмаған көрінеді. Олимпиадалық бес сақина 1914 жылы **заңды түрде** қабылданып, 1920 жылы **Бельгиядағы** Олимпиадада сынға түсті.

*www.massaget.kz*

## 13. Қалай ойлайсыз Олимпиаданың ұраны қайсы?

**А) «Шапшаңырақ, биігірек, күштірек!»**

**Ә) «Ақылдырақ, мықтырақ, жылдамырақ!»**

**Б) «Күштірек, әлсіздеу, батылырақ!»**

**В) «Биігірек, мықтырақ, күштірек!»**



## 13. Олимпиада сақиналарының түсін жазыңыз.

1) .........................................

2) .........................................

3) .........................................

4) .........................................

5) .........................................

## 14. Сөз тіркесін жасаңыз.

| | |
|---|---|
| 1) су | а) атлетика |
| 2) жеңіл | ә) ату |
| 3) ат | б) жүзу |
| 4) садақ | в) атлетика |
| 5) қашықтыққа | г) жарысы |
| 6) ауыр | д) добы |
| 7) суға | е) секіру |
| 8) синхронды | ж) секіру |

## 15. Олимпиада ойындарының он бір түрін табыңыз.

көгалдағы доп, қазақша күрес, үстел теннисі, жүгіру, грек-рим күресі, теңге алу, асық, қазіргі бессайыс, қыз қуу, серіппе көтеру, бокс, көкпар, семсерлесу, нысана көздеу, бәйге, жағажай волейболы, тоғызқұмалақ, желкенді спорт, қазақша күрес, бестас, ақсүйек, аударыспақ






## 16. Сұрақтарға жауап беріңіз.



Бұл кім?

Оның спорттық жетістігі туралы не білесіз?

Оның отбасы туралы білесіз бе?

Оның жеке қасиеттері қандай?

## 17. Топтық жұмыс.

1. 5 спортшының атын жазыңыздар.
2. Екінші топқа жасырыңыздар.

**Үлгі:** Ол Лондон олимпиадасының жеңімпазы. Ол алтын медаль иегері. Ол депутат. Ол «Сбербанк» жарнамасын түскен. (Серік Сапиев)

## ОҚЫЛЫМ

**1. Жауап беріңіз.**

1. Сіз спорттық жарыстарды көресіз бе?
2. Қай спорттық жарыстарды тамашалайсыз?
3. Ең алғашқы «Тур де Франс» веложарысы қай жылы және қайда өткізілді?

1903 жылы, Франция 1910 жылы, Швеция 1905 жылы, Германия

4. «Тур де Франс» веложарысында А. Винокуров жеңіске жетті ме?

Ары қарай оқылым кетеді

**2. Оқыңыз.**

**1**

Өткен жылы «Тур де Франс»-та құлап, қатты жарақат алғанмын. Біреу «келесі жылы Олимпиада чемпионы атанасың» десе, балдақпен жүрген мен сенбеуші едім. Абырой болғанда, аяғыма нық тұрып, спорттық мансабымды «леп» белгісімен аяқтадым. Менен бұрын Лоран Жалабер сынды алыптар да спорттан кеткен. Ең бастысы, спортпен қош айтысар уақытты дұрыс таңдай білу қажет.



Ал спорттық мансапты Олимпиаданың алтын медалімен аяқтау тіптен әдемі деп есептеймін. Негізі спорттан былтыр кетпек ойым болған. Алайда жардан құлап, жыраға түстім. «Жоқ, спортпен бұлайша қоштасу табиғатыма сай келмейді» деп қайта тұрып, Олимпиаданы 40-қа таяған шағымда бағындырмақ болдым. Топтық жарыстың ардагері ретінде маған оңай болған жоқ, әрине. Бірақ шамам жетті. Бәйгені сәтті аяқтадым.

www.alaman.kz

**2**

Қазақстандық велошабандоз Александр Винокуров Лондонда көшбасшы атануына себеп болған велосипедін 50 мың долларға сататындығын айтты.

Винокуров Астанада өткен баспасөз конференциясында сөйлеген сөзінде: "Сұрғылт Лондонның фонында велосипед ашық әрі жарқын түсті. Маған жеңіс әкелген бұл велосипедті аукционға қоюға бел будым. Бастапқы баға – 50 мың доллар. Менің ойымша, Алматы мен Астанадағы достарым қызығушылық танытады. Сатылымнан түскен қаржы неғұрлым көп болған сайын балалар үйіне соғұрлым мол ақша аударамыз", – деді.

*http://massaget.kz*

VI БӨЛІМ

**3. Төменде берілген мағыналар мәтінде қандай тұрақты тіркеспен берілгенін табыңыз.**

| | |
|---|---|
| 1. Қиындықтардан кейін адамның өз-өзіне келуі | |
| 2. Белгілі бір істен кету, қоштасу | |
| 3. Ұқсамау, бір нәрсенің адамға жат болуы | |
| 4. Бір істі жасауға нақты шешім қабылдау | |

**4. Мәтінге сәйкес дұрыс ақпаратты белгілеңіз.**

| | Дұрыс | Дұрыс емес |
|---|---|---|
| 1. Ол «Тур де Франста» алтын медаль алды. | | |
| 2. «Келесі жылы Олимпиада чемпионы атанасың» десе сенемін. | | |
| 3. Ол спорттық мансабын «сұрақ» белгісімен аяқтады. | | |
| 4. Спортпен қоштасу уақытын дұрыс таңдау керек. | | |
| 5. Ол өз мансабын алтын медальмен аяқтады. | | |
| 6. Спорттан келесі жылы кетпек болды. | | |
| 7. Жарақат алғаннан кейін спорттан кетіп қалды. | | |
| 8. Олимпиаданы 50-ге таянған шағында бағындырмақ болды. | | |
| 9. Ол – топтық жарыстың жас мүшесі. | | |
| 10. Ол бәйгені сәтті аяқтады. | | |

**5. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. А. Винокуров өз велосипедін қандай сомаға бағалап отыр? ..........................................................................

2. Не себепті велосипедін сатуға бел буды деп ойлайсыз? ..........................................................................

3. Велосипедін сатып алуға кімдер қызығушылық танытуы мүмкін? ..........................................................................

4. Сатылымнан түскен қаржыны қайда жұмсамақ? ..........................................................................

5. Александрдың бұл әрекетін қалай бағалайсыз? ..........................................................................





VI БӨЛІМ

**6. Оқыңыз.**

## 1 Жоспары іске асты



**Жазира Жапарқұл** – Ауыр атлетикадан әлем чемпионатының екі дүркін күміс жүлдегері. Рио Олимпиадасының күміс жүлдегері 2010 жылы Сингапурде өткен жасөспірімдер арасындағы жазғы олимпиадада алтын медаль иеленді. 2012 жылы Гватемалада өткен жасөспірімдер арасындағы әлем біріншілігінде де чемпион атанды. 2013 жылы Мьянмадағы жастар арасындағы Азия чемпионатында күміс медаль алды. Хьюстондағы (АҚШ, 2015) әлем чемпионатында Жазира 256 килограмм нәтижемен күміс медаль иеленді. Халықаралық ауыр атлетика федерациясы (IWF) сайты Жазира Жаппарқұлды *«ауыр атлетикадан әлем чемпионатында жүлде алған алғашқы қазақ қызы»* деп жазды. Жазира ауыр атлетикамен айналысуды ерте жастан бастаған. Оны сегіз жасында алғаш рет ауыр атлетика залына алып келген - мектептегі дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болды. Жазираның өзі «ауыр атлетика – менің өмірім» дейді. Жазира Жаппарқұл 1993 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс ауданында дүниеге келген.

## 2 Жетінші алтын иегері!



**Серік Жұманғалиұлы Сәпиев** – боксшы, халықаралық спорт шебері, Қазақстанның бокс бойынша еңбек сіңірген спорт шебері, «Парасат» орденінің кавалері (2008 жыл), «Отан» орденінің иегері (2012), қазақстандық ең танымал боксшылардың бірі.

Жартылай орташа салмақ пен бірінші жартылай орташа салмақта әуесқой бокстан Олимпиада ойындарының чемпионы (2012), Баркер кубогының иегері (2012), әлемнің екі дүркін чемпионы (2005, 2007), күміс (2011) және қола (2009) медальдарының иегері, Бейжің және Лондон Олимпиадасында бокстан құрама команданың капитаны.

*http://kk.wikipedia.org*



– Мен Олимпиадаға дайынмын. Олимпиада ойындарына бұған дейін де қатысқанмын және оның не екендігін білемін. Өкінішке орай, мен Бейжінде жеңіліп қалдым. Енді тек жеңіс шыңынан көрінуге ұмтыламын. Лондон шаршы алаңында барымды саламын. Жеңіс үшін барамын, – дейді боксшы Серік Сәпиев.



Ақ түйенің қарны жарылған Лондон Олимпиадасындағы 7-алтынды қазақ боксының түлегі, былғары қолғаптың әлемдік серкесі Серік Сәпиев алды! Бұл қасиетті 7-алтын қазақтың қара баласының Олимпиададағы 1-алтыны! Тұманды Альбион астанасы Алаш спортшыларына Алтын сыйлады! Бұл спорттағы олимпиадалық 7 алтын – жетістіктер тарихындағы ең үздік көрсеткіш! **Жеңістеріңіз құтты болсын, қазақстандықтар!**

*http://www.qazaquni.kz*

**6. Мәтіндерден сөздердің баламасын табыңыз.**

| № 1 мәтін | | № 2 мәтін | |
|---|---|---|---|
| 1. бірінші | ................................ | 5.атақты | ................................ |
| 2. бала кезінен | ................................ | 6.тырысамын | ................................ |
| 3. ұстаз | ................................ | 7.елордасы | ................................ |
| 4. туған | ................................ | 8.бұрын да | ................................ |

**7. Жоғарыдағы мәтіндерден төмендегі сөздердің баламасын табыңыз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1) екі жылдай | ................................... | 5) бәрі | ................................... |
| 2) керек | ................................... | 6) әрқашан | ................................... |
| 3) тиянақты | ................................... | 7) сыйлаймын | ................................... |
| 4) атақты | ................................... | 8) осыған дейін | ................................... |

**8. Ақпараттарды мәтін мазмұнына сәйкестендіріп, дұрыс нұсқада жазыңыз.**

1. Жазира Ауыр атлетикаға тым кеш келді.

.............................................................................................................................................

2. Халықаралық ауыр атлетика федерациясы «Жазира *жүлде алған екінші қазақ қызы»* деп жазды.

................................................................................................................................................................... .

3. Серік Сәпиев 2010 және 2011 жылдары әлемнің екі дүркін чемпионы болды.

................................................................................................................................................................... .

4. Бейжіңдегі олимпиада ойындарында Серік жеңіске жетті.

................................................................................................................................................................... .

5. Серік Сәпиев Қазақстан қоржынына бесінші алтынды салды.

................................................................................................................................................................... .

**9. Жауап беріңіз.**

Төмендегі сандар мәтіндерде қандай ақпаратпен байланысты?

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **2012** | | | **2008** | **8** |
| | | **2013** | | |
| **2005** | **1993** | | **2015** | **1** |
| | | **7** | | |

**10. Мәтіндердегі ақпараттарды пайдалана отырып төмендегі кестені толтырыңыз.**

| | Жеңістері мен атақтары | Жеңіске жеткен, атақ алған жылы | Медальдары |
|---|---|---|---|
| И. Ильин<br> | ................................<br>................................<br>................................<br>................................<br>................................<br>................................<br>.............................. . | ................................<br>................................<br>................................<br>................................<br>................................<br>................................<br>.............................. . | ................................<br>................................<br>................................<br>................................<br>................................<br>................................<br>.............................. . |
| С. Сәпиев<br> | ................................<br>................................<br>................................<br>................................<br>................................<br>................................<br>.............................. . | ................................<br>................................<br>................................<br>................................<br>................................<br>................................<br>.............................. . | ................................<br>................................<br>................................<br>................................<br>................................<br>................................<br>.............................. . |

## ГРАММАТИКА

**1. Ережемен танысыңыз.**

| Төл сөз бен төлеу сөз | **298** - бет. |
|---|---|

«Мен Лондон олимпиадасында Қазақстанға алтын медаль сыйға тартамын»,
– деді Илья.
Илья Лондон олимпиадасында Қазақстанға алтын медаль сыйға тартатынын айтты.

*Төл сөз, автор сөзі, төлеу сөз*

- *Төл сөз* — *«Мен ертең қалаға келемін»*
- *Автор сөзі* — *,– деді Арман*
- *Төлеу сөз* — *Арман ертең қалаға келетінін айтты*

**2. Етістіктерді үлгі бойынша ІІІ жақта өзгертіңіз.**




| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. бару | А) ..................................<br>Ә) .................................. | 8. уәде беру | А) ..................................<br>Ә) .................................. |
| 2. айту | А) ..................................<br>Ә) .................................. | 9. жасау | А) ..................................<br>Ә) .................................. |
| 3. келу | А) ..................................<br>Ә) .................................. | 10. аяқтау | А) ..................................<br>Ә) .................................. |
| 4. сұрау | А) ..................................<br>Ә) .................................. | 11. жазу | А) ..................................<br>Ә) .................................. |
| 5. жүру | А) ..................................<br>Ә) .................................. | 12. тыңдау | А) ..................................<br>Ә) .................................. |
| 6. қош айтысу | А) ..................................<br>Ә) .................................. | 13. құлау | А) ..................................<br>Ә) .................................. |
| 7. оқу | А) ..................................<br>Ә) .................................. | 14. аяққа тұру | А) ..................................<br>Ә) .................................. |

**3. Тиісті есімдікті таңдап, сөйлемді толықтырыңыз.**

| | |
|---|---|
| Асан .................... қашан келгенімді/келетінімді сұрады. | *оның* |
| Асан .................... қашан келгеніңді/келетініңді сұрады. | *сіздің* |
| Асан .................... қашан келгеніңізді/келетініңізді сұрады. | *менің* |
| Асан .................... қашан келгенін/келетінін сұрады. | *сенің* |

**4. Сөйлемдерді төлеу сөзге айналдырып, үш жақта беріңіз.**

*«Жаңа сөздерді жаттадым», – деді Асқар.*

| I жақ | II жақ | III жақ |
|---|---|---|
| Үлгі: *Мен жаңа сөздерді жаттағанымды айттым.* | ..................................................... ..................................................... ..................................................... | ..................................................... ..................................................... ..................................................... |

*«Мен жиналысқа ертең барамын», – деді басқарма бастығы.*

| I жақ | II жақ | III жақ |
|---|---|---|
| ..................................................... ..................................................... ..................................................... | ..................................................... ..................................................... ..................................................... | Үлгі: *Басқарма бастығы жиналысқа ертең баратынын айтты* |

**5. Төлеу сөзге айналдырып жазыңыз.**

1. «Ауыр атлетикадан спорт шеберлерін жастайынан бастап тәрбиеледік»,– деді бас бапкер.

.....................................................................................................................................................

.....................................................................................................................................................

2. «Спорттан кеткен соң, сән әлемінде өзіндік қолтаңбамды қалдырып, киім үлгілерін тігемін»,– деді әйгілі спортшы.

.....................................................................................................................................................

.....................................................................................................................................................

3. «Қазақстандық спортшылар тыңғылықты дайындық жасады»,– деді бас бапкер.

.....................................................................................................................................................

.....................................................................................................................................................

4. «Мен 1988 жылдың 24 мамырында Қызылорда қаласында дүниеге келдім», – деді Асан.

.....................................................................................................................................................

.....................................................................................................................................................

5. «Балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектебіне түскеннен кейін спортқа деген қызығушылығым артты»,– деді жас спортшы.

.....................................................................................................................................................

.....................................................................................................................................................

**6. Топтық жұмыс.**

1. Төл сөзді сөйлем жазыңыз.
2. Екінші топ төлеу сөзді сөйлемге айналдырады.
3. Орындарыңызбен ауысыңыздар.

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

**1. Жаттығыңыз.**

Сіз жұмыс істейтін мекемеде жақын арада семинар-тренинг өткізілмекші. Бастығыңыз сізге сол шараға арналған ақпараттық хат жазуды тапсырды.

Ақпараттық хатта:
Іс-шараның тақырыбы;
Өткізілетін орын және мерзімі;
Қарастырылатын мәселелер;
Жұмыс тілі;
Қосымша ақпараттар (байланыс телефоны, электронды пошта, факс т.б.) көрсетілуі тиіс.

**1. Танысыңыз.**

***ХАБАРЛАНДЫРУ***

*«Жігер» спорттық клубы» МҚҚК ақысыз негізінде келесі спорт түрлерінен оқушыларға қабылдау жүргізеді: құзға өрмелеу, спорттық туризм, радиоспорт, черлидинг, каратэ киокушинкай, каратэ-до. Оқушылар 2018 жылдың 01-30 қыркүйекайы аралағында, денсаулығы жайы туралы анықтамасын ұсынғаннан кейін, бақылау - нормативті нәтижелері бойынша қабылданады.*

***тел. 45-70-69, Абай даңғылы, 45/1, 70 пәтер***

*МҚҚК * мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорын*

**2. Хабарландыру жасаңыз.**

**Жағдаят:** Сіз жұмыс істейтін мекемеде футболдан жарыс өтпекші. Соны ұйымдастыру сізге тапсырылды.

**Тапсырма:**

1. Жарысты жақсы өткізу үшін қандай ұйымдастыру шараларын жасайсыз?
2. Жарыс туралы хабарландыру жасаңыз.

# ТЫҢДАЛЫМ

**1. Жауап беріңіз.**

1. Спортпен айналысуға қайда жағдай жасалған? Ауылда ма әлде қалада ма?
2. Балалардың спортқа деген қызығушылығын қалай тудыруға болады?
3. Спортта жеңіске жету талант па әлде еңбек пе?

**2. Пікір білдіріңіз.**




**3. Тыңдаңыз. Сөйлемдерді анықтаңыз. Төл сөз бен төлеу жасайтын сөздерді жазыңыз.** №23

| | Төл сөз | Төлеу сөз |
|---|---|---|
| № 1 сөйлем | | |
| № 2 сөйлем | | |
| № 3 сөйлем | | |
| № 4 сөйлем | | |
| № 5 сөйлем | | |

**4. Тыңдаңыз. Ақпараттың мәтінге сәйкес нұсқасын жазыңыз.** №24

1. Олимпиада ойындарында спортшыларымыз жүлдесіз қалды.

.............................................................................................................................................

2. Спортшылар Қазақстан қоржынына тек алтын медаль салды.

.............................................................................................................................................

3. Серік Сәпиев олимпиада ойындарында күміс медаль алды.

.............................................................................................................................................

4. Баркер Кубогын Серік ала алмады.

..............................................................................................................................................................

5. Серік Баркер Кубогын Қазақстан Республикасының Ауыр атлетика Федерациясының төрағасына сыйлады.

..............................................................................................................................................................

6. Серік төрағаның қолынан жаңа көліктің кілтін алды.

..............................................................................................................................................................

**5. Топтық жұмыс. Пікір білдіріңіз.**

Асқар спорттық жарыстан қомақты ақшалай сыйлық алды. Енді ол сол ақшаға Спорт орталығын салуды жоспарлап отыр. Алайда достары сол ақшаны жетімдер үйіне беруге ақыл айтты. Сіз қандай ақыл айтар едіңіз? Неге?

**6. Төмендегі сұрақтарды пайдалана отырып, досыңызбен сұхбаттасыңыз.**

1. Олимпиадалық ойындардың мемлекеттер үшін маңызы қандай? Әр мемлекет оны өз аумағында өткізуге не үшін тырысады?
2. Олимпиадалық ойындарды өз аумағында өткізу үшін мемлекеттерге қандай талаптар қойылады?
3. Ұлттық құрамаға өзге елдің спортшыларын тарту мәселесіне қалай қарайсыз?



## ЖАЗЫЛЫМ



1. Спорт түрлерінің аттарын жазыңыз.
2. Олимпиадалық ойындарда қай спорт түрі бар?
3. Олимпиадалық ойындарда қай спорт түрі жоқ?
4. Ол не ойнап жатыр? Ол не істеп тұр? Ол не істеп жүр? сұрақтарына жауап жазыңыз.

## «ШАПШАҢЫРАҚ, БИІГІРЕК, КҮШТІРЕК!» – ОЛИМПИАДА ҰРАНЫ

### Сөйлемнің бірыңғай мүшелері

## 2-САБАҚ



VI БӨЛІМ

**1. *311-беттегі сөздермен танысыңыз.***

**2. Сәйкестендіріңіз.**

*қыз қуу, аударыспақ, балуандар күресі, бәйге, тоғызқұмалақ, теңге ілу, көкпар, асық*


......................................


......................................


......................................


......................................



......................................


......................................


......................................


......................................


......................................

**ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНДАЙ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРІЛГЕН?**

**КӨКПАР ҚАЗАҚТІКІ МЕ, ӘЛДЕ ҚЫРҒЫЗДЫКІ МЕ?**

**3. Пікір білдіріңіз.**

Ұлттық спорттық ойындардың қай түрі халықаралық деңгейге көтерілді?
Ұлттық спортты жастар арасында насихаттау үшін не істеу керек?

**4. Төлеу сөзді төл сөзге айналдырыңыз.**

1. Олар келесі аптада республикалық жарысқа баратынын айтты.
Олар: «Келесі аптада республикалық жарысқа барамыз», – деді.
2. Саят халықаралық спорт мектебіне оқуға түскенін айтты.
..........................................................................................................
3. Ол спорт адамның денсаулығын жақсартып, оның өмірін ұзартатынын үнемі айтатын.
..........................................................................................................

4. Өткен аптада жаңа пәтер сатып алғанын айтты.

.......................................................................................................................

5. Былтыр республикалық сайыс жеңімпаздарын өзі барып марапаттағанын еске түсірді.

.......................................................................................................................

**5. Құттықтауды төлеу сөзге айналдырыңыз.**

*Құрметті жарысқа қатысушылар!*

Жарыс – мықтылардың өзара сайысқа түсіп, кімнің мықты, кімнің әлсіз екендігін анықтайтын орын. Сіздердің барлықтарыңыз мықтылардың мықтысы екендеріңізге сенімдімін. Барлықтарыңызға сәттілік тілеймін!

.......................................................................................................................

.......................................................................................................................

.......................................................................................................................

.......................................................................................................................

**6. Тұрақты тіркестердің сәйкес мағынасын табыңыз.**

| | |
|---|---|
| 1. таңдай қақтыру | А) ешқашан ешкімнен жеңілмеу |
| 2. ат басын бұру | Ә) мықты, күші көп адам |
| 3. күмәнмен қарау | Б) халық, ел |
| 4. жауырыны жерге тимеу | В) таңғалдыру |
| 5. бақ сынау | Г) құрметтеу, сыйлау |
| 6. қалың жұрт | Ғ) сенбеу |
| 7. қарулы кісі, қара күш иесі | Д) біржаққа жиналу, бару |
| 8. төбесіне көтеру | Е) өз мүмкіндігін байқап көру |

**7. Сөйлем мағынасына сәйкес сөздерді табыңыз.**

| | |
|---|---|
| 1. Денесі ірі үлкен адамды қалай атайды? | А) күміс, алтын, қола |
| 2. Спорттық жарыстарда үш орынға берілетін медаль қандай металл атымен аталады? | Ә) жеребе тасталады |
| 3. Жарыстан екі топтың қайсысы бірінші бастау керек екенін анықтау үшін не тасталады? | Б) алып денелі |

**8. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын қалай түсінесіз?**

*шебер орындау, үзеңгі, тас, Таяу және Орта Шығыс елдері, елеулі оқиға*

**9. Топтық жұмыс. Сөздермен сұрақ дайындаңыздар. Келесі топтан жауап алыңыздар.**

| А тобының сөздері | Ә тобының сөздері |
|---|---|
| еңбек сіңірген | екі мәрте |
| классикалық күрес | дүниежүзілік |
| біріншілік | еркін күрес |
| жүлделі орын | иелену |

## ОҚЫЛЫМ

**1. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Бұл адамдар қай салада атақты болды
2. Олардың қандай атақтары бар
3. Олар қай кезеңде өмір сүрді
4. Олардың аттарында қандай орындар (көше, сарай т.б.) бар

деп ойлайсыз?



Балуан Шолақ



Қажымұқан Мұңайтпасұлы



Жақсылық Үшкемпіров



Серік Қонақбаев



Ермахан Ыбрайымов

VI БӨЛІМ

**2. Оқыңыз.**



1

(1864-1919)

Балуан Шолақ – жауырыны жерге тимеген балуан, бүкіл қазақ даласына есімі кең тараған сазгер. Бала кезінде саусағын үсітіп алғандықтан, ел оны еркелетіп «Балуан Шолақ» деп атап кеткен. Ал азан шақырылып қойған аты – Нұрмағанбет.

Балуан Шолақтың әкесі Баймырза ағаш шебері, шешесі Қалампыр қарулы кісі болған деседі. «Алып – анадан» деп бекер айтылмаса керек. Балуан Шолақ та шешесіне тартып, алып денелі батыр болған.

Балуан 14 жасынан бастап күресті ермек етіп, ат қуып, шауып келе жатқан тұлпардың үстінде адам сенгісіз жаттығуларды шебер орындаған. Ат үстінде тігінен не басымен тұруы, аттың бауырынан өтуі, аяғын үзеңгіге қыстырып, жатып шабуы батырдың тұла бойындағы қара күшті айқындайды. Түрлі жиындарға қатысып, 51 пұт қара тасты көтеріп, жиналған қалың жұрттың таңдайын қақтырған балуан 35 жасында орыс балуаны Иван Коренмен бақ сынасып, оның қабырғасын сындырды.

*www.massaget.kz*

Қазақтың бүкіл әлемге танылған ұлы балуаны –Қажымұқан Мұңайтпасұлы. 1909 жылы классикалық күрестен Ригада өткен дүниежүзілік біріншілікте жүлделі орынды жеңіп алды. Ал 1911 жылы күрестің осы түрінен Варшавада өткен дүниежүзілік чемпионатта тағыда бірінші орынды жеңіп алып, Кіші алтын медальмен марапатталды. Содан кейінгі жылдарда атақты балуан еркін және классикалық күрес бойынша өткізілген алуан түрлі турнирлерге қатысты.



2

(1886-1948)

Мәскеу, Киев, Рига, Минскі, Париж, Лондон, Берлин, Стокгольм, Будапешт, Харбин, Кабул және Теһранда өткізілген халықаралық турнирлерде жүлделі орындарды иеленді. 1909-1911 жылдары Таяу және Орта Шығыс елдерін аралады. Осы сапарынан кейін ол біржолата Қажымұқан атанды. Бұған дейін Ямагата, Муханура, Қара Мұстафа, Махмұт, Қара Иван деген лақап аттарды жамылып, күреске түсіп келген Қажымұқан 48 алтын, күміс және қола медальды жеңіп алған еді. 1913 және 1915 жылдары «Сигизмунд белдігі» атты мәртебелі жүлдені иеленді.

*www.massaget.kz*

**2. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Оны не себепті Балуан Шолақ деп атады?
2. Оның шын аты кім?
3. Нұрмағанбет қандай балуан болған?
4. Оның ата-анасы туралы қандай ақпарат айтылған?
5. Ол қандай жаттығуларды шебер орындаған?
6. Орындаған жаттығулары нені айқындайды?
7. Халық оның қандай өнеріне таңдай қаққан?
8. Отыз бес жасында ол кіммен бақ сынасты?

**3. Пікір білдіріңіз.**

| | |
|---|---|
| Бүркеншік ат не үшін қажет деп ойлайсыз? | 1) ........................................................................................................ |
| | ........................................................................................................ |
| | 2) ........................................................................................................ |
| | ........................................................................................................ |
| | 3)........................................................................................................ |
| | ........................................................................................................ |

**4. Мәтіндердегі ақпараттарды пайдалана отырып, төмендегі кестені толтырыңыз.**

| | |
|---|---|
| Аты-жөні: | ........................................................................................................ |
| Өмір сүрген жылдары: | ........................................................................................................ |
| Айналысқан спорт түрі: | ........................................................................................................ |
| Жетістіктері: | ........................................................................................................<br>........................................................................................................ |
| Болған қалалары мен елдері: | ........................................................................................................<br>........................................................................................................ |
| | ........................................................................................................ |
| Қатысқан жарыстары: | ........................................................................................................<br>........................................................................................................ |
| Медаль-дар саны: | ........................................................................................................ |
| Лақап аттары: | ........................................................................................................ |

VI БӨЛІМ

**5. Оқыңыз.**



**Жақсылық Үшкемпіров**
*1980 жылғы Мәскеу Олимпиадасының чемпионы*

1980 жыл. Мәскеу. Әлемдік спорт тарихындағы елеулі оқиға – Олимпиада ойындары. Бұл ойынға қазақ намысын қорғау үшін бірталай спортшыларымыз ат басын Мәскеуге бұрды. Солардың арасында Жақсылық Үшкемпіров те болды. Қазақ балуанының жеңіске жететініне тек оның жаттықтырушысы Вадим Александрович Писарев қана сенгенімен, қалғандары күмәнмен қарады. Міне, айқасатын сәт те келіп қалды. Олимпиаданың жеребе тастау рәсімінің қорытындысы бойынша қазақ балуаны бірінші белдесуде әлемнің екі дүркін чемпионы Александрумен айқасатын болды.

Осы айқастың нәтижесінде Ж. Үшкемпіров чемпион атанып, осы жарыста күллі әлемге ел атын асқақтатып қайтты.

*www.massaget.kz*

Қазақтың атын күллі әлемге танытқан Серік ағамыз КСРО-ның еңбек сіңірген спорт шебері атағын 1981 жылы еншілеген. Серік Қонақбаев бокспен 14 жасынан бастап айналыса бастады. Ағамыздың атақтарына келетін болсақ, ол КСРО халықтары спартакиадасының және КСРО чемпионатының күміс жүлдегері, екі мәрте Европа чемпионы, 2 мәрте әлем кубогінің иегері, Әлем чемпионатының күміс жүлдегері, КСРО чемпионы. 1981 жылы әлемнің ең үздік боксшысы деген атақ Серік Қонақбаевқа бұйырған.

*www.massaget.kz*



**Серік Қонақбаев**
*1980 жылғы Мәскеу олимпиадасының күміс жүлдегері*





**Ермахан Ыбрайымов**
*Сидней Олимпиадасының чемпионы*

Қазақстанның жеті дүркін, Азияның екі дүркін, Атланта олимпиадасының қола жүлдегері Ермахан Ыбрайымов: «1988 жылы жасөспірімдер арасында КСРО чемпионы және спорт шебері атағын мектепте оқып жүргенде алдым. Жасым болса ол кезде бар болғаны он алтыда. Мектеп оқушысы үшін ол кезде КСРО спорт шебері деген атақ – үлкен дәреже! Спорт-интернаттың өзінде беделің өте жоғары. Сол кезде: «Егер мен бар болғаны КСРО чемпионы болғанда осылай сыйласа, Олимпиада чемпионы болсам, халық төбесіне көтеріп жүретін болар» деп ойладым. Осы жеңістен кейін алдыма «Олимпиада чемпионы боламын!» деген мақсат қойдым», – дейді.

*www.alaman.kz*

**6. Мәтінде баяндалған ақпараттардың ретін нөмірлеп көрсетіңіз.**

| | |
|---|---|
| 1, Жақсылық Олимпиадаға жол тартты. | |
| 2. Кімдер айқасқа шығатынын анықтайтын сәт. | |
| 3. КСРО тарихында ерекше оқиға басталды. | |
| 4. Үшкемпіровтің жұлдызды сәті, қазақ халқының аты көкке көтерілді. | |
| 5. Қарсыластар анықталды. | |
| 6. Қазақ спортшылары Мәскеуге жолға шықты. | |
| 7. «Жақсылық жеңіске жете алмайды» деген ой. | |

**7. Мәтін бойынша үш сұрақ дайындаңыз. Сұрақтарды әріптесіңізге/досыңызға қойып, оның жауаптарын жазыңыз.**

**Сіздің сұрақтарыңыз:**

1. ..................................................................................................................................
2. ..................................................................................................................................
3. ..................................................................................................................................

**Досыңыздың жауаптары:**

1. ..................................................................................................................................
2. ..................................................................................................................................
3. ..................................................................................................................................

**8. Ақпараттың мәтінге сәйкес нұсқасын жазыңыз.**

1. Е. Ыбрайымов – Қазақстанның тоғыз дүркін, Европаның алты дүркін чемпионы.

.........................................................................................................................

2. Спорт шебері атағын университет қабырғасында жүрген кезде алды.

.........................................................................................................................

4. Ол қазақ тілін тереңдете оқытатын мектеп-интернатта білім алды.

.........................................................................................................................

5. «Олимпиада чемпионы болсаң, ақшаң көп болады»,- деп ойлады.

.........................................................................................................................

6. Ол үш Олимпиадаға қатысты.

.........................................................................................................................

**9. Мәтіндегі ақпараттарды пайдалана отырып, кестені толтырыңыз.**

| | Атақтары | Медальдары | Қатысқан жарыстары |
|---|---|---|---|
| Ж. Үшкемпіров | ..............................<br>..............................<br>.............................. | ..............................<br>..............................<br>.............................. | ..........................................<br>..........................................<br>.......................................... |
| С. Қонақбаев | ..............................<br>..............................<br>.............................. | ..............................<br>..............................<br>.............................. | ..........................................<br>..........................................<br>.......................................... |
| Е. Ыбрайымов | ..............................<br>..............................<br>.............................. | ..............................<br>..............................<br>.............................. | ..........................................<br>..........................................<br>.......................................... |

VI БӨЛІМ

**10. Жауап беріңіз.**

а) Жоғарыдағы спортшылардың бірін таңдаңыз. Таңдау себебін түсіндіріңіз.

1. ..................................................................................................................
2. ..................................................................................................................
3. ..................................................................................................................

ә) Сіз ол спортшыға жанкүйерсіз. Оған не себепті жанкүйер болдыңыз?

1. ..................................................................................................................
2. ..................................................................................................................
3. ..................................................................................................................

б) Бразилия – 2016 Олимпиада ойындарына жоғарыдағы спортшылар қатысқан жағдайда кім чемпион болады деп ойлайсыз? Нақты болжамыңызды жазыңыз.

1. ..................................................................................................................
2. ..................................................................................................................
3. ..................................................................................................................

VI БӨЛІМ

## ГРАММАТИКА

**1. Ережемен танысыңыз.**

Сөйлемнің бірыңғай мүшесі

**299** - бет.

*Олар қазақ тілін, орыс тілін және ағылшын тілін оқытатын мектепте оқиды.*
*Мен бала кезімде боксқе, күреске, қашықтыққа секіруге қызығатынмын.*

**2. Сөйлемдегі асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз.**

1. Асан, Анар және Арман орталық стадионда жаттығады.
2. Меніңше, ауыр атлетика, көркем гимнастика, жүзу – спорттың қиын түрлері.
3. Алма – спортпен айналысатын, ақылды, білімді әрі салмақты қыз.
4. Қазақстанның таулары, көлдері, теңіздері халықтың байлығы болып табылады.

**3. Тиісті сөздерді қойып сөйлемді толықтырыңыз.**

*хаттамаларын, ағалары, сұхбаттарды, зерттеу, табандылық, әдемі үйлерін*

1. Асқардың үйіне қонаққа туыстары, *ағалары*, құдалары келді.

2. Бәйтерек монументінің төбесінен қаланың көрікті жерлерін, ........................... .............................., биік ғимараттарын көре аласыз.

3. Іздену, оқу, ....................... үшін ғылыми қызметкерлерге біраз уақыт керек болады.

4. Ұйымның бұйрықтарын, ...................................., қызметтік хаттарын қазақ тілінде жазу керек.

5. Кез келген жұмыста жақсы нәтижеге жету үшін күш-қайрат, ............................. және тиянақтылық қажет, - деп ойлаймын деді Асан Мұратұлы.

6. Оқулықтағы жаттығуларды, тапсырмаларды, .............................. үнемі жасап жүретін болсаң тілді тез меңгеруіңе көмектеседі.

### 4. Арман туралы шағын мәтін жазыңыз.

Алтын, күміс медаль алу

*Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін білу*

*Математика, физика, химия пәндерін жақсы оқымау*



*Шаңғы тебу, коньки әуес ісі*

*Қалааралық, ауданаралық жарыстарға қатысу*

*Қазақстан, Алматы, 1979 жылы, 4 қараша дүниеге келу*

*Бос уақытында классикалық роман, әңгіме, повесть оқу*

..........................................................................................................

..........................................................................................................

..........................................................................................................

..........................................................................................................

..........................................................................................................

..........................................................................................................

..........................................................................................................

..........................................................................................................

..........................................................................................................

..........................................................................................................

..........................................................................................................

VI БӨЛІМ

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

**1. Оқыңыз.**

**«ҚАЗАҚ ФУТБОЛЫ» газетіне жазылыңыз!**

***Құрметті оқырман!***

Жақында жарық көрген «Қазақ футболы» газетіне жазылу жүріп жатыр. Ендеше, қапы қалмаңыз! «Қазақ футболы» газетіне жазылыңыз.

**Құрметті Алматы тұрғындары!**

«Қазақ футболы» газетінің осы уақытқа дейін жарық көрген барлық санын редакцияға хабарласу арқылы тегін алып, оқуға мүмкіндігіңіз бар. Ол үшін мына телефонға хабарласыңыз: 87026805507.

«Қазақ футболы» газетіне жазылу бағасы:

| Жазылу мерзімі | Заңды тұлға | | Жеке тұлға | |
|---|---|---|---|---|
| | қала | аудан/ауыл | қала | аудан/ауыл |
| 3 айға | 800,26 теңге | 968,25 теңге | 750,26 теңге | 850 теңге |
| 6 айға | 1500 теңге | 2000 теңге | 1300 теңге | 1500 теңге |
| 1 жылға | 2000 теңге | 2500 теңге | 1500 теңге | 2000 теңге |

**2. Жаттығыңыз. «Қазақ футболы» журналына жазылу парақшасын толтырыңыз.**

Журналға АБОНЕМЕНТ | . | ... | ..... | ... | |

(басылым индексі)

| "Қазақ футболы" | Дана саны | 1 |
|---|---|---|

20... жылға айлар бойынша:

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

Қайда ____________

(пошта индексі) (мекенжай)

Кімге ____________

(аты-жөні)

## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Жауап беріңіз. Ақпаратпен бөлісіңіз.**

1. Сіз қай командаға жанкүйерсіз?
2. Қазақстанда тағы қандай футбол командалары бар?
3. Қазақстан Ұлттық құрама командасының қандай жетістіктерін білесіз?

VI БӨЛІМ

**2. Тыңдаңыз.**
**Мәтінде бар ақпараттарды белгілеңіз.** №25

1. Қазақстан футболының дамуы жайлы
2. Европалық футбол командалары туралы
3. Қазақстан футболының жетістіктері
4. Футболшылардың тамақтануы жайлы
5. Ауа райы қазақстандық футболшыларға кедергі келтіруі
6. Келесі аптада болатын футбол кестесі туралы
7. Қазақстандық футболшы әлсіз болып келуі

**3. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.** №26

1. Жансая спорттың қай түрімен айналысады?
2. Ол неше дүркін чемпион?
3. Қандай турнирдің жеңімпазы?
4. Жансая қандай атақтың иесі?
5. Ол неге үміткер?
6. Университет ректоры Жансаяға қандай мүмкіндік берді?
7. Ол университетте қандай студенттер оқиды?
8. Болашақ жарыстардың шығынын кім төлейді?
9. Университет ректоры Жансаяны қалай марапаттады?

**4. Мәтінді қайта тыңдап, берілген ақпараттарды көрсетіңіз.**

***Университет туралы***

***Тегін білім алуға мүмкіндік***

***Жансаяның жетістіктері***

**5. Пікір білдіріңіз.**
Қазақстанда шахмат дамыған ба, әлде футбол дамыған ба?
Қай спорт әлемдік деңгейге көтерілген?
Қандай қазақстандық атақты шахматшы және футболшыларды білесіз?

## АЙТЫЛЫМ

**1. Топтық жұмыс.**

а) А4 форматтағы ақ қағазды төртке бөліңіздер (бөлінген қағаз топтағы тіл үйренушілерге жететіндей болсын)
ә) әрбір бөлікке атақты спортшының немесе спорт түрін жазыңыздар.
б) бөліктерді бір тіл үйренуші жинап алып араластырады.
в) қағаздар жазылған беті төмен қарайтындай етіп үстелге қойылады
г) әрбір тіл үйренуші бір-бірден қағаз алады, ондағы жазылған сөзді ешкімге көрсетпей оқиды.
д) қағаздағы сөзді өзге тіл үйренушілерге жасырады. Жасыру кезінде өзге тіл үйренуші шеше алатындай тірек сөздерді пайдаланыңыз.

*Мысалы, сізге төмендегі бөлік түсті. Енді осы ойынды өзгелер табу үшін сіз төмендегідей ақпарат беруіңіз мүмкін.*



***Теннис ойыны***

*Бұл – ойын түрі. Оны екі адам ойнайды. Ойында доп пайдаланады, бірақ аяқпен ойнамайды. Бұл ойын – Олимпиада ойындарының бірі. Ойын алаңда ойналады, алаңда тор болады.*



## ЖАЗЫЛЫМ

**1. Сіз жаттықтырушысыз. Сіздің спортпен айналысатын шәкіртіңіз бар немесе ұлыңыз/қызыңыз/ ініңіз/қарындасыңыз бар. Оның болашақта атақты спортшы болғанын қалайсыз. Арманыңызды сипаттап жазыңыз.**

Мәтінде төмендегі ақпараттарды қамтыңыз:

а) өмірбаяны
ә) айналысатын спорт түрі
б) қатысатын жарыстары
в) жететін жетістіктері
г) алатын медальдары.



# VII БӨЛІМ



**1-**САБАҚ — ... барғалы бері, ... барғалы жатырмын ... бара бастадым
- *Хабарландыру! Назар аударыңыз!*

**2-**САБАҚ — Төл сөз бен төлеу сөз. Себеп-салдар және талғаулы салалас құрмалас сөйлем (қайталау)
- *Хабарландыру жазып үйреніңіз*



# 1 - САБАҚ

## ЭКОЛОГИЯ

*... барғалы бері, барғалы жатырмын,*
*... бара бастадым*



**1. *312 - беттегі сөздермен танысыңыз.***

**2. Сөйлемдердегі бірыңғай мүшелерді Ә бөліктегі жауап беретін сұрағының астына жазыңыз.**

**А)**

1. Ол жұмысқа ақырын, асықпай келе жатыр.
2. Мен кеше Асанды, Маратты орталық кеңседен көрдім.
3. Олар ұшақпен немесе пойызбен саяхат жасағанды ұната бермейді.
4. Ақ, қызыл түсті папкалардың әрқайсысының өз орны бар, – деді ол.
5. Жүгіру, жаяу жүру адам денсаулығына өте пайдалы.
6. Бұйрықтарды, хаттамаларды нөмірі бойынша тіркеу қажет.

**Ә)**

| Қалай? | Кімді? | Қандай? | Не? | Нені? |
|---|---|---|---|---|
| 1. ...................... | 1. ...................... | 1. ...................... | 1. ...................... | 1. ...................... |
| 2. ...................... | 2. ...................... | 2. ...................... | 2. ...................... | 2. ...................... |

**3. Жауап беріңіз.**
1. Қазақтың ұлттық спорт түрлерін атаңыз?
2. Сіз қай спорт түріне жанкүйерсіз?
3. Қазақстандық спортшылар туралы айтып беріңіз.
4. Қазақстанда спорт деңгейі қандай деп ойлайсыз?

**3. Сәйкестендіріңіз**


..................................


..................................


..................................


..................................

Жер сілкінісі    Өрт    Құрғақшылық    Су тасқыны

**4. Сөздерді тіркестіріңіз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1) назар | а) алмасу | 7) қауіп | ж) қалдық |
| 2) тығыз | ә) қалдық | 8) улы | з) төну |
| 3) заңды | б) аудару | 9) түтінді | е) сынықтары |
| 4) улы | в) байланыс | 10) шыны | ғ) тұман |
| 5) қатты | г) заттар | 11) таза | к) бұзу |
| 6) зат | д) құбылыс | 12) денсаулықты | л) ауа |

**5. Пікір білдіріңіз.**

## Қай апаттың алдын алуға болады?

| | | |
|---|---|---|
| Жер сілкінісінің<br>Өрттің<br>Құрғақшылықтың<br>Су тасқынының | алдын алуға болады<br>алдын алуға болмайды | себебі, ........................... |

**6. Жауап беріңіз.**

Қандай экологиялық апаттарды айта аласыз?

**7. Сөздерді кестеге бөліп жазыңыз.**




### Экология

| кері әсер | оң әсер |
|---|---|
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |
| 6. | |

**6. Топтық жұмыс. Сөздерді жасырыңыз.**

| А тобының сөздері | Ә тобының сөздері |
|---|---|
| ауаның ластануы | түтін |
| қоқыс | сенбілік |
| ағаш | апат |
| химялық қалдық | таза ауа |

**7. Есте сақтаңыз.**

***бар пәрменімен*** *– бар күшімен*
***бойы үйрену*** *– бір нәрсеге үйрену*
***белең алу*** *– бір нәрсенің кең таралуы*
***кенде қалмау*** *– белгілі бір істен/оқиғадан/жаңалықтан құр қалмау*
***жұмыр жер*** *– жер беті/жүзі*
***қағыс қалу*** *– басқалар жасап жатқан істі істемей тыс қалу*

### 8. Керек сөзді жазыңыз.

| | | | |
|---|---|---|---|
| **бойы үйреніп** | | **белең алып** | **кенде қалғандай** |
| | **бар пәрменімен** | | |
| **жұмыр жерді** | | **қағыс қалмайын** | |

1. Ол күнде таңғы сағат 6:00-да тұрады. Ерте тұруға ......................... ............................. қалды.
2. Спортшы бірінші айналымда ........................... ......................... жүгіргендіктен екінші айналымда тез шаршап қалған секілді.
3. Қазіргі таңда жастардың әлеуметтік желіде отыруы ......................... ..................... барады.
4. Кешегі болған жиналысқа бара алмадым, енді бір нәрседен ......................... ........................ болып отырмын.
5. Ол өзінің талантымен ...................... ....................... таңқалдырды.
6. Ол да ........................... .......................... деп басқалар секілді машина сатып алды.

### 9. Бағандағы сөздерді мағынасына сай сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| 1. Адамға ең бірінші қажет нәрсе | а) шаң, тозаң |
| 2. Суда, құрлықта өмір сүретін жәндік | ә) шыны сынықтары |
| 3. Адам денсаулығына зиян нәрселер | б) ауа |
| 4. Ешқашан шірімейтін қалдық | в) бақа |

### 10. Сөздерді тиісті жолға жазыңыз.

***ағза, тағдыр, зат алмасу, қан айналым, тіршілік, қатты тұрмыстық қалдықтар, өндірістік, техногендік, минералдық, сарапшы, тау-тау, қалбыр, топырақ***

Кім? ...................................................................................................................

Не? ...................................................................................................................

Қандай? ...................................................................................................................

**Есіңізде болсын!**

## ҚОҚЫСТЫҢ ТАБИҒАТТА БҰЗЫЛУ МЕРЗІМІ:

| | | |
|---|---|---|
| *Қағаз – **1 ай*** | *Ағаш таяқ – **4 жыл*** | *Сырланған тақтай – **13 жыл*** |
| *Жүнщұлық – **1 жыл*** | *Бір реттік қағаз ыдыс – **5 жыл*** | *Шыны шөлмек – **ешқашан*** |
| *Қаңылтыр құты – **100 жыл*** | *Алюминий құты – **500 жыл*** | *Пластик шөлмек – **500 жыл*** |

**10. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

**Аймақ** – *қала, кент, аудан орталығы, ауыл*

1. Қазақстанның қай аймағында тұрасыз?
2. Сіз тұратын аймақтың ауа райы және табиғаты қандай?
3. Ол жерде табиғат аясында демалатын орындар бар ма?
4. Аймақтың халық саны шамамен қанша деп ойлайсыз?
5. Ол жерде ірі кәсіпорындар бар ма? Қандай кәсіпорындар?
6. Кәсіпорындар қандай өнім шығарады?
7. Аймақта қоқыс төгетін арнайы орындар бар ма?

**11. Төмендегі үзінділерді оқыңыз.**

## ЖАНУАРЛАР ДА «СӨЙЛЕЙДІ»



Қаздың «га-га-га» дегені «тезірек, тезірек жүріңдер!» деген мағынаны білдіреді. Ал одан гөрі ұзағырақ «га-галаса»: «мына жерде жем бар, біраз аялдайық» дегені.





Пілдер басын, тұмсығымен құлағын қимылдатып, ыммен «сөйлеседі». Олар осы әдіспен көңіл күйлерін өте жақсы білдіреді. Қазірге дейін пілдің бас, тұмсық, құлақ қимылдарының 19 түрінің мағынасы белгілі болған.





Тілдесу жүйесі ең көп дамыған жануар – дельфин. Дельфиндер тілінің «халықаралық» тіл екендігі де дәлелденді. Бұл үшін Тынық мұхитта ұсталған дельфиндер мен Атлантика мұхитында өскен дельфинді телефон арқылы «сөйлестіріліп» көрілді. Сонда олар 8 мың шақырым жерде тұрып-ақ бір-бірінің айтқанын түсініп, бір-біріне жауап қайтарған.

*www.aktobegazeti.kz*



**ЖОҒАРЫДА БЕЙНЕЛЕНГЕН ЖАНУАРЛАР ҚАЛАЙ ТІЛДЕСЕДІ?**
**ҮЗІНДІЛЕРДЕН ҚАНДАЙ ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУҒА БОЛАДЫ?**
**ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫҢЫЗ БЕСТЕН КЕМ БОЛМАСЫН**

### 12. Ақпаратты оқыңыз.



Сүлеймен патша (Соломон) барлық жануарлардың тілін біліпті деген аңыз ежелден келеді. Бір күні патша барлық тіршілік иелерін жинап алып олардан адамдардың қандай зиян келтіріп жатқаны туралы сұрапты. Сонда барлық жан-жануарлар, өсімдіктер мен жәндіктер адам баласын тек мақтаған екен. Бұл Сүлеймен өмір сүрген дәуірде болған.

А) Қазіргі кезде Сүлеймен патшаға жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемі адамның экологияға тигізіп жатқан әсері туралы не айтар еді деп ойлайсыз? Ойыңызды жазыңыз.

| СУ АСТЫ ӘЛЕМІ | ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ | ЖӘНДІКТЕР ӘЛЕМІ |
|---|---|---|
| | | |

### 13. Кестені толтырыңыз.

| Экологиялық мәселелер | *Шығу себептері* | *Қоршаған ортаға және адамға зияны* |
|---|---|---|
| **1. Озон қабатының бұзылуы** | ............ | ............ |
| **2. Ғаламдық жылыну** | ............ | ............ |

| | | |
|---|---|---|
| **3. Парникті эффект** | ............................................................<br>............................................................<br>............................................................ | ............................................................<br>............................................................<br>............................................................ |
| **4. Әлемдік мұхит мәселелері** | ............................................................<br>............................................................<br>............................................................ | ............................................................<br>............................................................<br>............................................................ |
| **5. Жердің ластануы** | ............................................................<br>............................................................<br>............................................................ | ............................................................<br>............................................................<br>............................................................ |

**14. Сұрақтарға жауап беріңіз.**



**1. Озон қабатының бұзылуын болдырмау**
**2. Ғаламдық жылынуды болдырмау**
**3. Әлемдік мұхит мәселелерін шешу**
**4. Жердің ластануын тоқтату**

**үшін**




..........................................................................................................................................................................
..........................................................................................................................................................................
..........................................................................................................................................................................
..........................................................................................................................................................................
..........................................................................................................................................................................
..........................................................................................................................................................................
..........................................................................................................................................................................
..........................................................................................................................................................................

## ОҚЫЛЫМ

**1. Топтық жұмыс.**
Мемлекет үшін ең маңызды 3 мәселені таңдаңыздар. Неге ол мәселені таңдадыңыздар? Ойларыңызды дәлелдеңіздер

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Саясат** | | **Зауыт** | |
| **Экономика** | | **Жаңа технология** | |
| **Білім** | | **Азық-түлік** | |
| **Экология** | | **Спорт** | |
| **Адам** | | **Тіл** | |

**Үлгі:** Біздің ойымызша, мемлекет үшін ең маңызды нәрсе: бірінші – .........................., екінші – .........................., сосын .................................. Себебі,

VII БӨЛІМ

**2. Оқыңыз.**

1

Әрбір мемлекет пайда болғалы бері мынадай 3 факторға баса назар аударып келеді. Олар: мемлекеттік саясат, экономикалық бағыт және экологиялық жағдай. Бұл үшеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Экономика мен саясаттың өзгеріп тұруы – заңды құбылыс, ал экологиялық апатты тоқтату немесе бағытын өзгерту – өте күрделі құбылыс. Осындай ластануға адам ағзасы үйренгелі бері бұл өзгерістерді тіптен сезбейтін болған. Адам денесіне енген улы заттар ағзаға кері әсерін тигізіп, денсаулығын бұзады. Ағзада күрделі патологиялық өзгерістерге алып келеді. Осындай жағдайлар пайда болғалы бері ғалымдар көптеген тәжірибелер жасаған. *Мысалы, екі бақаны алып, бірінші бақаны ыстық су құйылған стаканға салады. Сонда әлгі ыстық суға салынған бақа бар пәрменімен стаканнан секіріп шығып, аман қалады. Ал екінші бақаны суық су құйылған стаканға салып, стаканды біртіндеп қыздырады. Температураның біртіндеп көтерілуіне бойы үйренген бақа, ең соңында ыстық суға пісіп өледі.* Осы тәжірибеден нені аңғаруға болады? Қазіргі кезде адамзаттың тағдыры, екінші бақаның тағдырына ұқсап кетеді. Қоршаған орта, айналамыз біртіндеп ластанғалы бері оған бойымыз үйреніп, қоршаған ортадағы қатты қалдықтарға, ластанған суларға, ауаға мән бермейміз. Ал осы ластанулар біздің өмірімізге қаншалық қауіп әкелетіні айтпаса да түсінікті.



2

Ауа зат алмасуды арттырады, қан айналымын жақсартады, ағзаның қорғаныс күшін нығайтады, ауруларға қарсылықты күшейтеді. Алайда техника қарыштап дамығалы бері таза ауаға қауіп төніп тұр. Тек адам денсаулығына емес, барлық тіршілікке қауіпті. Қоршаған орта улы қалдықпен, химиялық заттармен ластанғалы бері көптеген ауруларды туғызып, адам өлімін көбейтіп, тіпті климат өзгеріп ауа райына да тікелей әсер етуде. Түрлі шаң, тозаң ауаға көтеріліп, біз дем алатын ауаны ластайды. Әсіресе, зауыт, фабрикалары бар қалалардағы ауада зиянды заттар көп болатыны мәлім. Түрлі көліктерден бөлініп шығатын шаң, тозаңдар, қоқыстар да ауаға тарайды. Адамдар да ойсыздықтың салдарынан ауаға зиян келтіріп отыр. Деректерге сүйенсек, елімізде 3,5 миллион тонна ауаны ластайтын қалдық бөлінеді екен. Ірі қалалардағы ауаның ластануы қауіпті шегіне жетті. Сырттан қарағанда олардың үстін түтінді тұман басып жатқанын көреміз.

*http://abai.kz/content*

**3. Мәтіннен экологияға кері әсер ететін құбылыстарды теріп жазыңыз.**

.......................................................................................................................................................

.......................................................................................................................................................

.......................................................................................................................................................

.......................................................................................................................................................

...................................................................................................................................................... .

**Бұл құбылыстардың қандай салдары болады? Жазыңыз.**

.......................................................................................................................................................

.......................................................................................................................................................

.......................................................................................................................................................

.......................................................................................................................................................

...................................................................................................................................................... .

VII БӨЛІМ

**4. Мәтінде айтылған ақпараттарды ретімен орналастырыңыз.**

1

1. Екі бақаны алу.
2. Стақанды біртіндеп қыздыру.
3. Бірінші бақаны ыстық су құйылған стақанға салу.
4. Температураның біртіндеп көтерілуі.
5. Екінші бақаны суық су құйылған стақанға салу.
6. Бақаның стақаннан секіріп шығуы.
7. Бақаның ыстық суға пісіп өлуі

**5. Топтық жұмыс.**

Екінші топқа мәтін бойынша сұрақ дайындаңыздар. Жауап алыңыздар.

| А тобы 1 мәтін бойынша | Ә тобы 2 мәтін бойынша |
| --- | --- |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |

**6. Төмендегі әрекеттерді іске асыру үшін жоспар құрыңыз. Жоспарыңыз бес сөйлемнен кем болмасын.**



**АУАНЫ КӨЛІКТЕРДЕН ШЫҒАТЫН ГАЗДАН ҚОРҒАУ ЖОЛДАРЫ**

**7. Оқыңыз**

1



Жыл сайын әлемдегі әрбір қала тұрғыны 250-300 келі қатты тұрмыстық қалдықтар (ҚТҚ) «өндіреді» екен. Жаһандану үрдісі белең алғалы бері бүгінгі шақта одан ауыл тұрғындары да кенде қалып жатқан жоқ. Енді осы цифрды жұмыр жерді мекендейтін 7 миллиард адамға көбейтіп көріңіз. Оған өндірістік, техногендік қоқысты қосып байқаңызшы. Жер бетінде жиналған ҚТҚ мен қоқыс көлемін ойлаудың өзі қорқынышты. Қайран жер қалай шыдас беріп тұр десеңізші!

2

Сарапшылар дерегі бойынша жыл сайын елімізде 700 миллион тонна өнеркәсіптік қоқыс пен қалдықтар жиналатын болса, оның 250 миллионы денсаулыққа қауіпті улы заттар көрінеді. Осы зиянды қоқыс шығару бойынша өңірлерге орын беретін болсақ:

Қарағандының тау-кен және кен байыту кешендері (29,4 пайыз) бірінші орынды, Шығыс Қазақстан облысы (25,7 пайыз) екінші орынды иеленгелі тұр, ал тиісінше 17,0 пайыз және 14,0 пайыз қоқыс «өндіретін» Қостанай мен Павлодар облыстары үшінші орынды бөлісkелі тұр.



3

ҚТҚ мен қоқыс «өндіруден» Қазақстан дүние жүзіндегі ең дамыған елдерден қағыс қалып тұрған жоқ. Қазір қазақ даласында 22 миллиард тонна қалдықтар мен қоқыс жиналыпты. Оның 16 миллиард тоннасы техногендік-минералдық қалдықтар болса, 6 миллиард тоннасы адам ағзасына аса қауіпті химиялық қалдықтар екен.

Адамдар күн сайын тау-тау қылып күл-қоқысқа тастайтын пластмасса құтылар жер бетінде 500 жылға дейін, кәдімгі полиэтилен пакеттері 200 жылдан астам уақыт бойы шірімей, жатып алады екен. Ал консерві қалбырлары мен шыны сынықтары 1 мың жылға дейін жер қойнын ластап, «жегі құртша» топырақ құнарын жеп жатады.

Қазақстандағы ҚТҚ мен күл-қоқыстың 97 пайызы далаға төгіледі. Тек 3 пайызы ғана өртеледі. Ал Германияда ҚТҚ мен күл-қоқыстың 30 пайызы, Жапонияда 30 пайызы, АҚШ-та 27 пайызы, Швейцарияда 25 пайызы қайта өңделеді.

*Ж. Жағыпарұлы www.i-news.kz*

### 8. Мәтінде бұл сандардың не үшін қолданылғанын айтыңыз.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 250 | 300 | 7 | 700 | 29,4 | 25,7 |
| 17,0 | 14,0 | 22 | 16 | 6 | 500 |
| 200 | 1 | 97 | 3 | 30 | 27 |

### 9. Топтық жұмыс.

**Жұмыс шарты:**

Картадағы қалалардың атауларын қағазға жазып, ешкім көрмейтіндей бүктеңіз де араластырып ортаға шашыңыз. Сосын кезек бойынша қағазды алып қай қала түскенін оқыңыз, бірақ сізде қай қала екенін ешкім білмеуі тиіс.

Сол аймақтың экологиялық проблемалары туралы және қала туралы ақпарат беріңіз.



## ГРАММАТИКА

**1. Құрылыммен танысыңыз.**

Етістік түбірі + - ғалы/-гелі берi;
+ - ғалы/-гелі + қалып етістіктері
+ - а/-е/-й бастады

**299** - бет.

Мен университетті аяқтағалы бері биыл он бес жыл болды.
Мен қазір киноға барғалы жатырмын, сен барасың ба?
Ол үйге келгелі бері ешкіммен сөйлеспеді.
Шақырылған қонақтардың бәрі келе бастады.

**2. Сөйлемдегі шақты анықтаңыз.**

| | Әрекеттің басталғанға дейінгі кезеңі | | Әрекеттің созылуы | Әрекеттің басталуы |
|---|---|---|---|---|
| 1. Мен қазір киноға барғалы жатырмын. | | | | |
| 2. Олар ертең тауға шыққалы жатыр. | | | | |
| 3. Мен футбол ойнағалы бері бес жыл болды. | | | | |
| 4. Ол жұмыстан келгелі екі сағат болды. | | | | |
| 5. Хатшы Астанаға факс жібергелі отыр. | | | | |
| 6. Экологияға назар аударыла бастады. | | | | |

**3. Үлгіге қарап, сөйлемдерді өзгертіңіз.**

**Үлгі:** *Мен өткен жылы жұмысқа тұрдым.*
*Содан бері еңбек демалысына шыққан жоқпын.*
*Мен жұмысқа тұрғалы бері еңбек демалысына шыққан жоқпын.*

1. Біз университетті осыдан он бес жыл бұрын бітірдік. Содан бері бір-бірімізді көрген жоқпыз.

..........................................................................................................

2. Іссапардан өткен аптада келді, алайда ол маған әлі телефон шалған жоқ.

..........................................................................................................

3. Мен қазақ тілі курсына екі ай бұрын жазылдым, сондықтан менің қазақшам жап-жақсы болып қалды.

..........................................................................................................

..........................................................................................................

4. Ол Қазақстаннан осыдан бес жыл бұрын кеткен болатын. Содан бері ол Қазақстанға бірнеше рет келіп кетті.

..........................................................................................................

**4. Сұраққа жауап беріңіз.**

Олар не істегелі жатыр/ тұр/отыр?
Олар не істей бастады?


1


2


3


4


5



6


7


8

**5. Жазыңыз.**

**АСҚАРДЫҢ МАҚСАТТАРЫ**

Асқар алдына мақсат қойды. Суреттер бойынша ол не істегелі жүргенін жазыңыз.

| Бір аптада | Бір айда | Бір жылда |
| --- | --- | --- |
|  |  |  |
|  |  |  |
|  |  |  |

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

**1. Оқыңыз.**

**Демалушылар назарына!**

Құрметті қала тұрғындары мен қала қонақтары, «Ақ қайнар» демалыс орнында өздеріңізден кейін қоқыс қалдырмауларыңызды сұраймыз. Қоқыс жәшігі әр жүз метр сайын қойылған.

Құрметпен, «Ақ қайнар» әкімшілігі

**Құрметті көршілер!**

34-үйдің тұрғындарына кіреберісте және есіктеріңіздің алдында қоқыс тастамауларыңызды сұраймыз. Сондай-ақ, баспалдақтарда шылым шекпеулеріңізді өтінеміз. «Алыстағы ағайыннан жанындағы көрші артық»,- демекші бір-бірімізді сыйлайық. Бұл – біздің үйіміз, мұнда сіз бен біз тұрамыз!

*Ізгі ниетпен, көршілер!*

**Құрметті қала тұрғындары!**

**Ағымдағы жылдың 26 қыркүйегінде «Менің қалам – таза қала» атты сенбілік өтеді. Сенбілікке барлықтарыңыз атсалысасыздар деп үміттенеміз.**

**Әкімдік**

**2. Жаттап алыңыз.**

**Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ,**
**Мұны айтуға табиғаттың тілі жоқ**

**Жер тағдыры - ел тағдыры.**

**Жер екеш жер де ауырады.**

## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Жауап беріңіз.**

1. Мұхиттарда қоқыс бар деп ойлайсыз ба?
Егер бар болса, мұхитқа қоқыс қайдан пайда болады?
2. Суға тасталатын қандай қоқыстың зияны көп?
3. Суға тасталатын кейбір қоқыстар пайдалы деп ойлайсыз ба?

**2. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.** №27

1. Мәтінге қандай тақырып қояр едіңіз?
2. Чарльз Мур кім?
3. Ол мұхиттан қандай арал тапты?
4. Чарльз Мур аралды қай мұхиттан тапқан?
5. Ғалымдардың анықтауынша ол қандай нәрселер болып шықты?
6. Табылған нәрселердің көлемі анықталды ма?
7. Ол нәрселер қанша аумақты алып жатыр?
8. Чарльз Мурдың есебінше, бұл нәрселер ол жерде қалай пайда болған?

**3. Мәтінді қайта тыңдап, мәтін мазмұнына сай келмейтін бес сөйлемді табыңыз.**

| | |
|---|---|
| 1. Мұхиттан табылған жер асты қаласының орны мен қазба байлықтары. | |
| 2. Табылған қоқыстар суға батпайтын әртүрлі пластмасса құтылары мен қатты қалдықтардан құралған. | |
| 3. Қазақстанда қатты қалдықтарды қайта өңдейтін ірі зауыттар жыл сайын көбейіп келеді. | |
| 4. Ғаламдық жылыну көптеген ғалымдардың зерттеу нысанына айналды. | |
| 5. Мұхиттағы күл-қоқыс «аралында» 100 миллион тоннадан астам әртүрлі қатты қалдықтар мен қоқыс жинақталған. | |
| 6. Қазіргі таңда жаңа технологиялардың көмегімен қоршаған ортаны қорғауға арналған түрлі бағдарламалар жасалуда. | |
| 7. Кемеден қарағанда оның шеті мен шегі көрінбейді. Ал ұшақтан оны анықтау қиын. | |
| 8. Әкем босаған ыдыстар, қағаз, пакет, басқа да түрлі қоқыстарды отқа тастап өртей бастады. | |
| 9. Адамдар тек құрлықты ғана емес, сонымен қатар алып мұхиттарды да улап жатыр. | |

# АЙТЫЛЫМ

**1. Топтық жұмыс.**

1. Кесте және суреттер бойынша өз ойларыңызды айтыңыздар.
2. Екінші топқа сұрақ қойыңыздар.

| **А тобының тақырыбы** | **Ә тобының тақырыбы** |
|---|---|
| **Ауаның ластануы** | **Судың ластануы** |

1. Ауаның ластануы

**Көліктер**



**Өрт, темекі**



**Өнеркәсіп, газ**



**ұшақтар**



**Өрт, темекі**

зардабы



**Өнеркәсіп, газ**

а. Тыныс аурулары

ә. Ғаламдық жылыну

**2.** Судың ластануы

**Қоқыс және өнеркәсіп қалдықтары**



**мұнай**



**Өнеркәсіп, газ**

зардабы



а) су құрамы өзгереді

ә) іш аурулары

б) өсімдіктер мен су асты жәндіктері қырылады

**2. Топтық жұмыс.**



«Табиғат және біз» тақырыбындағы дөңгелек үстел ұйымдастырыңыз. Дөңгелек үстелге қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ұйымның қызметкері және химиялық өнімдер өндіретін зауыт қызметкері келді.

1. Екі тіл үйренуші аталған қызметкер болады.
2. Өзге тіл үйренушілер оларға сұрақ қояды. Сұрақ бестен кем болмауы керек.
3. Рөл ауысыңыздар.

## ЖАЗЫЛЫМ




Осы ойларды негізге ала отырып, зауыт салғалы жатқан компания басшыларына хат жазыңыз.
Ол жерге зауыт салынса, қоршаған ортаға келетін 9 зиянды дәлелді көрсетіңіз.

VII БӨЛІМ

# ЭКОЛОГИЯ

**Себеп-салдар**
**және талғаулы салалас құрмалас сөйлем** (қайталау),
**төл сөз бен төлеу сөз**

# 2-САБАҚ





**1. *314 - беттегі сөздермен танысыңыз***

**2. Етістіктерді тиісті формаға қойыңыз.**

1. Мен қазір достарыммен бірге киноға ...*бара*.... жатырмын.
2. Олар ертең орталық саябаққа қалалық сенбілікке ......................... (қатысу).
3. Отандық компаниялар өткен жылы Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау бойынша бірнеше жобаларды іске ............................ (асыру).
4. Бүкіләлемдік қоршаған ортаны қорғау күні дүниежүзі бойынша жыл сайын 5 маусымда ............................... (атап өту).
5. Орталық кеңседе жиналыс ........................ (басталу) жарты сағат болды, ал олар болса әлі жоқ.

**3. Анар туралы ақпарат беріңіз.**

**Анар «Жасыл ел» қоғамдық қорының мүшесі. Оның жоспарлары бар. Ол не істегелі жүр?**




**4. Пікір білдіріңіз.**

> ***ПАЙДАЛЫ АҚПАРАТ***
>
> **1985 жылы 3 британдық ғалым Джозеф Фарман, Брайан Гардинер және Джонатан Шанклин *озон қабаты тесігін* тапты**

**Сурет бойынша ғаламдық жылыну процессі туралы айтып беріңіз**







КЛИМАТ
КЛИМАТ
КЛИМАТ

**5. Әр суретке сәйкес келетін тыйымды жазыңыз.**






……………………………… ……………………………… ……………………………… ………………………………







……………………………… ……………………………… ……………………………… ………………………………

| | |
|---|---|
| Сағыз шайнауға | Б |
| Шылым шегуге | О |
| Ішімдік ішуге | Л |
| Өсімдіктерді жұлуға | М |
| Түкіруге | А |
| От жағуға | Й |
| Қоқыс тастауға | Д |
| Табиғатты ластауға | Ы |

**6. Сұрақтарды әріптестеріңізге қойып, жауап алыңыз.**

1) Жоғарыдағы белгілер қандай жерлерде болады?
2) Оларды не мақсатпен қояды?
3) Сіз сол тыйымдарды орындайсыз ба?

## ОҚЫЛЫМ

**1. Жауап беріңіз.**

1. Қоқысты үнемі қоқыс жәшігіне тастайсыз ба?
2. Жолға қоқыс тастаған адамдарға ескерту жасап көрдіңіз бе?
3. Өзіңіз тұратын ауланы тазалау жұмыстарына шығасыз ба?

**2. Оқыңыз**



Қала көшелерінің бірінде келе жатқанымда мынадай жағдайға куә болдым. Баласын жетектеген әйелдің қолындағы пакет толы қоқысты, қоқыс жәшігіне салмай жол жиегіне тастай салғанын көрген әлдекімдер: «Мұныңыз не, қоқыс жәшігіне салмайсыз ба? Тазалыққа көңіл бөлсеңізші» – деуі мұң екен, әлгі әйел: «Онда сенің не шаруаң бар, қайда тастаймын өзім білем, аула сыпырушылар тегін ақша ала ма? Солар тазаласын», – деп кете барды.

*http://abai.kz/content*

**3. Төмендегі ойлар қай мәтінге сай келеді. Белгілеңіз.**

| | |
|---|---|
| 1. Қоқыс тастайтын жерді әркім өзі таңдау. | 2 |
| 2. Адамдардың теріс қылықтарына ашулану және ызалану. | |
| 3. Қоқысты тиісті емес жерге тастағаны үшін ескерту жасау. | |
| 4. Адамдардың ескертулеріне құлақ аспау. | |
| 5. Барлық жүргізушілер тасжолға тасталған қоқысты жинаса ғой. | |
| 6. Қоршаған ортаны қоқыспен ластағандарды мемлекет жазалау керек. | |

**4. Пікір білдіріңіздер.**



**Асығып келе жатып жолға қоқыс тастаған кездеріңіз болды ма?**
**1 және 2 мәтіндердегі мәселе барлық елдерде бар деп ойлайсыз ба?**
**Мәтіндегі жағдаятарға куә болдыңызы ба?**
**Егер болашақта куә болсаңыз, қандай әркет жасар едіңіз?**
**Асығып келе жатып жолға қоқыс тастаған кездеріңіз болды ма?**

**5. Оқыңыз.**



*П**екинде** көшеде түкіру, ұсақ-түйек қоқыс және иттің «эксперименті» үшін 6 доллар айыппұл төлеуге не болмаса әкімшілік жаза алуға тура келеді. Олар басқа адамдардың көзінше түкіруді жұртшылықты құрметтемеушілік деп санайды, сондықтан Қытай астанасының басшылығы 2006 жылдың көктемінен бастап көшеде түкіру проблемасын шешумен айналыса бастады.*



***Малайзияда** асфальтқа тасталған сағыз үшін 1 ай қоғамдық жұмыс немесе 500 доллар көлемінде айыппұл салынады, Тайландта болса, 600 доллар айыппұл салынады, ал Голландияның Гаага қаласында – €95, Ұлыбританияда – £90.*



***Сингапурде** сағыз шайнамақ тұрмақ, оны сақтауға, бір-біріне таратуға болмайды. Ол есірткімен теңестірілген, сол себепті бұл үшін үлкен айыппұл – 1000 доллар салынады. Тасталған қоқыс үшін 500-ден 1000 долларға дейін, далада тамақтану – 1000 доллар, рұқсат етілмеген жерден жолды кесіп өту – 100 доллар, түкіру – 1000 доллар, жеделсатыда шылым шегу – 1000 доллар айыппұл, ал егер есірткі тартсаңыз, онда – өлім жазасы.*



***Прагада** тиісті емес жерде сағыз бен басқа қоқыс тасталса, мәдени-тарихи орындарда спирттік ішімдіктер ішілсе, 2 доллар көлемінде айыппұл салынады. Араб елдері де тазалық үшін күреседі, сондықтан Әбу-Дабиде (БАӘ) көшеде тасталған сағыз үшін – 137 доллар, темекі тұқылы үшін – 55 доллар, көшеде түкіру үшін – 27 доллар айыппұл салынады.*



*Итальяндық зерттеушілердің есептеуінше, күнделікті **Римде** сәулет және өнер ескерткіштері аумағына келушілер 15 мың сағыз тастайды екен. Оларды тазалау үшін жыл сайын €5,5 млн бөлінеді, сондықтан қала әкімшілігі сағызды арнайы қоқыс салатын сауытқа салмайтындармен күрес жүргізуге шешім қабылдады. Қылмыс орнында ұсталған құқық бұзушы €50 көлемінде айыппұл төлейді, я болмаса тиісті әкімшілік жауапқа тартылады.*

**6. Көрсетілген елдерде тыйым салынған ортақ нәрсені табыңыз.**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Малайзия | Тайланд | Голландия | Ұлыбритания | Қытай |
| | Сингапур | Чехия | Араб елдері | |

А) сағыз; Ә) ішімдік; Б) шылым шегу; В) түкіру; Г) далада тамақтану.

Осы елдерің барлығы осы нәрсеге не үшін тыйым салды деп ойлайсыз? Сіздің болжамыңыз. Бестен кем болмасын.

1. ..........................................................................................................
2. ..........................................................................................................
3. ..........................................................................................................
4. ..........................................................................................................
5. ..........................................................................................................

**7. Мәтіндерге сүйене отырып, сұраққа жауап беріңіз.**

Неге тыйым салынған?

**Пекинде** ..........................................................................................................

..........................................................................................................

**Сингапурде** ..........................................................................................................

..........................................................................................................

..........................................................................................................

**Чехияда** ..........................................................................................................

**Әбу-Дабиде** ..........................................................................................................

**Римде** ..........................................................................................................

Б
О
Л
М
А
Й
Д
Ы

**8. Мәтінде берілген сандардың не үшін қолданылғанын көрсетіңіз.**

1. Төмендегі сандар мәтінде қандай қызметте жұмсалып тұр?
**Үлгі:** *500 - Малайзияда тас жолға сағыз тастағаны үшін төленетін айыппұл мөлшері*

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 500 | | 600 | | 95 | | 90 | | 6 |
| | 1000 | | 1 | | 2006 | | 100 | |
| | | 137 | | 55 | | 27 | | |

**9. Оқыңыз.**

Британ билігі одан әрі кетті. Егер қылмыс үстінде ұсталған адам өзінің аты-жөнін немесе мекенжайын айтудан бас тартса, айыппұл одан бірнеше есе өседі. Бұндай қатаң шаралар орынды, өйткені Ұлыбритания жыл сайын қала көшелерін сағыздан тазалау үшін 1 млрд доллар жұмсайды. Айтпақшы, бұл сома елдегі сатылатын барлық сағыздар құнынан екі есе көп.

2009 жылдың басында Бельгияның француз тілді аймағы – Валлонияда қоршаған ортаны ластағандары үшін қатаң айыппұл жүйесі іске қосылды. Жерге тасталған темекі тұқылы, қаңылтыр банка, сағыз және қағаз үшін айыппұл сомасы 50 €-ны құрады. Егер қоғамдық орында пластик бөтелке, қоқыс толған пакет жатса, айыппұл 150 €-ға дейін өседі. Жыл сайын валлондық көшелерден 6 мың тонна қоқыс алынады, сол себепті аумақты тазалау, қоқыстарды шығару үшін аймақтық және коммуналдық басшылықтарға жалпы алғанда 100 млн € жұмсалады.

*1-9 мәтіндер www.kaztag.kz сайтынан өңделіп алынды*

**10. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Ұлыбританияда қоғамдық орынды ластағаны үшін қандай жағдайда айыппұл құны өседі?
2. Ағылшын мемлекеті 1 млрд долларды неге жұмсайды?
3. Валлонияда 2009 жылы қандай жүйе іске қосылды?
4. 50 еуроны бельгиялықтар не үшін төлейді?
5. Бельгия үкіметі жылына 100 млн еуроны қандай іске жұмсайды?

**11. Жоғарыда берілген мәтіндерді қайта оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Қоршаған ортаны қорғау және оны ластайтын адамдармен күрес жүргізу бойынша мемлекеттерге орынды қалай бөлер едіңіз?

**I орын, II орын, III орын**

2. Әрбір мемлекетке не себепті және қандай негізге сүйене отырып, бұл орынды бердіңіз?

**12. Белгілеңіз.**

Қазақстанда неге тыйым салынған? Неге әлі тыйым салынбаған?

| | + | – |
|---|---|---|
| 1. Қоғамдық орындарда, үйлердің кіреберістерінде шылым шегу. | | |
| 2. Саябақтарда, көшеде сыра ішу. | | |
| 3. Көшеде, көліктерде сағыз шайнау. | | |
| 4. Қоқысты көшеге тастау. | | |
| 5. Көшеде, саябақтарда, қоғамдық көліктерде шекілдеуік шағу. | | |
| 6. Тасжолға немесе қоғамдық орындарға сағыз тастау. | | |
| 7. Көшеде, саябақтарда, көліктерде түкіру. | | |
| 8. Аялдамада, жол үстінде, көшеде тамақтану. | | |
| 9. Темекі тұқылын көшеге лақтыру. | | |
| 10. Саябақта, адамдар демалатын қоғамдық орындарда итпен, мысықпен қыдыру. | | |

VII БӨЛІМ

## ГРАММАТИКА

### 1. Еске түсіріңіз!

| *Себеп-салдар салалас құрмалас* | **291** - бет. |
|---|---|

Өз жеріміздің табиғатын және ауасын сақтауымыз керек, себебі ол – біздің денсаулығымыздың кепілі.

### 2. Тиісті жалғаулықты қойыңыз.

**себебі/ өйткені** **сондықтан/сол себепті**

1. Ол Сингапурдегі қоғамдық орындардағы тәртіппен танысып жүр, ..................... жақында Сингапурге бармақшы.
2. Қала маңында қоқыс төгетін арнайы орын жоқ, ........................ қалаға тұрғындары наразылық тудырып отыр.
3. Бүгін ол экология мәселесіне арналған республикалық конференцияға қатысады, ........ ....................... кеше түні бойы баяндамасына дайындалды.
4. Экологиялық таза өнім алу үшін жақсы технология керек, ....................... отандық ірі компаниялар шетелдік әріптестерімен тәжірибе алмасуда.

### 3. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. Республикалық қоршаған ортаны қорғау ұйымдарының жұмысын жақсарту керек, себебі ....................................................................................................
....................................................................................................
....................................................................................................
....................................................................................................

2. Қазіргі кезде экологиялық жағдай барлық адамзатты алаңдатып отыр, сондықтан ....................................................................................................
....................................................................................................
....................................................................................................
....................................................................................................

3. Қоғамдық орындарда тәртіп бұзушыларды қатаң жазалаған дұрыс, себебі ....................................................................................................
....................................................................................................
....................................................................................................
....................................................................................................

4. Қытайда көшелерде, демалыс орындарында сағыз тастауға болмайды, өйткені ....................................................................................................
....................................................................................................
....................................................................................................
....................................................................................................

5. Мен өз туған жерімді, қаламды жақсы көремін, сол себепті ....................................................................................................
....................................................................................................
....................................................................................................
....................................................................................................

**4. Суреттерді пайдалана отырып, себеп-салдар салалас сөйлем құраңыз.**

**Үлгі:** *Өзен-көлдерге құйылған улы заттарды тоқтату керек, себебі ол сирек кездесетін балықтардың жойылуына әкеп соқтырады.*








**5. Еске түсіріңіз!**

Талғаулы салалас құрмалас

**296** - бет.

Қоғамдық орындарда сағыз тастағаны үшін *не* қоғамдық жұмысқа тартылады, *не болмаса* үш тәулікке қамауға алынады.

**6. Жұптық жұмыс. Таңдау жасауға көмектесіңіз.**

Тіл үйренуші А жағдаят ойлап табады. Тіл үйренуші Ә оған жағдаяттан шығуға көмек беріп, кеңес айтады.

**Үлгі:**

*– Бүгін мен досымның үйіне қонаққа барамын, не киерімді білмей тұрмын. Не қызыл көйлегімді киемін, не болмаса сары түсті кеудеше мен белдемшемді киемін. Сен қалай ойлайсың, қайсысы жарасады?*

*– Меніңше, қызыл түсті көйлек саған жарасады. Соны кигенің дұрыс.*

**1- жағдаят: Конференция тақырыбын таңдау**

– ..........................................................................................................

..........................................................................................................

– ..........................................................................................................

..........................................................................................................

VII БӨЛІМ

**2-жағдаят: Саяхатқа шығу**

– ..........................................................................................................................................................................
..........................................................................................................................................................................
– ..........................................................................................................................................................................
..........................................................................................................................................................................

**3-жағдаят: Көлік сатып алу**

– ..........................................................................................................................................................................
..........................................................................................................................................................................
– ..........................................................................................................................................................................
..........................................................................................................................................................................

**7. Еске түсіріңіз!**

Төл сөз бен төлеу сөз

**300** - бет.

«Мен қоршаған ортаны қорғау бойынша ұйымда жұмыс істедім», – деді Асқар.
Асқар қоршаған ортаны қорғау бойынша ұйымда жұмыс істегендігін айтты.

Төл сөз, автор сөзі, төлеу сөз

- *Төл сөз* — *«Мен апат болған жерге бардым»*
- *Автор сөзі* — ,– деді Асқар
- *Төлеу сөз* — Асқар апат болған жерге барғандығын айтты



**8. Етістіктерді үлгі бойынша өзгертіңіз.**

**Үлгі:**

| | I жақ | II жақ | | III жақ |
|---|---|---|---|---|
| **Бару** | бардым<br>баратындығым | бардың<br>баратындығың | бардыңыз<br>баратындығыңыз | барды<br>баратындығын |

| | |
|---|---|
| **көру** | ........................................................................................ |
| **күту** | ........................................................................................ |
| **қорқу** | ........................................................................................ |
| **жасау** | ........................................................................................ |
| **шақыру** | ........................................................................................ |
| **сөйлесу** | ........................................................................................ |

**9. Төлеу сөзге айналдырдыңыз.**

1. «Отан үшін отқа түс – күймейсің», – деді батыр бабамыз Бауыржан.

........................................................................................................................
........................................................................................................................

2. «Халықтың мәңгі ғұмыры оның тілінде», – деді Шыңғыс Айтматов

........................................................................................................................
........................................................................................................................

3. «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін!», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

........................................................................................................................
........................................................................................................................

4. «Ана тілінсіз халық болмайды», – деді Шерхан Мұртаза.

........................................................................................................................
........................................................................................................................

5. «Қазақ тілі – қазақтың маңдайындағы жалғыз жарық жұлдызы», – деді Аслы Осман.

........................................................................................................................
........................................................................................................................

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

**1. Жаттығыңыз**

А) Сіз қала сыртындағы демалыс орнының қызметкерісіз. Сізге демалушыларға табиғатты таза ұстау, өздерінен кейін тағам және тағы басқа қалдықтарды жинап кету немесе оларды қоқыс жәшігіне тастауды ескерту туралы хабарландыру жазу тапсырылды. Демалушыларға әсер ететіндей етіп хабарландыру мәтінін жазыңыз.

..........................................................................................................................................................................

..........................................................................................................................................................................

..........................................................................................................................................................................

..........................................................................................................................................................................

..........................................................................................................................................................................

..........................................................................................................................................................................

ә) Сіз тұратын үйде кейбір көршілеріңіз кіреберісте, есік алдында қоқыс тастап кетуді әдетке айналдырды. Бұл сізге ұнамайды, бірақ кім тастайтынын білмейсіз. Көршілеріңізге ескерту өтініш ретінде хабарландыру жазыңыз. Хабарландыруда көрші туралы мақал-мәтел қолданыңыз.

..........................................................................................................................................................................

..........................................................................................................................................................................

..........................................................................................................................................................................

..........................................................................................................................................................................

..........................................................................................................................................................................

..........................................................................................................................................................................



## ТЫҢДАЛЫМ

**1.Пікір білдіріңіздер.**



Қоқыстан бизнес жасауға бола ма?
Егер болса қандай бизнес жасауға болады?
Қазақстанда қоқысты қайта өңдіру дамыған ба, әлде дамымаған ба?
Қазақстанда қоқысты қайта өңдіру дамыған ба, әлде дамымаған ба?

**1. Тыңдаңыз. Дұрыс жауапты таңдаңыз.** №28

1. Чжан Иньді «Қоқыс патшаймы» деп ..........
а) айту
ә) айттым
б) атайды
в) атанды

2. Чжан өткен ғасырдың ................ қағаз жинады.
а) басында
ә) аяғында
б) ортасында
в) 1980 жылы

3. Чжан қоқыс тастайтын алаңдардан қағаздарды ................. .
а) тегін алатын
ә) жинап алатын
б) сатып алатын
в) бос қайтатын

4. АҚШ-тан қайтатын контейнерлерге ............ салынды.
а) тауар
ә) қоқыс
б) орауыш
в) қағаздар

5. Әкелген заттары ............ қайта өңделді.
а) Қытайда
ә) басқа елде
б) Гоконгте
в) Америкада

6. Қағазды ........ тасымалдады.
а) алаңға
ә) зауытқа
б) қоқысқа
в) контейнерге

7. Жылдық табысы ..... миллиард долларға жетеді.
а) бес
ә) алты
б) жеті жарым
в) төрт жарым

8. Қоқыс өңдеп табыс табу ....... ойлап тапқаны.
а) Чжан Иньнің
ә) қытайлықтардың
б) американдықтардың
в) жұмысшылардың

**2. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

Ол не себепті «Қоқыс патшайымы» деген атаққа ие болды?

Оның әлемдегі бай әйелдердің бірі болуының сыры неде деп ойлайсыз?

Чжан Иньді қандай кәсіпкер деуге болады?

## АЙТЫЛЫМ

**1. Топтық жұмыс.**

Пікірсайыс ұйымдастырып, тақырыбын таңдаңыздар:







**I - ТОП КЕЛІСПЕЙДІ**



**II - ТОП КЕЛІСЕДІ**

## ЖАЗЫЛЫМ

**1. Төмендегі сұраққа жауап жазыңыз. Еліміздің экологиясын қорғау туралы он ұсыныс жазыңыз.**



# VIII БӨЛІМ



**1-САБАҚ** Түсіндірмелі салалас құрмалас сонша, ондай, соншалық, сол, мынау Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем (қайталау)

- *Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан*

**2-САБАҚ** Кезектес салалас құрмалас сөйлем

- *Бақ шаба ма, бап шаба ма*



# 1-САБАҚ

## НАНЫМ-СЕНІМДЕР

**Түсіндірмелі салалас құрмалас**
*сонша, сондай, соншалық, сол, мынау*
**Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем** (қайталау)

**1.** ***314 - беттегі сөздермен танысыңыз.***

**2. Сөйлемдерді аяқтаңыз.**

1. Өткен аптада қазақ тілі курсына жазылдым, себебі ........................................................................

..........................................................................................................................................................

2. Компания басшылары қызметкерлердің біліктілігін көтеру туралы семинар-тренинг өткізеді немесе ................................................................................................................................

..........................................................................................................................................................

3. Үстіміздегі жылдың наурызында іссапарға барамын немесе ..................................................

..........................................................................................................................................................

4. Асандар үйге кеше ерте келді, өйткені......................................................................................

..........................................................................................................................................................

5. Ертең банктен несие алмақшымын, сондықтан .........................................................................

..........................................................................................................................................................

**3. Жағдаяттар бойынша себеп-салдар салалас немесе талғаулы салалас сөйлемдер құраңыз.**

1. Сіз ертең жұмысқа келе алмайсыз.

..................................................................................................................................

2. Олар келесі аптада саяхатқа шығуы және үйде болуы мүмкін.

..................................................................................................................................

3. Жоспарланған халықаралық конференция болмайды.

..................................................................................................................................

4. Асқар жинаған ақшасына жаңа пәтер немесе жаңа көлік алғысы келеді.

..................................................................................................................................

5. Әріптестер келісімшарт бойынша бір шешімге келді.

..................................................................................................................................

6. Ол ертең ұшақпен немесе пойызбен келуі мүмкін.

..................................................................................................................................

VIII БӨЛІМ

**4. Топтық жұмыс. Ойларыңызды айтыңыздар. Төмендегі сөздерді пайдаланыңыз.**

| А тобының тақырыбы | Ә тобының тақырыбы |
|---|---|
| Экологияны сақтау үшін адамдар не істеп жатыр? | Экологияны ластау үшін адамдар не істеп жатыр? |

1. экологияға кері әсерін тигізу
2. денсаулықты бұзу
3. экологиялық апат
4. сенбілік жүргізу
5. ауаның ластануы
6. денсаулығы мықты ұрпақ
7. қоршаған ортаны қорғау
8. химиялық қалдық
9. қоқысты қайта өңдеу
10. улы газдар
11. ағаш отырғызу
12. түтін

**5. Сөздерді мағынасына қарай тіркестіріңіз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1) ырымшыл | А) жағдай | 6) ақылға | Ғ) қышу |
| 2) ырымға | Ә) тарту | 7) кәдеге | Д) беру |
| 3) діттеген | Б) адам | 8) болжам | Е) сыймау |
| 4) көз | В) сену | 9) мән | Ж) жарату |
| 5) жайсыз | Г) мақсат | 10) алақан | З) жасау |

**6. Жоғарыдағы фразалармен сөйлем құраңыз.**

1. ..............................................................................................................
2. ..............................................................................................................
3. ..............................................................................................................
4. ..............................................................................................................
5. ..............................................................................................................
6. ..............................................................................................................
7. ..............................................................................................................
8. ..............................................................................................................
9. ..............................................................................................................
10. ............................................................................................................

## ОҚЫЛЫМ

**1. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

А) Сіз ырымдарға сенесіз бе? Не себепті сенетініңізді жазыңыз.

...............................................................................................................................

...............................................................................................................................

...............................................................................................................................

Ә) Сенбесіңіз, неге сенбейтініңізді жазыңыз.

...............................................................................................................................

...............................................................................................................................

...............................................................................................................................

**2. Оқыңыз.**



**Тамара Асар, әнші**

– Мен өте ырымшыл жанмын. Ырымға сенетінім соншалық – Қазақстанда менен өткен ырымшыл әнші жоқ шығар. Түрлі ғылыми болжамдарға да сенемін, бірақ мен үшін қазақтың ырымдары бәрінен де биік. Халқымыздың әрбір ырымы дәл келетіні сонша – мен мұны ырымдар тура келіп, бірде пойыздан, біресе ұшақтан қалып қойып, діттеген жеріме кешігіп қалғасын айтып отырмын. Сол көзім тартса, көзіме қағаз жабыстырып, дұғамды айтып, уайымдаймын. Расында да, *сол көзім тартқаннан* кейін көп ұзамай, жайсыз жаңалықтар еститін кездер болады.



**Заттыбек Көпбосынұлы, әнші, композитор**

– Ежелден келе жатқан ырымдар көп, дегенмен олардың бәріне арқа сүйей беруге болмайды деп ойлаймын. Мысалы: *«Ағайыннан күшік алма, ит сияқты ырылдасып қаласың»* деген секілді наным-сенімдерге мән бермеу керек деп есептеймін. Бүгінгі таңда адамдар өздері ойдан құрастырып алған немесе ешбір негізсіз ырымдар да жеткілікті. Маған біреулер сахнаға шығарда *«көйлегіңнің ішінен түйреуіш тағып ал»* деп жатады, алайда мен мән бермеуге тырысамын.



**Еркін Нұржанов, әнші**

– Жалпы өз басым ырым дегенге көп сене бермеймін. *«Жолыңды мысық кессе, жолың болмайды»* деп жатады, алайда бүкіл өміріміз сол мысыққа қарап қалған жоқ қой?! Ырымды біздің халық көбіне бала тәрбиесінде, кейде өмірлік жағдайларда қолданып жатады. Мысалы, «Мынаны былай істесең, былай болып қалады» деген тәрізді алдап қорқыту, т.б. арқылы. Мұны ырымнан гөрі тыйым деп айтқанымыз дұрысырақ шығар. «Ақыл-есі» дұрыс жетілген адамды ырыммен тәрбиелеу деген ақылға сыймайтын сияқты. Сахнаға шығарда ырымдайтын қатып қалған нанымдарым жоқ.



**Әсел Сәдуақасова, әртіс, әнші**

– Алғашқы тапқан қаражатты жұмсамау немесе тығып қою керек дегенді естігенмін. *Яғни, кез келген жұмыстан тапқан ақшаны өз кәдеңе жаратпай, үйіңіздің кез келген бұрышындағы ешкім тауып алмайтындай жерге тығып қою керек екен.* Кейінірек ол ақшаны басқа адам тауып алса, сізге одан да көп пайда түседі дейді. Ең бірінші «Дауыс International» тобынан алған жүз долларды тығып қойған едім. Қазір де фильмдерге түсіп, одан алған қаламақымнан мың теңге болса да тығып қоюға тырысамын. Осы ырымға қатты сенетінім сонша – әдетке айналдырыппын.

**3. Төмендегі ойлар мәтіндегі қай ырымның мағынасына сай екенін тауып жазыңыз.**

| | |
|---|---|
| 1. Жақын адамдармен немесе туыстармен қарым-қатынастың бұзылуы | .................................................................................................................... .................................................................................................................... |
| 2. Жақын болашақта бір жайсыз жағдайдың болуы туралы хабар | .................................................................................................................... .................................................................................................................... |
| 3. Көпшіліктің алдына шығарда көз тимесін деген мақсат | .................................................................................................................... .................................................................................................................... |
| 4. Жолға шыққанда, жолы болмай қалу мүмкіндігін білдіру | .................................................................................................................... .................................................................................................................... |
| 5. Үйге көбірек ақша тарту мақсатында қолданылатын ырым | .................................................................................................................... .................................................................................................................... |

**4. Жауап беріңіз.**

Кім ырымдарға сенеді, кім сенбейді? Олар не үшін сенеді немесе сенбейді? Ырым туралы олардың ойлары қандай?

1. Заттыбек Көпбосынұлы: ....................................................................................................

..................................................................................................................................................

..................................................................................................................................................

..................................................................................................................................................

2. Тамара Асар: ....................................................................................................

..................................................................................................................................................

..................................................................................................................................................

..................................................................................................................................................

3. Әсел Садуақасова: ....................................................................................................

..................................................................................................................................................

..................................................................................................................................................

..................................................................................................................................................

4. Еркін Нұржанов: ....................................................................................................

..................................................................................................................................................

..................................................................................................................................................

..................................................................................................................................................

**5. Қай затқа қатысты ырымдар бар деп ойлайсыз? Белгілеңіз.**










**6. Жауап беріңіз.**

| | *Иә* | *Жоқ* | *Кейде* |
|---|---|---|---|
| 1. Сіздің алақаныңыз қыши ма? | | | |
| 2. Түнде үй тазалайсыз ба, қоқыс шығарасыз ба? | | | |
| 3. Ғимаратта ысқырасыз ба? | | | |
| 4. Қарызға ақша бересіз бе? | | | |
| 5. Қайыршыларға садақа бересіз бе? | | | |
| 6. Бір нәрсені ұмытып кетіп, үйге қайтып келетін кездеріңіз бола ма? | | | |
| 7. Досыңызға, туыстарыңызға пышақ сыйлап көрдіңіз бе? | | | |
| 8. Шеті сынық ыдыстан тамақ ішесіз бе? | | | |
| 9. Жаңбырлы күні алыс жолға шығасыз ба? | | | |

**7. Төмендегі жағдайларда не істейсіз?**

1. Жолда келе жатқанда алдыңыздан қара мысық өтіп кетті.
2. Ең жақын досыңыз түнгі сағат онда қарызға ақша сұрады.
3. Сізге бір жерге бару керек, алайда далада нөсер жауын жауып тұр.
4. Жұмысқа асығып жүріп, үйде бір қажет затыңызды ұмытып кеттіңіз.
5. Бір затыңызды досыңыздың үйіне ұмытып кеттіңіз.

**8. Оқыңыз. Тақырыбын жазыңыз.**

**1**

..........................................................................

Сол алақан қышыса, жақында ақшалы боласыз, бірақ оң алақаныңыз қышыса, ақша жұмсайсыз. Түнде үй тазаламайды, қоқыс шығармайды, себебі үйден береке кетеді.
Үйде ысқыруға болмайды, ақша болмай қалады.
Кешке және түнде ақшаны қарызға беруге болмайды, себебі ақша қайтпайды.
Алған қарызды таңертең берсеңіз, сіз ақшалы боласыз.
Қайыршыларға қағаз ақша беруге болмайды.



**2**

..........................................................................

Жолда келе жатқанда алдыңызды қара мысық кесіп өтсе, жол болмайды.
Жолға шыққаннан кейін бір нәрсені ұмытып кеттіңіз, үйге қайтып келдіңіз, алайда қайта шығарда айнаға қарауды ұмытпаңыз.
Жаңбырлы күні жолға шықсаңыз, жолыңыз болады.



**3**

..........................................................................

Жаңа пәтер сатып алғанда үйге, алдымен, үлкен адам кіру керек.
Егер біреудің үйіне бір нәрсеңізді ұмытып кетсеңіз, сол үйге жақын арада қайтып барасыз. Табалдырықта тұрып амандасуға немесе қоштасуға болмайды.
Бұл ұрыс-жанжалға алып келеді.



**4**

..........................................................................

Шеті сынық ыдыстан тамақ ішуге болмайды, өмірінде сондай сызаттар болады.
Пышақ сыйлауға болмайды, ұрысқа алып келеді. Пышақты сатып алу керек.
Тамақты пышақпен жеуге болмайды, ашушаң боласың.
Тамақ ішіп отырғанда қасықты түсіріп алсаңыз, «біреу сіздің үйіңізге асығып келе жатыр» деген сөз. Тамақ ішіп отырған адамның ыдысына шыбын, көбелек т.б. жәндік түсіп кетсе, оның несібесі көп болады.

**9. Төмендегі тақырыптар қай үзіндіге сай келетінін белгілеңіз. Үзінділерге тақырып ретінде жазыңыз.**

| | |
|---|---|
| 1. Үйге қатысты ырымдар | |
| 2. Ыдыс, тағамға қатысты ырымдар | |
| 3. Ақшаға қатысты ырымдар | |
| 4. Жолға қатысты ырымдар | |

**10. Жоғарыдағы ырымдарға қатысты үзінділер бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Адамның жақын арада ақшалы болуының белгісі қандай?
2. Қандай жағдайда ақшаны қарызға беруге болмайды екен?
3. Не себепті сыйлыққа пышақ бермейді?
4. Ақшалы болу үшін қарызды қай кезде алу керек?
5. Қай кезде адамның жолы болмайды деп есептеледі?
6. Жолы болудың қандай белгілері бар?
7. Не себепті табалдырықта тұрып амандасуға болмайды екен?
8. Адамның болашақта ауқатты, бай болуының белгісі қандай?

**11. Жоғарыдағы ырымдарды мағынасына қарай бөліңіз.**

| ЖАҒЫМДЫ | ЖАҒЫМСЫЗ |
| --- | --- |
| ............................................................ | ............................................................ |
| ............................................................ | ............................................................ |
| ............................................................ | ............................................................ |
| ............................................................ | ............................................................ |
| ............................................................ | ............................................................ |
| ............................................................ | ............................................................ |
| ............................................................ | ............................................................ |
| ............................................................ | ............................................................ |
| ............................................................ | ............................................................ |
| ............................................................ | ............................................................ |
| ............................................................ | ............................................................ |



## ГРАММАТИКА

### 1. Еске түсіріңіз!

| Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем | 290 - бет. |
|---|---|

Халықтық ырымдарға сенемін, бірақ барлық жағдайда емес.
Олар жол бойы шаршап келді, алайда қазір оның бәрін ұмытып кеткен секілді.

### 2. Бөліктерді сәйкестендіріңіз.

1. Берілген тапсырманы орындады,
2. Мен оны бүгін іздеп бардым,
3. Әрбір істі уақытында аяқтау керек,
4. Ол өз ойын қазақша жеткізгісі келеді,
5. Бүгін ауа райы суық,
6. Мен достарыммен кейде кездесемін,

А) кейде олармен интернет арқылы байланысамын.
Ә) алайда олардың жоспарларына кедергі болған жоқ.
Б) бірақ кейбір жерлерін қайта қарау керек,
В) дегенмен уақытпен де санасу керек.
Г) алайда ол жұмыс орнында болған жоқ.
Ғ) алайда тіл байлығы жетіңкіремейді.

### 3. Сөйлемдерді жалғастырып жазыңыз.

1. Тапсырылған құжаттарды бүгін тапсыру керек, бірақ.............................................................

.......................................................................................................................................

2. Қазақ әдебиетінде орны ерекше ірі тұлғалар өте көп, алайда ...........................................

.......................................................................................................................................

3. Өмірдегі бар ырымдарға сенуге болмайды, дегенмен ...........................................................

.......................................................................................................................................

4. Компанияның барлық құжаттары қазақ тілінде жүргізіледі, алайда ......................................

.......................................................................................................................................

5. Олар берген уәдесінде тұрды, дегенмен ..............................................................................

.......................................................................................................................................

**2. Ережемен танысыңыз.**

| Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем | **301** - бет. |
| --- | --- |

*Менің ырымға сенетінім сонша – оларды үнемі сақтап жүруге тырысамын.*
*Оның айтқаны мынау: бұл жұмыс ешқашан бітпейді.*

**3. А бөлігінің жалғасын Ә бөлігінен тауып жазыңыз.**

1. Олардың келмеген себебі мынау: ..............................................................................................
.....................................................................................................................................
.....................................................................................................................................

2. Оның қуанғаны сонша – ..........................................................................................................
.....................................................................................................................................
.....................................................................................................................................

3. Асқардың Азаматқа риза болған себебі мынау: ..........................................................................
.....................................................................................................................................
.....................................................................................................................................

4. Анасының айтқандарын ол енді ғана түсінді: .............................................................................
.....................................................................................................................................
.....................................................................................................................................

А) кешегі талқылау барысында Азамат жоба туралы бірнеше жаңа ұсыныстар айтқан болатын.
Ә) Астана – Алматы бағыты бойынша ұшатын ұшақ ауа райының қолайсыздығына байланысты екі сағатқа кешігіп келеді.
Б) өзінің көшеде келе жатқанын да ұмытып, бар дауысымен «Алақай» деп айқайлап жіберді.
В) жас кезінде ол бұл туралы ойлау әлі ерте деп ойлайтын, ал қазір ол анасының сөздері шын мәнінде дұрыс екеніне көзі жетті.

**4. Төмендегі ойлардың себебін түсіндіріп жазыңыз.**

1. Оның ырымдарға сенетіні сонша – ...............................................................................................
.....................................................................................................................................

2. Конференцияға келушілердің санының артуы: ...............................................................................
.....................................................................................................................................

3. Оның бізге ренжіген себебі мынау – ............................................................................................
.....................................................................................................................................

4. Басшылардың бұл мәселеге көңіл аударғаны сондай: ......................................................................
.....................................................................................................................................

## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Жауап беріңіз.**

1. Сүйікті әншіңіз/әртісіңіз кім?
2. Оның өнері/өмірі туралы газет-журналдан үнемі оқисыз ба?
3. Оның қандай әнін/киносын/спектаклін жақсы көресіз?

**2. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.** №29

1. Кейбір әртістер қандай болып келеді?
2. Ырымға барлық әртістер сене ме?
3. Әртістер нені қалайды?
4. Сахна әртіс үшін қандай жер?

**3. Мәтінді қайта тыңдаңыз. Дұрыс нұсқасын жазыңыз.**

1. Сахнада ысқырып, қатты сөйлеуге болады.
2. Сахнада шекілдеуік шақса, әртістік құрамның бәрі болады.
3. Қолшатырды ашу, тарақты түсіріп алу – жақсылық белгісі.
4. Әртіс сахнадан түйме тауып алса, жолы болады.
5. Сахнада ешқандай гүл қолдануға болмайды.
6. Сахнаға сол аяқпен аттап шығу керек.
7. Сол аяқпен сахнаға шығу – сөзді ұмытпаудың белгісі.

**4. Мәтінде кездесетін ырымдарды тауып белгілеңіз.**

1. Әріптестер жақтан оң жақ иықпен қарау керек.
2. Аяқ-қолды жіппен байлауға болмайды.
3. Есікке ешқашан сурет ілмеу керек.
4. Қазанды есік жаққа қаратып қисайта аспайды.
5. Байқаусызда ысқырып қойған жағдайда, бөлмеден шығып, есікті қағып, қайта кіру керек.
6. Киіну бөлмесінен үнемі сол аяқпен шығу керек.
7. Жуған қолды сілкісе, ырыс – несібе кетеді.

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

**1. Оқыңыз. Мақалдың мағынасын есте сақтаңыз.**




### *Дастархан басында сақталатын ырым-тыйымдар*

1. Нанды бір қолмен сындыруға болмайды.
2. Ас ішіп болған соң «тойдым» деуге болмайды, «қанағат» деу керек.
3. Қонаққа сынық ыдыспен ас беруге болмайды.
4. Ортада тұрған ыдыстағы тамақты біреудің алдынан алма, өз алдыңнан алып же.
5. Тамақ үстінен аттамайды.

## АЙТЫЛЫМ

**1. Сауалнама жүргізіңіз.**

Сіздің ырымға деген көзқарасыңыз қандай? Қандай ырымдарды білесіз?

| | Ырымға деген көзқарасы | Білетін ырымдары |
|---|---|---|
| ........Асқар ........... | ................................................................<br>................................................................<br>.............................................................. | ................................................................<br>................................................................<br>.............................................................. |
| ................................ | ................................................................<br>................................................................<br>.............................................................. | ................................................................<br>................................................................<br>.............................................................. |
| .................................. | ................................................................<br>................................................................<br>.............................................................. | ................................................................<br>................................................................<br>.............................................................. |
| .................................. | ................................................................<br>................................................................<br>.............................................................. | ................................................................<br>................................................................<br>.............................................................. |

## ЖАЗЫЛЫМ

**1. Өзіңіз білетін бірнеше ырымдарды жазып, олардың мағынасын ашып көрсетіңіз.**
**2. Өз басыңызда болған ырымға байланысты бір оқиғаны баяндап беріңіз.**



# 2-САБАҚ

## НАНЫМ-СЕНІМДЕР

### Кезектес салалас құрмалас сөйлем



**1.** ***314 - беттегі сөздермен танысыңыз.***

**2. Жағдаяттар бойынша қарсылықты салалас сөйлем жасаңыз.**

**Үлгі:**

*Сіз келесі аптада Түркістан қаласына барғыңыз келеді.*
*Мен келесі аптада Түркістан қаласына барғым келеді, алайда жоба ол уақытқа дейін аяқталмайтын секілді.*

1. Сіз досыңыздың қарындасымен танысқыңыз келеді.

............................................................................................................................................

............................................................................................................................................

2. Ол бүгін акционерлер жиналысында жақсы жоба ұсынатын еді.

............................................................................................................................................

............................................................................................................................................

3. 2007 жылғы түлектер осы жылы кездесу ұйымдастырмақ болды.

............................................................................................................................................

............................................................................................................................................

**3. Суреттер арқылы сөйлем құраңыз.**

**Мысал:** *Мен ұша алмаймын, алайда секіре аламын.*

- 
\+ 
\+ 
- 
\+ 
\+ 

\+ 
- 
- 
\+ 
- 
- 

**4. Топтық жұмыс.**

1. Бірінші топ бір ырымды айтады
2. Екінші топ оның мағынасын түсіндіреді
3. Әр топ кемінде 3 ырым айтады.

**5. Төмендегі атауларды ретімен нөмірлеңіз.**

...... Тоқты
...... Егіздер
...... Торпақ
...... Арыстан
...... Шаян
...... Бикеш



...... Балық
...... Суқұйғыш
...... Сарышаян
...... Тауешкі
...... Мерген
...... Таразы

**6. Кестені толтырыңыз.**

| Жұлдызжорамал атауы | Ай атауы | Жұлдызжорамал атауы | Ай атауы |
|---|---|---|---|
| 1) ................................ | ................................ | 7) ................................ | ................................ |
| 2) ................................ | ................................ | 8) ................................ | ................................ |
| 3) ................................ | ................................ | 9) ................................ | ................................ |
| 4) ................................ | ................................ | 10) ................................ | ................................ |
| 5) ................................ | ................................ | 11) ................................ | ................................ |
| 6) ................................ | ................................ | 12) ................................ | ................................ |

**7. Есте сақтаңыз!**



**қолы жеңіл** – *бір істі өте сәтті аяқтайтын адам туралы айтады*

**дегеніне жету** – *көздеген мақсатын, жоспарын іске асыру*

**дөңгелетіп әкету** – *бір істі тез меңгеріп, оны әрі қарай жақсарту*

**адамның тілін таба білу** – *өзге адамдармен ортақ істі оңай шешу немесе басқа адамдардан қалағанын ала білу*

**жанын салып жұмыс істеу** – *бар күшімен тынбай еңбек ету*

**оң жамбасына оңтайлы** – *ыңғайлы, жайлы*

**бойын аулақ салу** – *араласпау, бір істен алыс жүру*



**8. «Иә» немесе «Жоқ» деп жауап беріңіз.**

| | Иә | Жоқ |
|---|---|---|
| 1. Қолыңыз жеңіл ме? | | |
| 2. Дегеніңізге жететін адамсыз ба? | | |
| 3. Тапсырылған жұмысты дөңгелетіп әкете аласыз ба? | | |
| 4. Сіз адамдардың тілін таба алатын қабілетіңіз бар ма? | | |
| 5. Өзіңіз білмейтін істерден бойыңызды аулақ ұстайсыз ба? | | |
| 6. Билік жүргізгенді ұнатасыз ба? | | |
| 7. Шешімді тез қабылдайсыз ба, әлде ойланасыз ба? | | |
| 8. Музыкаға қабілеттісіз бе? | | |
| 9. Өмірде ұстанатын ұстанымыңыз бар ма? | | |

**9. Төмендегі сөздер және сөз тіркестерімен сөйлем құрап жазыңыз.**

*тез құтылу* *жаны құмар* *есеп-қисап* *шығармашылық адамы* *бейім*

1. ..........................................................................................

..........................................................................................

2. ..........................................................................................

..........................................................................................

3. ..........................................................................................

..........................................................................................

4. ..........................................................................................

..........................................................................................

5. ..........................................................................................

..........................................................................................

VIII БӨЛІМ

## ОҚЫЛЫМ

**1. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Сіздің туған күніңіз қай айда? ..........................................................

2. Жұлдызнама бойынша қай белгіге жатасыз? ..........................................................

3. Жұлдызжорамалын оқисыз ба? ..........................................................

4. Жұлдызжорамалға сенесіз бе әлде сенбейсіз бе? Неге? ..........................................................
..........................................................

а) Жоғарыдағы сұрақтарды досыңызға қойып, жауап алыңыз.

1. .......................................................... 3. ..........................................................

2. .......................................................... 4. ..........................................................

**2. Оқыңыз.**

### *Жұлдызнама бойынша сіз кімсіз?*



**Тоқтының** қызық пен жаңалыққа жаны құмар. «Қиындықтың бәрінен тез құтылу керек» деген ұранды ұстанады. Басқаруды, ұйымдастыруды жақсы көреді. Олардан әскери және заң қызметкерлері, қолы жеңіл оташылар шығады. Жазушылық пен шешендік те осы белгіде туғандарға тән. Журналистика, теле-радио саласында жақсы жетістіктерге жетуі мүмкін. Олардың бастаған ісін аяқтауға шамалары бірде жетпей жатса, бірде істеген жұмыстары жақсы нәтиже бермей жатады.



**Шаяндардың** тамақ өнеркәсібіне деген қызығушылығы басым, тағамды дәмді әзірлейді. Олар – үйдің көркі. Бұл белгіде туған әйелдер – жақсы дизайнер, мейірімді ана, ұстаз. Балалармен жұмыс жасағанды көңілі қалайды. Шаяндардың арасында шығармашылық адамдар баршылық. Олардың байлығы – сұлулық. Көңіл күйдің адамы болғандықтан, Шаяндарға өздері ұнатпайтын, қанағаттандырмайтын іске араласпағандары жөн.



**Егіздер** – жігерлі, тез шешім қабылдайды, бәріне қабілетті. Олар – теңдесі жоқ зергер, тігінші, тіс дәрігері, поэзияға, өнерге құмар жандар. Бірде адамның тілін таба алатын қасиеттері, бірде саудасаттыққа икемділігі байқалып жатады.



**Торпақ** белгісіндегілер жұмысын сирек ауыстырады. Олардың арасында сазгерлер мен әртістер көп. Ғажап кәсіпкер болуы да мүмкін. Олар асықпайды, алайда сенімді түрде дегеніне жетеді. Есеп-қисабы көп жұмысты да дөңгелетіп әкете алады. Жерді, табиғатты сүйгендіктен, көбінесе ауыл шаруашылығына байланысты мамандықтарды таңдайды.



**Арыстан** билік жүргізу үшін туған. «Сахнаның артындағы» рөлге олардың көңілі толмайды. Қошеметті, кейде ықыласты жақсы көреді, сол үшін жанын салып жұмыс істейді. Сүйікті ісі – театр. Арыстан үшін бүкіл өмір – үлкен сахна. Олар тың идеяларға бай жандар.



**Бикештер** редакторлық және зерттеу жұмысына бейім жандар. Бикеш жұлдызындағылардың көпшілігі жазумен айналысады, кейде зейінді бикештерден дәрігерлер, мұғалімдер, дәріхана және сервис қызметкерлері шығады. Жауапкершілігі мол, қателік жасамайды деуге болады.



**Таразы** адвокат, діни қызметкер болады. Олардың өмірінде сұлулық үлкен беделге ие. Бұл жұлдызда көптеген әртістер, суретшілер дүниеге келген. Тартымды таразылар адамдармен тез араласып кетеді, бірақ жұмыс орнының жағдайы әсер етпей қоймайды. Лас жерде жұмыс істеу олар үшін тозақпен тең.



**Сарышаяндар** бір-біріне ұқсай бермейді. Сондықтан оларды қызықтыратын ортақ істі бөліп айту оңай емес. Олар қиындығы мол күш-жігерлі, батылдықты талап ететін жұмыстарды тәуір көреді. Техника, физика, химия зертханаларында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге қызыға кіріседі. Психолог немесе оташы болуы да мүмкін. Жақсы спортшы да сарышаяндардың арасында көп кездеседі.



**Мерген** – терең ойлы жандар. Бұл жұлдыз көптеген философтар мен ойшылдарды өмірге әкелген. Жан-жануарды жақсы көргендіктен, мал дәрігері болған оң жамбасына оңтайлы. Еркіндікті сүйеді. Саяхатқа шығып, ел аралау – сүйікті ісі. Мекенжайын жиі ауыстырады.



**Тауешкі** белгісіндегілер өте еңбекқор. Соның арқасында жақсы кәсіпкер бола алады. Олар сәулет өнеріне бейім. Техниканы бүге-шүгесіне дейін біледі. Тауешкі үшін қызмет ауыстырмау – үлкен жетістік.



**Сұқұйғыштардың** арасында ақылдылар өте көп. Кез келген қызметте жетістікке жетері сөзсіз. Талғампаз Сұқұйғыштарда әртіске тән қасиет бар. Олар бірде өте сезімтал, кейде өте қатал болуы да мүмкін.



**Балықтар** екі бағытта жүзген екі балықты бейнелейді. Бірінші бағыттағылар мақсатына жетуге асығатын, тырысатын болса, екінші бағыттағылар арманшыл, қияли. Балықтардың өмірінде өнер үлкен мәнге ие. Бұл жандардың түсініктері мол және сезімтал. Олардан жақсы дәрігерлер, әсіресе психиатрлар, мұғалімдер, қоғам қайраткерлері шығады.

*http://www.info-tses.kz*

**2. Жоғарыда берілген мәтіндерден өз жұлдызнамаңызды табыңыз. Кестені толтырыңыз.**

| **Келісемін,** мен туралы дәл жазылған, тағы қосарым | **Келіспеймін,** мен мүлдем бөлек адаммын |
|---|---|
| .............................................................................. | .............................................................................. |
| .............................................................................. | .............................................................................. |
| .............................................................................. | .............................................................................. |

VIII БӨЛІМ

........................................................................ ........................................................................

........................................................................ ........................................................................

........................................................................ ........................................................................

........................................................................ ........................................................................

........................................................................ ........................................................................

........................................................................ ........................................................................

........................................................................ ........................................................................

........................................................................ ........................................................................

........................................................................ ........................................................................

........................................................................ ........................................................................

........................................................................ ........................................................................

........................................................................ ........................................................................

........................................................................ ........................................................................

**3. Мәтінге сүйене отырып, жұлдызнама белгілері туралы ақпарат жазыңыз.**

***мінезі қабілеті қызметі***

| | |
|---|---|
| Тоқты | ........................................................................<br>........................................................................ |
| Торпақ | ........................................................................<br>........................................................................ |
| Егіздер | ........................................................................<br>........................................................................ |
| Шаян | ........................................................................<br>........................................................................ |
| Арыстан | ........................................................................<br>........................................................................ |
| Бикеш | ........................................................................<br>........................................................................ |
| Таразы | ........................................................................<br>........................................................................ |
| Сарышаян | ........................................................................<br>........................................................................ |

| | |
|---|---|
| Мерген | ..................................................................................................................... <br> ..................................................................................................................... |
| Тауешкі | ..................................................................................................................... <br> ..................................................................................................................... |
| Сукұйғыш | ..................................................................................................................... <br> ..................................................................................................................... |
| Балық | ..................................................................................................................... <br> ..................................................................................................................... |

## ГРАММАТИКА

**1. Еске түсіріңіз!**

Кезектес салалас құрмалас сөйлем

295 - бет.

Жұлдызжорамалдағы болжамдар кейде тура келіп жатады, кейде сәйкес келмей жатады.
Олар бірде қалаға барғысы келеді, кейде өз жерінде қалуды ойлайды.

**2. Тиісті шылауды қойып, сөйлемді толықтырыңыз.**

*кейде, біресе, бірде, біресе, кейде,*

1. Оның дене қызуы кешелі бері біресе төмендейді, ..................... көтеріледі.
2. Жергілікті басылымдар жұлдызжорамалды бірде жариялайды, ................... жарияламай жатады. Өткен аптаның жұлдызжорамалын оқи алмадым.
3. Қазан айында ауа райы біресе жылы, ..................... суық болып тұр. Сондықтан турдың нақты күнін анықтай алмай отырмыз.
4. Ағылшын тілін үйрену мақсатында ол кейде музыка тыңдайды, ................... теледидардан жаңалықтарды көреді.
5. Халықаралық мұғалімдер күні кейде аталып өтіледі, ..................... ол туралы ұмытып кетіп жатамыз.

**3. Тиісті жалғаулықтарды жалғап, кезектес салалас құрмалас сөйлем жасаңыз.**

1. Құжатты/қазақ тілінде/орыс тілінде/дайындау.

*Құжат бірде қазақ тілінде, бірде орыс тілінде дайындалады.*

2. Орталық дүкен/ерте/кеш/ ашылу.

.....................................................................................................................................................



VIII БӨЛІМ

3. Олар/ телефон/Skype/ арқылы сөйлесу.

........................................................................................................................................................................

4. Бұл/оқиғаға/ сенерін/сенбесін/білмеу.

........................................................................................................................................................................

5. Ғаламтор/ әртістердің/өмірі/туралы/шын/жалған/ақпараттар/айтылу.

........................................................................................................................................................................

6. Спортшы/ жеңу/жеңілу.

........................................................................................................................................................................

## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Топтық жұмыс. Екінші топқа жұлдызнаманы жасырыңыз.**

| А тобының белгілері | Ә тобының белгілері |
|---|---|
| Тоқты | Таразы |
| Торпақ | Сарышаян |
| Егіздер | Мерген |
| Шаян | Тауешкі |
| Арыстан | Суқұйғыш |
| Бикеш | Балық |

**2. Тыңдаңыз.**
**Мәтін мазмұнына сәйкестендіріңіз.**

№30

| | | |
|---|---|---|
| Тоқты | Қиындықтардың шешімін уақытқа қалдырыңыз. | |
| Торпақ | Сейсенбіге дейін жұмыстарыңызды аяқтауыңыз керек. | |
| Егіздер | Мақсатқа жету үшін әрекет етіңіз. | |
| Шаян | Аптаны сабырмен қарсы алуыңыз керек. | |
| Арыстан | Адамдармен тіл табысуыңыз керек. | |
| Бикеш | Қиындықтарды сабырмен шешкеніңіз дұрыс. | |
| Таразы | Өз күшіңізге сенуіңіз қажет. | |
| Сарышаян | Дұрыс шешім қабылдауыңыз қажет. | |
| Мерген | Отбасыңызға көп көңіл бөлуіңіз тиіс. | |
| Тауешкі | Жақын адамдардың кеңесін тыңдағаныңыз абзал. | |
| Суқұйғыш | Ақшаны үнемдеп жұмсағаныңыз жөн. | |
| Балық | Қолдау көрсететін адам іздегеніңіз жөн. | |

**3. «Дұрыс», «Дұрыс еместігін» анықтаңыз.**

| | | Дұрыс | Дұрыс емес |
|---|---|---|---|
| Тоқты | Апта басында жұмыстар реттеледі. | | |
| Торпақ | Уақытты тиімді пайдаланыңыз. | | |
| Егіздер | Апта жаман жаңалықтармен басталады. | | |
| Шаян | Апта қалыпты өтеді. | | |
| Арыстан | Апта ортасында жұмысқа деген ынта азаяды. | | |
| Бикеш | Уақыт өте келе еш нәрсе түзелмейді. | | |
| Таразы | Жұмыстарды бітіріп алуы мүмкін. | | |
| Сарышаян | Тез жүріп, жұмыстарды аяқтайды. | | |
| Мерген | Апта соңында көп жұмыс болады. | | |
| Тауешкі | Ешқандай жетістіктер болмайды. | | |
| Суқұйғыш | Жеке өмірде жаңалықтар пайда болады. | | |
| Балық | Адамдардың бәрі қолдайды. | | |

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

**1. Оқыңыз. Мақалдың мағынасын есте сақтаңыз.**



– **Бақ шаба ма, бап шаба ма**,
сен қалай ойлайсың?
– Меніңше, бақ шабады.
– Неге?
– Қазақта **«Таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсін»** деп айтады ғой. Егер сенің бағың болса, үнемі жолың болады деген сөз.
– Онда, қай топтың бағы бар екенін қазір көреміз.

VIII БӨЛІМ

**2. Бөліктерді сәйкестендіріңіз.**

| | |
|---|---|
| 1. Аз сөз – алтын, | А. бап шаба ма? |
| 2. Жолы болар жігіттің | Б. көп сөз – көмір |
| 3. Бақ шаба ма, | Ә. жеңгесі шығар алдынан. |

**3. Төмендегі жағдайларда қандай мақал қолданар едіңіз.**

а) Үнемі жолы болатын, ойлаған жұмысы жылдам, тез арада мәселесі шешілетін адам туралы;

ә) Уақытты алып, көп сөйлемеу және белгілі бір мәселені нақты айту жағдайында қолданылатын мақал.

## АЙТЫЛЫМ

**1. Пікір таластырыңыздар.**

А) Екі топ құрыңыздар. Бірінші топ жұлдызжорамалға сенетіндер де, екінші топ – мүлдем сенбейтіндер. Екі топ өз көзқарастарын дәлелдеуі керек.
Төмендегі құрылымдарды пайдаланыңыз.

Мен келіспеймін, себебі ...

*Менің ойымша, ...*

*... деп ойлаймын*

*Мен келісемін, себебі ...*

*Меніңше, ...*

Ә) Рөл ауыстырыңыздар.

## ЖАЗЫЛЫМ

**1. Сіз жұлдызшысыз. Достарыңыздың жұлдызнамасын біліңіз де, бір аптаға арналған жұлдызжорамал жазып көріңіз.**

# IX БӨЛІМ




**1-**САБАҚ «Экспо Астана-2017»

**2-**САБАҚ Көрікті мекен

«Экспо Астана-2017»

# 1-САБАҚ



**1. Оқыңыз. Пікір білдіріңіз.**

## ЖҰЛДЫЗНАМА БОЙЫНША КІМ СІЗГЕ ЖАҚСЫ ЖАР БОЛА АЛАДЫ?

**ТОҚТЫЛАР**

Арыстан, Егіздер, Мергендермен жақсы отбасын құра алады.
Тауешкі, Шаян, Балық, Сарышаяндармен құрған шаңырақ сәтсіздікке ұшырайды.
Бикештер мен Торпақтармен тіл табыса алмайды.

1. Сіз қалай ойлайсыз? Осы рас па?
2. «Жұлдызы қарсы» деген жұлдызнамаға қатысты ма?
3. Жұлдызжорамал ғылым деп ойлайсыз ба?

**2. Пікір білдіріңіз.**

1. Қазақша жыл санау мен жұлдызжорамалдың байланысы бар ма?
2. Сіз қазақша жыл санауда кімсіз? Жұлдызжорамал бойынша кімсіз?
3. Екеуінің арасында ұқсастық бар ма?
4. Өзіңіз немесе жақын досыңыз туралы айтып бере аласыз ба?

**Үлгі:**

| Адам есімі | Қазақша жыл санау | Жұлдызжорамалда |
|---|---|---|
| Айдар | қой | сарышаян |
| | Сәл нәрсеге ашуланады, қисайған бетінен қайтпайды. Шешімді тым асығыс қабылдайды. | Адал дос бола алады. Достық үшін кез келген қиындықты жеңе алады. Өзіне жасалған жақсылықты, сыйлықты ұмытпайды, сондай-ақ біреудің тарапынан болған реніш пен сатқандықты ешқашан ұмытпайды. |
| ........................................... | | |
| ........................................... | | |

**2. Сөздермен танысыңыз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **көрме** | выставка | **дәстүр** | традиция |
| **халықаралық** | международный | **адамзат** | человечество |
| **дүниежүзілік** | всемирный | **жетістік** | достижение; успех |
| **көпес** | купец | **мақсат** | цель |
| **сауда** | торговля | **талап** | задача; ответственность; требование |
| **бастама** | начинание | **мамандандырылған** | специализированный |
| **оң нәтиже** | давать результат; иметь успех | **тамашалау** | восхищаться; восторгаться; любоваться; |
| **ұйымдастыру** | организовать | **жетілдіру** | совершенствовать |

**3. Сөйлемдерді толықтырыңыз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| оң нәтиже | мақсат | көрмесі | тамашалады |
| ұйымдастыру | Көпестер | Дүниежүзілік | жетілдіріп |

1. Жаңадан ашылған зауыт жұмысы ............... .......... беруде.
2. ........................ саудасын керуен арқылы жасаған.
3. Орталық мұражайда қазақстандық суретшілердің ............... ашылды.
4. Келесі айда өтетін семинарды ......................... қаржы бөліміне табысталды.
5. Көрмеге келген қонақтар XXI ғасырдың технология жетістіктерін ............
6. Әрбір адам алдына ......................... қойса, жұмысы нәтижелі болады.
7. Қазақстан ............................... сауда ұйымына мүше - ел.
8. Алған білімді үнемі ................................... отыру керек.

**4. Сәйкестендіріңіз.**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. | ~~халықаралық~~ | 1. | ~~әуежай~~ | 1.1 |
| 2. | дәстүр | 2. | жету | .................... |
| 3. | мамандандырылған | 3. | қалыптастыру | .................... |
| 4. | талап | 4. | көрме | .................... |
| 5. | сауда | 5. | өмірі | ..................... |
| 6. | бастама | 6. | жасау | .................... |
| 7. | жетістікке | 7. | көтеру | ................... |
| 8. | адамзат | 8. | ету | ................... |

**5. Жауап беріңіз.**
1. Сіз көрмелерге барасыз ба?
2. Қазақстан қандай халықаралық ұйымдарға мүше?
3. Дүниежүзіне танымал қандай адамдарды білесіз?
4. «Көпес» деген қазіргі кезде кімдер?
5. Сауда жасау барлық адамның қолынан келе ме?
6. Қазақстан қандай халықаралық деңгейде бастамалар көтеріп жүр?
7. Тіл үйренуде бір жылда оң нәтижеге қол жеткізуге бола ма?

## ОҚЫЛЫМ

**1. Жауап беріңіз.**

1. Сіз Францияға барсаңыз ең бірінші қайда барар едіңіз?
2. Эйфель мұнарасы қай жылы және қандай мақсатта салынды деп ойлайсыз?
3. Ең алғашқы Дүниежүзілік көрме қай елде және қай жылы болды деп ойлайсыз?

**2. Топтық жұмыс.**

Төмендегі адамдардың тарихтағы орыны туралы айтыңыздар.

| король Дагоберт | Генри Коул | Альберт Девиз | Джозеф Пакстон |  |
|---|---|---|---|---|
| | Наполеон III | | | |

IX БӨЛІМ

**3. Оқыңыз.**

## Дүниежүзілік көрмелер тарихы

Әлемнің әйгілі көрмелерінің алғашқысы «Foire de Saint Denis» деп аталады.Бұл көрме Париж маңында өткен. Әлемнің алғашқы көрмесінің негізін 629 жылы король Дагоберт қалаған. Ал 710 жылы осы көрмесі әлемнің 700-ден астам көпестерін жинаған.



**Бірінші дүниежүзілік көрме 1851 жылы Лондондағы Гайд саябағында өтті. Ол көрмені мемлекет қайраткері, кәсіпкер және дизайнер Генри Коул және Альберт Девиз ханзаданың бастамасымен өтті. Көрменің ұраны «Барлық елдердің ұлы ісі – адамзатты жетілдірумен айналысу» болды. Көрменің ең басты көрнекті ғимараты Джозеф Пакстон салған Хрусталь сарай болды. Ол сарай темірден және шыныдан тұрғызылған.**

Алғашқы көрме оң нәтижесін берген соң, 1855 жылы Наполеон ІІІ қайтадан көрме ұйымдастыруға жарлық береді. Сөйтіп 1867 жылы Париж қаласында Дүниежүзілік көрме өтеді. Франция астанасы көптеген жылдар бойы Дүниежүзілік көрме орталығы болады. 1989 жылы көрменің басты орталығы Эйфель мұнарасы болады. Ал 1900 жылы Париждегі көрмені 51 миллион адам тамашалаған. Бұл XIX ғасырдағы рекордтық сан еді. Дүниежүзілік көрмеге әр ел өз көрмесін арнайы павилиондарда көрсету дәстүрі басталды.

Әр жылдары көрмеде адамзат ойлап тапқан жаңалықтар көрсетіле бастады.

1904 жылы Американың Сан-Луис қаласындағы көрмеде келушілерге мұз қосылған шәй, балмұздақ және жаңа туылған нәрестелерге арналған инкубатор көрсетілді.

В 1939 жылы Нью-Йоркте телевидение тархиында радио жетістіктері мен алғақшы су трубинасы көрсетілді. Осы көрмеден кейін Дүниежүзілік көрменің қағидасы өзгертілді. Енді көрме нақты мәдени тақырыптарды қамтитын іс-шара болды. Технологиялық жетістіктер екінші орынға ауыстырылды.

1928 жылы Парижде Халықаралық көрмелер бюросы құрылды. Бюро жалпы, халықаралық және мамандандырылған көрме ұйымдастырумен айналысады.

*(http://kaztrk.kz)*

**4. Жауап беріңіз**

1. Алғашқы Дүниежүзілік көрме неге Францияда ұйымтастырылды деп ойлайсыз? Қандай себептері бар?
2. Төмендегі адамдар Дүниежүзілік көрме үшін не істеді? Кімнің еңбегі көп деп ойлайсыз?

| король Дагоберт | Генри Коул | Альберт Девиз | Джозеф Пакстон |
|---|---|---|---|
| | Наполеон ІІІ | | |

3. Алғашқы Дүниежүзілік көрмеде қандай жаңалықтар көрсетілді?
4. Бірінші ұйымдастырылған көрмелер мен 1939 жылдан кейінгі көрмелердің қандай айырмашылығы бар?

ІХ БӨЛІМ

**5. Жауап беріңіз.**

**ТӨМЕНДЕГІ САНДАР МӘТІНДЕ ҚАНДАЙ АҚПАРАТПЕН БАЙЛАНЫСТЫ?**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 629 | | 710 | | 1855 | |
| | 700 | | 1851 | | 1867 |
| 1989 | | 1900 | | 51 | |
| | 1904 | | 1939 | | 1928 |

**6. Топтық жұмыс.**

Мәтін бойынша екінші топқа 5 сұрақ дайындаңыз. Жауап алыңыз.

**7. Жауап беріңіз.**

1. «Астана ЭСКПО - 2017» мамандандырылған көрмесіне бардыңыз ба?
2. Қай елдердің павилиондарын араладыңыз?
3. Қай елдің павильоны ұнады? Неге?



**8. Оқыңыз.**

**«Астана ЭКСПО- 2017»** қызықты ақпараттар

көрмеге 178 елден адам келген



көрмені үш айдың ішінде 4 миллионға жуық адам тамашалаған



көрмені толығымен аралау үшін 96 сағат қажет екен





«ЭКСПО» аумағында 93 күннің ішінде 3,5 мың мәдени іс-шара өтті



«Нұр Әлем» павильонын салу үшін 13 мың тонна металл мен 2800 бірегей әйнек қолданылған



Сфераның жалпы аумағы: 22 мың шаршы метр.

көрменің барлық нысандарын салу үшін 56 мың тонна металл, 500 мың тонна бетон кеткен



EXPO 2017

«ЭКСПО»-ға 53 елдің мемлекет және үкімет басшылары келіп, көрменің құрметті қонағы болған





жұмыс істеген еріктілер саны – 4500



«ЭКСПО»-да үйлену туралы 88 ұсыныс жасалған

үш ай ішінде келушілер көрме аумағында 100 миллионнан астам суретке түскен



ғалымдар 153 ғылыми жаңалық ұсынған



33 мың әртіс өнер көрсеткен екен





(http://kaztrk.kz)

**9. Кестені толтырыңыз. Мысалдарды мәтінен алыңыз.**

| Кім? | Қашан? | Не? | Қандай? |
|---|---|---|---|
| ............................... | ............................... | ............................... | ............................... |
| ............................... | ............................... | ............................... | ............................... |
| ............................... | ............................... | ............................... | ............................... |
| ............................... | ............................... | ............................... | ............................... |

**10. Топтық жұмыс.**

Ақпаратты пайдалана отырып екінші топқа сұрақ қойыңыздар.

**А тобының ақпараты**




**Ә тобының ақпараты**




**11. Оқыңыз.**

## «Астана ЭКСПО-2017» шетелдіктер көзімен

«Біздің компаниямыз бұл жерде инновациялық жобаны таныстыруда. Біз ағынды суды қайта қолданумен айналысамыз. Мен Қазақстанға, Астанаға бірінші рет келдім. ЭКСПО-2017 маған қатты ұнады, басқа компаниялардан көп нәрсе үйрендім, әртүрлі презентациялар көрдім. Мен Қазақстанның павильонын көрдім, маған ол жер қатты ұнады. Экспозиция өте үлкен екен, мүмкін, ол ең үздік павильон шығар, бірақ маған Германияның павильоны - ерекше әсер қалдырды. Ол жерде көптеген әртүрлі технологиялар ұсынылған».

*Thermowatt компаниясының басқарушы директоры,* ***венгр Пал Кишке***

«Бұл ЭКСПО керемет! Ол Қазақстанды өзгертеді. Маған бұл жер қатты ұнады, бұдан бұрын Миландағы ЭКСПО көрмесіне қатысқанмын. Қазақстан ЭКСПО-ға дайындық барысында өте үлкен және жақсы жұмыстар атқарды. Менің ойымша, бұл көрме елге табыс алып келеді. Мен мұнда бір жылдан бері тұрып жатырмын, Италия павильонының құрылысы басталған кезде келген едім», - деді ол.

*Италия павильонының өкілі*
***Микеле Сальгарелло***

*Барлық құқықтар қорғалған. inform.kz белсенді сілтемені пайдаланыңыз http://www.inform.kz/kz/sheteldikter-ekspo-turaly-ne-deydi_a3036340*

IX БӨЛІМ

**12. Жауап беріңіз.**

1. Пал Кишкге Қазақстанның павильоны неге ұнады?
2. Микеле Сальгареллоның ЭКСПО туралы ойы қандай?

.............................................................................................................................................

.............................................................................................................................................

.............................................................................................................................................

.............................................................................................................................................

.............................................................................................................................................

.............................................................................................................................................

.............................................................................................................................................

**13. Жауап беріңіз.**

«ЭКСПО Астана-2017» туралы сіздің ойыңыз?




## ГРАММАТИКА

**1. Ережемен танысыңыз.**

| Күрделі сан есім | **301** - бет. |
|---|---|

*Асқар 1979 жылы дүниеге келген.*
*Олар 2016 жылы Астана қаласына көшіп келді.*

**1. Есте сақтаңыз.**

| | |
|---|---|
| 1 | бір жүз |
| 1 | он |
| 5 | бес |
| 115 | бір жүз он бес |

| | |
|---|---|
| 1 | бір мың |
| 2 | екі жүз |
| 2 | жиырма |
| 5 | бес |
| 1225 | Бір мың екі жүз жиырма бес |

| | |
|---|---|
| 1 | бір миллион |
| 2 | екі жүз |
| 5 | елу |
| 5 | бес мың |
| 400 | төрт жүз |

**1 255 400**

**2. Мәтінді оқып. Төмендегі кестені цифрмен толтырыңыз.**

Мен бір мың тоғыз жүз жетпіс тоғызыншы жылы дүниеге келдім. Бір мың тоғыз жүз сексен алтыншы жылы бірінші сыныпқа бардым. Мектепті бір мың тоғыз жүз тоқсан жетінші жылы аяқтадым. Абай атындағы Педагогикалық универсетке бір тоғыз жүз тоқсан сегізінші жылы бірінші курсқа қабылдандым. Екі мың екінші жылы аталған оқу орнын үздік дипломмен аяқтадым. Бір жылдан кейін екі мың үшінші жылы «Каскад» фирмасына жұмысқа тұрып, фирмада төрт жыл жұмыс істедім. Сосын басқа жұмысқа ауыстым.

| | |
|---|---|
| Туған жылы: | ........................................................................................................ |
| Мектепке барған жылы: | ........................................................................................................ |
| 11 сыныпты аяқтан жылы: | ........................................................................................................ |
| Студент болған жылдары: | ........................................................................................................ |
| Жұмыс атқарған жылдары: | ........................................................................................................ |

**3. Өзіңіз туралы ақпарат беріңіз. Сандарды цифрмен жазыңыз.**

| | |
|---|---|
| Туған жылыңыз: | ........................................................................................................ |
| Мектепке барған жылыңыз: | ........................................................................................................ |
| Мектепті аяқтаған жылыңыз: | ........................................................................................................ |
| Студент болған жылдарыңыз: | а) ....................................................................................................<br>ә) ....................................................................................................<br>б) .................................................................................................... |
| Жұмыс атқарған жылдарыңыз: | а) ....................................................................................................<br>ә) ....................................................................................................<br>б) .................................................................................................... |

**4. Жауап беріңіз.**

**1. Әлемнің алғашқы көрмесі қашан болды?**

**2. 710 жылғы көрмеге неше көпес келді?**



**3. Лондондағы Гайд саябағында көрме қай жылы өтті?**

**4. Наполеон III қайтадан көрме ұйымдастыруға қай жылы жарлық береді?**



**5. Париж қаласында қай жылы көрме өтті?**

**6. Эйфель мұнарасы қай жылы көрменің басты орталығы болды?**

**7. Париждегі 1900 жылғы көрмені неше адам тамашалады?**



**8. Мұз қосылған шәй және балмұздақ қай жылғы көрмеде ұсынылды?**



**9. Алғашқы су турбинасы қай жылы көрсетілді?**




**10. Халықаралық көрмелер бюросы қай жылы құрылды?**

IX БӨЛІМ

**5. Дүкендегі киімдер неше теңге тұрады? Бағаны сөзбен жазыңыз.**




1. мойынорағыш ........................................
2. жейде ........................................
3. жемпір ........................................
4. ерлер костюмі ........................................
5. әйелдер пальтосы ........................................
6. әйелдер кофтасы ........................................
7. ерлер бас киімі ........................................

**6. Сандарды цифрмен жазыңыз.**

1. «Астана ЭСКПО -2017» көрмесіне төрт миллионға жуық адам келген.
2. Астана қаласының тұрғыны лотерядан екі миллион бес жүз мың теңге ұтып алды.
3. Қазақстанның халқы он сегіз миллионнан астам.
4. Бейжің қаласында жиырма бір миллион он бес мың адам тұрады.
5. Түркияның астанасы Стамбул қаласында он үш миллион сегіз жүз елу төрт мың жеті жүз қырық адам тұрады.

**«Астана ЭСКПО -2017»** ........................................
**Лотерея** ........................................
**Қазақстан халқы** ........................................
**Бейжің** ........................................
**Стамбул** ........................................

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

**1. Оқыңыз.**



**Құрметті**
**ханымдар мен мырзалар,**
«ЭКСПО» қалашығына
қош келдіңіздер!

**2. Жаттығыңыз.**

| | | |
|---|---|---|
| **Құрметті** | оқушылар<br>қонақтар<br>қала тұрғындары<br>қала қонақтары<br>қазақстандықтар<br>Марат Оспанұлы<br>көрмеге қатысушылар | **«ЭКСПО»**<br>қалашығына<br>қош келдіңіздер! |

**3. Оқыңыз.**



Көрме туралы қызықты ақпарат бергеніңіз үшін

- алғыс айтамын!
- алғыс білдіремін!
- ризашылығымды білдіремін!
- алғысым шексіз!

**4. Жаттығыңыз.**
**Үлгі:**
Құрметті, Марат Оспанұлы бізге көмек көрсеткеніңіз үшін алғысымыз шексіз!

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Құрметті,*<br>................................<br>................................ | қол ұшын бергеніңіз<br>ақпаратпен таныстырағыныңыз<br>тыңдағандарыңыз<br>күтіп алғаныңыз<br>сенім білдіргеніңіз | **үшін** | алғыс айтамын!<br>алғыс білдіремін!<br>ризашылығымды білдіремін!<br>алғысым шексіз! |

IX бөлім

## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Жауап беріңіз.**

1. «Астана ЭКСПО -2017» туристерді несімен қызықтырды деп ойлайсыз?
2. Туристер басқа елге келгенде ең бірінші неге көңіл аударады?
3. Қазақстанға келген туристер Қазақстан халқы туралы қай сөзді жиі айтады деп ойлайсыз?

**2. Тыңдаңыз. Тиісті ақпаратты жазыңыз.** №31

1. Артур қай елде тұрады? ...........................................................................................
2. ЭКСПО аймағын сипаттайтын екі сөз ................................ ..............................
3. Астана туралы екі пікірді жазыңыз .................................. ..............................
4. Артурды қандай жай қуантты? .........................................................................

**3. Тыңдаңыз. Сұраққа жауап беріңіз.** №32

1. Ол Астанаға қашан келді?
2. Ол ең бірінші қай елдің павильонына барды?
3. Уале бұрын Астанада болды ма?
4. Оның ойынша Қазақстан қалай дамуда?
5. Қазақ халқы туралы қандай пікір айтты?
6. ЭКСПО туралы кімдерге айтқысы келеді?

**4. Тыңдаңыз. Ақпараттың дұрыс/бұрысын тексеріңіз.** №33

### «Нұр Әлем» павильоны

| реті | ақпарат | дұрыс | бұрыс |
|---|---|---|---|
| 1. | «Нұр Әлем» – Көрме кешенінің орталық элементі. | | |
| 2. | Бұл әлемдегі екінші сфералық ғимарат. | | |
| 3. | Сфералық ғимараттың диаметрі 80 метр. | | |
| 4. | Қазақстан павильоны 2 қабатта орналасқан. | | |
| 5. | Қазақстан павильонына келушілер елдің тарихы, мәдениеті, дәстүрі, көрікті жерлері туралы ақпарат алады. | | |
| 6. | «Нұр Әлем» Көрмеден кейін Ұлттық мұражай болады. | | |
| 7. | «Нұр Әлем» шолу алаңына баспалдақ арқылы көтеріледі. | | |

**5. «Нұр Әлем» павильоны туралы мәтінді қайта тыңдаңыз.**
**Төмендегі суреттер көмегімен павильон туралы айтып беріңіз.**






## АЙТЫЛЫМ

**1. Топтық жұмыс.**

Төмендегі сөздерді екінші топқа жасырыңыздар.

| *А тобының сөздері* | *Ә тобының сөздері* |
|---|---|
| Болашақ энергиясы | «Нұр Әлем» сферасы |
| 10 маусым | 10 қыркүйек |
| Корея | Үндістан |
| Павильон | Отшашу |
| Президент | Қонақтар |
| Қазақстандықтар | Шетелдік туристер |

**2. Ойын.**



### «Құпия сөйлем»

1. Әр тіл үйренуші Халықаралық көрме, Астана ЭКСПО көрмесі туралы бір сөйлем жазады.
2. Сөйлемдер қорапқа салынады.
3. Сөйлемді кезекпен алып оқыңыздар.
4. Әріптесіңіз қандай сөйлем алғанын білу үшін оған сұрақтар қойыңыз.
5. Ойын жасырын сөйлемге сай сұрақ қойылғанша немесе уақытқа ойналады.

IX БӨЛІМ

## ЖАЗЫЛЫМ

Сіз  жұмыс істейтін мекеме «Астана ЭКСПО-2017» көрмесінде көрме ұйымдастырмақшы. Сол іс-шараны ұйымдастыру сізге тапсырылды. Экспо қалашықтан көрме алаңын алу үшін төмендегі ақпаратты беруіңіз керек.

| | |
|---|---|
| *ТЕЛЕФОН | Телефон |
| *EMAIL | Email |
| *ШАРАНЫҢ ТОЛЫҚ АТАУЫ | Шараның толық атауы |
| *ШАРАНЫҢ ФОРМАТЫ | Шараның форматы |
| *ШАРАНЫҢ ШАМАЛАНҒАН КҮНІ | Шараның шамаланған күні |
| *ШАРА БАСТАЛУЫНЫҢ УАҚЫТЫ | Шара басталуының уақыты |
| *ШАРАНЫҢ ҰЗАҚТЫҒЫ | Шара ұзақтығы |
| *ҚОНАҚТАРДЫҢ САНЫ (ЕГЕР БІРНЕШЕ АЛАҢ БОЛСА, ЖАЛПЫ ҚОНАҚ САНЫН ЖӘНЕ ӘР АЛАҢҒА БӨЛЕК КӨРСЕТУ) | Қонақтардың саны (Егер бірнеше алаң бо) |
| *БАСҚА ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛМЕЛЕРДІҢ ҚАЖЕТТІ САНЫ | Басқа техникалық бөлмелердің қажетті са |
| *ПИРОТЕХНИКАНЫҢ БОЛУЫ | Пиротехниканың болуы |
| *ҚОСЫМША ҚЫЗМЕТ/СЕРВИСТІҢ КЕРЕКТІГІ | Қосымша қызмет/сервистің керектігі |
| *АЛАҢҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР | Алаңға қойылатын талаптар |

*Сұраным барлық ақпарат көрсетілген жағдайда ғана қарастырылады.

Жіберу

***https://expo2017astana.com/kz/page_id=1172***

# 2-САБАҚ



**1. Топтық жұмыс. Төмендегі ойларға пікір білдіріңіз.**

**Менің ойымша, «Астана ЭКСПО-2017» ...........................................**









- Жоғары деңгейде өтті
- Қазақстанға көп инвестиция алып келді
- Кәсіпкерлерге мүмкіндіктер берді
- Қазақстанды әлемге танытты

**Үлгі:**
Иә, менің ойымша «Астана ЭКСПО -2017» ........................................................
Жоқ, менің ойымша «Астана ЭКСПО -2017» ........................................................

**2. Сандарды табыңыз. Бар сандарды белгілеңіз. Жауап беріңіз.**




| | |
|---|---|
| 88 | v |
| 153 | |
| 51 | |
| 56 | |
| 2800 | |
| 2017 | |
| 93 | |
| 96 | |
| 178 | |
| 1928 | |

Бұл сандар «Астана ЭКСПО -2017» туралы қандай ақпарат береді?

### 3. Сөздермен танысыңыз.

| | | | |
|---|---|---|---|
| **киелі жер** | обетованная земля | **құмды тау** | песчанные горы |
| **көрікті мекен** | красивое место | **еске түсіру** | вспоминать |
| **үңгір** | пещера | **аралау** | посещать |
| **зиярат ету** | паломничество | **қыдыру** | гулять |
| **аңыз әңгіме** | легенда | **таулы аймақ** | горный местность |
| **жорық** | поход | **орманды алқап** | лесная полоса |
| **әулие адам** | святой человек | **сыр** | тайна/секрет |
| **Әуенді бархан** | Поющий бархан | **туристік бағыт** | туристический направление |
| **орталық** | центр | **шығын** | затрата |

### 4. Сәйкестендіріңіз.

| | | |
|---|---|---|
| зиярат | түсіру | 1........................................................ |
| аңыз | қыдыру | 2........................................................ |
| көрікті | ету | 3........................................................ |
| таулы | бағыт | 4........................................................ |
| орманды | әңгіме | 5........................................................ |
| туристік | мекен | 6........................................................ |
| еске | алқап | 7........................................................ |
| саябақта | аймақ | 8........................................................ |

### 5. Жауап беріңіз.

1. Егер сіз Қазақстан бойынша саяхат жасасаңыз қайда барар едіңіз?
2. Қазақстандағы қандай киелі орындарды білесіз?
3. Сізге таулы аймақ ұнай ма әлде орманды жерлер ұнай ма? Демалысыңызды қайда өткізер едіңіз?
4. Соңғы рет қашан саяхат жасадыңыз? Еске түсіре аласыз ба?

### 6. Топтық жұмыс.

1. Төрт топқа бөлініңіздер.
2. Өз кестелеріңізді толтырыңыздар.
3. Басқа топпен ақпаратпен бөлісіңіздер.

Шет елден келген қонаққа қандай көрікті орындарды көрсетер едіңіз?

| | |
|---|---|
| Оңтүстік тобы | ....................................................................................................<br>.................................................................................................... |
| Солтүстік тобы | ....................................................................................................<br>.................................................................................................... |
| Батыс тобы | ....................................................................................................<br>.................................................................................................... |
| Шығыс тобы | ....................................................................................................<br>.................................................................................................... |

**7. Жауап беріңіз.**

1. Суреттердегі жерлер Қазақстанның қай аумағында орналасқан?
2. Олар қалай аталады?
3. Сіз ол жерлерде болдыңыз ба?


№1


№2


№3


№4


№5


№6


№7


№8


№9


~~№10~~


№11


№12

**Үлгі:** № 10.
Батыс Қазақстан Ақтау қаласы. Каспий теңізінің жағасы. Ол жерде болдым/болған жоқпын. Маған Каспий теңізі ұнады/ұнамады, себебі..............................

## ОҚЫЛЫМ

**1. Жауап беріңіз.**

Сіз төмендегі жерлердің қайсысына барар ердіңіз? Неге?


№1


№2


№3

**2. Пікір білдіріңіздер.**

1. Туристік орын мен киелі орынның қандай айырмашылығы бар?
2. «Зиярат ету» дегенді қалай түсінесіз?

**3. Оқыңыз.**

## Әуенді бархан





Белгілі “Әуенді бархан” құмды тауы Алматы облысында орналасқан. Алматы қаласынан 182 шақырым. Оның биіктігі 120 метр және шамамен 3 шақырым. “Әуенді бархан” құмды тауы Үлкен және Кіші Қалқан таулары арасында орналасқан. Бұл құмды тау ұсақ таза құмнан тұрады. Жел болғанда тау “ән” салып, даусы бірнеше шақырымға жетеді және органның даусын еске түсіреді. Ол жерде таңертең күннің шығуын және кешке күннің батуын тамашалауға болады. Сондай-ақ күні бойы тау жоталарын аралап, жаяу немесе атпен саяхат жасауға болады.

**4. Жауап беріңіз.**

1. Әуенді бархан деп аталу себебі неде?
2. Сипаттамасы: ..........................................................................................
3. Географиялық орналасуы: ...........................................................................
4. Ол жерде туристер не істей алады?

**5. Оқыңыз.**

## «Ақмешіт» үңгірі





Оңтүстік Қазақстан облысында киелі мекендер мен көрікті жерлер көп. Солардың бірі – Бәйдібек ауданындағы «Ақмешіт» үңгірі. Үңгір Шымкенттен шамамен 70-80 шақырым жерде орналасқан. Ақмешіт үңгірі жергілікті халық арасында киелі үңгір болып саналады. Адамдар күні-түні Алладан перзент сұрап немесе қиындықтан шығудың жолын тілеп зиярат ету үшін және турист ретінде келеді.

Үңгірдің ұзындығы – 120 метр, ені – 60-80 метр, биіктігі шамамен – 35 метр, төбесі күмбезге ұқсайды. Бұрын үңгір ішінде жабайы жүзім мен бүлдірген өскен екен.

### *«Ақмешіт» үңгірі жайлы аңыз әңгімелер*





*Есіркен Қойкелді батыр жорыққа дайындалып жатқанда нөсер жаңбыр жауады. Сонда ол 10 мыңнан астам әскермен үңгірге түскен.*

*Содан кейін жауынгерлердің бірі: «Бұл үңгірді Есіркен немесе Қойкелді деп атайық» деп ұсыныс айтады. Сонда батыр қарсылық білдіреді. «Бұл үңгір бізді жаңбырдан қорғады, таңғы намазымызды оқуға жағдай жасады, тастары да аппақ екен, сондықтан бұл жерді енді «Ақмешіт» деп атайық» дейді.*

*Бұл жерде айдаһар мекендеген дейді. Айдаһар халыққа маза бермепті. Ашуланған халық Ақмешіт әулиеге келіп «білімінің күшімен айдаһарды байлап тасташы» деген өтініш айтады. Сонда Ақмешіт әулие : «Жарайды, айдаһарды байлап тастайын, алайда мен ұрпақсыз қаламын» деп қайғырыпты. Ол өзін емес, халықты ойлайды. Сөйтіп айдаһарды ілімінің күшімен бағындырған екен. Ақмешіт әулие денесін осы үңгірдің ішіне жерлеген екен. Сол себепті үңгір «Ақмешіт» деп аталған екен.*



*мәтін авторы: Әйгерім Бегімбет*
https://www.nur.kz/866165-alladan-perzent-surap-keletin-shymken.html

### 6. Мәтінен мағыналас сөздерді табыңыз.

| | | | |
|---|---|---|---|
| *қасиетті* | ........................... | *сарбаз* | ........................... |
| *болып табылады* | ........................... | *мүмкіндік беру* | ........................... |
| *нәресте* | ........................... | *тыныштық бермеу* | ........................... |
| *құлшылық ету* | ........................... | *мұңаю* | ........................... |
| *шайқас* | ........................... | *білім* | ........................... |

### 7. Төмендегі сандар мәтіндерде қандай ақпарат береді?

| | | | |
|---|---|---|---|
| 120 | | 3 | 182 |
| | 70 | | |
| 80 | | 60 | |
| | | | 35 |

### 8. Жауап беріңіз.

1. Жергілікті халық үшін Ақмешіт қандай жер?
2. Адамдар қандай мақсатпен келеді?
3. Қойкелді батырдың үңгірге түсу себебі неде?
4. Батыр жауынгерге не үшін қарсылық білдірді?
5. Қойкелді батыр үңгірді неге «Ақмешіт» деп атады?
6. Халық Ақмешіт әулиеге не себепті келді?
7. Сізге қай аңыз ұнады? Неге?
8. Қай аңыз шындыққа жақын деп ойлайсыз? Себебі?

### 9. Жауап беріңіз.

Қазақстандағы жерлер туралы аңыздар білесіз бе?

## ГРАММАТИКА

**1. Ережемен танысыңыз.**

Мезгіл үстеу

**302** - бет.

*Олар күні бойы жолда болды.*
*Асан Түркістан қаласына таңертең шығады.*

**2. Тиісті сөзді жазыңыз.**

ТҮН ТАҢЕРТЕҢ ТҮС КЕШ

   

............................ ............................... ................................ ..............................

**3. Жауап беріңіз.**

Қай уақыт?

ТҮН ТАҢЕРТЕҢ ТҮС КЕШ

1. Ол таңға дейін ұйықтаған жоқ, себебі ол емтиханға дайындалды. Ол қашан ұйықтаған жоқ?
2. Сағат түскі 12:00 болды. Асқар бұнда 3 сағат бұрын келді. Ол қашан келді?
3. Арман мектепте екінші ауысымда оқиды. Ол мектепке қашан барады және қашан қайтады?

**4. Сәйкестендіріңіз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. таңертеңнен | 1. бойы | | |
| 2. кешке | 2. жаздай | | |
| 3. түні | 3. дейін | | |
| 4. ала | 4. бері | | |
| 5. кешке | 5.қарай | | |

**5. «Қашан?» сұрағына жауап беретін сөздердің астын сызыңыз.**

1. Қонақтар кешке қарай келетіндерін айтты.
2. Оқушылар жаз бойы демалыста болды.
3. Астана қаласына маусымда келетінін айтты.
4. Ол таңнан бері жол жүріп келеді.
5. Асқар емтиханға дайындалу үшін түні бойы ұйықтаған жоқ.
6. Олар бүгін Орталық мұражайға баратын болды.
7. Астана қаласында өткен жылы қар қалың жауды.
8. Биыл тест тапсырған студенттер саны былтырғыдан екі есе көп.

**7. Жауап беріңіз.**
Олар қашан теледидар көреді?

| Адамдар | Бағдарлама | Қашан көреді |
| --- | --- | --- |
| Дәулет | Футбол | **21:00- дүйсенбі** |
| | КТК (КВН) | **19:00- сәрсенбі** |
| Айдар | «Айтуға оңай» | **20:00- сәрсенбі/бейсенбі** |
| | Жаңалықтар | **08:00- жұма, сенбі** |
| Самал | Таңшолпан | **07:00- күнде** |
| | «Ас дәмді болсын» | **10:00- сейсенбі, жексенбі** |
| Сырым | Мультфильм | **17:00- күнде** |
| | Сериал | **12:00- сенбі, жексенбі** |

**Үлгі:** *Дәулет дүйсенбіде кешке қарай футбол қарайды.*

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...









**Мешітке, шіркеуге, кесенеге** (қайсысы табылса да) адамды кіргізбей тұрған күзетші сурет керек.

**– Айып етпеңіз, мұнда орамалсыз кіруге болмайды?**

## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Жауап беріңіз.**

Бұл тастар Қазақстанның қай аймағында деп ойлайсыз?
Олар қалай пайда болуы мүмкін?
Адамдар қолдан жасауы мүмкін бе?





**2. Тыңдаңыз. Жауап беріңіз.** №34

1. Мекен қалай аталады? ..............................................................................
2. Бұл тастар қайда орналасқан? ..................................................................
3. Мекеннің ғажаптығы неде? .......................................................................
4. Тастар неге ұқсайды? 1 ........................... 2 ...................... 3......................
5. Ғылыми тұрғыдан алғанда тастар қалай пайда болған? ..............................
6. Тастардың пайда болуын ғалымдар қалай атайды? ......................................

**3. Мәтінді қайта тыңдаңыз. Тисті сөзді жазыңыз.**

Аңыз бойынша, баяғы бір ...................... Маңғыстау жеріне мыңдаған жау әскері ...................... Жергілікті ...................... оларға қарсы тұра алмасын біліп, Жаратушыға дұшпан ................. тасқа айналдыруын сұрап жалбарынған ..................... Сол сәтте күн күркіреп, найзағай ойнап, арам ниетпен келген қалың қол түгелдей .................... болып қатып қалған деседі.

**4. Тыңдаңыз. Жауап беріңіз.** №35

1. Мәтін не туралы? ..........................................................................................
2. Қазақстанның қай бөлігі туралы айтылады? ............................................
3. Бұл жерде қандай атақты орындармен салыстырады? ..........................
4. Аталған жер мемлекет қарауында ма? ........................................................
5. Бұл жерді қорғау үшін жұмыстар жүргізіліп жатыр ма? .......................

**3. Мәтінді қайта тыңдаңыз. Ақпаратты анықтаңыз.**

| реті | ақпарат | дұрыс | бұрыс |
|---|---|---|---|
| 1. | Суреттер 2008 жылы табылды. | | |
| 2. | Торғай свастикасы, Үштоғай шаршысы, Бестам шеңбері, Қоғай кресті, Ашутас кресті сынды бейнелер ең үлкені. | | |
| 3. | Суреттерді биіктен көру мүмкін емес. | | |
| 4. | Торғай халқы бұл туралы бұрынан білген. | | |
| 5. | Ол жерде көлікпен жүруге, мал жаюға тиым салынған. | | |

**4. Жауап беріңіз.**

1. Қай жерді халық көп біледі?
2. Қай аймақ мемлекет қорғауында?
3. Қай жер туралы аңыз бар?

## АЙТЫЛЫМ

**1. Пікір білдіріңіздер.**

Қазақстанның табиғаты тамаша. Демалатын орындар өте көп, алайда көптеген қазақстандықтар ол жерлерді біле бермейді. Себебі неде деп ойлайсыз?

Қазақстанның табиғаты тамаша. Демалатын орындар өте көп, алайда көптеген қазақстандықтар шет елге барып демалуды жөн көреді. Себебі неде деп ойлайсыз?

## ЖАЗЫЛЫМ

**Қазақстандағы өзіңіз білетін бір көрікті жер туралы ақпарат жазыңыз**

### МЕН **БІЛЕТІН** ЖЕР

| | |
|---|---|
| Атауы | ........................................................................................................ |
| Орналасқан аймағы | ........................................................................................................ |
| Сипаттамасы | ........................................................................................................ |
| Қалай баруға болады? | ........................................................................................................ |
| Туристер не істей алады? | ........................................................................................................ |
| Ол жер туралы аңыз бар ма? | ........................................................................................................ |

# X БӨЛІМ



**1-**САБАҚ Мемлекеттік қызметші этикасы

**2-**САБАҚ Әріптес және достық

# ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭТИКА

## Мемлекеттік қызметші этикасы

## 1-САБАҚ



**1. Оқыңыз. Пікір білдіріңіз.**

Сіз ҚАЛАЙ ОЙЛАСЫЗ?



Қазақстанда көрікті жерлер өте көп, алайда оларға бару өте қиын. Себебі ол жерлерге дейін жол қатынасы өте қиын.

Қазақстанда демалатын орындар жеткілікті, алайда туристік қызмет көрсету сапасы төмен.

Қазақстанның әдемі жерлері баршылық, алайда олар тым алыста. Жол жүруге көп уақыт кетеді.

Демалыс орындары мен жол жүру тым қымбат, сондықтан кейбір адамдар арзандау шет елдерге барады.

**2. Сырым туралы ақпарат беріңіз. Сағаттың орнына уақытты білдіретін сөздерді пайдаланыңыздар.**

### Сырымның **бір** күні

**Таңертең**  **түске дейін**  **түстен кейін**  **кешке дейін**  **кешке қарай**  **түнде**



**22:00**
Футбол қарау

**18:00-19:00**
Отбасымен тамақтану

**15:00-16:30**
Келісімшарт жасау

Сағат **06:00-06:30**
Жүгіру

**Сағат 9:00-11:00**
Жиналыс, әріптестермен кездесу, хатқа жауап беру

**22:00**
Футбол қарау

**07:00**
Кофе ішу

**07:00**
Жаңалықтар тыңдау

**08:00**
Жұмысқа бару

X БӨЛІМ

### 3. Сөздермен танысыңыз.

| | | | |
|---|---|---|---|
| мемлекеттік қызметші | **государственный служащий** | шектен тыс шығу | **черезмерный** |
| назар аудару | **обратить внимание** | сенімді болу | **быть уверенным** |
| қоғам мүшелері | **члены общество** | шыдамсыздық | **нетерпение** |
| адамгершілік | гуманизм; **гуманность; человечность** | екіжүзділік | **двуличие; лицемерие** |
| мейірімділік | **доброта; ласковость; милосердие;** | өтірік айту | **лгать; говорить неправду** |
| адалдық | **честность** | мансап | **карьера** |
| өзін-өзі ұстай білу | **держать себя сответсвенно** | тәкаппарлық | **высокомерность** |
| сыртқы бейне | **внешний вид** | талап қою | **предъявлять требование** |
| қажымас еңбек | **работать без устали** | бедел | авторитет; почет; репутация; уважение |
| әділдік | **справедливость** | сыпайы | **вежливый** |

### 4. Тиісті сөзді жазыңыз.

**Өз-өзін ұстау білу қажымас еңбек өтірік айту екіжүзділік әділдік назар аудару**

1. көп еңбектену ..................................................................................
2. бір нәрсеге көңіл аудару ..................................................................................
3. үнемі шындықты жақтау/айту ..................................................................................
4. ісі мен әңгімесі сай емес ..................................................................................
5. шындық жасыру ..................................................................................
6. кез келген орында өзін қадағалау ..................................................................................

### 5. Топтық жұмыс. Екінші топқа сөзді айтыңыздар. Олар сөз тіркесін жасайды.

| А тобының сөздері | Ә тобының сөздері |
|---|---|
| мемлекеттік | қажымас |
| талап | сыртқы |
| өтірік | қоғам |
| сенімді | назар |
| шектен тыс | өзін-өзі |

### 6. Тиісті қатарды таңдаңыз.

Жұмыста **бедел** жинау үшін:

| | |
|---|---|
| жұмысқа кешігу | |
| үнемі сұранбау | |
| уақытында жұмысқа келу | |
| тапсырылған жұмысты уақытында орындау | |
| әріптестермен үнемі амандасу | |
| әріптестермен жақсы қарым-қатынаста болу | |
| жұмыстастар туралы өсек айту | |
| әріптестерге үнемі көмек беру | |
| «ренжіме, уақытым жоқ», «кейінірек көмектесейін» деген сөздерді жиі айту | |

**7. Топтық жұмыс. Пікір білдіріңіздер.**

Жұмыста **құрметті, сыйлы** қызметкер болу үшін ..........

| не істеу керек? | не істемеу керек? |
|---|---|
| ........................................................................................................ | ........................................................................................................ |
| ........................................................................................................ | ........................................................................................................ |
| ........................................................................................................ | ........................................................................................................ |
| ........................................................................................................ | ........................................................................................................ |

**8. Жауап беріңіз.**

Сіз **не** істер едіңіз?

**1. Әріптесіңізден кеңес сұрау керек болды, алайда ол тұтынушымен сөйлесіп отыр. Сіз:**
а) кешірім сұрап, сөздерін бөлесіз
б) тұтынушы кеткен соң келесіз
**2. Таңертең жұмысқа келгенде:**
а) барлық әріптестермен амандасасыз
ә) бәріне амандасу міндетті емес
б) тек көрген адамдармен ғана амандасасыз
**3. Сіз жақын араласпайтын әріптесіңіз жұмыс барысында сіздің «иығыңыздан қақты»**
а) менде оның иығынан қағамын
ә) таңқаламын, үндемеймін
б) екінші рет олай істеуді сұраймын
**4. Сіз бастықпен бір жобаны талқылап жатырсыз. Сол кезде әріптесіңіз келді. Сіз:**
а) әңгімені тоқтатамын
ә) басқа әңгіме бастап кетемін
б) оның шығып кетуін сұраймын
**5. Сіздің жұмыс телефоныңызға біреу қателесіп қоңырау шалды. Сіз:**
а) қателескені туралы айтып түсіндіремін
ә) телефон тұтқасын қоя саламын
б) екінші рет нөмерді дұрыс теруін өтінемін
**6. Маңызды келіссөзге кешігіп келе жатырсыз. Кіреберісте бір адаммен қақтығысып қалдыңыз. Сіз:**
а) оған жол беріп, өткізіп жіберемін
ә) ештең айтпай, өзім бірінші өтіп кетемін
б) екінші рет көзіне қарап жүруін айтып, өзім бірінші өтемін
**7. Сіздің бөлімге жаңа маман келді. Оны ең бірінші кіммен таныстырасыз?**
а) барлық әріптестермен таныстырамын
ә) өзі танысып алады
б) тек басшылармен таныстырамын
**8. Жаңа жылдық мерекеде жақсы араласпайтын әріптестеріңіздің жанынан орын бөлінді. Сіз:**
а) орнымды ауыстыруды сұраймын
ә) олармен жақын танысуға тырысамын

## ОҚЫЛЫМ

**1. Пікір білдіріңіз.**

**Мемлекеттік қызметші үшін не маңызды?**

Мінезі жақсы болу керек

Өз ісін жақсы білу керек, мінезі маңызды емес

**2. Оқыңыз.**



Мемлекеттік қызметшілердің этикасы – басты назар аударатын мәселе. Мемлекеттік қызметкер әр түрлі қоғам мүшелерінің өкілдерімен жұмыс істейді, сол себепті аса үлкен дайындықпен қызмет атқаруы тиіс. Сонымен қатар адамгершілік құндылықтар, адамға деген мейірімділік, оның жанын түсіну, көмек беруге ұмтылу, әр жұмысына адал болу және т.б. адамгершілік қасиеттері – оның басты этикалық құндылықтары болып табылады. Қызмет орнында өзін-өзі ұстай білуге, сыртқы бейнесін мен киімінің тәртіпке сай болуын қадағалау, қимыл-әрекеттерін әңгіме кезінде қолдана білуге, анық әрі түсінікті, жүйелі түрде сөйлей білуге – мемлекеттік қызметшінің және жалпы қызметкердің басты назар аударуы тиіс.

*https://massaget.kz/jigitterge/syin_sagatta/juz_jagday/34217/*

**3. Жауап беріңіз.**

1. Мемлекеттік қызметші неге өз жұмысын үлкен жауапкершілікпен атқару керек?
2. Мемлекеттік қызметшінің қандай этикалық құндылықтары болу керек?
3. Жұмыс барысында неге басты назар аударуы тиіс?

**4. Оқыңыз.**



Мемлекеттік қызметші үшін өзіне шектен тыс сенімді болу, қызметтестеріне, бағыныштылары мен келушілерге шыдамсыздық көрсету – үлкен қателік. Мемлекеттік қызметшінің шыншыл болуы – оның маңызды моральдық қасиеті болып табылады. Ол екіжүзділікке, өтірік айтуға, жұмысты жеке мақсаты, мансабы үшін пайдалануға болмайды. Мемлекеттік қызметшіге тәкаппарлық жараспайды. Қоғамдық пікірді есепке ала отырып, өз – өзіне жоғары талап қоя білу мемлекеттік қызметшінің өзін – өзі ұдайы жетілдіруі болып табылады. Талап қоя, сұрай білу де – мемлекеттік қызметшінің кәсіптік имиджінің бірі.

Мемлекеттік қызметшіге қажет бір қасиет – тыңдай білу. Тыңдай білу сөйлеушінің сөзін бөлмей мақұлдау ғана емес, оның ойына, сезіміне ортақтасу. Сөйлеп отырған адамға тыңдаушының бет құбылысы: бейтарап отыр ма, жалығып кетті ме, әлде қызығып, көмектесуге дайындалуда ма бәрі әсер етеді. Қызметшінің жеке бас проблемасы әңгімелесушінікіне қарағанда күрделі, қиын мәселе болса да, ол тыңдаушы ретінде өз проблемасын естен шығара тұруы тиіс. Мемлекеттік қызметшінің өз беделі – өз ісін терең білуі мен қажымас еңбек, адалдық пен әділдік арқылы келеді. Мемлекеттік қызметшінің басты қызметі – «адам факторымен» жұмыс істей білушілік.

*https://massaget.kz/jigitterge/syin_sagatta/juz_jagday/34217/*

**5. Тиісті ақпаратты жазыңыз.**

1. Мемлекеттік қызметші жіберуге болмайтын екі қателіктер:
– ..........................................................................................................................
– ..........................................................................................................................
2. Жұмысты пайдалануға болмайтын екі нәрсе:
– ..........................................................................................................................
– ..........................................................................................................................
3. Мемлекеттік қызметшіге тән емес үш қасиет:
– ..........................................................................................................................
– ..........................................................................................................................
– ..........................................................................................................................
4. Тыңдай білуге қатысты 3 маңызды нәрсе:
– ..........................................................................................................................
– ..........................................................................................................................
– ..........................................................................................................................
5. Мемлекеттік қызметі тыңдаушы тарапыннан бақылайтын 3 нәрсе
– ..........................................................................................................................
– ..........................................................................................................................
– ..........................................................................................................................
6. Мемлекеттік қызметші бедел жинау үшін:
– ..........................................................................................................................
– ..........................................................................................................................
– ..........................................................................................................................

**6. Пікір білдіріңіз.**

Мемлекеттік қызметшілерге **қандай талаптар** қойылу керек?

## ГРАММАТИКА

**1. Ережемен танысыңыз.**

Септеулік шылаулар **302 - бет.**

*Жұмыста беделге ие болу үшін көп еңбектену керек.*
*Олар Астана арқылы Көкшетау қаласына кетті.*

**2. Тиісті шылауды жазыңыз.**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| кейін | сайын | кейін | туралы | жайлы |
| арқылы | тәрізді | үшін | қарай | соң |
| | | дейін | | |

1. Әріптестермен жақсы қарым-қатынаста болу ........... олармен жақсы араласу керек.
2. Олар келген хаттарға күн ................ жауап береді.
3. Асқар жұмыс ................. хабарландыруды газеттен алды.
4. Қайыңды, Көлсай көлдеріне Саты ауылы ............... баруға болады.
5. Қазақстанның киелі жерлері ................ көптеген аңыздар бар.
6. Жасыбай көлі жанындағы тастар қолдан жасалған мүсіндер ....................
7. Олар түске ...................... қалаға келетіндерін айтты.
8. Әуенді барханда кешке ................. күннің батуын тамашалауға болады.
9. Туристер түстен ................... тау ішін аралау турына жазылды.
10. Қазақстанға саяхат жасағаннан ..................олар ерекше әсерде болды.

**3. Сәйкестендіріңіз.**

| | |
|---|---|
| 1. Бір нәрсе туралы ақпарат беру | 1. тәрізді, секілді |
| 2. Бір нәрсенің көмегі арқылы екінші әрекетті жасау | 2. кейін, соң |
| 3. Белгілі бір уақыт, іс-әркет әлі болған жоқ, алайда болады | 3. арқылы |
| 4. Белгілі бір уақыт, іс-әркет болды, нәтиже бар | 4. жайлы, туралы |
| 5. Бір нәрсенің екінші нәрсеге ұқсауы | 5. қарай, таман |
| 6. Әрекетті біріге атқару | 6. дейін, шейін, |
| 7. Белгілі бір орынға, уақытқа жақындау | 7. бірге |

**4. Топтық жұмыс.**
Екінші топқа сұрақтарды қойып жауап алыңыздар. Жауапта міндетті түрде шылаулар қолданылу керек.

| А тобының сұрақтары | Ә тобының сұрақтары |
|---|---|
| 1. Жақсы маман болу үшін не істеу керек? | 1. Сіздерде жиналыс түске дейін бола ма? |
| 2. Күн сайын айлық алу мүмкін бе? | 2. Кешке қарай күннің батуын тауда көрдіңіздер ме? |
| 3. Қазақстанның киелі мекендері туралы аңыз білесіздер ме? | 3. Жұмыс уақытынан кейін қаласыздар ма? |
| 4. Бәйтерекке лифт арқылы көтерілдіңіздер ме? | 4. Шетелдік компаниялармен бірге жұмыс істейсіздер ме? |
| 5. Мемлекеттік қызметші этикеті жайлы қандай кітаптар оқыдыңыздар? | 5. Сабақтан кейін қайда барасыздар? |

**5. Топтық жұмыс.**

Бірінші топ бір ойды айтады. Екінші топ жалғастырады.

| А тобы | Ә тобы |
|---|---|
| 1. Қазақ тілін үйрену үшін | ................................................................ |
| 2............................................................ | ................................................................ |
| 3............................................................ | ................................................................ |
| 4............................................................ | ................................................................ |
| 5............................................................ | ................................................................ |

X БӨЛІМ

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...



Қоңырау шалғаныңыз үшін **алғыс білдіремін!** Сізбен **міндетті түрде** хабарласамыз!

**Көңіл қойып тыңдағандарыңызға** рақмет!





**Құрметті,** Сырым Қалайбердіұлы! Мерейтойыңыз құтты болсын! Шын жүректен құттықтаймын!

## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Жауап беріңіз.**

1. Өзін-өзі ұстау неден басталады деп ойлайсыз?
2. Жұмыста кім кімге бірінші және қалай амандасу керек?
3. Мемлекеттік қызметішінің киімі қандай болу керек?
4. Жақсы сөйлеуге үйрену үшін не істеу керек?

**2. Тыңдаңыз. Айтылған ақпаратты белгілеңіз.** №36

| Ақпарат | |
|---|---|
| Амандасу этикеті туралы | |
| Тұтынушымен жақсы қарым-қатынас туралы | |
| Сыртқы келбет, киім жайлы | |
| Мемлекеттік қызметішінің мінезі туралы | |
| Сөйлеу өнері туралы | |
| Әріптестермен жақсы қарым-қатынас орнату туралы | |
| Белсенді тыңдау | |

**3. Ақпаратты қайта тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Бағыныштты адам кімге амандасады?
2. Көптеген елдерде тұрмыстағы әйел адаммен қалай амандасады?
3. Қандай қызметкер сенімге тез ие болады?
4. Сауатты сөйлеуді үйрену үшін не істеу керек? 3 дәлел жазыңыз.

- ...............................................................................................................................................
- ...............................................................................................................................................
- ...............................................................................................................................................

5. Сізді ынтамен тыңдай үшін сіз не істеуіңіз керек?

## АЙТЫЛЫМ

**1. Топтық жұмыс.**

А) Төмендегі ойлармен келісесіздер ме, келіспейсіздер ме? Неге? Нақты дәлел келтіріңіздер.

| А тобы | Ә тобы |
|---|---|
| 1. Әр қызметкер өзіне ұнаған киімін кию керек. | 1. Жиналыс кезінде өз пікіріңді ашық айту керек. |
| 2. Әріптестермен үнемі пікірталас жасап тұру керек. | 2. Әріптестерге үнемі көмектесу керек. |
| 3. Берілген тапсырманы жұмыс уақытында үлгермедіңіз. Жұмыстан кейін қалып істеу керек | 3. Жұмысқа қай уақытта келу, кету маңызды емес, ең бастысы жұмысты уақытында аяқтау керек. |
| 4. «Тұтынушы үнемі дұрыс айтады» | 4. Басшының айтқаны әрқашан дұрыс |

Ә) Мемлекеттік қызметші жұмысқа орналаспас бұрын, жұмыс этикасы, адамдармен қарым-қатынас жасау секілді арнайы курстардан өту керек.

## ЖАЗЫЛЫМ

**1. Сұрақтар бойынша өз ойыңызды жазыңыз.**

1. Мемлекеттік қызметшіге қандай талаптар қойылу керек?
2. Қызметкер өзін-өзі дамыту үшін не істеу керек?
3. Әріптестермен дос болуға бола ма?

# ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭТИКА

## Әріптес және достық

## 2-САБАҚ



**1. Жауап беріңіз.**

1. Сіз кім болып қызмет атқарасыз?
2. Қандай бөлімде қызмет атқарасыз?
3. Сіз тұтынушылармен жұмыс істейсіз бе, әлде қағаз жұмыстармен айналысасыз ба?
4. Қандай бөлімге жиі барасыз? Кадрлар бөлімі, есеп бөлімі
5. Жеке кабинетте отырасыз ба, әлде әріптестермен бірге отырасыз ба?
6. Жұмысыңыз өзіңізге ұнай ма?

**2. Пікір білдіріңіз. Сіз қалай ойлайсыз?**

Әріптестермен бірге кафеде/мейрамханада демалу **керек/қажет емес**

Әріптестермен бірге шет елге саяхат жасау **қызық/қызық емес**

Әріптестерді отбасылық тойларға шақыру **дұрыс/дұрыс емес**

Жаңа басшы келді. Оған барынша көмек көрсету керек, жақсы жұмыс істеп оның көзіне түсу **керек/керек емес**

**3. Жауап беріңіз. Шылауларды пайдаланыңыз.**

1. Ғаламтор арқылы сауда жасайсыз ба?
2. Жұмысты ғаламтор арқылы іздеген тиімді ме, әлді газеттегі хабарландыру арқылы іздеген тиімді ме?
3. Жақсы айлық үшін өзіңіз жақсы көрмейтін жұмысты істейсіз бе?
4. Тапсырманы аяқтау үшін демалыс күндері жұмысқа шығасыз ба?

**4. Қай жұмысты таңдар едіңіз? Неге?**

| | |
|---|---|
| 1. Айлық жалақасы жоғары, алайда айына бір рет демалысы бар жұмыс. | 4. Айлық жалақы орташа, алайда бес күндік жұмыс уақытты жұмыс. |
| 2. Айлық жалақы төмендеу, алайда өзіңіз жақсы көретін жұмыс. | 5. Айлық жалақысы жоғары, алайда әріптестер мен басшы «онша» емес |
| 3. Айлық жалақысы орташа, алайда іс сапарлары көп жұмыс. | 6. Айлық жалақысы орташа, алайда үйде отырып істеуге болатын жұмыс. |

**5. Сөздермен танысыңыз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| тәулік | **сутки** | құпия | **секрет** |
| жағымды | **приятный/ положительный** | қиындық | **трудности** |
| жағымсыз | **неприятный/ неположительный** | асыра сілтеу | **перегибать** |
| ерекшелік | **особенность** | бәсекелестік | **конкуренция** |
| ұйымшыл | **дружный/ сплоченный** | қарсылас | **соперник** |
| кепіл | **гарантия** | кемшілік | **недостаток** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| сөзқұмарлық | **говорливый** | артықшылық | **преимущество** |
| шеттету | **остронить** | талқылау | **обсуждать** |
| жеке өмір | **личная жизнь** | араластырмау | **не смешивать** |
| қадір | **уважение/авторитет** | жақтыртпау | **не одобрять** |
| ойға келгенді жасау | **делать то что ум приходить** | абырой | **авторитет/доброе имя** |

### 6. Тиісті сөзді табыңыз.

1. 24 сағаттық уақыт ..........................................................
2. Артық әңгімені көп айту ..........................................................
3. Тек бір адамға қатысты өмір ..........................................................
4. Ешкім білмейтін адамның жеке шаруасы ..........................................................
5. Екі адам/фирма арасында болатын таласу ..........................................................
6. Бір мәселені бірнеше адам болып қарастыру ..........................................................

### 7. Жазыңыз.

1. 5 жағымды мінез: ..........................................................................................
2. 5 жағымсыз мінез: ........................................................................................

### 8. Болымсыз түрде жазыңыз.

жағымды ..........................................................................................
ұйымшыл ..........................................................................................
талқылау ..........................................................................................
араластыру ..........................................................................................
көмектесу ..........................................................................................
құпия ашу ..........................................................................................

### 9. Пікір білдіріңіз.

Келісесіз бе, келіспейсіз бе? Неге?

Адамның мінезі жұмыста әріптестермен қарым-қатынасқа әсер етеді/етпейді

Жеке өмірдегі жағымсыз сәттерді жұмысқа араластырмау керек немесе әріптестермен талқылау керек

## ОҚЫЛЫМ

### 1. Пікір білдіріңіз.

1. Жұмыста достық қарым-қатынаста болу мүмкін бе?
2. Достар арасында бәсекелестік бола ма?
3. Әріптестерге жеке құпияны айтуға бола ма?
4. Бастықпен дос болу мүмкін бе?

**2. Есте сақтаңыз.**

| | | |
|---|---|---|
| ауадай қажет | **бір нәрсе өте керек** | **деген мағынада жұмсалады.** |
| кеңсе табалдырығын аттау | **ішке кіру** | |
| аяқтан шалу | **кедергі жасау** | |
| тілді тұсаулау | **байқап сөйлеу** | |
| тіс жармау | **ештеңе айтпау** | |
| жылы қабақ танытпау | **жақтырмау** | |
| күл-талқаны шығу | **жоқ болу, біту, құру** | |
| бетпердесі шешілу | **қандай екені белгілі** | |

**3. Оқыңыз.**

Әріптестер арасындағы достық ережесі

№ 1 Жұмыс деген – ең бірінші адамның бір тәулігінің жартысынан астам бөлігі өтетін орын. Және әріптестеріңізбен арадағы қатынастан жұмысыңыздың жағымдылығы я жағымсыздығы анықталады. Сондай-ақ, жұмыстағы достықтың өз ерекшеліктері бар. Қандай? Бүгінгі әңгіме осы туралы...

Ұйымшыл ұжым – бүкіл компания сәттілігінің кепілі. Сол себептен, үлкен компания басшылары қызметкерлер арасындағы қатынасты жақсарту үшін әртүрлі шаралар, демалыстар ұйымдастырып тұрады. Бұл жерде бір жайды анықтап алу керек, әріптестермен дос болу және олармен жақсы қарым-қатынаста болу деген бір нәрсе емес. Біреулер жұмыста достықтың болуы мүмкін емес, тіпті, қажет емес деп ойлайды. Екіншілері, кеңседе достық ауадай қажет, таңнан кешке дейін жаныңа жақын адамның бірі жүрмесе, жақсы жұмыс істей алмайсың дегенді айтады. Қалай болғанда да, бірге жұмыс істейтін айырылмас достардың өзі кеңсе табалдырығын аттағанда шекараны біліп, тыйылу керектігін білуге тиіс.

**4. Жауап беріңіз.**

1. Адамның қанша уақыты жұмыста өтеді?
2. Компанияның жақсы жұмыс істеуі кімге байланысты?
3. Компания әріптестер арасында қарым-қатынасты жақсарту үшін не істейді?

**5. Оқыңыз. Мәтінде айтылған екі мәселені табыңыз.**



**№ 2** Менің тілім – менің дұшпаным әйелдер көп дос болатын өсек, сөзқұмарлық қасиет оңдырмай аяқтан шалуы мүмкін. Мәселен, бір әріптесіңізге жеке өміріңізге қатысты сырыңызды айттыңыз. Ал ол сізді шеттету үшін ақпараттарды басқа жерде қолданады. Осындай қиындықтардан аулақ болу үшін тілді тұсаулай білген дұрыс.

Өзімді мүлде құпия ұстаймын деген мақсатпен тіс жармай жүрсеңіз, сізден күдіктеніп немесе жылы қабақ танытпауы да ғажап емес. Бар болғаны кімге, қай жерде, қандай сыр айтуды сараптап алған жөн. Өсек ешкімге де абырой әкелмеген. "Ешкімге айтпа" деген сырыңызды ертесіне бүкіл кеңсе біледі. Оған қоса, ауызекі әңгімелер бір адамнан екінші адамға асыра сілтеніп жеткізілетінін жақсы білесіз.

**6. Мәтінен мағыналас сөздерді табыңыз.**

| жұмыстас | құпия | мәлімет | қиыншылық | барлық |
|---|---|---|---|---|
| ......................... | ......................... | ........................ | ........................ | ...................... |

**7. Оқыңыз.**



**№3** Жұмыстағы бәсекелестік – достықтың беріктігін тексерудің ең жақсы жолы. Сіз және досыңыз бір орынға таласқанда керметтей көрінген қарым-қатынастың күл-талқаны шығады. Міне, осы жерден "артық ештеңе емес – тек қана бизнес" деген ұстаным шығады. Әркім өзі үшін тырмыса бастайды: басшылық алдында жақсы көріну, өзінің жақсы тұстарынды көрсету, қарсыластың кемшіліктерін ашу.

Осындай жағдайда "жақсы" деп ат тағылып жүрген достың бетпердесі шешіледі. Бұл жерде ашықтық көмектеседі. Досыңызбен бәрін нақты талқылаңыз. Бәсекелестікті де спорт секілді қабылдау керек. Одан достық жапа шекпейді. Егер, ол бәсекені шын қабылдап, неден болса да тайынбаса, бәрін де тоқтатыңыз.

*Толығырақ: https://massaget.kz/kyizdarga/psihologiya/16145/*

**8. Мәтіндерде берілген тіркестердің мағынасын табыңыз.**

| Тіркестер | Мағынасы | 1........... |
|---|---|---|
| 1. ауадай қажет | 1. кедергі жасау | |
| 2. күл-талқаны шығу | 2. ғимаратқа кіру | 2.......................... |
| 3. жылы қабақ танытпау | 3. өте маңызды | 3.......................... |
| 4. бетпердесі шешілу | 4. жоқ болу | 4.......................... |
| 5. тіс жармау | 5. жақтырмау | 5.......................... |
| 6. тілді тұсаулай білу | 6. қандай адам екені белгілі болу | 6.......................... |
| 7. аяқтан шалу | 7. ештеңе айтпау | 7.......................... |
| 8. кеңсе табалдырығын аттау | 8. байқап сөйлеу | 8........................... |

**9. Пікір білдіріңіз.**

Сізде осындай жағдайлар болды. Сіз не істер едіңіз?

**«Ешкімге айтпа» деген сырыңызды ертесіне бүкіл кеңсе білді**

**«Артық ештеңе емес – тек қана бизнес»,- деді әріптесім**

## ГРАММАТИКА

**1. Ережемен танысыңыз.**

Тұрақты тіркестер **303** - бет.

*Асқар бұл туралы ешкімге тіс жармайтынын айтты.*
*Оның төбесі көкке жетті.*

**2. Қарамен жазылған сөздерді тұрақты тіркеске айналдырыңыз.**

1. Бұл өте маңызды құжат. Бізге керек құжат. ..........................................
2. Ол қасындағы адамдарды жақтырмады. ..........................................
3. Самал бұл оқиға туралы ешкімге айтпады. ..........................................
4. Ол өзінің әріптесіне үнемі кедергі жасап жүрді. ..........................................
5. Осы оқиғадан кейін оның қандай адам екені белгілі болды. ..........................................

**3. Сәйкестендіріңіз.**

| | | |
|---|---|---|
| қой аузынан | аузын ашпау | 1. 2 |
| мұзға | шөп алмас | 2 ................................................ |
| жұмған | отырғызып кету | 3 ................................................ |
| ағынан | айту | 4 ................................................ |
| аймандай | оңынан туды | 5 ................................................ |
| айы | қыл өтпейді | 6 ................................................ |
| арасынан | жарылды | 7 ................................................ |
| әңгімесі | қылды | 8 ................................................ |
| бетке | жарасу | 9 ................................................ |

**4. Жауап беріңіз.**

Қай тұрақты тіркесте төмендегі суреттер бар?


№1


№2


№3


№4


№5

X БӨЛІМ

Қой аузына шөп алмас
**№ 1сурет**

Жұмған аузын ашпау
**№ ..... сурет**

Мұзға отырғызып кету **№ ..... сурет**

Айы оңынан туу
**№ ..... сурет**

Бетке айту
**№ ..... сурет**

**5. Тиісті тұрақты тіркесті жазыңыз.**

1. Ол айлық жалақысы жоғары жұмысқа тұрды.
2. Жанар ол туралы ешкімге айтпады.
3. Оның айтқан әңгімесі өтірік болып шықты. Ол ыңғайсызданып қалды.
4. Саудагерлер Арманды алдап кетті.
5. Ол болған оқиға жайлы бар шындықты айтып берді.
6. Олар өте жақсын достар.
7. Олар жақында танысты, алайда олар ортақ әңгіме тауып, тез сөйлесіп кетті.
8. Асанның нашар қызметкер екенін бастығы тура айтты.
9. Ол барлық сондай жуас, оның ашуланғанын ешқашан көрмедім.

**6. Топтық жұмыс.**

Екінші топқа сипаттамаларды оқыңыз. Олар қай тіркес екенін табады.

| А тобы | Ә тобы |
|---|---|
| – ештеңені жасырмады, бар сырын ақтарды | – жолы болды |
| – әшкереленді, ұятты болды | – өте тату |
| – ортақ тіл табысу | – шындықты көзіне айту |
| – қандай адам екені белгілі болды | – үнемі кедергі жасайды |

**7. Топтық жұмыс.**

Қандай тұрақты тіркес деп ойлайсыз?



Шаш, төбе,
тік тұру

Мағынасы:
**Қатты қорқу**



езуі, екі, құлағына,
жету, екі

Мағынасы:
**Қатты қуану**



Мұрнына,
кірмейді, иісі

Мағынасы:
**Ештеңені білмейді, түсінбейді**



ашық, қолы, адам

Мағынасы:
**жомарт**

X БӨЛІМ

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

**1. Мақалды жаттап алыңыз.**




Дос — ажарың,
жолдас — базарың.

Дос жылатып айтады,
Дұшпан күлдіріп айтады.

**2. Оқыңыз.**




*Құрметті, әріптестер!*
*Жаңа жыл мерекесі құтты болсын!*
*Еңбектеріңізге табыс тілеймін!*

*Құрметті, «Шар»*
*компаниясының ұжымы!*
*Наурыз мерекесі құтты болсын!*
*Ақ мол болсын!*




## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Жауап беріңіз.**

1. Сіз бастығыңызбен жақсы қарым-қатынастасыз ба?
2. Бастығыңыздың қандай қырын бағалайсыз?
3. Бастық қандай болу керек деп ойлайсыз?

**2. Тыңдаңыз. Ақпаратты анықтаңыз.** №37

| реті | ақпарат | дұрыс | бұрыс |
|---|---|---|---|
| 1. | Бастықпен арадағы достықты қызметпен бірге ұстау керек. | | |
| 2. | Кеңсеге келгенде жеке өмірді сыртта қалдыру керек. | | |
| 3. | Кеңседе бастықпен дос ретінде сөйлесуді әріптестер түсінеді. | | |
| 4. | Нағыз достардың арасына қызмет кедергі болады. | | |

**3. Тыңдаңыз. Жауап беріңіз. Белгілеңіз.** №38

**Қандай адамнан қашық жүру керек?**

1. Өзімшіл адамнан
2. Ақылды адамнан
3. Көп нәрсе сұрайтын адамнан
4. Өзін кінәлі санамайтын адамнан
5. Көп оқыған адамнан
6. Тәжірибесі мол адамнан
7. Мың құбылатын адамнан
8. Жалқау адамдардан
9. Ашкөздігі бар адамдардан

**4. Пікір білдіріңіз.**

Төмендегі өлең жолдарынан не түсінуге болады?




## АЙТЫЛЫМ

**1. Пікір білдіріңіздер.**



## ЖАЗЫЛЫМ

**1. Сіз ұжым басшысысыз. Қызметкерлеріңіз ұжымшыл болу үшін сізге компания ережесін жазу керек. Қандай ереже жазар едіңіз?**

..............................................................................................................................
..............................................................................................................................
..............................................................................................................................
..............................................................................................................................
..............................................................................................................................
..............................................................................................................................
..............................................................................................................................
..............................................................................................................................

**2. Сіз жұмысқа жаңа қызметкер алайын деп жатырсыз. Оған қандай талаптар қояр едіңіз. Талаптарды жазып шығыңыз.**

..............................................................................................................................
..............................................................................................................................
..............................................................................................................................
..............................................................................................................................
..............................................................................................................................
..............................................................................................................................
..............................................................................................................................
..............................................................................................................................



# XI БӨЛІМ



**1-САБАҚ** XXI ғасыр адамы

**2-САБАҚ** XXI ғасыр жастары

# АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

## ХХІ ғасыр адамы

1-САБАҚ



**1. Топтық жұмыс. Кестені толтырыңыздар.**

| А тобы | Ә тобы |
|---|---|
| Ұйымшыл ұжым қызметкерлері: | Ұйымшыл емес ұжым қызметкерлері: |
| ............................................................ | ............................................................ |
| ............................................................ | ............................................................ |
| ............................................................ | ............................................................ |
| ............................................................ | ............................................................ |
| ............................................................ | ............................................................ |
| ............................................................ | ............................................................ |
| ............................................................ | ............................................................ |
| ............................................................ | ............................................................ |
| ............................................................ | ............................................................ |

**2. Пікір білдіріңіз.**

Асқар жеке компанияда жұмыс істейді. Айлығы 325 мың теңге. Жұмыста тегін автобус және үш мезгіл тамақ бар. Алайда ол жұмысын ауыстырғы келеді. Себеп неде деп ойлайсыз?

Самат мемлекеттік мекемеде жұмыс істейді. Айлығы 100 мың теңге. Жұмысқа қоғамдық көлікпен келеді. Түскі асты сатып алып ішеді. Алайда ол бұл жұмыстан кеткісі келмейді. Себеп неде деп ойлайсыз?

**3. Топтық жұмыс.**

Бір топ тұрақты тіркесті айтады. Екінші топ мағынасын айтып береді.

| | | |
|---|---|---|
| Жылы қабақ танытпау | Тісінен шығармады | Жұмған аузын ашпады |
| Қой аузына шөп алмас | Кеңсе табалдырығын аттау | Аяқтан шалу |
| Тілді тұсаулау | Мұзға отырғызып кету | Айы оңынан туды |

**4. Сөздермен танысыңыз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ұрпақ** | поколение | **жетілу** | совершенствоваться |
| **әсер қалдыру** | получить впечатление | **үйрену** | научиться |
| **заңдылық** | закономерность | **жирену** | ? |
| **қарабайыр** | простой | **заманауи** | современный |
| **жанталасу** | метаться в агонии | **дабыл қағу** | бить тревогу |
| **хабардар болу** | быть осведомленным | **ғасыр** | век |
| **құлақ түру** | прислушиваться | **мүмкіндік** | возможность |
| **рухани** | духовный | **ажырата алу** | различать |
| **жағдай жасау** | создавать условия | **заман** | эпоха; эра; времена |
| **виртуалды әлем** | виртульный мир | **тиімді қолдану** | эффективное использование |

**5. Тиісті сөздерді қойыңыз.**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| хабардар | әлемде | ұрпаққа | жағдай | тиімді |
| замануи | әсер | үйрену | ажырата | |

1. Өткен тарихты болашақ ................. айтып отыру керек.
2. «Астана ЭКСПО 2017» көрмесі оларға жақсы ................. қалдырды.
3. Қазіргі заман жаңалықтарынан ....................... болып отыру керек.
4. Компания жаңа қызметкерлері ........................... жасап жатыр.
5. Қазіргі жастардың көбі виртулды ....................... танысады.
6. Жан-жақты адам болу үшін көп нәрсе ....................... керек.
7. Ол .......................... техниканы жақсы меңгерген.
8. Балаларды жақсылық пен жамандықты ...................... алуға үйрету керек.
10. Берілген мүмкіндікті ......................... қолдану қажет.

**6. Сәйкестендіріңіз.**

| | | |
|---|---|---|
| ~~1. дабыл қағу~~ | 1. үнемі асығыс жүру | 1.7 |
| 2. ғасыр | 2. жақсару, даму | 2.............................................................. |
| 3. заңдылық | 3. тыңдау, біліп жүру | 3.............................................................. |
| 4. қарабайыр | 4. 100 жыл | 4.............................................................. |
| 5. жанталасу | 5. қарапайым | 5.............................................................. |
| 6. жетілу | 6. қалыптасқан нәрсе | 6.............................................................. |
| 7. құлақ түру | ~~7. белгі бере бастау~~ | 7.............................................................. |

**7. Жауап беріңіз.**

1. Сіз уақытыңызды тиімді қолданасыз ба?
2. Күнделікті жаңалықтардан хабардар болып отырасыз ба?
3. Сіздің жұмысыңыз сізге қандай мүмкіндіктер береді?
4. Сіздің компанияңыз қызметкерге қандай жағдай жасайды?
5. Сізге өміріңізде не нәрсе қатты әсер қалдырды?
6. Өзіңізді рухани байытып отырасыз ба?
7. Виртулады әлемнің қандай зияндары бар деп ойлайсыз?
8. XXI ғасырдың қандай мүмкіндіктері бар?

## ОҚЫЛЫМ

**1. Белгілеңіз.**

Сіз қалай ойлайсыз?

| | | | Иә | Жоқ | Себебі |
|---|---|---|---|---|---|
| **XXI ғасыр адамы** | 2-3 дипломы бар | адам болу керек пе? | | | |
| | 2-3 шет тілін білетін | | | | |
| | 2-3 машинасы бар | | | | |
| | 2-3 пәтері бар | | | | |
| | жан-жақты | | | | |
| | білімді | | | | |
| | ізденімпаз | | | | |
| | өнерлі | | | | |
| | қайратты | | | | |
| | мейірімді | | | | |
| | сауатты | | | | |
| | ақшалы | | | | |
| | пысық | | | | |
| | жуас | | | | |

**2. Пікір білдіріңіздер.**

XXI ғасыр мүмкіндіктерін қаншалықты пайдаланып жүрміз?

Заманға сай адам деп кімді айтуға болады?

Заманға сай адам болу үшін қандай болуыңыз керек?

Өзіңізді заманауи адамдардың қатарына жатқызар ма едіңіз?

**3. Оқыңыз.**

## «Заманға сай адам» Ол кім?

Ұрпақ ауысқан сайын, заман да жаңарып бара жатқандай әсер қалдырады. Әр ұрпақ өзін барынша заманға сай адам ретінде сезінетіні заңдылық. Техникалық прогресстің арқасында ол өзінен бұрын өмір сүрген адам көрмеген нәрселерді қолданады. Расымен, өткен ғасыр адамдарының қиялында болған iPad-тың бір өзі қандай зор мүмкіндіктер беріп жатыр!

Адамдардың ойлары, киім кию әдебі өзгеріп, жаңа ұрпақпен жаңа өмір басталып жатады. Өз заманында ең атақты болған әуендер, сән үлгілері, қарапайым шаш сәні қазір бізге тым қарапайым болып көрінеді емес пе? Анаңыздың не әкеңіздің суреттерін көріп отырып, дәл қазір өзіңіз сол суреттегідей балақты шалбармен көшеге шығар ма едіңіз? Біздің ұрпағымыз да біршама жылдардан кейін, ноутбукті көрген кезде “Неткен қарабайыр техника!” деп айтуы әбден мүмкін!

“Виртуалды әлем” пайда болып, кейбіріміз осы әлеммен өмір сүреміз. Күніміздің тым көп бөлігі жұмыста өтеді. Жұмыс үшін жеке өмірді кейде ұмытамыз. Алайда сол жұмыстың тапсырмаларына үлгермей, жанталасып жатамыз.

Кез келген техниканың мүмкіндіктерін тиімді қолданып, жоғары технологиядан хабардар болып жүргеніңіз жөн. Айпад пен айфонды бір-бірінен ажырата алмау жаңа заман адамы үшін ұят деуге де болады. Заманауи адам болып жатқан маңызды жаңалықтарға құлақ түріп жүруі керек. Кез келген тақырыпты әрі алып кете алатындай ой өрісіңіз, біліміңіз болғаны жөн. Заманауи адам - жоғары білімді, өте мәдениетті, рухани бай және жетістікке жете білетін адам. «Ағаш көркі жапырақ, адам көркі шүберек». Гардеробыңызда кез келген жағдайға ( жұмысқа, кездесуге, отырысқа, кештерге т.б.) арналған киімдердің тұрғаны жөн. «Қазір адамды киіміне қарап бағалайтын заман» деген сөз рас. Сондай-ақ адамның сіз туралы ең бірінші ойы сыртқы келбетіңізге байланысты қалыптасатыны дәлелденген.

*Дайындаған:* ***Мейіргүл Оңғарова***

*https://massaget.kz/layfstayl/zhadnama/5923/*

**4. Қарамен берілген сөздерді мағыналас сөздермен ауыстырыңыз.**

1. Бұрын өмір сүрген адам көрмеген **нәрселерді** қолданады.
2. Бізге тым **қарапайым** болып көрінеді емес пе?
3. Біздің ұрпағымыз да **біршама жылдардан кейін**
4. Күніміздің көп **бөлігі** жұмыста өтеді.
5. Сол жұмыстың тапсырмаларына **үлгермей**, жанталасып жатамыз.
6. Техниканың мүмкіндіктерін тиімді **қолдану**.
7. Маңызды жаңалықтарға **құлақ түріп жүруі** керек.

**естіп білу, пайдалану, қарабайыр, уақыты, уақытында аяқтай алмау, біраз уақыттан соң, заттарды**

**5. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

Жаңа заттарды ненің арқасында көреміз?
Қандай зат өткен ғасыр адамдарының қиялында болды?
Жаңа заманмен бірге не өзгереді?
Қазіргі адамдар қалай өмір сүруде?

**6. Мәтінен тиісті сөздерді тауып жазыңыз.**



Заманауи адам:

– ........................................ мүмкіндіктерін пайдалану керек.
– ........................................ хабардар болып жүру қажет.
– ........................................ құлақ түріп жүруі керек.
– кез келген ............................ сөйлей алуы керек.
– ............................., ............................., арналған киімдері болу керек.

**7. Пікір білдіріңіз.**

Келісесіз бе? Келіспейсіз бе? Неге?

Өз заманында атақты болған әуендер, сән үлгілері, қарапайым шаш сәні қазір бізге тым қарапайым болып көрінеді емес пе?

Біздің ұрпағымыз да біршама жылдардан кейін, ноутбукті көрген кезде “Неткен қарабайыр техника!” деп айтуы әбден мүмкін!

Айпад пен айфонды бір-бірінен ажырата алмау жаңа заман адамы үшін ұят деуге де болады.

“Қазір адамды киіміне қарап бағалайтын заман”

## ГРАММАТИКА

**1. Ережемен танысыңыз.**

Күшейтпелі үстеулер

303 - бет.

*XXI ғасырдың ең танымал адамдары туралы кітап шықты.*
*XXI ғасыр техникасы адамдарға зор мүмкіндіктер беруде.*

**2. Жауап беріңіз.**

| | | |
|---|---|---|
| XXI ғасырдың ең | бай адамы кім | деп ойлайсыз? |
| | атақты әртісі кім | |
| | қымбат көлігі | |
| | танымал спортшысы | |
| | кассалы фильмі қай фильм | |
| | қымбат техникасы не | |
| | белгілі оқиғасы | |

**3. Тиісті сөзді таңдаңыз.**

1. Қазақстандағы *ең/тым* танымал әртістер өнер көрсетті.
2. Оның үстіндегі көйлегі *тым/ең* қызыл екен.
3. Қазақстанда демалу *өте/ең* қымбат.
4. Орталық концерт залында *өте/аса* тамаша концерт болды.
5. Бұл бағдарлама жастарға *зор/өте* көмек болды.
6. Ол оныншы қабатқа *әрең/мүлдем* көтерілді.
7. Ол испан тілін *мүлдем/әрең* білмейді.

**4. Тиісті сөзді қойыңыз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| ең суық | өте көңілді | мүлдем білмейді | әбден шаршады |
| әрең жүріп келеді | керемет сөйлейді | зор мүмкіндік бар | сәл кешікті |

1. Олар цирктент шықты. Олар ................. ...................
2. Ол күні бойы жұмыста болды. Ол .................... .....................
3. Ол шетелде оқыды. Оған елде жұмыс табуға ..................... .....................
4. Ол аяғын ауыртып алды Ол ..................... .......................
5. Жұмыс сағат 08:00-де басталады. Ол сағат 08:03-те келді. Ол ......... ...........
6. Ол бүгін сабаққа бірінші рет келді. Ол қытайша ..................... .....................
7. Ол қазақ тілінде көркем әдебиет оқиды. Ол қазақша ................... .................
8. Астанада қыста -35-40 градус болады. Астана әлемдегі ........... ......... астана.

**5. Суреттер мен ақпаратты пайдаланып сөйлем құраңыз.**



Мумбай,
Антилла, **$1 млрд**



Ultimate Aero/
жылдам



Султан Кесен
**251 см**
Чандра Данги — **54,6**



Мэрилин вос
Савант
**IQ -230**

**1. Әлемдегі ең қымбат үй Антилла Мумбайда орналасқан. Құны $1 млрд.**
2. ..........................................................................................................
3. ..........................................................................................................
4. ..........................................................................................................
5. ..........................................................................................................

**6. Кестені толтырыңыз**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ең | биік | ........................ | ................... | ................... | ................... |
| өте | әдемі | ........................ | ................... | ................... | ................... |
| тым | ауыр | ........................ | ................... | ................... | ................... |
| әрең | келу | ........................ | ................... | ................... | ................... |
| әбден | шаршау | ........................ | ................... | ................... | ................... |
| мүлдем | білмеу | ........................ | ................... | ................... | ................... |
| зор | қабілет | ........................ | ................... | ................... | ................... |

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

**1. Жаттап алыңыз.**

Замана айнасы - замандас.

Елу жылда ел жаңа.



Заманына қарай адамы.

Адамды заманы билейді.

## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Жауап беріңіз.**



1. Сіз күніне неше сағат жұмыс істейсіз?
2. Аптасына неше күн жұмыс істейсіз?
3. Еңбек демалысына шығасыз ба?
4. Еңбек демалысында саяхат жасайсыз ба, әлде үйде боласыз ба?
5. Сіз еңбекқор адамсыз ба?
6. Шамадан тыс жұмыс адам денсаулығына зиян деп ойлайсыз ба?

**2. Тыңдаңыз. Тиісті сөзді жазыңыз.** №39

**табысқа адамы жеткілікті моральдық байқамай мансабы**

1. Адам баласы .......................... жету жолында өз-өзін құрбан етуге даяр.
2. Күні-түні жұмыс істей беруге күші ....................... деп ойлайды, себебі ол жас қой.
3. Бүгінгі күннің ...................... өмірінің жартысынан көбін жұмысқа арнайды.
4. Жеке өмірімен қалай қош айтысқанын да ....................... қалады.
5. Жұмысқа тым берілегендіктен адам .................... тұрғыдан да зардап шегеді.
6. ....................... үшін адам баласы бар күшін жұмсайды, уақытын өлтіріп алады.

XI БӨЛІМ

**3. Мәтінді қайта тыңдаңыз. Ақпаратты анықтаңыз.**

| реті | ақпарат | дұрыс | бұрыс |
|---|---|---|---|
| 1. | Демалыссыз өткен күндердің кесірінен адам зардап шегеді. | | |
| 2. | Көп жұмыс істейтін адам туған-туысқандарымен көбірек араласады. | | |
| 3. | АҚШ дәрігерлері жұмысқа берілу зиян деп дәлелдеген. | | |
| 4. | Қазіргі адамдар жұмысты бір-бірімен жарысу үшін істейді. | | |
| 5. | Бүгінгі күннің адамдары көп уақытын отбасымен бірге өткізеді. | | |

**4. Пікір білдіріңіз.**

Шамадан тыс жұмыс істеу еңбекқорлық па?
Уақытымен жұмыс істеу жалқаулық па?

## АЙТЫЛЫМ

**1. Кенжебектің парақшасын оқыңыз. Пікір білдіріңіз.**


Orken Kenzhebek
@orkenegro
Follow

Қазір 1 заманауи адам 1 айда 17-ші ғасырда өмір сүрген адамның ғұмырына қажет ақпаратынан көп ақпарат жинайды. Бірақ одан аз біледі...

7:07 AM - 29 Oct 2013

3 Retweets

Заманауи адам неге 17 ғасыр адамынан аз біледі?

**2. Салыстырыңыз. Пікір білдіріңіз.**







**Айырмашылық/ұқсастық.**

**3. Сұрақтарға жауап беріңіз.**



1. Бұрын теледидер, радио газет, ғаламтор болмады. Адамдар жаңалықта қалай білді? Қарым-қатынасты қалай жасады?

2. Тоңазытқыш, кір жуатын машина болмады. Адамдар азық-түлікті қалай сақтады?

## ЖАЗЫЛЫМ

**«Заманауи адам» ол кім? деген тақырыпта шағын мәтін жазыңыз. Мәтінде төмендегі сұрақтарға жауап жазыңыз. Төмендегі ойды пайдалануыңызға болады.**

1. 21 ғасыр адамға қандай мүмкіндік береді?
2. 21 ғасыр адамы қандай болу керек?
3. Заманауи адам болу үшін не істеу керек?
4. Заманауи мамандық заманауи адам болуға ықпал ете ме?

Қазір адамның жан-жақты жетілуіне бар жағдай жасалған. Оқып, үйренгіңіз келе ме? Ғаламтор деген қиырсыз кеңістікті ашыңыз да, жақсысынан үйреніп, жаманынан жиреніңіз. Заман беріп жатқан бар мүмкіндіктен бас тартудың қажеті жоқ. Бастысы - адамдықты жоғалтпасаңыз болғаны...



Қазірдің өзінде ғалымдар ноутбук дәуірі 5 жылдан соң бітетінін айтып, дабыл қағып отыр

| | |
|---|---|
| Заман қандай болса, адамда сондай болады. | Қазіргі кезде адамдар жалқау болып бара-ды. Оған себеп жаңа технология. |
| | Заман өзгермейді, адам өзгереді. |
| Әр заманның өз жақсы жақтары, теріс жақтары бар. | Адам табиғаттан алыстап барады, оған себеп жаңа технология |

# АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

XXI ғасыр жастары

**2**-САБАҚ



**1. Белгілеңіз.**




| Адам қасиеттері | Жақсы | Жаман |
|---|---|---|
| мейірімділік | v | |
| жауаптылық | | |
| көңілді | | |
| қатыгез | | |
| жомарттық | | |
| сараңдық | | |
| табандылық | | |
| жалқаулық | | |
| өзімшілдік | | |
| қорқақтық | | |
| гумандылық | | |
| атаққұмарлық | | |
| жауапкершілікті | | |
| пессимист | | |
| оптимист | | |
| лидерлік | | |
| көнбістік | | |




**2. Жауап беріңіз.**

XXI ғасыр адамның бойында қандай қасиеттер басым?

**3. Пікір білдіріңіз.**

XXI ғасыр адамы махаббат, сезім деген нәрселерді екінші орынға қояды. Олар тек сырттай бақытты көрінеді.

XXI ғасыр адамдары тым қатігез. Бір-біріне көмектесу, жан ашу деген сезім жоқ. Тек өздерін ойлайды.

XXI ғасыр – жаңа технология заманы. Адамдарға өмір сүру өте оңай. Оларға дос, туыс керек емес. Олар ешкіммен араласпайды.

XXI ғасыр өте мейірімді, әркімге қол ұшын беруге үнемі дайын тұрады. Олар бір-бірін сыйлайды және құрметтейді.




XI БӨЛІМ

### 4. Сөздермен танысыңыз.

| | | | |
|---|---|---|---|
| **келбет** | внешний вид; облик | **батысшыл** | прозападный |
| **сенім арту** | оказать доверие | **теріс қылық** | скверный проступок |
| намыс | честь; | **еліктегіш** | подражатель; |
| | чувство достоинства | | склонный к подражанию |
| рух | дух; настроение | **адасу** | заблуждаться; ошибаться |
| **мыңжылдық** | тысячелетия | **білімді** | образованный; сведущий |
| **көзқарас** | точка зрения | **бойына сіңіру** | усваивать |
| **пікір** | мнение; суждение | **сөз қайтару** | ? |
| **жалған намыс** | ложное самолюбие | **қарсы сөйлеу** | говорить наперекор; возражать |
| **құрметтеу** | чтить; уважать; | **құлдырау** | деградировать |
| **жол беру** | уступить | **ұялу** | стыдиться |
| **қоғам** | общество | **дәстүр** | обычай; традиция |

### 5. Сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| 1. батыс мәдениетін қолдайын адам | 1. қарсы сөйлеу |
| 2. өтірік намыстану | 2. еліктегіш |
| 3. алдынан өткен адамды өткізіп жіберу | 3. бойына сіңіру |
| 4. адамның жағымсыз іс-әрекеті | 4. жол беру |
| 5. бір нәрсені тез түсіну, қабылдау | 5. құлдырау |
| 6. адамдармен ұрсысу | 6. теріс қылық |
| 7. төмендеу, сапасы нашарлау | 7. жалған намыс |
| 8. бір адамға ұқсауға тырысу | 8. батысшыл |

### 6. Жауап беріңіз.

1. Сізге кімге сенім артасыз?
2. Сіз кімді құрметтейсіз?
3. Қазақ халқының қандай дәстүрлерін білесіз?
4. Қазіргі жастар үлкендерге жол бере ме?

### 7. Сырым туралы ақпарат беріңіз.

## Ол XXI ғасыр жастары туралы қалай ойлайды?



Оның ойынша, XXI ғасыр жастарын екі топқа бөлуге болады. Бірінші топтағы жастар – ..................................................................................................................................................................................................................................................................................................................................... екінші топтағы жастар – .................................................................................................................................................................................................................................................................................

## Сіз Сырымның ойымен келесіз бе, келіспейсіз бе? Неге?

А) Иә, мен толық келісемін, себебі ...................................................................

Ә) Жоқ, мен мүлдем келіспеймін, себебі ........................................................

## ОҚЫЛЫМ

**1. Пікір білдіріңіз.**

Сіз қалай ойлайсыз? Келісесіз бе, келіспейсіз бе?

| | | |
|---|---|---|
| **Қазіргі жастар** | **үлкендерге қарсы сөйлейді**<br>**үлкендерге жол бермейді**<br>**батысшыл**<br>**еліктегіш**<br>**тым еркін**<br>**өз пікірі бар**<br>**білімді**<br>**жан-жақты** | **деген пікірлердің қайсысына қосыласыз?** |

**2. Оқыңыз.**

### Бүгінгі жастар келбеті қандай?

**№1**

Бүгінгі жастардың келбеті қандай? Соңғы кезде құрбыларымның бойындағы теріс қылықтарды көріп қатты ойланамын. Жастар - еліктегіш, қоғамда болып жатқан жаңалықтарды тез қабылдап, оны ой сүзгісінен өткізбей жатып бойға сіңіріп үлгереді. Батысқа табынушылық, діни адасушылықтар, терроризм, жастар арасында есірткінің таралуы, мәдени деңгейдің құлдырауы қоғамымыздың өзекті проблемасы болып отыр. Қазір теледидардан үнді, корей, түрік сериалдары көп беріледі. Сол сериалдар жастардың сол елдердің салт-дәстүрлерін қабылдап еліктеуіне септігін тигізеді. Сөйтіп кейбір жастарымыздың санасы уланудa. Қазақтың жас ұлы мен қызының қолынан темекіні көргенде ешкім таң қалмайтын болды. Ешкім ескерту жасамаған соң, қазіргі жастар бұл әрекеттерін теріс деп санамайды.

***Ақжарқын ДІЛЛАБАЙҚЫЗЫ***

*https://baq.kz/kk/news/aimaktik_bak_kogam/bugingi_zhastar_kelbeti_kandai20160916_194600*

**3. Жазыңыз.**

1. Авторды ойландыратын мәселе:

– ..................................................................................................................................

2. Қазіргі қоғамның өзекті мәселелері:

– ..................................................................................................................................

– ..................................................................................................................................

– ..................................................................................................................................

– ..................................................................................................................................

– ..................................................................................................................................

3. Сериалдың жастарға әсері:
– ..........................................................................................................
– ..........................................................................................................
4. Жастар кейбір әрекеттерді теріс деп санамайды, себебі:
– ..........................................................................................................

**4. Оқыңыз.**

## Қазіргі жастар қандай болуы керек? №2

- Мені жастардың имандылыққа қарай ұмтылатыны қуантады. Иманды адам қылмысқа, зорлық-зомбылыққа, ұрлыққа ешқашан бармайды. Сондай-ақ жас буынның арасында салауатты өмір салтын ұстанып, уақытын мәнді де мағыналы өткізуге құштарлықтары да байқалады. Қазіргі жастар XXI ғасыр білім ғасыры екендігін де біледі. Жалпы оларды кінәлаудан аулақпын. Оларға сенім арту қажет.

***Ерлан Байгенжин***

- Менің ойымша қазіргі жастар жан-жақты, білімді. Олар алдымен білімге ұмтылады. Тек бір ғана саламен тоқталып қоймай бірнеше мамандық игеріп жатыр. Сөйтіп әмбебап кәсіп иесі болуға тырысуда. Өзім кейде таныстарыма, сіңілілерім мен інілеріме қарап таң қаламын. Олар көп жайдан хабардар. Жастар нарық заманына сай өмір сүруде. Ең бастысы, өмірдің сынағынан қорықпайды. Батыл да өткір.

***Айгүл Омар***

- Менің замандастарым білуге құштар. Олар кім болсын, адал еңбек, маңдай термен ғана көздегеніне жетуге болатындығын түсінеді.Қазір бұрынғыдай *«Алма піс, аузыма түс»* деп отыратын кез емес. Әрдайым еңбек еткен адам жетістікке жетеді. Бүгінгі күннің жастары үш тілді игеруге ұмтылып жатыр. Әрине, ана тілін бірінші кезекте білулері керек. Орыс және ағылшын тілін меңгеру де уақыт талабы. «Болашақ» бағдарламасы бойынша қаншама жастар шетелде оқып, еліне адал қызмет атқаруда. Өзім жігіттер мен қыздар техникалық, медициналық мамандықтарға ден қойса деймін.

***Жансая Сыздықова***

**Аягөз КӘКІМЖАНОВА**
*http://www.top-news.kz/index.php?np=00013550&nl=1&tp=N&npN=00013550&sR=52120260&npMWp=---&npAWp=&npWp=1&npKd=04481352*

**5. Төмендегі ойларды кім айтты?**

| | |
|---|---|
| Жастар жан-жақты әрі бірнеше маман иесі болуға тырысады. | |
| Жастар адамгершілікке, мейрімділікке рухани байлыққа ұмтылуда. | |
| Қазіргі жастар еңбектің, жұмыстың қадірін біледі. | |
| 21 ғасыр жастары кедергілерден қорықпайды. | |
| XXI ғасыр білім ғасыры екенін қазіргі жастар біледі. | |
| Бірнеше тіл білу арқылы заман талабы екенін түсінеді. | |

**6. Жауап беріңіз.**

1. Айгүл қазіргі жастарға не үшін қызығады?
2. Ерлан қандай жағдай қуантады?
3. Жансая жастардан не күтеді?

**СІЗ ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДАН НЕ КҮТЕСІЗ?
ҚАЗІРГІ ЖАСТАР ТУРАЛЫ НЕ АЙТА АЛАСЫЗ?**

## ГРАММАТИКА

**1. Ережемен танысыңыз.**

Құранды етістіктер **304** - бет.

*Жастар елі, жері үшін қызмет етеді.*
*Қазіргі жастар ата-бабаларының тәрбиесін, өнегесін үлгі тұтады.*

**2. Сәйкестендіріңіз.**

| | | |
|---|---|---|
| қамқор | қайтару | ............................... |
| іске | жету | ............................... |
| талап | болу | ............................... |
| жетістікке | беру | ............................... |
| қарсы | асыру | ............................... |
| жол | ету | ............................... |
| сенім | сөйлеу | ............................... |
| сөз | арту | ............................... |

**3. 2 тапсырмадағы етістіктерді пайдалана отырып 8 сұрақ жазыңыз. Әріптесіңізге қойып жауап алыңыз.**

1.......................................................................................................................................................
2.......................................................................................................................................................
3.......................................................................................................................................................
4.......................................................................................................................................................
5.......................................................................................................................................................
6.......................................................................................................................................................
7.......................................................................................................................................................
8.......................................................................................................................................................

**4. Құранды етістіктерді тауып астын сызыңыз.**

1. Әдетте отбасында және қоғамда үлкендер шешім қабылдайды.
2. Қазіргі жастар ең бастысы білімге назар аударуы тиіс.
3. Үлкен адамның қолына су құю қазақ дәстүріне тән.
4. Жастар тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу керек.
5. Ол қоғамға маңызы бар іспен айналысқанды жөн көреді.
6. Конференцияда балаларды қорғау жұмыстарын жүзеге асыру жолдары айтылды.
7. Ол қазақ тілі және әдебиеті мамандығы бойынша жұмысқа қабылданды.

**5. Тиісті есімді жазыңыз.**

**жетістікке   сенім   қол   адал   іске   еңбек**

1. Ол өзінің достарына ................. ұшын берді.
2. Қазіргі кезде адамдар күні-түні ................. етеді.
3. Әрбір ата-ана өз баласына .................. артып, оның көзқарасымен санасу керек.
4. .......................... жету үшін көп жұмыс істеу ғана емес жақсы достарда ықпал етеді.
5. Үлкен адамдар жастарға үнемі «................... бол, адам бол» деп айтып жатады.
6. Қазіргі жастар .............................. асырып жатқан көптеген жаңа жобалар бар.

**6. Сұраққа жауап беріңіз.**

1. Сіз жастарға көмек бересіз бе?
2. Күнделікті жаңалықтарды оқисыз ба?
3. Сіз кімге сенім артасыз?
4. «Босқа уақыт өткізу» дегенді қалай түсінесіз?

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

**1. Өлең жолдарын жаттап алыңыз.**



*Арыстандай айбатты,*
*Жолбарыстай қайратты*
*Қырандай күшті қанатты.*
***Мен жастарға сенемін!***

*Көздерінде от ойнар,*
*Сөздерінде жалын бар,*
*Жаннан қымбат оларға ар,*
***Мен жастарға сенемін!***

*Жас қырандар – балапан,*
*Жайып қанат ұмтылған.*
*Көздегені көк аспан.*
***Мен жастарға сенемін!***

**2. Нақыл сөздерді жаттап алыңыздар.**



**«Білекті бірді, білімді мыңды жығады»**

**Ел ертеңі — білімді жастар**

## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Жауап беріңіз.**

**ЖАСТАР МЕМЛЕКЕТ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ІСТЕУГЕ МІНДЕТТІ МЕ?**

**2. Тыңдаңыз. Дұрыс жауапты таңдаңыз.** №40

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Ел болашағы жастардың** | еңбекқорлығына | | **байланысты.** |
| | ата-анасына | | |
| | арман-мұратына | | |
| | достарына | | |
| | біліміне | | |
| | талап-тілегіне | √ | |
| | тәрбиесіне | | |
| | мінезіне | | |

**2. Мәтінді екінші рет тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Жастар нені жаңғыртады?
2. Жастар неге міндетті?
3. Жастар қоғамды қай кезде дамыта алады?

**3. Тыңдаңыз. Дұрыс қатарды таңдаңыз.** №41

## Тоқтар Әлімбеков: «Шаштараз ашатын болсаң, Америкада несіне оқыдың?»

| | |
|---|---|
| «Алтын белгі» иегері атанады. Президенттік грантты жеңіп алады. | |
| Президенттік грант оның оқуына толық жетті. | |
| Ол бай отбасынан шыққан. | |
| Ол университеттен құжаттарын қайтарып алады. | |
| Ол Америкада 5 жыл экономика саласында білім алады. | |
| Ол Америкада 4,5 жыл экономика саласында білім алады. | |

**Тоқтар** Әлімбеков Ұлттық бірыңғай тестілеуде жоғары балл жинап, 2011 жылы Алматыдағы КИМЭП-ке түседі.

«Қазан айында университет басшылығы Президенттік грант деп мені тегін оқыта алмайтындарын, оқу ақысының 50 пайызын төлеуге міндетті екенімді айтты. Қарапайым отбасында тәрбиеленген маған оқудың жарты ақшасының өзін төлеу қиындық тудыратын еді. Ары қарай білімімді жалғастырудан бас тартып, құжаттарымды қайтарып алдым да, АҚШ-қа аттанып кеттім. Мичиган штатындағы Орталық Мичиган университетінің президенттік гранттын жеңіп алып, жеке кәсіпкерлік, экономика саласында 4,5 жыл білім алдым. Үздік аяқтап, былтыр туған өлкеге қайтып оралдым, – дейді Тоқтар. Қазір жас кәсіпкер. Бүгінде Шымкенттің дәл ортасынан «Chaplin's Barbershop» ерлер шаштаразын ашып, ісін дөңгелетіп отыр. Бұдан бөлек жастардың мәдениетін көтеруге, қаланы көркейтуге, құқықбұзушылықтың алдын-алуға арналған әлеуметтік жобалардың авторы.

**4. Тыңдаңыз. Тиісті сөзді жазыңыз.** №42

## 3 миллион теңгені 6 айда ақтадық

Жалынды жас алған білімін іс-тәжірибеде қолданып көруге бел буады. Содан кейін ...................... күнде 0 теңгеден бастап, кәсіп ашамын деп өз-өзіне ........................ қояды. Қыркүйектің басында басталған жобаны .................... күн жоспарлайды, 3 миллион теңге бере алатын .......................... мен орын табады, 50 күн ғимарат салғызып, іші-сыртын жөндейді, 20 күні ...................... жинауға, жарнама жасауға кетеді. Осылайша, 2016 жылдың ....................... айында Шымқалада алғашқылардың бірі болып, «Chaplin's Barbershop» ерлер ............................ ашады.

**5. Жауап беріңіз.**

Егер сіз Америкада оқып келсеңіз шаштараз ашар ма едіңіз?

## АЙТЫЛЫМ

**1. Топтық жұмыс. Берілген тақырып бойынша пікір сайыс ұйымдастырыңыздар.**

| А тобы | Ә тобы |
|---|---|
| Қазір жастар арақ ішпейді, шылым шекпейді, білімді адал қызмет атқаруға ұмтылады | Жоқ бүгінгі жас буын жалқау болып барады |

## ЖАЗЫЛЫМ

**«ХХ ғасыр жастары» тақырыбында өз ойыңызды жазыңыз. Төмендегі сұрақтарды қамтыңыз. Ойларды пайдалануыңызға болады.**

1. Жастарға мемлекет көмегі бар ма?
2. Жастар білім алуға ұмтылады ма?
3. Жастарды зиянды істермен айналыспауына қандай шаралар жасау керек?

Бес саусақ бірдей емес. Әр түрлі жастар бар.

Жастарға қолдау көрсету мемлекеттік міндеті.

Ел ертеңі — білімді жастар

Жастардың бойында азаматтық пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру керек.

Ел келешегі жас ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты



# XII БӨЛІМ



**1-**САБАҚ — Жеке тұлғаға қатысты құжаттар

**2-**САБАҚ — Ұжымдық құжаттар



# 1-САБАҚ

## РЕСМИ ІС-ҚАҒАЗДАР

### Жеке тұлғаға қатысты құжаттар

**1. Пікір білдіріңіз.**

| XX ғасыр | XXI ғасыр |
|---|---|

1. Қандай ұқсастық және айырмашылық бар?
технология, мәдениет, саясат, білім, экология, сауда салалары бойынша
2. Сіз үшін қай ғасыр жақсы?
3. Екі ғасырдың жастары бірдей ме? Ұқсастықтары/айырмашылықтары

**2. Жауап беріңіз. Әріптестеріңізбен бөлісіңіз.**

| XX ғасырға қайта барсаңыз нені өзгертер едіңіз? | XXI ғасырға не қосар едіңіз? | XXI ғасырдан нені алып тастар едіңіз? |
|---|---|---|
| 1. ...................................... | 1. .................................... | 1. ................................ |
| 2. ...................................... | 2. .................................... | 2. ................................ |
| 3. ...................................... | 3. .................................... | 3. ................................ |
| 4. ...................................... | 4. .................................... | 4. ................................ |
| 5. ...................................... | 5. .................................... | 5. ................................ |

**3. Қарамен берілген сөздерді мағыналас сөздермен өзгертіңіз. Әріптесіңізге қойып, жауап алыңыз.**

1. Қазіргі жастар күні-түні еңбек етуге дайын ба? ..........................................................................
2. Жастар саясатын іске асыру кімнің міндеті? ..................................................................................
3. Жастардың тәрибесіне кім назар аударуы тиіс? ............................................................................
4. Сіз қай жылы қызметке орналастыңыз? .........................................................................................
5. Сіз әріптесіңізге үнемі қол ұшын бересіз бе? ..................................................................................
6. Қазіргі жастар ата-анасының сөзіне құлақ аса ма? .......................................................................
7. Мемлекет жастарға қалай қолдау көрсету керек? ..........................................................................

**4. Сөздермен танысыңыз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **оқиға** | событие | **қол қою** | подписать |
| **дәлелдеу** | аргументировать | **растау** | подтверждать правильность |
| **сипаттау** | охарактеризовать | **өкілетті** | полномочный |
| **ақпараттық** | информационный | **құқылы** | имееть право |
| **анықтамалық** | справочник | **мұқият** | внимательно |
| **мазмұн** | содержание | **дана** | экземпляр |
| **құрылым** | структура | **бөлімше** | подразделение |
| **жағдай** | ситуация | **мөр** | печать |
| **жеке бас құжаттары** | документы удостоверающий личности | **қорытынды** | Заключение/вывод |

**5. Сәйкестендіріңіз.**

| | |
|---|---|
| құжаттың | жағдай |
| отбасылық | құжаттары |
| жеке бас | қою |
| қол | мазмұны |
| өкілетті | мөрі |
| мұқият | дана |
| бір | адам |
| мекеме | тексеру |



**6. Жауап беріңіз.**

1. Қандай жеке бас құжаттары болады?
2. Қандай құжаттарға мөр қойылады?
3. Құжаттарға кімдер қол қояды?
4. Құжаттар неше данада жасалады?

**7. Танысыңыз.**

### АНЫҚТАМА

Анықтама — мазмұны белгілі бір фактіні я оқиғаны дәлелдейтін, растайтын, сипаттайтын ақпараттық-анықтамалық іс қағазының түрі.




**8. Дұрысын белгілеңіз.**

| | | |
|---|---|---|
| АНЫҚТАМА | ресми құжат | v |
| | оқиғаны/фактіні дәлелдейді | |
| | оқиға туралы хабарландыру береді | |
| | оқиғаны/фактіні сипаттайды | |
| | оқиғаны/фактіні растайды | |
| | тек жеке фирмаларды болады | |
| | ресми емес | |
| | фирмалық бланкте жазылады | |
| | бір дана болып жасалады | |
| | тек бір тілде жазылады | |
| | заңды құжат | |

**9. Жауап беріңіз.**

Қазіргі кезде адамдар қай жағдайда жиі анықтама алады?

| | | | |
|---|---|---|---|
| **бала мектепке барғанда** | **банктен несие алғанда** | **ипотекаға үй алғанда** | **университетке құжат тапсырғанда** |
| **тұрғылықты жер бойынша емханаға тіркелгенде** | **жұмысқа тұру кезінде** | **тұрғылықты жер бойынша тіркелгенде** | **банктен карточка аштырғанда** |

**10. Дұрысын белгілеңіз.**

Анықтаманы қайдан аламыз?

| | | | |
|---|---|---|---|
| Жұмыс орынан | | Халыққа қызмет көрсету орталығынан | |
| Емханадан | | Мемлекеттік органдардан | |
| Банктен | | Неке сарайынан | |
| Дүкеннен | | Пәтер иесінен | |
| Соттан | | Балабақшадан | |
| Мектептен | | Бастықтан | |

**11. Жауап беріңіз.**

1. Сіз ипотекаға үй алғалы жүрсіз. Сізге банк соңғы 6 айдың айлық жалақысы туралы, зейнетақы қоры және отбасы жағдайы және жылжымайтын мүлік туралы анықтама сұрады. Оларды қайдан аласыз?

2. Сіздің ұлыңыз/қызыңыз университетке құжат тапсырды. Оған *медициналық және ата-анасының жұмысы* туралы анықтама керек. Қайдан алады?

**12. Есте сақтаңыз.**




Жұмыс істейтіндігі туралы

АНЫҚТАМА № 22/2

Осы анықтама А.Қ. Саматов Қаржы бөлімінің Менеджері
(аты-жөні ,лауазымын көрсету)
болып жұмыс істейтіндігі туралы берілді.
Анықтама Астана қ., Каспий банкіне
(берілетін органның атауы)
көрсету үшін берілді.

«Аспан» ЖШС-нің директоры (қолы) А.Қ. Оспанов (аты-жөні) 24.09.2017 ж. (мерзімі)

**13. Ақпаратты толтырыңыз.**

**Құжаттың аты:** ................................................

**Негізгі мәтін:** ................................................

................................................

................................................

**Қай ұйымға берілді?** ................................................

**Берген ұйым атауы** ................................................

**Құжатты берген адам** ................................................

**Берілген уақыты:** ................................................



Жұмыс істейтіндігі туралы

**АНЫҚТАМА № 22/2**

Осы анықтама **А.Қ. Саматов Қаржы бөлімінің Менеджері**

(аты-жөні ,лауазымын көрсету)

болып жұмыс істейтіндігі туралы берілді.

Анықтама **Астана қ., Каспий банкіне**

(берілетін органның атауы)

**көрсету үшін берілді.**

**«Аспан» ЖШС-нің директоры** **А.Қ. Оспанов** 24.09.2017 ж.

(қолы) (аты-жөні) (мерзімі)

**14. Есте сақтаңыз.**

1. Осы анықтама С.М. Оспановтың Қаржы бөлімінің маманы болып жұмыс істейтінін растау үшін берілді.
2. Осы анықтама С.М. Оспановтың Қаржы бөлімінің маманы болып жұмыс істейді.

15. Анықтаманың мәтіні болатын қатарды белгілеңіз.

| | |
|---|---|
| М.С. Жұбановтың басында жылжымайтын мүлік жоқтығын растау үшін берілді. | |
| А.Т. Зарипов Астана қаласы, Республика көшесі 1 үй, 5 пәтерді сатты. | |
| А.Б. Айдаров 15 наурыз 2016 жылы қалалық емханада болғанын растау үшін берілді. | |
| Г.К. Жұмағалиева денсаулығына байланысты Денешынықтыру сабағынан босатылғанын растау үшін берілді. | |
| Г.К. Сәметова №25 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ береді. | |
| Күндізгі бөлімінің III курсында оқитынын растау үшін берілді | |
| Алмалы аудандық паспорт бөліміне көрсету үшін берілді | |
| Теміржол және әуежай касаларына көрсету үшін берілді | |

## ОҚЫЛЫМ

**1. Жауап беріңіз.**

1. Анықтама не үшін беріледі? Оның маңызы қаншалықты?
2. Оқыңыз.

Өмірдің түрлі жағдайларына байланысты бізге әр кезеңде, түрлі мекемелерге барып әр мазмұнда анықтамалар алуға тура келеді.Біздің жеке басымызды куәландыратын құжаттарды жоғалтып алғанда да анықтама оның орнын уақытша ауыстыра алады. Мекеме жетекшісі өз билігі мен өкілеттігінің шеңберіне анықтама беруге нұсқау береді және оны растап қол қояды.

Анықтама көп жағдайда жеке адамға байланысты нақты бір ақпаратты растау үшін беріледі. Мысалы, фамилиясы, аты-жөні, туған күні, туған жері, еңбек өтілі, атқаратын қызметі, білімі туралы мәлімет, мамандығы т.б. Анықтамада берілген мәлімет үнемі мұқият тексерілуі кажет. Мәліметтің дәлдігін тексерумен кадр бөлімінің қызметкері я ұйым жетекшісі, өкілдік берген қызметкер айналысады. Анықтамадағы қызметтік сипаттағы мәліметті тиісті бөлім қызметкері тексереді.

*https://www.tarbie.kz/11505*

**5. Жауап беріңіз.**

1. Анықтаманы негізгі құжаттың орнына қолдануға бола ма?
2. Анықтаманы кім береді?
3. Анықтамада жеке адам туралы қандай ақпарат болу керек?
4. Анықтамадағы ақпараттың дұрыстығын кім тексереді?
5. Анықтамадағы мәлімет неге мұқият тексерілу керек?

**6. Оқыңыз.**

**№1**

**АНЫҚТАМА**

Бұл анықтама Мырзамбетова Балнұр Жанабекқызына (01.01.1999 ж.т.) берілді. Б.Ж. Мырзамбетова Тараз қаласы № 76 мектеп лицейінің 11 «Б» сыныбында оқитынын және 2017 жылдың маусым айында жалпы орта білім туралы аттестат алатынын растау үшін берілді.

Анықтама Сулейман Демирел Университетінің сұранысы бойынша берілді.

Мектеп директоры__________________ ________ (аты-жөні) (қолы)

*Ескерту: Анықтама 20.01.2017-28.02.2017 аралығында берілмесе, директордың қолы, тіркеу нөмірі болмаса жарамсыз болып табылады.*

Кәсіпорынның атауы
Кәсіпорынның мекен-жайы
Тел.
Факс.
қаласы

Әлеуметтік
қамсыздандырудың
аудандық бөліміне
ұсыну үшін

**№2**

**АНЫҚТАМА**

21.04.2016 ж. №455

Жұмабаев Самат Қайратұлы «Асыл тас» кәсіпорынының маркетинг
*(кәсіпорынның атауы)*
бөлімінде 150000теңге (жүз елу мың теңге) жалақымен экономист болып
*(санмен және жазбаша)*
қызмет істейтінін растау үшін берілді.

Директор ________________________________________қолы аты-жөні
Бас есепші________________________________________қолы аты-жөні
М.О.

**7. Белгілеңіз. Төмендегі жүйе қай анықтамада бар, қай анықтамада жоқ.**

| | №1 | №2 |
|---|---|---|
| құжат аты | | |
| негізгі мәтін | | |
| анықтаманың қай ұйымға берілгені туралы мәлімет | | |
| анықтаманың жарамдылық мерзімі жайлы мәлімет | | |
| анықтаманы беріп отырған ұйымның мөрі мен анықтаматама беруші адамның қолы | | |

Есімшенің заттануы **304** - бет.

*Асқар досының үй сатып алатынын естіді.*
*А.Р. Орманов аталған компанияда жұмыс істейтінін растау үшін берілді.*

### 1. Тиісті жалғауды жалғап жазыңыз

**-ған** **-ген** **-қан** **-кен** **-атын** **-етін** **-итын**

| | | |
|---|---|---|
| **бару** | барған | баратын |
| **көру** | ................................ | ........................................ |
| **айту** | ................................ | ........................................ |
| **тыңдау** | ................................ | ........................................ |
| **жазу** | ................................ | ........................................ |
| **жасау** | ................................ | ........................................ |
| **сату** | ................................ | ........................................ |
| **тексеру** | ................................ | ........................................ |
| **сөйлесу** | ................................ | ........................................ |
| **келу** | ................................ | ........................................ |
| **кету** | ................................ | ........................................ |
| **көмектесу** | ................................ | ........................................ |

### 2. Тиісті жалғауды жалғаңыз.

**-ын** **-ін**

1. Басшылар оның құжатты тексерген..... біледі.
2. Асқар досының ән айтқан....... көрген еді.
3. Әселдің анасы оның үйге келген...... көрді.
4. Олар хатқа жауап берілген.... білген жоқ.
5. Анықтама А.С. Оспановтың қаржы бөлімінде істейтін..... растау үшін берілді.
6. Бұл анықтама қажетті құжаттардың тапсырылған...... растау үшін берілді.
7. Оксананың қазақша білетін.... әріптестері білмеді.
8. Асқардың кеткен..... ешкім байқамай қалды.
9. Пәтерақысы көтерілген..... Арман бүгін білді.
10. Ол құжаттардың қате толтырылған.... ескерткен еді.

### 3. Сөздерді кестеге бөліп жазыңыз.

| | | | |
|---|---|---|---|
| дәлелдегенін | айтқанын | растаған | тексерген |
| берген | көрген | жұмыс істегенін | алғанын |
| қол қойғанын | алатынын | келген | қызмет істеген |
| тексерген | сипаттағанын | жазғанын | түсінген |

| Не істеген? | | Нені? | |
|---|---|---|---|
| 1............................................. | | 1..................................... | |
| 2. ............................................. | жоқ | 2..................................... | білемін |
| 3. ............................................. | екен | 3..................................... | көрдім |
| 4. ............................................. | еді | 4..................................... | естідім |
| 5. ............................................. | | 5..................................... | |
| 6. ............................................. | | 6..................................... | |
| 7. ............................................. | | 7..................................... | |
| 8. ............................................. | | 8..................................... | |

**4. Қарамен берілген сөздерді есімше формасына ауыстырыңыз. Асқар туралы ақпарат беріңіз.**

«айтты» көмекші етістігін пайдаланыңыз
**Үлгі:** Асқар/іс сапар/ кету – Асқар іс сапарға кететінін айтты.

1. Нотариус/анықтама/бермеу – ..........................................................................
2. Орынбасар/құжат/тексеру – ..........................................................................
3. Хатшы/тұтынушы/телефон шалу – ....................................................................
4. Бастық/ертең/жиналыс өткізу – ......................................................................
5. Бас маман/құжат/толтыру – ..........................................................................
6. Асан/ әріптес/хат жіберу – ..........................................................................

**5. Асқар туралы ақпаратты пайдаланып әріптесіңізге сұрақ қойыңыз.**

аптасына 5 күн жұмыс **істеу**

демалыста қала сыртына бару

ертең серіктеске хат жазу



келесі апта несие **алу**

Келесі ай іс сапарға шығу

бүгін жұмыстан соң киноға бару

1. Асқар аптасына неше күн жұмыс істейтінін білесіз бе?
2. ..........................................................................................................
3. ..........................................................................................................
4. ..........................................................................................................
5. ..........................................................................................................

**6. Жағдаятты оқыңыз. Сұраққа жауап беріңіз.**
Оларға анықтама нені растау үшін берілді?
**Үлгі:** Асанның ұлы 1-сыныпқа барды. Ол мектепке құжат жинау керек. Ол жұмыстан анықтама алды. Асанға жұмыс істейтіндігін растау үшін анықтама берілді.

1. Самал ипотекаға үй алмақшы. Ол жұмыстан айлық жалақысы туралы анықтама алды. Самалдың айлығы 150 000 мың теңге.
..........................................................................................
..........................................................................................

2. Асқар 26 наурызда жұмысқа бармады, ол донор болды.
Сол күні ол қан тапсырды. Оған дәрігер анықтама жазып берді.
..........................................................................................
..........................................................................................

3. Азаматтың ұлы аяғын ауыртып алды. Ол енді Денешынықтыру сабағына қатыса алмайды. Оған дәрігер анықтама жазып берді.
..........................................................................................................

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

### Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңы

**9-бап. Мемлекеттік органдар актілерінің тілі**

Мемлекеттік органдардың актілері мемлекеттік тілде әзірленіп, қабылданады, қажет болған жағдайда, мүмкіндігінше, басқа тілдерге аударылуы қамтамасыз етіле отырып, оларды әзірлеу орыс тілінде жүргізілуі мүмкін.

**10-бап. Құжаттама жүргізу тілі**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесінде, ұйымдарында, меншік нысанына қарамастан, статистикалық-есеп, қаржы және техникалық құжаттама жүргізу мемлекеттік тілде және орыс тілінде қамтамасыз етіледі. Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушылары құжаттаманы мемлекеттік тілде және (немесе) орыс және (немесе) ағылшын тілдерінде жүргізуге құқылы.

**11-бап. Азаматтардың өтініштеріне қайтарылатын жауап тілі**

Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың азаматтардың өтініштері мен басқа да құжаттарға қайтаратын жауаптары мемлекеттік тілде немесе өтініш жасалған тілде беріледі.

## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Жауап беріңіз.**

1. Сіз жалған медициналық анықтама жасатып көрдіңіз бе?
2. Адамдар неге жалған анықтама алады?
3. Қандай жағдайларда жалған анықтамалар алынады?

**2. Тыңдаңыз. Ақпаратты анықтаңыз.** №43

| | дұрыс | бұрыс |
|---|---|---|
| 70 ұшқышқа жалған анықтама берілген. | | |
| Дәрігерлерге айыппұл салынады. | | |
| Авиациядағы қауіпсіздікті қадағалау үшін заң жасалған жоқ | | |
| Құзырлы орындар қызметкерлерді тексеретін мамандарды да бақылауға алады. | | |
| Экипаж командирі жылына екі рет сараптама жасатады. | | |
| Медицина қызметкерлеріне 50 айлық есеп көрсеткіш айыппұл салынады. | | |

**3. Тыңдаңыз. Жауап беріңіз.** №44

1. Жалған анықтама алу үшін үйден тапсырыс беру мүмкін бе?
2. Адамдар анықтама сату туралы ақпаратты қайдан алады?
3. Студенттерге анықтама қай қалада сатылды?
4. Анықтама бағасы арзан ба, қымбат па?
5. Ол анықтаманы қалай жасаған?

**4. Пікір білдіріңіз. Қай ойға қосыласыз? Неге?**

Медициналық анықтама алу үшін кезекке тұрып, уақытымды өзткізгім келмейді, сатып ала салған тез. Бәрібір еш жерім ауырмайды.

Медициналық анықтама алу үшін міндетті түрде өту керек, себебі сен адамдармен жұмыс істейсің, тек өзің үшін емес, олар үшінде жауаптысың.

## АЙТЫЛЫМ

**1. Жауап беріңіз.**

1. Сіз egov порталын қолданасыз ба?
2. Порталдан қандай құжаттар алуға болады?

egov

**2. Пікір білдіріңіз.**
egov порталының тиімділігі неде?

**3. Танысыныңыз. Сіз egov порталынан төмендегі анықтамаларды ала аласыз.**

- Аты, тегі, әкесінің атының ауысқаны туралы анықтама алу
- Қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтама алу
- Некеге тұру туралы анықтама беру
- Некенің бұзылғаны туралы анықтама алу
- Туу туралы анықтама алу
- Сотталғандығы болуы не болмауы туралы анықтама беру
- Мұрағаттық анықтамалар беру
- Жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы анықтама беру
- Мекенжай анықтамасын алу
- Зейнетақы аударымдары туралы анықтама алу
- Әскери қызметін өткеруді растау туралы анықтама алу

**4. Жауап беріңіз.**
1. Жоғарыдағы анықтамаларды қандай жағдайда аламыз?
**Үлгі:** Туу туралы анықтама – нәресте дүниеге келгенде алынатын құжат.

## ЖАЗЫЛЫМ

**1. Төмендегі кесте бойынша анықтама мәтінін жазыңыздар.**

| Кімге керек? | Қандай анықтама? | Қайда керек? | Ақпарат |
|---|---|---|---|
| Асқар Мұратұлы | мекенжайын растау | Салық комитетіне | Алматы қ., Панфилов көшесі, 7-үй, 198 пәтер. |

.......................................................................................................................................

.......................................................................................................................................

.......................................................................................................................................

| Кімге керек? | Қандай анықтама? | Қайда керек? | Ақпарат |
|---|---|---|---|
| Азамат Қаленұлы | жұмыс істейтінін растау | № 24 мектеп | «Аспан» ЖШС, Техникалық бөлім, инженер |

.......................................................................................................................................

.......................................................................................................................................

.......................................................................................................................................

| Кімге керек? | Қандай анықтама? | Қайда керек? | Ақпарат |
|---|---|---|---|
| Самал Қаленқызы | Отбасы жағдайы туралы | Тұрғын үй департаментіне | Күйеуі – Сағынбаев Бағдат, жүргізуші<br>Қыздары – Анель 9 –сынып оқушысы<br>Айсәуле – 1 жаста |

.......................................................................................................................................

.......................................................................................................................................

.......................................................................................................................................

.......................................................................................................................................



# 2-САБАҚ

## РЕСМИ ІС-ҚАҒАЗДАР

### Ұжымдық құжаттар

**1. Жауап беріңіз.**

Анықтамада қандай ақпарат беріледі?

....................................



Жұмыс істейтіндігі туралы

**АНЫҚТАМА № 22/2**

Осы анықтама **А.Қ. Саматов Қаржы бөлімінің Менеджері**

(аты-жөні ,лауазымын көрсету)

болып жұмыс істейтіндігі туралы берілді.

Анықтама **Астана қ., Каспий банкіне**

(берілетін органның атауы)

**көрсету үшін берілді.**

**«Аспан» ЖШС-нің директоры** (қолы) **А.Қ. Оспанов** (аты-жөні) 24.09.2017 ж. (мерзімі)

........................
........................

....................................
....................................

....................................
....................................

................................
................................

..........................................................................................................................................

**2. Топтық жұмыс.**

1. Бірінші топ жағдаят айтады.
2. Екінші топ қандай анықтама керек екендігін айтады.
3. Сұраққа тиісті жауап жазыңыз.

**Үлгі: Асқар – шет елге оқуға кету**

– Асқар не туралы айтты?

– Ол шет елге оқуға кететінін айтты.

1. Самал – дәрігерге бару.
– Самал не айтты?
– ..................................................................................
..................................................................................

2. Азамат – құжаттарды тексеру
– Азамат не айтты?
– ..................................................................................
..................................................................................

3. Сырым – жұмыстан шығу туралы өтініш жазу
– Сырым не айтты?
– ..................................................................................
..................................................................................

4. Дәулет – ертең қалаға келу
– Дәулет не айтты?
– ..................................................................................
..................................................................................

**5. Сөздермен танысыңыз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ереже** | положение | **құқық** | право |
| **туралы** | об | **міндет** | обязанность |
| **жалпы жиналыс** | общие собрание | **нормативтік құжат** | нормативная документация |
| **талқылау** | обсуждать | **іссапар** | командировка |
| **келісу** | соглашаться | **жұмыс орнын ауыстыру** | переводить на другую работу |
| **бекіту** | утверждать | **жәрдемақы** | пособие |
| **жалпы ереже** | общие положения | **өтемақы** | компенсационные выплаты |
| **еңбек шарты** | условия труда трудовой договор | **көтермелеу шаралары** | меры поощрения |
| **әлеуметтік төлеамақы** | социальные выплаты | **тәртіптік шаралар** | дисциплинарный взыскание |
| **жазбаша** | письменно | **ескерту** | предупреждение |
| **ауызша** | устно | **негізінде** | на оснований |
| **бұрыштама** | виза | **еңбек тәртібі** | трудовая дисциплина |

**6. Тиісті қатарды таңдаңыз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Басшы, қызметкер:** | анықтамаға<br>бұйрыққа<br>ережеге<br>Еңбек шартына<br>Заңға<br>күнделікке | | **қол қояды.** |
| **Жұмысшыларға** | әлеуметтік төлеамақы<br>жалақы<br>айыппұл<br>өтемақы<br>ескерту<br>жәрдемақы | | **төленеді.** |
| **Тәртіптік шаралар** | ауызша<br>онлайн<br>жазбаша | | **беріледі.** |
| **Басшы** | бұйрық<br>жұмыстан<br>ескерту | | **шығарады.** |

**7. Жауап беріңіз.**

1. Мекеменің қандай нормативтік құжаттары болады?
2. Құжаттар ненің негізінде жасалады?
2. Құжаттар қайда талқыланады?
3. Құжаттарды кім бекітеді?

**Заң, жалпы жиналыс, басшы, Ереже, Еңбек шарты т.б.**

**8. Сөздерді сәйкестендіріңіз.**

| | | |
|---|---|---|
| жалпы | құжат | 1........................................ |
| жалпы | шаралары | 2........................................ |
| әлеуметтік | шарты | 3........................................ |
| еңбек | шаралар | 4........................................ |
| нормативтік | ереже | 5........................................ |
| жұмыс орнын | төлеамақы | 6........................................ |
| көтермелеу | тәртібі | 7........................................ |
| тәртіптік | ауыстыру | 8........................................ |
| еңбек | жиналыс | 9........................................ |

**9. Төмендегі жауапты алу үшін қандай сұрақ қояр едіңіз?**

**Үлгі:**

*1. Олар еңбек тәртібі туралы қайда талқылады?*
*2. Олар еңбек тәртібі туралы жиналыста талқылады ма?*
*3. Олар жалпы жиналыста не туралы талқылады?*
*4. Жалпы жиналыста еңбек тәртібі туралы кімдер талқылады?*
**Жауап:** Олар еңбек тәртібі туралы жалпы жиналыста талқылады.

**1. «Аспан» ЖШС «Қызметкерлер туралы» ережесін қабылдады.**

2. Ережеде еңбек тәртібі, еңбек шарты туралы қарастырылды.
3. Ереже нормативтік құжаттар негізінде жасалды.
4. Қызметкерлерге осы жылғы әлеуметтік төлемақы төленді.
5. А.С. Жұмабаевқа тәртіптік шаралар қолданылды.
6. Бөлім басшысы оны уақытша іссапарға жіберді.
7. А.О. Маратовқа ауызша ескерту жасалды.

**10. Танысыңыз.**

**«БЕКІТЕМІН»**
**Директор** — Басшы туралы ақпарат

_______________________ *(кәсіпорын атауы)* — Кәсіпорын/мекеме атауы

_______________________ *(қолы)* *(аты-жөні)*

2007 жылғы «_____» __________ — Мерзімі

**Қызметкерлер туралы**
**ЕРЕЖЕ** — Құжат атауы

Негізгі мәтін:

1. Жалпы ережелер
2. Жұмысқа қабылдау
3. Құқықтары мен міндеттері
4. Жұмыс уақыты және демалыс
5. Демалыстар
6. Іссапарға жіберу, уақытша іссапарға жіберу және жаңа жұмыс орнына ауыстыру
7. Жалақы, әлеуметтік сақтандыру және өтемақылар
8. Көтермелеу шаралары мен тәртіптік шаралар
9. Жұмыстан босату

Басшының орынбасары _______________ *(қолы)* _______________ *(аты-жөні)* — Құжатты дайындаған тұлға

Бұрыштамалар — Келісім берген тұлғалар

**11. Тиісті ақпаратты жазыңыз.**

| | | |
|---|---|---|
| Ережені растау | | «БЕКІТЕМІН»<br>«Аспан» ЖШС<br>Қызметкерлер туралы Ереже<br>Жұмыс уақыты және демалыс<br>Бөлім басшылары<br>2017 жыл, 24 сәуір |
| Ереже мәтіні | | |
| Кәсіпорын атауы | | |
| Бекіткен мерзімі | | |
| Келіскен тұлғалар | | |
| Құжат атауы | | |

**12. Ереже құрылымын қалпына келтіріңіз.**

**«ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ТУРАЛЫ» ЕРЕЖЕ ҚҰРЫЛЫМЫ**

_______________________

Директор

__________ ___________

((...................... ......................) (.............) (.......-...........)

.................. жылғы «____»__________

**Қызметкерлер туралы**

.............................

1. Жалпы ережелер
2. Жұмысқа қабылдау
3. Құқықтары мен міндеттері
4. Жұмыс уақыты және демалыс
5. Демалыстар
6. Іссапарға жіберу, уақытша іссапарға жіберу және жаңа жұмыс орнына ауыстыру
7. Жалақы, әлеуметтік сақтандыру және өтемақылар
8. Көтермелеу шаралары мен тәртіптік шаралар
9. Жұмыстан босату

.................... .................... ________ _________

(...............) (............)

.........................................:

## ОҚЫЛЫМ



**1. Жауап беріңіз.**

1. Мекеме үшін Ереже не үшін қажет?
2. Ережені қандай мақсатта жазады?
3. Ереже қандай құжаттар негізінде жасалады?
4. Ережеде не қамтылу керек?

**2. Оқыңыз**

Ұйымның «Қызметкерлер туралы» ережесінде кәсіпорын жұмысын ұйымдастыру мәселелері, қызметкерлердің еңбекақысы, демалыс беру тәртібі, қызметкерлер мен басшылықтың құқықтары мен міндеттері, жұмыс режимі көрсетіледі. «Қызметкерлер туралы» ереже ,әрине, ұжымның жалпы жиналысында талқыланады, оған заң кеңесшісі бұрыштама соғады, басшының орынбасары қол қояды және кәсіпорын директоры бекітеді. «Қызметкерлер туралы» ереже ұжымдық еңбек шарттарын жасауға негіз болады. «Қызметкерлер туралы» ереже кейде ішкі еңбек тәртібі ережесінің орнына да жүруі мүмкін.

### 3. Тиісті ақпаратты жазыңыз.



1. Ереженің мазмұнында болу керек:
– ..........................................................................................................
– ..........................................................................................................
– ..........................................................................................................
– ..........................................................................................................
– ..........................................................................................................
– ..........................................................................................................

2. Ереженің дайындалу реті
Бірінші , ....................................................... екіншіден,...............................................
үшіншіден.................................................... төртіншіден...........................................

3. Ереже қандай құжатқа негіз болады?
– ..........................................................................................................

4. Ереже қандай құжаттың орнына жүреді?

– ..........................................................................................................

### 4. Оқыңыз. Жауап беріңіз.

Төмендегі бөліктер Ереженің қай бөліміне тән?

2. Жұмысқа қабылдау
3. Құқықтары мен міндеттері
4. Жұмыс уақыты және демалыс
5. Демалыстар
6. Іссапарға жіберу, уақытша іссапарға жіберу және жаңа жұмыс орнына ауыстыру
7. Жалақы, әлеуметтік сақтандыру және өтемақылар
8. Көтермелеу шаралары мен тәртіптік шаралар
9. Жұмыстан босату

| | |
|---|---|
| Кәсіпорын қызметкерлері үшін жұмыс аптасының, жұмыс күнінің және жұмыс уақытының ұзақтығы, сонымен бірге демалыс күндері және мереке күндері ҚР заң актілерімен, кәсіпорынның ішкі еңбек тәртібі туралы ережемен белгіленеді. | ..4.......................................<br>.......................................... |
| Кәсіпорын қызметкерлері белгіленген уақытта кәсіпорын басшыларына кіріп, өз жұмыстарына байланысты мәселелерді айтуға құқылы. | ........................................<br>........................................ |
| Еңбек шартын жасау кезінде жұмысқа қабылданып отырған қызметкердің сол лауазымға сәйкестігін бақылау үшін сынақ мерзімі белгілену керек. | ........................................<br>........................................ |
| Кәсіпорын қызметкерінің жылдық демалысты алу құқығы егер еңбек шартында өзгеше айтылмаса, еңбек қатынастары пайда болған күннен кейін 12 ай өткен соң мүмкін болады. | ........................................<br>........................................ |
| Кәсіпорынның қызметкері өз келісімі бойынша басқа жұмыс орнына белгілі бір мерзімге, 1 айдан 6 айға дейінгі мерзім шегінде іссапарға жіберілуі мүмкін. | ........................................<br>........................................ |
| Кәсіпорын қызметкері мынадай жағдайларда жұмыстан босатылуы мүмкін: еңбек шарты (келісімінің) мерзімінің аяқталуына байланысты және еңбек шартының мерзімі біткенге дейін, яғни мерзімінен бұрын жұмыстан шығарылуы мүмкін | .......................................... |

| | |
|---|---|
| тәртіп бұзуына немесе кәсіпорын жұмысын дұрыс орындамағаны үшін еңбек шартында көрсетілген мерзімнен бұрын қызметтен босату болып табылады. | ...................................... |
| Әрбір қызметкердің жалақысы оның жұмысының нәтижелеріне байланысты белгіленеді және ол белгілі бір жоғарғы мөлшермен шектелмейді. | ......................................<br>...................................... |

### 5. Сәйкестендіріңіз.

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | жұмыс | 1 | мерзімі |
| 2 | еңбек | 2 | шарты |
| 3 | айтуға | 3 | уақыты |
| 4 | сынақ | 4 | жіберілу |
| 5 | еңбек | 5 | тәртібі |
| 6 | іссапарға | 6 | құқылы |
| 7 | мерзімінен | 7 | бұзу |
| 8 | тәртіп | 8 | бұрын |

### 6. Жауап беріңіз.



Жұмыс уақыты қандай құжаттар негізінде белгіленеді?
Кәсіпорын қызметкерлері қандай мәселелерді айтуға құқылы?
Қызметкердің лауазымға сәйкестігін бақылау не белгіленеді?
Жылдық демалысты алу құқығы неше ай өткен соң мүмкін болады?
Кәсіпорынның қызметкері қанша уақыта іссапарға жіберілуі мүмкін?
Кәсіпорын қызметкері қандай жағдайларда жұмыстан босатылуы мүмкін?
Еңбек шартында көрсетілген мерзімнен бұрын қызметтен босату қандай жағдайда іске асырылады?

### 7. Топтық жұмыс.

Екінші топқа Ереженің бір бөлімі туралы ақпарат айтыңыздар. Олар қай бөлім екенін табуы керек.
**Үлгі:** Бұл бөлімде қызметкерлердің айлық жалақысы, өтемақы, жәрдемақы туралы қарастыралады. Бұл қай бөлім?

*Жалпы ережелер*

*Демалыстар*

*Құқықтары мен міндеттері*

*Көтермелеу және тәртіптік шаралар*

*Жұмысқа қабылдау*

*Жұмыс уақыты және демалыс*

*Жұмыстан босату*

*Жалақы, әлеуметтік сақтандыру және өтемақылар*

*Іссапарға жіберу, уақытша іссапарға жіберу және жаңа жұмыс орнына ауыстыру*

### 1. Ережемен танысыңыз.

| Модаль сөздер | **304** - бет. |
|---|---|

*Қызметкерді жұмысқа алғаннан кейін басшы оны лауазымдық нұсқаулықпен таныстыруға тиіс.*
*Қызметкер мереке күндері және демалыс күндері жұмысқа шақырылуы мүмкін.*
*Кешегі жиналысқа келгендердің бірі Асқар көрінеді.*

### 2. Тиісті сөздерді жазыңыз.

Әрине  секілді  екен  керек  шығар  мүмкін

1. Азамат пен Самал фирманың құжаттарын жіберген .........................
2. Әрбір қызметкер ұжым Ережесін оқу ...................
3. ......................, олар бұл құжатпен танысып қол қойды.
4. Бәлкім, олар бұл ақпаратты білмейтін .....................
5. Ертең сағат 12:00 бөлім жиналысы болады ..........................
6. Олар келген кезде менің жұмыста болуым .......................

### 3. Артық сөзді табыңыз.

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| керек | | сияқты | | бәлкім | | әрине | |
| тиіс | | секілді | | мүмкін | | әлбетте | |
| қажет | | рас | | әрине | | тиіс | |
| мүмкін | | тәрізді | | бәлки | | рас | |

### 4. Тиісті сөздерді табыңыз.

1. Бір нәрсе, оқиға туралы нақты білмейміз. Сол кезде қолданамыз:

.............................  .............................  .............................  ..........................

2. Іс-әрекетті орындауға, жасауға міндетті кезде қолдантын сөздер.

.............................  .............................  .............................

3. Іс-әрекетті, оқиғаның шын екенін айтқан кезде қолдантын сөздер.

### 4. Ержемен танысыңыз.

| Шартты рай | **210** - бет. |
|---|---|

*Ұжымдық Ереже бекітілсе, Еңбек шартын жасау керек,-деді орынбасар.*
*Қызметкер кәсіпорын жұмысын дұрыс орындамаса, еңбек шартында көрсетілген мерзімнен бұрын қызметтен босатылады.*

**5. Тиісті жалғауды жалғаңыз.**

**-са** **-се**

| | |
|---|---|
| бар ....... | жүр....... |
| кел....... | көр....... |
| айт....... | қара....... |
| оқы....... | босатыл....... |
| қол қой....... | шық....... |
| тыңда....... | сал....... |

**6. Сәйкестендіріңіз.**

1. Қызметкер демалыс және мереке күндері жұмысқа шықса,
2. Құжатқа барлық жауапты тұлғалар қол қоймаса,
3. Ұйымда өзгерістер болса,
4. Бүгін осы жұмысты аяқтасақ,
5. Сендер жиналысқа барсаңдар,
6. Жанар, Сырым Қаленұлы келсе,

1. кадр бөлімі қызметкерлерге жеткізуге міндетті.
2. маған айта салыңдар.
3. оған қосымша ақы төлену керек.
4. маған айта салшы.Маңызды шаруа бар еді.
5. ертең таңертең жіберу керек.
6. құжат өз күшіне енбейді.

**7. Жауап беріңіз.**

**Сіз не істер едіңіз?**

1. Егер қызметкер жұмысқа үнемі кешіксе
2. Құжат уақытында дайын болмаса
3. Қызметкер құжатта үнемі қате жіберсе
4. Қызметкер демалыс күндері жұмысқа шығудан бас тартса
5. Жұмысшылар айлық жалақыны көтеруді талап етсе
6. Қызметкерлер жиналыста өз ойларын айтпаса
7. Сіз қойған сұраққа қызметкер жауап бере алмаса

**8. Суретпен сұрақты сәйкестендіріңіз. Сұрақтарға жауап беріңіз**



1 2 3 4 5 6 7

| Егер .........? | # | |
|---|---|---|
| ... сіз түнде орманда адассаңыз | | **Не істер едіңіз?** |
| ... сіздің ұлыңыз басқа баламен төбелессе | | |
| ... сіздің әріптесіңіз сіздің идеяңызды ұрлап алса | | |
| ... сіздің велосипедіңізді ұрлап кетсе | | |
| ... | | |
| ... сіз лифтте қалып қойсаңыз | | |
| ... ұялы телефоныңыз суға түсіп кетсе | | |
| ... досыңыз сізден ақша ұрлап алса | | |

**9. Топтық жұмыс.**

Бірінші топ жағдаят ойлап табады. екінші топ сол жағдаятты шешеді. Орындарыңызбен ауысыңыздар.

| А тобы жағдаяты | Ә тобы жағдаяты |
|---|---|
| 1. ............................................................ | 1. ............................................................ |
| 2. ............................................................ | 2. ............................................................ |
| 3. ............................................................ | 3. ............................................................ |
| 4. ............................................................ | 4. ............................................................ |
| 5. ............................................................ | 5. ............................................................ |

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

**1. Танысыңыз.**

### ІС ҚАҒАЗДАРЫ 3 ТҮРГЕ БӨЛІНЕДІ:

**Азаматтық қарым-қатынастарды реттейтін іс-қағаздары:**
Мінездеме
Нұсқау
Кепілдеме
Ресми хаттар
Кеден мағлұмдамасы
Жеделхат
Жарнама
Қолхат
Хабарландыру
Сенімхат
Кепілхат
Өтініш
Тапсырыс
Келісімшарт
Еңбек шарты
Шарт
Еңбек келісімі және т.б.

**Жеке адам өміріне қатысты іс-қағаздары:**
Өмірбаян
Түйіндеме
Жеке іс парағы
Визит-карточкасы
Өтініш
Арыз
Мінездеме және т.б.

**Басқару, ұйымдастыру шығаруға қатысты іс-қағаздары:**
Заң
Үкім
Өкім
Жарғы
Жарлық
Ереже
Хабарлама
Бұйрық
Хаттама және т.б.



**Ереже түрлері**

<table>
<tr><td>Ұйым туралы</td><td rowspan="7">ЕРЕЖЕСІ</td></tr>
<tr><td>Қызметкерлер туралы</td></tr>
<tr><td>Жарыс, сайыс</td></tr>
<tr><td>Жолда жүру</td></tr>
<tr><td>Орта білім туралы аттестат толтыру ережесі</td></tr>
<tr><td>Жазу</td></tr>
<tr><td>Ойын</td></tr>
</table>

**ЕРЕЖЕ-ҚАҒИДА**

## ТЫҢДАЛЫМ

### 1. Жауап беріңіз.

1. Қызметкер, жұмысшының қандай құқықтары бар?
2. Қызметкер, жұмысшының қандай міндеттері бар?
3. Құқықтары мен міндеттері

### 2. Тыңдаңыз. Тиісті сөзді жазыңыз.

№45

**сақтауға сақтандыру ұжымдық таныстыруға құқығы**

1. Кәсіпорын қызметкерлері әлеуметтік .................... мен әлеуметтік қамтамасыз етуге қатысты барлық құқықтарды пайдалана алады.
2. Кәсіпорын әкімшілігі .............................. есеп береді.
3. Қызметкерді жұмысқа алғаннан кейін оның басшылары еңбек шартымен ............................ тиіс.
4. Қызметкер кәсіпорынның ішкі еңбек тәртібін қатаң ....................... тиісті
5. Әкімшіліктің қызметкерден еңбек шартында көрсетілмеген жұмыстарды талап етуге ............................ жоқ.

### 3. Тыңдаңыз. Ақпаратты анықтаңыз.

№45

**Құқықтары мен міндеттері**

| | дұрыс | бұрыс |
|---|---|---|
| Жұмыс режиміне қатысты барлық құқықтарды пайдалана алмайды. | | |
| Белгіленген уақытта басшыларға жеке басына қатысты мәселелерді айтуға құқылы. | | |
| Кәсіпорын әкімшілігі еңбек ұжымы кеңесінің алдында есеп береді. | | |
| Басшылар қызметкерді лауазымдық нұсқаулықпен таныстыруға тиіс. | | |
| Қызметкер тиісті басшылардың өкімдерін орындауға міндетті. | | |
| Қызметкер кәсіпорынның мүлкіне зиян келтіретін әрекеттерді жасамауға міндетті емес. | | |

**4. Жауап беріңіз.**

| Сіз өз міндеттеріңіз бен құқықтарыңызды білесіз бе? |
|---|

## АЙТЫЛЫМ

**1. Топтық жұмыс.**

Әр топ өз тақырыбы бойынша ойларыңызды айтыңыздар

| А тобы | Ә тобы |
|---|---|
| Басшылардың құқықтары мен міндеттері | Жұмысшылардың құқықтары мен міндеттері |

**2. Пікір білдіріңіз.**

1. XXI ғасыр техника дәуірі. Барлық құжаттарды электронды түрге айналдыру керек. Келісесіз бе? Неге?

## ЖАЗЫЛЫМ

Сіз өз ұйымыңыздың Қызметкерлер туралы Ережесінің кейбір жерлерімен келіспейсіз, сізге өзгертуге мүмкіндік берілді. Қандай өзгерістер енгізер едіңіз. Жазыңыз. Әр бөлімге екі өзгерту қосыңыз.

2. Жұмысқа қабылдау
– ..........................................................................................................
– ..........................................................................................................

3. Құқықтары мен міндеттері
– ..........................................................................................................
– ..........................................................................................................

4. Жұмыс уақыты және демалыс
– ..........................................................................................................
– ..........................................................................................................

5. Демалыстар
– ..........................................................................................................
– ..........................................................................................................

6. Іссапарға жіберу, уақытша іссапарға жіберу және жаңа жұмыс орнына ауыстыру
– ..........................................................................................................
– ..........................................................................................................

7. Жалақы, әлеуметтік сақтандыру және өтемақылар
– ..........................................................................................................
– ..........................................................................................................

8. Көтермелеу шаралары мен тәртіптік шаралар
– ..........................................................................................................
– ..........................................................................................................

9. Жұмыстан босату
– ..........................................................................................................
– ..........................................................................................................



# ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ



# I БӨЛІМ

# 1-САБАҚ

# ОТБАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

«Іссапарға барар алдында...»
«Іссапарға бармас бұрын...»

**Есімше**

Есімше – есім сөздің де, етістіктің де қызметін атқаратын етістіктің ерекше түрі. (А2 деңгей 7-тарау ... бетін қараңыз)

Есімшенің бір формасы *-ар, -ер, -р, -с* қосымшалары арқылы жасалады.

*-ар, -ер, -р, -с* қосымшалары арқылы жасалған есімшелер келер шақ мағынасын білдіреді, көбінесе **алдында, бұрын** сөздерімен тіркеседі.

Іссапарға бармас бұрын құжаттарды әзірлеу керек.
Жұмысқа тұрар алдында мемлекеттік тілден емтихан тапсырады.

Есімше тұлғалы етістік есімдерше қызмет атқарғанда бұл формасы септеледі, тәуелденеді, көптеледі, жіктеледі.

**Жіктелуі:**

| Болымды түрі | | Болымсыз түрі | |
|---|---|---|---|
| жекеше | көпше | жекеше | көпше |
| Мен айт**ар**мын<br>Сен айт**ар**сың<br>Сіз айт**ар**сыз<br>Ол айт**ар** | Біз айт**ар**мыз<br>Сендер айт**ар**сыңдар<br>Сіздер айт**ар**сыздар<br>Олар айт**ар** | Мен айтпа**с**пын<br>Сен айтпа**с**сың<br>Сіз айтпа**с**сыз<br>Ол айт**пас** | Біз айтпа**с**пыз<br>Сендер айтпа**с**сыңдар<br>Сіздер айтпа**с**сыздар<br>Олар айт**пас** |

Есімшенің бұл формасының болымды түрі жатыс, шығыс септік тұлғаларында қолданылады, бірнеше сөз барыс септігінде кездеседі. Басқа септіктерде қолданылмайды. Есімшенің бұл формасының болымды түрі тәуелді табыс, жатыс және шығыс септігінде ғана айтылады, ал болымсыз түрі толық септеледі.

| | | | |
|---|---|---|---|
| Атау | - | - | айтпас |
| Ілік | - | - | айтпас**тың** |
| Барыс | - | - | айтпас**қа** |
| Табыс | | айтар**ынды** | айтпас**ты** |
| Жатыс | айтар**да** | айтар**ында** | айтпас**та** |
| Шығыс | айтар**дан** | айтар**ынан** | айтпас**тан** |
| Көмектес | - | - | айтпас**пен** |

# ОТБАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

## Қимыл есімі

I БӨЛІМ

2-САБАҚ



**Қимыл есімі**

Қимыл есімі (тұйық етістік) – іс-әрекеттің өзі емес, сол әрекеттің атауы ретінде қолданылатын етістіктің ерекше түрі. Жақтық, шақтық мағынада қолданылмайды.

Қимыл есімі -у жұрнағы арқылы жасалады. Әрекеттің атауы ретінде қолданылады және есімдерше түрленеді.

Ақша үнемдеу – үлкен өнер.

Үйге қайтуға рұқсат берілді.

Сіз дәрігерге отбасыңызбен баруыңыз керек.

Сізден құжатты тиянақты толтыруыңызды сұраймыз.

Қимыл есіміне көптік жалғауы жалғанса, одан кейін тәуелдік жалғауы жалғанып қолданылады.

Сендердің кітапты мұқият оқуларың керек.

Қимыл есімі зат есім сияқты септеледі, тәуелденеді, бірақ жіктелмейді.

**Септелуі:**

| | |
|---|---|
| А. | бару, сөйлеу |
| І. | бару**дың**, сөйлеу**дің** |
| Б. | бару**ды**, сөйлеу**ді** |
| Т. | бару**ға**, сөйлеу**ге** |
| Ж. | бару**да**, сөйлеу**де** |
| Ш. | бару**дан**, сөйлеу**ден** |
| К. | бару**мен**, сөйлеу**мен** |

**Тәуелденуі:**

| | Жекеше |
|---|---|
| Менің | келу**ім** / бару**ым** |
| Сенің | келу**ің** / бару**ың** |
| Сіздің | келу**іңіз** / бару**ыңыз** |
| Оның | келу**і** / бару**ы** |

| | Көпше |
|---|---|
| Біздің | келу**іміз** / бару**ымыз** |
| Сендердің | келу**лерің** / бару**ларың** |
| Сіздердің | келу**леріңіз** /бару**ларыңыз** |
| Олардың | келу**лері** / бару**лары** |

ҚОСЫМША



**II БӨЛІМ**

**1-САБАҚ**

# ТІЛ БІЛУДІҢ ПАЙДАСЫ

## Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем
*бірақ, дегенмен, алайда, сонда да*

Құрмалас сөйлем екі немесе одан да көп жай сөйлемнен тұратын, біртұтас, грамматикалық, мағыналық, интонациялық тұрғыдан бүтін синтаксистік бірлік.

Құрмалас сөйлем түрлері

- Салалас құрмалас
- Сабақтас құрмалас
- Аралас құрмалас

Құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары тең дәрежеде байланысқан құрмалас сөйлемнің түрін **салалас құрмалас сөйлем** деп атайды. Салалас құрмаластар байланысу тәсіліне қарай жалғаулықты, жалғаулықсыз құрмалас болып екіге бөлінесе, мағынасына қарай 8 түрге жіктеледі. Олар: ыңғайлас салалас, қарсылықты салалас, себеп-салдарлы салалас, талғаулы салалас, кезектес салалас, шартты салалас, мезгіл салалас, түсіндірмелі салалас.

### Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем

Қарсылықты салалас құрмалас сөйлемнің құрамындағы компоненттер (жай сөйлемдер) істің, оқиғаның бір-біріне қарама-қарсы болатынын көрсетеді.

| Бірінші жай сөйлем | | Екінші жай сөйлем |
|---|---|---|
| + | шылау | – |
| Ол тіл курстарына барғысы келеді | | Оның уақыты болмай жүр |

*Ол тіл курстарына барғысы келеді, бірақ оның уақыты болмай жүр.*

| + | шылау | – |
|---|---|---|
| Ол жұмысқа кешігіп келді | | Ол берілген тапсырмаларды уақытында орындады |

*Ол жұмысқа кешігіп келді, алайда берілген тапсырмаларды қақытында орындады*

Қарсылықты салалас құрмалас сөйлемнің құрамындағы компоненттер (жай сөйлемдер) *бірақ, алайда, дегенмен, сонда да, әйтсе де* деген жалғаулық шылаулар арқылы байланысады.

Ғаламтордан ақпарат іздедім, **бірақ** таба алмадым.
Мен кітапханаға бардым, **алайда** керек кітапты таппадым
Ол қалаға келгісі келмеді, **дегенмен** келуге тура келді.
Мәтіндер дұрыс секілді, **сонда да** қайта тексеріп шығу керек.

# ТІЛІ БІЛУДІҢ ПАЙДАСЫ

**II БӨЛІМ**

**2-САБАҚ**



## Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем

*себебі, ал, сондықтан, сол себепті, өйткені*

**Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем**

Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдердің бірі екіншісінде айтылған істің себебін не салдарын білдіреді.

Мен қазақ тілін білемін, себебі мемлекеттік тілді білу – менің міндетім.

Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем құрамындағы компоненттер *өйткені, себебі, сондықтан, неге десеңіз* деген жалғаулық шылаулар арқылы байланысады.

Мен ағылшынша түсінбеймін, **сондықтан** қазақша фильмдер көремін.

Театрдың жанындағы дүкенге бардым, **себебі** «Нұра» супермаркеті жабық.

# ӘЛЕМ ТАҒАМЫ АЛДЫҢЫЗДА

**III БӨЛІМ**

**1 САБАҚ**



## Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем

*және, да, де, әрі*

**Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем**

Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем біртектес оқиға, құбылыстарды не бір мезгіл ішінде жүзеге асып жатқан іс-әрекеттерді білдіреді.

Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем құрамындағы компоненттер *және, әрі, да, де, та, те* шылаулары арқылы байланысады.

Аудан орталығында мейрамхана ашылды **және** оған жаңа қызметкерлер жұмысқа алынды.

Мен қазақ ұлттық тағамдарының ерекшеліктерін білемін ***әрі*** дайындай аламын.

Ол телефонмен сөйлесіп болды ***да***, түскі асты дайындауға кірісті.

Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем құрамындағы компоненттер *жалғаулықсыз* да байланысады.

Анам маған алма берді,ініме алмұрт берді.

Біз залға кірдік, жиналысты бірден бастап жібердік.



III БӨЛІМ

2-САБАҚ

# ӘЛЕМ ТАҒАМЫ АЛДЫҢЫЗДА

## Келісу, растау мәнді қыстырмалар

*Әрине, әлбетте, шынында «екен» көмекші етістігі*

**Келісу/келіспеу, растау/жоққа шығару мәнді қыстырма сөздер**

Сөйлемнің құрамында тұрса да, басқа мүшелермен грамматикалық байланысқа түспейтін мүше оқшау сөз деп аталады. Оқшау сөздің үш түрі бар: қаратпа сөз, қыстырма сөз, одағай сөз.

**Оқшау сөз**

Қаратпа сөз | Қыстырма сөз | Одағай сөз

Сөйлемдегі ойға жазушының, сөйлеушінің көзқарасын білдіретін оқшау сөздің түрі қыстырма сөз деп аталады.

Біздің ойымызша, бұл өте қызық кітап.

**Ерекшеліктері:**

Айтушының, жазушының көзқарасын білдіреді.

Басқа сөздерден оқшауланып, ерекше интонациямен айтылады.

**Мағыналары:**

| | Мағынасы | Мысалы | Қолданылуы |
|---|---|---|---|
| 1. | Адамның көңіл күйін, сезімін білдіреді. | Амал қанша, өкінішке қарай, несін айтасың | Амал қанша келесі автобусты күтеміз. |
| 2. | Ойға, пікірге жорамал жасау мағынасында болады. | Әрине, әлбетте, рас, сірә, мүмкін, шамасы, расында | Расында бұл аймақтың табиғаты керемет екен. |
| 3. | Ойдың, пікірдің, сөздің айтылу амалын, тәсілін көрсетеді. | Қысқасы, былайша айтқанда, демек, ендеше | Қысқасы кешке дейін жұмысты аяқтау керек. |
| 4. | Ойға басқа біреудің немесе айтушының пікірі тұрғысынан қарайды. | Меніңше, сіздіңше, біздіңше, мен білсем, оның айтуынша, сіздің ойыңызша | Меніңше бұл мақаланы қайта жазу керек. |
| 5. | Көзқарас, пікірлердің өзара қатынасын білдіреді. | Біріншіден, ақырында, соңында, сөйтіп | Ақырында барлық сұрақтардың жауаптарын таптым ғой. |

### «екен» көмекші етістігі

*Екен, еді* модаль сөздері *е* көмекші етістігінен қалыптасқан. Е көмекші етістігінің сөздік мағынасы бүтіндей жоқ және ол жедел өткен шақ (едім, едің, еді) және өткен шақ есімше (екен) формаларымен түрленеді, етістіктің басқа формаларымен өзгермейді.

Тек шақ, жақ категорияларына қатысты мағыналар үстейді. **Екен** көмекші етістігі жіктелгенде формасын толық сақтап та, ықшамдалып та, өзгертіліп те отырады.

Қорқынышты түс көрген **екен**мін (көрген екем/ екенсің).

**Жіктелуі:**

| Жекеше | Көпше |
|---|---|
| Мен екенмін<br>Сен екенсің<br>Сіз екенсіз<br>Ол екен | Біз екенбіз<br>Сендер екенсіңдер<br>Сіздер екенсіздер<br>Олар екен |

Бұрынғы өткен шақтың бір түрі *-ған, -ген, -қан, -кен* есімше тұлғалы етістікке ***екен*** көмекші етістігі тіркеліп қолданылады. Бұндай құрылымда көмекші етістік қана жіктеледі.

– Мына мақаланы қайдан көрдім десем, өткен айда оқыған екенмін.

**Жіктелуі:**

| | Жекеше | Көпше |
|---|---|---|
| I | оқыған екенмін | оқыған екенбіз |
| II | оқыған екенсің | оқыған екенсіңдер |
| | оқыған екенсіз | оқыған екенсіздер |
| III | оқыған екен | оқыған екен |

*Екен* көмекші етістігі есімшенің өткен шақ формасында қалыптасқандықтан, өзі тіркескен сөзге бұрын өткен амал немесе әрекет екенін білдіретін қосымша мағына үстейді.

Өткен шақ категориясын жасайтын аналитикалық форманттар:

| | |
|---|---|
| -ған екен | Ол киноға бар**ған екен**. |
| -атын екен | Мына дүкенге бар**атын екен**. |
| -ады екен | Айдар күнде футболға бар**ады екен**. |
| -са екен | Мына балалар байқауға бар**са екен**. |
| -ар ма екен | Ол кездесуге бар**ар ма екен**? |
| -ып па екен | Ол кездесуге бар**ып па екен**? |
| -мақшы екен | Біздің әріптестеріміз Жапонияға бар**мақшы екен**. |
| -а жатыр екен | Ол қазір кеңсеге бар**а жатыр екен**. |
| -ып жатыр екен | Қарлығаш қалада оқып **жатыр екен**. |



IV БӨЛІМ

1-САБАҚ

# БІЛІМДІ МЫҢДЫ ЖЫҒАДЫ...

## Күшейткіш демеуліктер
## *-ақ, -ау, ай, әсіресе, да (де, та, те)*

**Күшейткіш демеуліктер**

Демеуліктер – өздері тіркескен атауыш сөздерге нақтылау, тұжырымдау, күшейту, тежеу, болжалдық, күмән сияқты түрлі қосымша мағыналық реңк үстейтін сөздер.

Күшейткіш демеуліктерге *-ақ, -ау, -ай, әсіресе, да, де, та, те* шылаулары жатады. Олар сөйлемге, айтылған ойға күшейту мәнін қосу үшін қолданылады.

Бағдарлама бойынша тек бір*-ақ* студент емтиханнан өтпей қалды.

**Мағыналары:**

| | | |
|---|---|---|
| -ақ | Есім сөздерге, үстеуге тіркесіп, олардың мағынасын күшейту немесе ой екпінін түсіру үшін жұмсалады. | Күшті-ақ екен деп ойладым. |
| -ай | Адамның көңіл күйін білдіру үшін көбіне аяу, таңырқау мәнінде қолданылады. Зат есім мен сын есімдерге тіркесіп, оқшау сөз ретінде қызмет атқарады. | Таласпа, жаным-ай, қолыңнан келмеске. (Абай) |
| -ау | Есім сөздермен, етістік, одағай сөздермен тіркесіп, қуану, ренжу, күйіну мағынасында қолданылады. | Қарағым-ау, қайда барасың? |
| әсіресе | Сөйлемге күшейткіш мағына үстейді. | Ол, әсіресе, өзінің атын айтқызғысы келмеді. |
| да, де, та, те | Өзі тіркескен сөздерге күшейту, нақтылау, айқындау мәнін қосады. | Арманын да, қуанышын да, ренішін де жеткізуге тырысты. |

## Кезектес салалас құрмалас сөйлем *бірде, біресе, кейде*
## Жалпылау есімдігі





### Кезектес салалас құрмалас сөйлем

Іс-әрекет, оқиғаның жүзеге асуы кезектесіп келетін, тең дәрежеде байланысқан құрмалас салалас түрін кезектес салалас құрмалас сөйлем деп атайды.

Кезектес салалас құрмалас сөйлем **жалғаулық шылаулар (бірде, біресе, кейде)** арқылы жасалады.

Ол өз ойын бірде қазақша, бірде орысша айтып жатыр.
Ол кейде жұмысқа уақытында келеді, кейде ерте келеді.
Біресе жаңбыр жауады, біресе жел соғып, күн суытып кетеді.

Кезектес салаластың екі сыңарында да жалғаулық шылаулар қолданылады.

### Жалпылау есімдігі

Жалпылау есімдіктері – екі немесе одан да көп заттар мен құбылыстарды біріктіре, жинақтай айту үшін қолданылатын сөздер.

Бәрін айту мүмкін емес, себебі уақыт тығыз.

Жалпылау есімдіктері: *бар, барлық, бәрі, барша, бүкіл, бүтін, күллі, тамам, түгел.*

Қонаққа шақырылған адамдар түгел келді.
Олардың барлығы қазақ тілінен тест тапсырады.

Жіктелмейді.
Тәуелденіп барып, септеледі.

| | | | |
|---|---|---|---|
| Атау | барлығы | түгелі | баршасы |
| Ілік | барлығы**ның** | түгелі**нің** | баршасы**ның** |
| Барыс | барлығы**на** | түгелі**не** | баршасы**на** |
| Табыс | барлығы**н** | түгелі**н** | баршасы**н** |
| Жатыс | барлығы**нда** | түгелі**нде** | баршасы**нда** |
| Шығыс | барлығы**нан** | түгелі**нен** | баршасы**нан** |
| Көмектес | барлығы**мен** | түгелі**мен** | баршасы**мен** |

*Бүкіл, күллі, тамам* жалпылау есімдіктері тәуелденбейді.



# V БӨЛІМ 1-САБАҚ

## МҰРАЖАЙ: ТАРИХ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

### Талғаулы салалас құрмалас сөйлем
*не, не болмаса, немесе, я, яки*

**Талғаулы салалас құрмалас сөйлем**

Құрмалас сөйлем құрамындағы тең дәрежеде байланысқан екі сөйлемнің бірі екіншісі үшін талғау, таңдау мағынасын білдіретін салалас құрмалас сөйлем түрі талғаулы құрмалас салалас деп аталады.

Бұндай сөйлемдер *жалғаулық шылаулар* (не, немесе, я, яки, болмаса, не болмаса, әлде, мейлі, құй) арқылы жасалады.

Құрмалас сөйлемнің әр сыңарында жалғаулықтар қайталанады.

Не Ұлттық өнер галлереясына, не болмаса қалалық мұражайға барамыз.

Тура келесің бе, әлде жолдағы ауылға соғасың ба? (Есенжанов)



# V БӨЛІМ 2-САБАҚ

## МҰРАЖАЙ: ТАРИХ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

### *-и, -дай/дей-тай/тей...* жұрнақтары

**-и және -дай, -дей, -тай, -тей жұрнағы**

Есім сөздерге **-и және -дай, -дей, -тай, -тей** жұрнақтары жалғану арқылы сын есім жасалады.

Мен әскер**и** киім сататын дүкен іздеп жүрмін.

Қазіргі уақытта тарих**и** мұражайлар жан-жақты қолдауға ие болып жатыр.

Дүниеде қазақ тілін**дей** бай тіл жоқ.

Жолбарыс**тай** ақырған дауысы естілді.

**-дай, -дей, -тай, -тей** жұрнақтары өзі жалғанған сөзден салыстыру, ұқсату және болжалдық мәні бар туынды сын есім жасайды.

| | | |
|---|---|---|
| Зат есім | тау**дай, **сүт**тей**, су**дай** | Оның бет-әлпеті сүт**тей** ақ. |
| Есімдік | мен**дей**, сен**дей**, біз**дей** | Сен**дей** жүйрік болу қайда! |
| Сан есім | елу**дей**, жүз**дей**, мың**дай** | Байқаудың бірінші кезеңіне жүз**дей** адам жиналды. |

Кейбір сөздерде **-ы, -і** жұрнақтары қолданылады. Олар өзі қатынасқа түсетін заттың (нәрсенің) тектік сипатымен байланысты, яғни қай халыққа тиісті екенін білдіреді: қазақ – қазақ**ы**

Қазіргі жастар қазақ**ы** дәстүрдің кейбір ерекшеліктерін зерттеуде.

**«-ып, -іп, -п тұрады, жатады, жүреді, отырады»**

**тұр, жатыр, жүр, отыр** етістіктері әрі негізгі, әрі көмекші етістік бола алады (Базалық деңгейдің ..... бетін қараңыз). Бұл етістіктер амалдың, әрекеттің, қимылдың, қозғалыстың т.с.с. бір қалыппен өту процесін, сонымен бірге, сол процестің кейде үзіліп, кедергіге де ұшырап, кейде үзіліссіз, кедергісіз, тынбай дамып я үдеп отыратынын, ұзаққа да созылатынын білдіреді.

Мағыналары[1]:

| | | |
|---|---|---|
| **-ып, -іп, -п** тұр | жетекші етістікке амалдың өзгеріссіз, бір қалыппен жүретінін я үнемі болатынын немесе заттың дағдылы бір қалыптағы күйін аңғартатын реңк қосады. | Далада жаңбыр жауып тұр. |
| **-ып, -іп, -п** жүр | жетекші етістікке амалдың (әрекетті) үнемі қозғалыс я көшу (ауысу) үстінде бір қалыппен жалғастырылып істеле берілуін я қайталана беруін білдіреді. | Ол білім саласында қызмет етіп жүр. |
| **-ып, -іп, -п** отыр | жетекші етістікке амалдың үздіксіз я үздік-создық, жалпы алғанда, созаландап, ұзақ болатынын немесе жалғаса беретінін аңғартатын мағына қосады. | Директор жиналыста жоспарға кіргізілетін жұмыстар туралы хабарлап отыр. |
| **-ып, -іп, -п** жатыр | жетекші етістікке амалдың белгілі бір жерде тоқталмай, үздіксіз, үнемі, ұзақ жүре я жүргізіле беретінін немесе заттың дағдылы күйін білдіретін мағына үстейді. | Баяндамашы тақырыптың мақсатын түсіндіру үшін тоқтамай сөйлеп жатыр. |

Қалып етістіктері жіктік жалғауды тікелей қабылдап, нақты осы шақ қызметін атқарады.

**Жиі, ылғи, үнемі** сөздерімен қолданғанда жиі болып тұратын іс-әрекетті білдіреді.

Ол шетелге іссапарға жиі шығып тұрады.

Бұл аймақта жауын жиі жауып тұрады.

Қаладағы мұражайларда жас суретшілер көрмесі үнемі ұйымдастырылып тұрады.

*1. А.Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, «Ана тілі», 1991 ж. -384б.*



VI БӨЛІМ
1-САБАҚ

# «ШАПШАҢЫРАҚ, БИІГІРЕК, КҮШТІРЕК!» – ОЛИМПИАДА ҰРАНЫ

## Төл сөз бен төлеу сөз

**Төл сөз бен төлеу сөз**

Төл сөз – жазушының (сөйлеушінің) сөзіндегі біреудің өзгертілмей берілген сөзі.

- Сен қайда барасың? – деді анам.

Төлеу сөз – жазушының (сөйлеушінің) біреудің сөзінің мазмұнын сақтап, бірақ өз сөзімен өзгертіп берген сөздері.

Анам менен қайда баратынымды сұрады.

**Төл сөз, автор сөзі, төлеу сөз**

- «Төл сөз»
- Автор сөзі
- Төлеу сөз

Төл сөздің сызбасы

«Төл сөз» | , – | автор сөзі.

«Мен иттен қорқамын», – деді қыз.

1) Етістік есімше → Тәуелдік жалғау → Табыс септік → айту

Қыз өзінің иттен қорқатынын айтты.

2) Етістік есімше → -дық, -дік → Тәуелдік жалғау → Табыс септік → айту

Қыз өзінің иттен қорқатынын айтты.

3) Етістік → -қан,-кен, -ған,-ген → Тәуелдік жалғау → Табыс септік → айту

Қыз өзінің иттен қорқып тұрғанын айтты.

4) Етістік → -қан,-кен, -ған,-ген → Тәуелдік жалғау → Табыс септік → айту

## «ШАПШАҢЫРАҚ, БИІГІРЕК, КҮШТІРЕК!» – ОЛИМПИАДА ҰРАНЫ

### Сөйлемнің бірыңғай мүшелері

VI БӨЛІМ

2-САБАҚ



**Сөйлемнің бірыңғай мүшелері**

Сөйлем құрамындағы екі немесе одан да көп сөз синтаксистік қызметі жағынан бірдей болып, бір сұраққа жауап берсе, олар сөйлемнің бірыңғай мүшелері деп аталады.

Асан, Анар және Арман орталық стадионда жаттығады.

Мен бала кезімде боксқе, күреске, қашықтыққа секіруге қызығатынмын.

Бірыңғай мүшелер жалғаулық шылаулар арқылы да байланысады:

| | | |
|---|---|---|
| Ыңғайластық жалғаулық | да, де, та, те, және, әрі, мен, бен, пен | Алма – спортпен айналысатын, ақылды, білімді әрі салмақты қыз. |
| Талғаулы жалғаулық | я, не, немесе, әлде | Мұнда су немесе шай әкел. |

## ЭКОЛОГИЯ

### ... барғалы бері, барғалы жатырмын, ... бара бастадым

VII БӨЛІМ

1-САБАҚ



**Етістік түбірі** **+ ғалы/гелі бері;**
**+ ғалы/гелі + қалып етістіктері**
**+ а/е/й бастады**

Көсемшенің бір формасы *-ғалы, -гелі, -қалы, -келі* қосымшалары арқылы жасалады. Көбінесе қозғалыс мағынасындағы етістіктерді сипаттайды. Бұл жұрнақ арқылы кез келген етістіктен көсемше туындай бермейді.

Мен сізбен татулас**қалы** келдім.

Көсемшенің *-ғалы, -гелі, -қалы, -келі* жұрнақтары жалғанған етістік жіктелмейді. *-ғалы, -гелі, -қалы, -келі* арқылы етістіктің өткен шағы мен келер шағы жасалады.

Мен университетті аяқтағалы бері биыл он бес жыл болды.

Ол үйге келгелі бері ешкіммен сөйлеспеді. (өткен шақ)

Мен қазір киноға барғалы жатырмын, сен барасың ба? (келер шақ)

Бұл мысалдар өткен шақ пен келер шақты білдіреді. Бұл мағына үшін *-ғалы, -гелі, -қалы, -келі* қосымшалары бар көсемшеге *бері* және көмекші етістіктер (жатыр, тұр, отыр, жүр) тіркеседі.

*-а, -е, -й* қосымшасы арқылы жасалған көсемшеге *бастады* көмекші етістігі тіркесіп қолданылады. Іс-әрекеттің басталғанын, болып жатқан үрдісін көрсетеді.

Шақырылған қонақтардың бәрі келе бастады.



# VII БӨЛІМ
## 2-САБАҚ

# ЭКОЛОГИЯ

**Себеп-салдар және талғаулы салалас құрмалас сөйлем** (қайталау), **төл сөз бен төлеу сөз**

**Төл сөз, автор сөзі, төлеу сөз**

| «Төл сөз» | Автор сөзі | Төлеу сөз |
|---|---|---|
| «Мен қоршаған ортаны қорғау бойынша ұйымда жұмыс істедім» | ,– деді Асқар | Асқар қоршаған ортаны қорғау бойынша ұйымда жұмыс істегендігін айтты |

1. «Сен кешікпей кел», – деді әкесі.

Етістіктің бұйрық райы → тұйық етістік → Тәуелдік жалғау → Табыс септік → айту

Әкесі оның кешікпей келуін айтты.

2. «Менің әкем – қызметкер», – деді Арман.

Есім сөз → екен → Тәуелдік жалғау → Табыс септік → айту

Арман әкесінің **қызметкер екенін** айтты.

## НАНЫМ-СЕНІМДЕР

**VIII БӨЛІМ**

**1-САБАҚ**



**Түсіндірмелі салалас құрмалас**
*сонша, сондай, соншалық, сол, мынау*
**Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем** (қайталау)

### Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем

Соңғы сөйлемі алдыңғы сөйлемінің мағынасын түсіндіріп тұратын құрмалас сөйлемнің түрі түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем деп аталады.

Мұндай сөйлемдер жалғаулықсыз байланысады.

Менің ырымға сенетінім сонша – оларды үнемі сақтап жүруге тырысамын.

Оның айтқаны мынау: бұл жұмыс ешқашан бітпейді.

## ЕЛТАНЫМ

**IX БӨЛІМ**

**1-САБАҚ**



**«Экспо Астана-2017»**

### Күрделі сан есім

Күрделі сан есімдер – дара сан атауларының әр алуан жолмен тіркестіріле қолданылуы және қосарлана айтылуы арқылы жасалынады.
1. Ондық пен бірліктердің бірігуі арқылы: 12,35,18,58 т.б.
2. Ондықтар мен жүздіктердің бірігуі: 120,154,168,178
3. Сандардың қосарлануы арқылы: 10-10 (он-оннан), 4-5 (төрт-бестен)
Мысалы:
1. Асқар 1979 жылы дүниеге келген.
2. Олар 2016 жылы Астана қаласына көшіп келді.

Күрделі сан есімдерде қосымша соңғы санға жалғанады. Алайда мәтінде жалғау түсіріліп беріледі.
Мысалы: 1979-ыншы жылы – 1979 жылы



# IX БӨЛІМ ЕЛТАНЫМ

## 2-САБАҚ Көрікті мекен

**Мезгіл үстеу**

Мезгіл үстеу қимылдын, іс-әрекеттің мезгілін, мерзімін білдіреді де, қашан? қашаннан? деген сұрақтарға жауап береді. Мезгіл үстеуі етістікпен тіркесіп қолданылады. Мысалы: бүгін келді, ертең барады, таңертең тұрады, бұрын жүрді, күні бойы дайындалды, күні-түні оқиды, жазғытұрым келеді т. б.

Мезгіл үстеулер қарай, таман, дейін, кейін, шейін, бойы сөздерімен тіркесіп келіп іс-әркеттің созылу уақытын білдіреді.

Мысалдар:

1. Асқар емтиханға түні бойы дайындалды.
2. Олар таңертең қалаға жолға шықты.
3. Мен кеше күні бойы далада серуендедім.
4. Ол кешке қарай туған күнге барады.
5. Ол түске таман жұмыстан келеді.



# X БӨЛІМ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭТИКА

## 1-САБАҚ Мемлекеттік қызметші этикасы

**Септеулік шылаулар**

Септеулік шылаулар толық мағыналы сөздермен тіркесіп келіп, оған қосымша (мезгілдік, мекендік, шектік, себептік, мақсаттық т. б.) мән үстеп тұрады. Септеулік шылаулар септік формасындағы сөздерден кейін келеді.

1. Түбір (кейде көптік, тәуелдік) тұлғадағы зат есім, есімдік, тұйық етістік, есімшемен тіркесетін септеуліктер; арқылы, жайында, үшін, туралы, сайын, тәрізді, сияқты т. б.

Мысалы:

1. Асқар Астана арқылы Павлодарға баратын болды. – түбір сөзден кейін
2. Олар Асқар үшін сыйлық сатып алды. – түбір сөзден кейін
3. Оқуға түсу үшін жақсы дайындалу керек. – етістіктен кейін
4. Олар күн сайын дайындық курстарына барады. түбір сөзден кейін

2. Барыс септіктегі сөздермен тіркесетін септеуліктер: дейін, шейін, таман, қарай, салым, жуық, тарта т. б.

Мысалы:

1. Конференцияға екі жүзге жуық/тарта адам келді.
2. Олар кешке дейін/шейін осы жерде болады.

3. Шығыс септіктегі сөздермен тіркесетін септеуліктер: кейін, соң, гөрі, бері, бұрын, әрі т. б.

Мысалы:

1. Олар осы жұмыстан кейін/соң басқа тапсырыстар алуға дайын.
2. Астанадан гөрі Алматының қысы жылы болады. (салыстыру)
3. Арман кешеден бері құжаттың мәтінін тексеріп жатыр. (ұзақтық)

4. Көмектес септіктегі сөздермен тіркесетін септеуліктер: қатар, қабат, бірге.

Мысалы:

1. Асқармен бірге бір топ студенттер келді.
2. Қонақтар Асқарлармен қатар келді.

## ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭТИКА

### Әріптес және достық

X БӨЛІМ

2-САБАҚ



**Тұрақты тіркестер**

Тұрақты сөз тіркесі, фразеологиялық тіркес – екі немесе одан да көп сөздердің тіркесуінен жасалып, бір ұғымды білдіретін сөздер тобы.

Тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы сөздер өздерінің дербес мағыналары жоқ. Олар жеке-дара сөздерге синоним ретінде жұмсалады. Олардың тіркестегі мағынасы жеке тұрғандағы мағынасына сай келе бермейді (көре алмау – қызғану; іші күю – өкіну, т.б.)

Тұрақты сөз тіркесі бірнеше топқа жіктеледі:

- идиомалық тіркестер немесе идиома(қабырғаңмен кеңес, ешкімнің ала жібін аттама);

- мақал-мәтел (Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар; Өнерлінің өзегі талмас).

Мысалдар:

1. Олар арасынан қыл өтпейтін достар.
2. Ол өзінің көршісіне ешқашан жылы қабақ танытпады.
3. Ол бүгінгі отырыста ағынан жарылып сөйледі.
4. Асқар бұл оқиға туралы ешкімге тіс жармады.

## АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

### XXI ғасыр адамы

XI БӨЛІМ

1-САБАҚ



**Күшейткіш үстеу**

Күшейткіш үстеу сөйлемдегі айтылатын ойды ерекше (жоғарлату, төмендету) көрсетеді. Күшейткіш үстеулер көбінесе сапалық сын есімдермен тіркесіп жұмсалады. Сын есімнің күшейтпелі шырай түрін жасауға негіз болады. Мысалы: ең әдемі, тым биік, өте жақсы, аса терең, орасан зор т. б.

Күшейткіш үстеулердің біразы етістікпен тіркесіп, қалай? деген сұраққа жауап беріп, қимылдың сипатын күшейте я солғындата көрсетеді. Мысалы: мүлдем білмейді, әбден шаршаған, сәл жүріңкіре, керемет сөйлейді т. б.

Құрамы жағынан күшейткіш үстеулер негізгі түбір болып келеді.

Мысалы:

1. Олар қаладағы ең ұзын көшеде тұрады.
2. Ол ағылшын тілін мүлдем білмейтін еді.
3. Ол жұмыстан кеш келді, ол әбден шаршағанын сезді.



# XI БӨЛІМ
## АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ
### 2-САБАҚ
### Мемлекеттік қызметші этикасы

**Құранды етістіктер**

Құранды етістіктер есім сөздер мен етістіктердің тіркесуі арқылы жасалады. Есім+ етістік сөздер бір мағына береді. Мысалы; жәрдем ету, қамқор болу, талап ету, іске асыру, шешім қабылдау.

1. Ол өз достарына үнемі қамқор болып жүреді.
2. Ол баласына үнемі «адам бол!» деп бата береді.
3. Ол қызметкерлерден сапалы жұмысты талап етеді.



# XII БӨЛІМ
## РЕСМИ ІС-ҚАҒАЗДАР
### 1-САБАҚ
### Жеке тұлғаға қатысты құжаттар

**Есімшенің заттануы**

| **бар** | **атын** | **ы** | **н** | **баратынын** |
|---|---|---|---|---|
| *етістік* | *есімше* | *тәуелдік* | *табыс септігі* | *Заттанған есімше* |

**«-ған -ген -қан -кен -атын -етін –итын»** қосымшалары етістікке жалғанып өздерінен кейін септік, көптік, жіктік және тәуелдік жалғауын жалғап есім сөз орнына жүреді де, сол форманың сұрағына жауап береді. Мысалы:

Менің барғанымды – нені? табыс септік

Оның баратынын – нені? табыс септік

1. Олар құжатқа қол қойылатынын білді. Олар нені білді?
2. Оған банк несие беретінін ол алдын-ала білмеді.
3. Құжаттардың дұрыс екенін олар тексерген соң білді.



# XII БӨЛІМ
## РЕСМИ ІС-ҚАҒАЗДАР
### 2-САБАҚ
### Әріптес және достық

**Модаль сөздер**

Модаль сөздер— сөйлеушінің сөйлем мазмұнына көзқарасын білдіретін сөздер. Қазіргі қазақ тілінде модальдылықты толық мәнді есім де, етістік те, көмекші сөздер де білдіреді. Модаль сөздер есімді (керек, қажет, тиіс, сияқты, сықылды, тәрізді, секілді, мүмкін, бәлки, бәлкім, әрине, әлбетте, рас, анығынан, шамасы, тәрізді) және етістікті (екен, шығар, болар, дейді, көрінеді, білем) деп екіге бөлінеді.

Мысалы:

1. Асан өзінің анасы секілді әнші болуды армандайды.
2. Олардың құжаттарды ертең жіберуі мүмкін.
3. Ертең құжаттың соңғы нұсқасы дайын болатын шығар.

## СӨЗДІК ҚОР

### I бөлім, бірінші сабақ
### Отбасы мәселелері

**алғыс –** благодарность
**араға он жыл салу –** спустя десять лет
**айрықша –** особенный, особо
**бойға сіңіру –** впитывать (в себя)
**дүниетаным –** кругозор, мировоззрение
**еркелік –** избалованность
**жарасымды –** подходящий
**инабаттылық –** вежливость
**кең –** широкий
**қуану –** радоваться
**құлақ асу –** слушаться, прислушиваться
**құрмет тұту –** уважать
**мәселе –** проблема
**мақтан тұту –** гордиться
**намыс –** честь; доброе имя
**нәзік –** нежный
**намысқа тию –** задеть честь
**парасатты –** рассудительный
**сезімтал –** чувствительный
**ұмтылу –** стараться, стремиться (к чему-то)
**шексіз –** бесконечный
**ізіңді басар мұрагер –** наследник

### I бөлім, екінші сабақ
### Отбасы мәселелері

**артық** – лишний
**ақша шашу** – разбрасываться деньгами
**әдет** – привычка
**бекер** – зря, по пусту
**есептеу** – считать
**жинау** – собирать
**жөндеу** – чинить; ремонтировать
**жанармай** – бензин
**жоспарлау** – планировать
**жалақы, айлық** – зарплата
**күнделікті** – повседневный
**кіріс** – доход
**қателік** – ошибка
**қарыз** – долг
**қаражат** – финансы
**құмар** – сильное желание
**құпия** – секрет
**қалай болса солай жұмсау** – тратить как попало (о деньгах)
**несие** – кредит
**нарық** – рынок (экономика)
**пайда** – выгода
**пайыз** – процент
**төлем** – платеж
**түбіртек** – чек
**талап ету**– требовать
**табыс** – заработок; доход
**танымал** – известный
**үнемі** – постоянно
**шығын** – расход
**ынта** – усердие; рвение

### II бөлім, бірінші сабақ
### Тіл білудің пайдасы

**аударма** – перевод
**байқау** – замечать
**артықшылық** – преимущество
**дәлелдеу** – доказать
**екітілді** – двуязычный

**еркін** – свободно
**жетік** – в совершенстве
**жақсарту** – улучшать
**жылдам** – быстро, бегло
**жою** – уничтожить
**жерде қалмау** – быть востребованным, найти себе применение
**заман** – время
**зер салу** – обращать внимание
**зерттеуші** – исследователь
**көркем әдебиет** – художественная литература
**қатар атқару** – совмещать
**қостілді** – двуязычный
**мүдделес** – заинтересованный
**нашар** – плохо
**ми қызметі** – фунция мозга
**орташа** – средний

**ортадан жоғары** – выше среднего
**ой қызметі** – функция мышления
**өз құнын білу** – знать себе цену
**өз қалпында** – в том же состоянии
**өзекті** – актуальный
**пікірлес** – единомышленник
**судай сөйлеу** – владеть языком в совершенстве
**сөздік қор** – словарный запас
**табысты** – успешный
**тілдік кедергі** – языковой барьер
**талқылау** – обсуждать
**халықаралық** – международный

*Аз сөз алтын, көп сөз – күміс. – Мало слов – золото, а много – серебро.*

## II бөлім, екінші сабақ
## Тіл білудің пайдасы

**ауысу** – переходить (из одного состояния в другое)
**байырғы** – давний, коренной
**басқаша** – по другому
**басы қосылу** – собраться вместе
**дене түршігу** – задрожать, съежиться
**ерінбеу** – не лениться
**еңбекті бағалау** – оценить труд
**жағдай жасау** – создать условия
**жаттау** – выучить
**кем дегенде** – не менее
**көбінесе** – в основном
**кей** – некоторые
**«қара сөз»** – «слова назидания»
**құжат алмасу** – документооборот
**қалыптасу** –формировать
**қазақи** – свойственный казахам
**құжаттану** – документирование
**мазалау** – беспокоить
**насихаттау** – пропогандировать
**сезіну** – чувствовать
**тілі шығу** – научиться говорить
**тәмамдау** – закончить
**тілдік орта** – языковая среда
**шатастыру** – перепутать

## III бөлім, бірінші сабақ
## Әлем тағамы алдыңызда

**атақ беру** – присвоить звание
**арнаулы** – специальный, предназначенный
**аңыз** – легенда
**асу** – варить
**арал** – остров
**ақжелкен** – петрушка
**аштық** – голод
**аштықты басу** – утолять голод
**әдетке айналдыру** – ввести в привычку
**бағалау комиссиясы** – комиссия по оценке (чего-то)
**бұқтыру** – тушить (еду)
**буға пісіру** – приготовить на пару
**БАҚ (бұқаралық ақпарат құралдары)** – СМИ (средство массовой информации)
**бет бұруда** – держать курс (на чего-то)
**дәмін көру** – попробовать вкус, дегустировать
**дәрумен**– витамин
**дәстүрлі** – традиционный
**жеңіл тамақ** – легкая еда
**жеңсік ас** – деликатес
**жүзі жарқырау** – радушно, приветливо
**зәйтүн майы** – оливковое масло
**кәді** – кабачок
**қызыл бұрыш** –красный перец
**қорек** – еда; пища
**қуыру** – жарить
**қуырылған** – жаренный
**қышқыл қаймақ** – кислая сметана
**өндіру** – производить
**сергек сезіну** – чувствовать себя бодрый, быть в тонусе
**тұздық** – соус
**тынысы жеңілдеу** – облегчение дыхания
**ұнтақ** – крошки, порошок
**ұзындық** – длина
**үзбей** – беспрерывно
**халық арасында** – среди народа
**шипалы** – лечебный
**шөл** - жажда

*– Аға, «Ас адамның – арқауы»,- дегенді түсіндіріп беріңізші.*
*– Адам дұрыс әрі сапалы тамақ ішсе, оның денсаулығы мықты болады.*
*– Солай ма, «Жаманнан жарты қасық ас қалады» деген ше?*
*– Алдыңа келген ас – сенің несібең, сондықтан оны қалдырып, обал жасауға болмайды.*
*– Түсіндім, рақмет аға!*

*– Дядя, объясните значение фразы «Хлеб – всему голова»*
*– Если человек будет питаться рационно и своевременно, тогда его зодоровье будет крепким.*
*– А, как понять «Плох тот человек, который не съедает все, что в тарелке»*
*– Еда, которая послал тебе Бог, это его благословение, поэтому нельзя ее оставлять, будет жалко.*
*– Понял, спасибо дядя!*

## III бөлім, екінші сабақ
## Әлем тағамы алдыңызда

**аққайнар** – шампанское
**ас мәзірі** – меню
**әлбетте** – конечно, безусловно
**әшекей бұйым** – ювелирные изделия
**безендіру** – оформлять
**бекіре** – осетра
**бұзау еті** – телятина
**гауһар тас** – бриллиант
**енгізу** – ввести, внедрить
**есеп** – счет
**шот** – счет
**жұмыс барысы** – ход работы
**жайлы** – удобный
**жақұт** – изумруд
**жылқы еті** – конина
**көксерке** – судак
**кәсіпкер** – предприниматель
**көмкеру** – обшивать
**қарсылық** – возражение, несогласие
**құн** – цена
**қой еті** – баранина
**өкіл** – представитель
**пішін** – форма
**сиыр еті** – говядина
**тапсырыс** – заказ
**талғам** – вкус
**талқылау** – обсудить
**теңіз шаяны** – креветки
**ұсыныс** – предложение
**шынымен де** – действительно
**шынында** – действительно
**іскери кездесу** – деловая встреча
**теңіз сорпасы** – бульон из морских продуктов
**тіл үйіретін тамақ**– очень вкусное блюдо, что пальчики оближешь

## IV бөлім, бірінші сабақ
## Білімді мыңды жығады ...

**ақша жарату** – умение тратить деньги
**атына сай** – достойной своего имени
**әділ** – честный
**әлеуеметтік жағдайы** – соцальное положение
**бағдарлама** – программа
**дәреже** – степень
**емтихан парақшасы** – экзаменационный лист
**жоспарлау** – планировать
**жетілдіру** – совершенствовать
**зерттеу тақырыбы** – тема исследования
**жетекші ЖОО** – ведущий ВУЗ
**жоғары арнаулы білімі** – высшее специальное образование
**жетіп артылады** – в достаточном количестве
**зәру (зәру болу)**– крайне нуждаться
**иегер** – обладатель
**иегері атану** – стать обладателем (степендии)
**тағайындау** – назначать
**болса игі еді** – было бы хорошо

**құжаттар қабылдау** – принимать документы
**құрап отыр** – составлять
**мәртебелі** – почетный, авторитетный
**мемлекеттік қызметші**– государственный служащий
**мол** – много, богатый, обширный
**озық** – передовой, прогрессивный
**орташа** – средний
**өтінім** – заявка
**өмір бойы** – всю жизнь
**сүбелі** – значительный
**тәжірибе алмасу** – обмен опытом
**тыйым салу** – запретить
**талап** – требование
**түлек** – выпускник
**талпыну** – стремиться
**тиімді** – эффективный
**талапкер** – абитурент
**ұйымдастыру** – организовать
**үлес қосу** – внести вклад
**үлгеру** – успевать
**үлгерім** – успеваемость
**үміткер** – предендент
**шарт** – условие
**шәкіртақы** – стипендия
**іріктеу** – отбор

*– Кешіріңіз, оқуға тапсыруға қандай құжаттар қажет? – Извините, какие документы нужны для сдачи?*

*– Керек құжаттардың тізімі, дәлізде «Ақпараттар тақтасында» ілулі тұр. – Список необходимых документов висит в коридоре на «Доске информаций»*

*– Студент ұлыма, ақша салайын деп едім. Қандай құжаттар керек екенін айтып жібересіз бе?*

*– Хотел отправить деньги сыну-студенту. Можете подсказать какие документы для этого нужны?*

## IV бөлім, екінші сабақ
## Білімді мыңды жығады ...

**аулақ болу** – держаться на стороне (от чего-то)
**ақыл-кеңес** – совет
**арттыру** – превышать
**адамның күні адаммен** – человек нуждается в человеке
**аңғару, байқау** – обратить внимание
**бұрыс** – не правильно
**біліктілік** – квалификация, профессионализм
**белсенділік таныту** – проявить активность
**екіталай** – неведомо, сомнительно
**естен шығармау** – держать в памяти, не забыть
**жан-жақты** – разносторонний
**жеке бас мәселелері** – личные дела
**жамандау** – пророчить
**жылы сөйлеу** – говорить добрые слова
**жәрдемдесу** – помогать
**жүрексіну** – робеть, бояться
**жөнсіз** – неуместно
**кеңес** – совет
**күбірлеп сөйлеу** – говорить шёптом
**қылық** – поступок; действие
**қаңқу сөз** – сплетни
**қуанышқа ортақтасу** – разделить (чью-то) радость
**қол ұшын созу** – подать руку помощи
**қол босау** – досуг, свободное время
**қол сұғу** – вмешиваться в чужие дела
**мазасын алу** – беспокоить
**міндет жүктеу** – вложить обязнности
**назар аудару** – обратить внимание
**салғырт қарау** – относиться халатно
**сағыз шайнау** – жевать жвачку
**сыр** – секрет
**тыңғылықты** – аккуратный, тщательный
**уақытты қадағалау** – контролировать время
**өмірлік ұстаным** – жизненная позиция
**ынта** – усердие, интерес
**ықылас білдіру** – проявить желание
**өрге қарай домалау** – подниматься по карерьной лестинце

*– Дәурен Қалайбердіұлы, жоба туралы сізбен ақылдасайын деп едім. – Даурен Калайбердиулы, я бы хотел посоветоваться с вами по поводу проекта.*

*– Мәншүк Айдарқызы, сізден бірер сағатқа сұранайын деп едім. – Маншук Айдаркызы, я бы хотел отпроситься у вас на несколько часов.*

*– Наталья, түске дейін маған ешкімді кіргізбеңіз. – Наталья, до обеда не впускайте ко мне никого.*

*– Наталья, маған жоспарлау бөлімінің бастығын шақырыңызшы. – Наталья, позовите мне начальника отдела планирования.*

## V бөлім, бірінші сабақ
## Мұражай: тарих және мәдениет

**асыл тастар** – драгоценные камни
**атап өту** – отмечать
**алаң** – площадь
**бірегейі** – уникальный, настоящий
**болып табылу** – считаться
**болып саналу** – считаться
**ескерткіш** – памятник
**жаңғырту** – обновить
**жинақталу** – собираться
**жалығу** – наскучить, надоесть
**көркем сурет** – художественная картина
**қамал** – замок
**қайталанбас** – неповторимый
**құндылық** – ценность
**қолданбалы өнер** – прикладное искусство
**мүсін** – памятник
**негізгі** – в основном
**мойындау** – признавать, признать
**оң жақ жағалау** – правый берег
**орын тебу** – находиться, расположить
**өткені** – прошлое
**өскелең ұрпақ** – подрастающее поколение
**өнер туындылары** – произведения искусства
**үздік мұражай** – лучший музей
**ұлықтау** – чевствование
**тамашалу** – любоваться, восхищаться
**ғасыр** – век
**тұс** – около, возле, рядом
**тұспа-тұс келу** – совпадать
**таңдаулы** – избранный
**тұлға** – личность
**топтама** – коллекция
**шебер** – мастер
**сәндік-қолданбалы өнер** – ювелирно-прикладное искусство
**сәулетші** – архитектор

*Хабарландыру!*
*Құрметті келушілер!*
*Орталық мұражай 2012 жылдың 15 тамызынан 15 желтоқсанына дейін жөндеу жұмыстарына байланысты уақытша жабылатынын хабарлаймыз.*
*Мұражай әкімшілігі*

*Обявление!*
*Уважаемые посетители!*
*В с связи ремонтными работами сообщаем, что Центральный музей будет временно закрыт с 15 августа до 15 декабря 2012 года.*
*Администрация музея*

## V бөлім, екінші сабақ
## Мұражай: тарих және әдебиет

**атамекен** – родной край, земля
**алақан** – ладонь
**аспап** – инструмент
**айқындалу** – определяться, уточняться
**аймақтық** – региональный
**әлемге әйгілі** – известный всему миру
**білім беру** – дать образование
**бірлік** – единство
**баспа құралдары** – печатные издания
**бабалар** – предки
**барлық дерлік** – в основном, все
**бармақтай** – маленький, крошечный
**бәсекеге қабілетті** – конкуретноспособный
**ғылыми** – научный
**ғылыми зерттеу** – научное исследование
**дәстүрлі** – традиционный
**дәріс** – лекция, урок
**егемендік** – независимость
**жаңарған** – обновленный
**жарлық** – указ
**жаһандық** – мировой
**көз тартар көрікті орын** – красивое место, притягивающий взгляд
**кешенді** – комплексный
**кеңістік** – пространство
**құрылу** – обосноваться
**қабылдау** – принимать
**қол жеткізу** – достичь (цели)
**қоғамдастық** – общественность
**қару** – оружие
**қалыптасу** – сформироваться
**қор** – фонд
**қауіпсіздік** – безоспасность
**мемлекеттік** – государственный
**мәртебе** – честь
**мәдени** – культурный
**мұрағат** – архив
**отырыс** – заседание

**пікірталас** – диспут
**сақтам** – музейный экспонат
**сирек** – редкий
**түпнұсқа** – оригинал
**тәнті ету** – удивить
**тарту ету** – подарить
**тас жазулары** – пиктография

**Ақпараттық хат**

*Халықаралық Бизнес Академиясы*
***Құрметті қаржыгерлер мен есепшілер!***

*Сіздерді 2013 жылдың 23 қаңтарында «ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚСЫЗДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДАМУЫ» тақырыбындағы семинар-тренингке қатысуға шақырамыз.*

*Семинар-тренинг аясында төмендегідей секциялар жұмыс істейді:*
*1. Қаржылық тұрақсыздық жағдайындағы экономика секторы салаларын дамыту мәселелері.*
*2. Қаржы секторын басқаруды жетілдіру мәселелері.*
*3. Біртұтас экономикалық кеңістіктегі ықпалдастық (интеграция) құралдары.*
***Жұмыс тілдері** – қазақ, орыс, ағылшын.*
***Семинар өтетін мекенжай:** Алматы қаласы, Розыбакиев көшесі, 227.*
*Тапсырыс 31-25-00 телефоны арқылы немесе **2012_10@gmail.com** электронды поштасы арқылы қабылданады.*

**Информационное письмо**

*Международная Академия Бизнеса*
*Уважаемые финансисты и бухгалтеры!*
*Приглашаем Вас участвовать в семинар-тренинге на тему «Развитие экономики Казахстана в период финансового кризиса», который состоится 23 января 2013 года.*
*Во время семинара планируется работы следущих секций:*
*1. Проблемы развития определенного сектора экономики в период финансового кризиса.*
*2. Проблемы усовершенствования управления финсовых секторов.*
*3. Единое экономическое пространство: пути интеграций.*
***Рабочий язык семинара** – казахский, русский, английский.*
***Место проведения:** г. Алматы, ул. Розыбакиева, 227.*
*Заявка на участие принимается по телефону 31-25-00 или по электронной почте: 2012_10@gmail.com*

## VI бөлім, бірінші сабақ
## «Шапшаңырақ, биігірек, күштірек!» Олимпиада ұраны

**ардагер** – ветеран
**асығу** – спешить
**балдақ** – кастыль
**бағындыру** – покорять
**бәйге** – скачки, состязание
**дода** – группа всадников, участников игры кокпар
**жанкүйер** – болелщик
**жарыс** – соревнование
**жарақат алу** – получить травму
**күш-жігер** – сила воли
**көшбасшы** – лидер
**қош айтысу** – прощаться
**құлау** – падать
**қарап отырмау** – не сидеть, сложа руки
**қарсылас** – противник
**мансап** – карьера
**ойын** – игра
**сұрғылт** – серый
**табиғатына сай келу** – соответствовать характеру
**топтық жарыс** – групповое состязание
**тыңғылықты** – аккуратный, основательный
**тартыну** – уклоняться

**шама** – сила, мощь, возможность
**аяққа нық тұру** – прочно встать на ноги
**бел буу** – рисковать
**жардан құлап жыраға түсу** – терпеть неудачу
**қара үзіп кету** – быть впереди
**«леп» белгісімен** – восклицательным знаком (обозначить)
**сәтті аяқтау** – успешно завершить
**табан тіреу** – упираться
**тағатсыздана күту** – ждать с большим нетерпением
**топ жару** – быть лидером
**тұғырдан тайдыру** – сойти с пути
**тер төгу** – упорно трудиться

## VI бөлім, екінші сабақ
## «Шапшаңырақ, биігірек, күштірек!» Олимпиада ұраны

**ауқатты** – состоятельный
**алып денелі** –крупного телосложения
**алтын** – золото
**айқасу** – сражаться
**ат басын бұру** – приехать
**балуан** – борец
**біріншілік** – первенство
**біржолата** – окончательно, целиком, совсем
**бүркеншік ат** – псевдоним
**бірталай** – несколько
**бұйыру** – достаться, суждено было
**дүниежүзілік** – мировой
**дәреже** – степень, ранк
**еркін күрес** – вольная борьба
**елеулі оқиға** – значимая история
**екі дүркін** – двухкратный
**еркелету** – баловать
**ермек ету** – заниматься чем-либо, хобби
**еңбек сіңірген** – заслуженный
**еншілеу** – владеть, стать обладателем
**екі мәрте** – двухкратный
**жүлделі орын** – призовое место
**жеребе тастау** – бросать жеребьевку
**жүлдегер** – призер
**иелену** – присваивать
**классикалық күрес** – классическая борьба
**күміс** – серебро
**күллі әлемге ел атын асқақтату** – возвысить страну на весь мир
**күмәнмен қарау** – смотреть с подозрением
**КСРО** – СССР
**қола** – бронза
**қабырға** – ребро
**қарулы кісі** – человек с сильным характером
**қара күшті кісі** – сильный человек по своей природе
**қалың жұрт** – народные массы
**Орта Шығыс елдері** – Страны Среднего Востока
**пұт** – 16 киллограмм, пуд
**сындыру** – сломать
**спорт шебері** – мастер спорта
**тұла бойы** – все тело
**Таяу Шығыс елдері** – Страны Ближнего Востока
**төбесіне көтеру** – особо уважать, возвышать
**таңдай қақтыру** – удивляться, изумляться, восхищаться
**шебер орындау** – выполнять с особым искусством, профессионально
**үзеңгі** – стремя
**үсу** – замерзать
**«Алып – анадан туады»** – «Богатырь рождатся от матери»
**бақ сынау** – испытать удачу, пробывать себя
**жауырыны жерге тимеу** – быть непобедимым
**былғары қолғап** – боксерская перчатка
**қазақтың қара баласы -** простой казахский мальчик
**шаршы алаң** – арена, ринг
**Ақ түйенің қарны жарылу** – высказывание приуроченное к радостном событию, которое сопровождается изобилием и достатком

**«ҚАЗАҚ ФУТБОЛЫ» газетіне жазылыңыз!**

*Құрметті оқырман!*

*Жақында жарық көрген «Қазақ футболы» газетіне жазылу жүріп жатыр. Ендеше қапы қалмаңыз! «Қазақ футболы» газетіне жазылыңыз.*

*Құрметті Алматы тұрғындары!*

*«Қазақ футболы» газетінің осы уақытқа дейін жарық көрген барлық санын редакцияға хабарласу арқылы тегін алып, оқуға мүмкіндігіңіз бар. Ол үшін мына телефонға хабарласыңыз: 87026805507*

*«Қазақ футболы» газетіне жазылу бағасы*

| **Жазылу мерзімі** | **Заңды тұлға** | | **Жеке тұлға** | |
|---|---|---|---|---|
| | қала | аудан/ауыл | қала | аудан/ауыл |
| 3 айға | 800,26 теңге | 968,25 теңге | 750,26 теңге | 850 теңге |
| 6 айға | 1500 теңге | 2000 теңге | 1300 теңге | 1500 теңге |
| 1 жылға | 2000 теңге | 2500 теңге | 1500 теңге | 2000 теңге |

**Подпишитесь на газету «Қазақ футболы»**

*Уважаемые читатели!*

*Продолжается подписка на газету «Қазақ футболы». Поторопитесь. Подпишитесь на газету «Қазақ футболы».*

*Уважаемые алматинцы!*

*Вы имеете возможность получить бесплатно, а также прочитать все предыдующие номера газеты «Қазақ футболы», позвонив в редакцию по телефону 870268055077.*

*Стоимость подписки:*

| **Время подписки** | **Юридическое лицо** | | **Физическое лицо** | |
|---|---|---|---|---|
| | город | район/посёлок | город | район/посёлок |
| на 3 месяца | 800,26 тенге | 968,25 тенге | 750,26 тенге | 850 тенге |
| на 6 месяца | 1500 тенге | 2000 тенге | 1300 тенге | 1500 тенге |
| на 1 год | 2000 тенге | 2500 тенге | 1500 тенге | 2000 тенге |

## VII бөлім, бірінші сабақ
## Экология

**аман қалу** – выжить
**апат** – катастрофа
**ағза** – организм
**бақа** – лягушка
**бар пәрменімен** – всей силой
**бой үйрену** – привыкать
**белең алу** – распространяться
**денсаулықты бұзу** – навредить здоровью
**жұмыр жер** – вселенная
**зат алмасу** – обмен веществ
**заңды құбылыс** – закономерное явление
**кері әсер тигізу** – нанести вред
**кенде қалу** – оставаться в стороне
**күл-қоқыс** – мусор
**қауіп төну** – нависать в опасности
**қарыштап даму** – стремительно развиваться
**қан айналым** – кровообращение
**қалбыр** – железная банка
**қағыс қалу** – остаться на стороне
**қатты тұрмыстық қалдықтар (ҚТҚ)** – твердые бытовые отходы
**қыздыру** – подогреть

**қоршаған орта** – окружающая среда
**ластану** – загрязнение
**минералдық зат** – минеральное вещество
**назар аудару** – обратить внимание
өзгерістер – изменение
**өндіру** – производить
**өндірістік** – производственный
**секіру** – прыгать
**сарапшы** – эксперт
**тәжірибе** – опыт
**тағдыр** – судьба
**таза ауа** – чистый воздух
**тіршілік** – жизнь
**тозаң** – пыль, пыльца
**түтін** – дым
**түтінді тұман** – туман, смок
**техногендік сипат** – техногенный характер
**тау-тау** – горой, очень много
**топырақ құнары** – плодородие почвы
**тығыз байланысты** – тесно связано
**улы қалдық** – ядовитые остатки
**улы заттар** – ядовитые вещества
**шіру** – гнить, эрозия почвы
**шыны** – стекло
**шаң** – пыль
**химиялық** – химический
**экологиялық жағдай** – экологическое состояние

*Демалушылар назарына!*

*Құрметті қала тұрғындары мен қала қонақтары «Ақ қайнар» демалыс орнында өздеріңізден кейін қоқыс қалдырмауларыңызды сұраймыз. Қоқыс жәшігі әр жүз метр сайын тас жол бойында орналасқан.*

*Құрметпен, «Ақ қайнар» әкімшілігі*

*Вниманию отдыхающих!*

*Уважаемые жители и гости города просим не оставлять мусор за собой в зоне отдыха «Ак кайнар». Мусорные ящики расположены в ста метрах друг от друга.*

*С уважением, администрация зоны отдыха «Ак кайнар»*

*Құрметті көршілер!*

*34-үйдің тұрғындары, кіреберісте және есіктеріңіздің алдына қоқыс тастамауларыңызды сұраймыз. Сондай-ақ, баспалдақтарда шылым шекпеулеріңізді өтінеміз. «Алыстағы ағайынан жанындағы көрші артық»,- демекші бір-бірімізді сыйлайық. Бұл біздің үйіміз, мұнда сіз бен біз тұрамыз!*

*Ізгі ниетпен, көршілер!*

*Уважаемые соседи!*

*Жители дома №34, просим вас не оставлять мусор в подьездах и возле двери ваших квартир, а также не курить на лестничных площадках. Как говорится: «Сосед ближе, чем родственник, живущий далеко» давайте уважать друг-друга! Это наш дом, тут живем Мы с Вами!*

*С уважением, соседи!*

*Құрметті қала тұрғындары!*

*Ағымдағы жылдың 26 қыркүйегінде «Менің қалам – таза қала» атты сенбілік өтеді. Сенбілікке барлықтарыңыз атсалысады деп үміттенеміз.*

*Ізгі ниетпен, көршілер!*

*Уважаемые жители города!*

*26 сентября текущего года состоится субботник «Мой город– чистый город». Надеемся, что все будут активно участвовать в субботнике.*

*С уважением, соседи!*

## VII бөлім, екінші сабақ
## Экология

**ашулану** – сердиться, гневаться, злиться
**аймақ** – регион
**айыппұл** – штраф
**бас тарту** – отказаться
**далада тамақтану** – кушать на улице под открытым небом
**жазалау** – наказать
**жолды кесіп өту** – переходить дорогу
**жүйе** – система
**жол жиегі** – тротуар
**құрметтемеушілік** – неуважение
**қоғамдық жұмыс** – общественная работа
**қатаң шара** – строгие меры
**куә болу** – быть свидетелем
**көңіл бөлу** – уделить внимание
**өсімдіктерді жұлу** – сорвать растение
**от жағу** – разжигать костер
**селқостық** – невнимательность
**темекі тұқылы** – окурок
**тазалықшы** – дворник
**түкіру** – плевать
**табиғатты ластау** – загрязнять природу
**шылым шегу** – курить
**ызаланау** – гневаться, злиться
**ішімдік ішу** – принимать алкоголь

## VIII бөлім, бірінші сабақ
## Наным-сенімдер

**дұға** – молитва
**дәл келу** – совпадать
**діттеген** – намеченный
**ежелден келе жату** – с давних времен
**жайсыз** – неприятный
**мән беру** – обращать внимание
**өз басы** – личность, он сам
**табалдырық** – порог
**тыйым** – запрет
**түйреуіш** – булавка
**ысқыру** – свистеть
**ырым** – приметы
**ырымшыл** – человек верующий приметам
**ақылға сыймау** – уму непостижимо
**алақан қышу** –чесяться ладоньям (к деньгам)
**арқа сүйеу** – опираться на что-то
**кәдеге жарату** – использовать в быту
**қатып қалған наным** – устоявщиеся приметы

*Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан – Счастливчику всегда везет*

## VIII бөлім, екінші сабақ
## Наным-сенімдер

**арыстан** – лев
**бикеш** – дева
**бойын аулақ салу** – держаться подальше
**бейім жандар** – склонные к чему-либо
**билік жүргізу** – управлять
**бүге-шүгесіне дейін** – вплоть до мелочей
**балықтар** – рыбы
**бағыт** – направление
**дегеніне жету** – достичь цели
**дөңгелетіп әкету** – легко справляться, усвоить
**есеп-қисап** – бухгалтерские счета
**жанын салып жұмыс істеу** – работать, не покладая рук
**жауапкершілік** – ответственность
**қолы жеңіл** – легкая рука
**көңілі қалау** – желать что-либо
**икемділік** – сколонность приспасобление
**мерген** – стрелец
**оң жамбасына оңтайлы** – удобный для кого-либо
**оташы** – хирург
**сазгер** – композитор
**суқұйғыш** – водолей
**сарышаяндар** – скорпион
**тоқты** – овен
**торпақ** – телец
**таразы** – весы
**тәуір көру** – предпочитать
**тауешкі** – козерог
**ұран** – девиз
**шешендік** – ораторство
**шаяндар** – раки

**адамның тілін таба білу** – найти общий язык с людьми
**тың идеяларға бай** – богат, полон идеями

## IX бөлім, бірінші сабақ
## Елтаным

**көрме -** выставка
**халықаралық -** международный
**дүниежүзілік -** всемирный
**көпес -** купец
**сауда -** торговля
**бастама -** начинание
**оң нәтиже -** давать результат; иметь успех
**ұйымдастыру -** организовать
**дәстүр -** традиция
**адамзат -** человечество
**жетістік -** достижение; успех
**мақсат -** цель
**талап -** задача; ответственность; требование
**мамандандырылған -** специализированный
**тамашалау -** восхищаться; восторгаться; любоваться;
**жетілдіру -** совершенствовать

## IX бөлім, екінші сабақ
## Елтаным

**киелі жер -** обетованная земля
**көрікті мекен -** красивое место
**үңгір -** пещера
**зиярат ету -** паломничество
**аңыз әңгіме -** легенда
**жорық -** поход
**әулие адам -** святой человек
**Әуенді бархан -** Поющий бархан
**орталық -** центр
**құмды тау -** песчанные горы
**еске түсіру -** вспоминать
**аралау -** посещать
**қыдыру -** гулять
**таулы аймақ -** горный местность
**орманды алқап -** лесная полоса
**сыр -** тайна/секрет
**туристік бағыт -** туристический направление
**шығын -** затрата

## X бөлім, бірінші сабақ
## Жұмыс және этика

**мемлекеттік қызметші -** государственный служащий
**назар аудару -** обратить внимание
**қоғам мүшелері -** члены общество
**адамгершілік -** гуманизм; гуманность; человечность
**мейірімділік -** доброта; ласковость; милосердие;
**адалдық -** честность
**өзін-өзі ұстай білу -** держать себя сответсвенно
**сыртқы бейне -** внешний вид
**қажымас еңбек -** работать без устали
**әділдік -** справедливость
**шектен тыс шығу -** черезмерный
**сенімді болу -** быть уверенным
**шыдамсыздық -** нетерпение
**екіжүзділік -** двуличие; лицемерие
**өтірік айту -** лгать; говорить неправду
**мансап -** карьера
**тәкаппарлық -** высокомерность
**талап қою -** предъявлять требование
**бедел -** авторитет; почет; репутация; уважение
**сыпайы -** вежливый

## X бөлім, екінші сабақ
## Жұмыс және этика

**тәулік** - сутки
**жағымды** - приятный/положительный
**жағымсыз** - неприятный/неположительный
**ерекшелік** - особенность
**ұйымшыл** - дружный/ сплоченный
**кепіл** - гарантия
**сөзқұмарлық** - говорливый
**шеттету** - остронить
**жеке өмір** - личная жизнь
**қадір** - уважение/авторитет
**ойға келгенді жасау** - делать то что ум приходить

**құпия** - секрет
**қиындық** - трудности
**асыра сілтеу** - перегибать
**бәсекелестік** - конкуренция
**қарсылас** - соперник
**кемшілік** - недостаток
**артықшылық** - преимущество
**талқылау** - обсуждать
**араластырмау** - не смешивать
**жақтыртпау** - не одобрять
**абырой** - авторитет/доброе имя

## XI бөлім, бірінші сабақ
## Адам және қоғам

**ұрпақ** - поколение
**әсер қалдыру** - получить впечатление
**заңдылық** - закономерность
**қарабайыр** - простой
**жанталасу** - метаться в агонии
**хабардар болу** - быть осведомленным
**құлақ түру** - прислушиваться
**рухани** - духовный
**жағдай жасау** - создавать условия
**виртуалды әлем** - виртульный мир

**жетілу** - совершенствоваться
**үйрену** - научиться
**жирену** - ?
**заманауи** - современный
**дабыл қағу** - бить тревогу
**ғасыр** - век
**мүмкіндік** - возможность
**ажырата алу** - различать
**заман** - эпоха; эра; времена
**тиімді қолдану** - эффективное использование

## XI бөлім, екінші сабақ
## Адам және қоғам

**келбет** - внешний вид; облик
**сенім арту** - оказать доверие
**намыс** - честь; чувство достоинства
**рух** - дух; настроение
**мыңжылдық** - тысячелетия
**көзқарас** - точка зрения
**пікір** - мнение; суждение
**жалған намыс** - ложное самолюбие
**құрметтеу** - чтить; уважать;
**жол беру** - уступить
**қоғам** - общество

**батысшыл** - прозападный
**теріс қылық** - скверный проступок
**еліктегіш** - подражатель; склонный к подражанию
**адасу** - заблуждаться; ошибаться
**білімді** - образованный; сведущий
**бойына сіңіру** - усваивать
**сөз қайтару** - ?
**қарсы сөйлеу** - говорить наперекор; возражать
**құлдырау** - деградировать
**ұялу** - стыдиться
**дәстүр** - обычай; традиция

## XII бөлім, бірінші сабақ
## Ресми іс-қағаздар

**оқиға** - событие

**дәлелдеу** - аргументировать

**сипаттау** - охарактеризовать

**ақпараттық** - информационный

**анықтамалық** - справочник

**мазмұн** - содержание

**құрылым** - структура

**жағдай** - ситуация

**жеке бас құжаттары** - документы удостоверающие личность

**қол қою** - подписать

**растау** - подтверждать правильность

**өкілетті** - полномочный

**құқылы** - имееть право

**мұқият** - внимательно

**дана** - экземпляр

**бөлімше** - подразделение

**мөр** - печать

**қорытынды** - Заключение/вывод

## XII бөлім, екінші сабақ
## Ресми іс-қағаздар

**ереже** - положение

**туралы** - об

**жалпы жиналыс** - общие собрание

**талқылау** - обсуждать

**келісу** - соглашаться

**бекіту** - утверждать

**жалпы ереже** - общие положения

**еңбек шарты** - условия труда трудовой договор

**әлеуметтік төлеамақы** - социальные выплаты

**жазбаша** - письменно

**ауызша** - устно

**бұрыштама** - виза

**құқық** - право

**міндет** - обязанность

**нормативтік құжат** - нормативная документация

**іссапар** - командировка

**жұмыс орнын ауыстыру** - переводить на другую работу

**жәрдемақы** - пособие

**өтемақы** - компенсационные выплаты

**көтермелеу шаралары** - меры поощрения

**тәртіптік шаралар** - дисциплинарный вызыскание

**ескерту** - предупреждение

**негізінде** - на оснований

**еңбек тәртібі** - трудовая дисциплина

## АУДИОМӘТІНДЕР
## В2

**1. Тыңдаңыз. «Иә» немесе «Жоқ» деп жауап беріңіз.** №1

– Сізді дүниеге әкелген ата-анаңыз қандай жандар?

– Олар – менің бұл дүниедегі асылдарым. Әкем Әлімгерейдің жеке кәсібі бар. Үнемі іссапарларда жүреді. Ал анам Гүлстан – кітапханашы. Өте парасатты жан. Бір жұмысты бастар алдында бізге үнемі ақылын айтып отырады. Анамның маған берген тәрбиесін балаларыма бергім келеді.

Енді екінші рет тыңдаңыз.

**2. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.** №2

– Отбасыңыз туралы айтып өтсеңіз?

– Әкемді мақтан тұтамын. Ол кісі білімді, көңілді кісі еді. Әкеме өте жақын болып өстім. Ол кісі де менің тәрбиеме ерекше көңіл бөлді. Мамандық таңдауымда да ол кісі маған көп кеңес берді. Қиын жағдайларды шешпес бұрын үнемі әкемнен ақыл сұрайтын едім.

Енді екінші рет тыңдаңыз.

**3. Тыңдаңыз. Дұрыс нұсқасын жазыңыз.** №3

– Балаларыңызбен әңгімелесуге уақытыңыз бола ма?

– Әрине. Үлкен ұлым өнер адамы болғысы келеді, ал кішкентайым дәрігер болғысы келеді. Оларға бір нәрсе айтпас бұрын екі ұлымның да ойларын тыңдаймын, ақылымды айтамын.

Енді екінші рет тыңдаңыз.

**4. Тыңдаңыз. Мәтін бойынша дұрыс/ дұрыс емес нұсқасын белгілеңіз.** №4

Менің есімім – Алма. Отбасы бюджетін жоспарлау туралы кітаптарды алып оқыдым. Онда берілген ережелер мен кеңестерді күнделікті өмірде қолдану қиын болмас деп ойлаймын.

Мысалы, бұрын дүкенге барғанда түбіртек алмайтын едім. Қазір дүкенге барғанда, түбіртекті міндетті түрде аламын. Бірақ азық-түлікті бұрынғыша аламын. Үйге келіп неше теңгеге сауда жасағанымды есептеу әдетке айналды. Міне, түбіртек жинағаныма бір ай болды. Кеше жолдасым екеуміз отырып, бір айлық түбіртектерді есептедік. Не болды дейсіз ғой? Менің бір айлығымның 80 пайызы шықты. Сонда мен тек азық-түлік үшін жұмыс істеп жүргендей болдым. Мұндай шығынның себебін сол түбіртектерден таптым. Түбіртектегі азық-түліктің бағасы сондай қымбат. Сонда мен азық-түлік алар алдында, оның бағасына қарамайтын болып шықтым. Ал, енді азық-түліктің бағасына қарап сатып алу керектігін түсіндім. Екінші ай осыдан басталмақ.

Енді екінші рет тыңдаңыз.

**5. Тыңдаңыз. Дұрыс нұсқаны жазыңыз.** №5

Менің есімім – Андрей. Менің жеке пәтерім жоқ болатын, үнемі оның қымбат екендігін айтатынмын. Ол – тек сылтау. Жұмыстан кейін хот-дог жеу, бір лимонад ішу әдетім еді. Өмір үшін ешқандай қажеттілігі жоқ әрі денсаулыққа өте зиян сол әдетімнің 10 жылда қанша тұратынын есептегенде, қатты таңғалдым. 10 жылда 232 000 теңге шықты. Ал менің күн сайынғы әдетімнен басқа, ай сайынғы және жыл сайынғы әдеттерім бар болатын. Бір-екі ай есеп жүргізгеннен кейін, мен сылтауды қойдым. Енді ақша жинау мен үшін басты шешім болды. Екі жарым жылда өзіме аса қымбат емес пәтер сатып алдым.

Енді екінші рет тыңдаңыз.

**6. Тыңдаңыз. Мәтін бойынша дұрыс немесе дұрыс емес нұсқасын белгілеңіз.** №6

Менің аты-жөнім – Самат Өскенбайұлы. Жасым отыз үште. Халықаралық фирмада қызмет істеймін. Адамдар шет тілін әртүрлі мақсатта үйренеді. Бірі жұмыс үшін енді бірі саяхат үшін. Алайда көбі жақсы жұмыс табу үшін үйренеді. Мысалы, мен алғашқы шет тілін жұмыс үшін үйрендім, бірақ екінші шет тілін тек қызығушылық үшін үйрендім. Себебі, мен шетелдерге көп шығамын, сол кезде өзге ұлт өкілдерімен араласқым келеді, олардың пікірін тыңдап, ой бөліскім келеді.

Енді екінші рет тыңдаңыз.

**7. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.** №7

Менің есімім – Раушан. Мен университетте оқимын, биыл бітіремін. Болашақ мамандығым – аудармашы. Бұл мамандықты таңдауға «тіл білсең жерде қалмайсың» деген ұстаным себеп болды. Болашақта жақсы шетелдік компанияда немесе фирмада жұмыс істегім келеді, бірақ бұл қазір – тек жоспар. Қазіргі қоғамда бір тіл білу жеткіліксіз деп ойлаймын. Сондықтан халықаралық тілдердің бірін білген дұрыс.

Енді екінші рет тыңдаңыз.

**8. Тыңдаңыз. Дұрыс нұсқасын жазыңыз.** №8

Менің есімім – Мақсат. Мен мемлекеттік мекемеде жұмыс істеймін. Әрине, шет тілін білу керек. Бірақ оны тек біліп қана қоймай, іске асыру қажет деп ойлаймын. Мысалы, мен екі шет тілін білемін, алайда екі тіл білу аз болғандықтан үшіншісін үйреніп жүрмін. Сол тілдердің көмегімен университет бітіргенен кейін жұмыс табу мен үшін қиын болған жоқ.

Енді екінші рет тыңдаңыз.

**9. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.** №9

– Оксана, қазақ тілін қанша жасыңнан бастап меңгердің?

– Тілді жүз пайыз меңгеру мүмкін емес. Сондықтан осы жолда әлі көп жұмыс істеуіме тура келеді, бірақ ойымды қазақша жақсы жеткіземін. Тілді университетте оқып жүргенде үйрендім.

– Тілді үйрену үшін адамға ең алдымен не керек?

– Ынта-жігер, күш-қайрат керек, себебі ол оңай емес. Қ.Жұбанов атындағы педагогикалық университеттің қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне түстім. Сынақ тапсырарда қазақша білмейтінмін. Бірақ адам алдына бір мақсат қойса, соған міндетті түрде қол жеткізуге болады.

– Ұстаздарың есіңде ме? Қазақ тілінен кімдер сабақ берді?

– Мектепте қазақ тілінен Жанна Айдарханқызы сабақ берді. Өте қатал мұғалім еді. Сабақ үстінде мәтінді жаттап айтып беруге тиіс болатынбыз. Мен тез түсінетінмін, сондықтан бір-екі оқығаннан жадымда сақталатын. Анам маған жазуды бес жасымда оқытқан.

– Қызметте, достарыңның ортасында көбіне қай тілде сөйлесесіңдер?

– Қызметте қазақ тілінде сөйлейміз, әрине. Өйткені, мен араласатын адамдар қазақи орта.

– Әңгімеңізге рақмет!

Екінші рет тыңдаңыз.

**10. Тыңдаңыз. Сұхбатта айтылмаған ойларды сызып тастаңыз.** №10

– Қазақ тілін қалай үйренгеніңіз жайлы айтып берсеңіз?

Қазақ тілін жетік меңгеруімнің басты себебі – қазақтілді ортада туып, қазақтілді мектепте оқуым. Анам «Сен қазақ мектебінде білім аласың» деп, сонда жіберген еді. Бірақ кішкентайымнан көшедегі құрдастарымның көмегімен қазақ тілін білуімнің пайдасы тиді, көп қинала қойған жоқпын. Ұстаздарым, мектеп мұғалімдері өте кішіпейіл болатын. Олар маған көмектесіп, қазақ тілін тезірек үйренуіме жағдай жасап отырды. Ал сыныптастарым «мені орыс» деп ойлаған жоқ. Бәріміз бір үйдің балаларындай өстік. Қазақ тілін үйрену – өз қалауым, сондықтан мен ешқашан да қазақ тілін білгеним үшін мақтанған емеспін. Бірақ өзімнің бақытты екендігімді, өзгелерге қарағанда мүмкіндігімнің зор екенін сезінемін. Себебі, тілді білген артықтық етпейді. Алғаш үйренген кезім есімде жоқ. Себебі, тілді балабақшаға барып жүргенде, 2 аптаның ішінде үйреніп алдым. Ал одан әрі ауладағы достарымнан тез меңгеріп кеттім. Есте жоқ. Кейін мектеп бағдарламасында аздап қиналған сәттер болды. Оған көршілер көп көмектесті.

– Әңгімеңізге рақмет!

Екінші рет тыңдаңыз.

**10. 10, 11-ші сұхбаттарды қайта тыңдаңыз. Дұрыс нұсқасын жазыңыз.** №10

**11. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.** №11

**Ұлттық тағамдардың пайдасы**

Қазақ халқы асты жоғары бағалаған және оны қадірлей білген. Мал шаруашылығымен айналысқан ата-бабамыздың негізгі асы ет пен сүт болған. Етті қуырып та, асып та жеген. Ал сүттен көптеген сүт тағамдарын дайындаған. Сиыр, қой сүттерінен құрт, кілегей, қаймақ, ірімшік, сары май, тағы да басқа тағамдар әзірлеген. Қазақ әйелдері тағамдарды жазда да, қыста да бұзбай сақтаудың әдіс-тәсілдерін білген. Басқа тағамдарға қарағанда, сүттің алатын орны ерекше. Себебі, сүт және сүттен жасалатын тағамдар денсаулыққа өте пайдалы және ас қорытуды үнемі жақсартып отырады. Оның үстіне сүт өнімдерінің емдік қасиеті де бар екен. Олар емдеу, алдын алу, диеталық тағам ретінде де қолданылады. Ал, жылқының сүтінен әзірленетін қымыздың емдік қасиеті ертеден белгілі. Сонымен бірге, шұбат та денсаулыққа өте пайдалы екен. Осы астардың пайдасын ата-бабамыз медицина пайда болмай тұрғанда да жақсы білген.

**12. Тыңдаңыз. Тағамның дайындалу әдісінің ретін нөмірлеңіз.** №12

Құрметті көрермендер, бүгін біз түріктің «Есінен танған сұлтан» атты тағамын дайындаймыз.

Кәдіні ыстық су құйылған үлкен кастрөлде 7-8 минут бойы пісіру керек те, суын төгіп, суыту керек.

Пиязды сәл қуырамыз да, ұсақтап кесілген сарымсақ пен қызанақты қосамыз.

Барлығын 10 минут бұқтыру керек және бұқтырудың соңына қарай туралған ақжелкенді себу керек. Кәдіні екіге бөліп кесеміз және оның ішінен жұмсағын аламыз.

Жұмсағын турап, көкөністермен араластырамыз да, қалауымыз бойынша лимон шырынымен және дәмдеуіштермен дәмдейміз.

Кәдінің жарты бөліктеріне ет салып, зәйтүн майының қалғанын құйып, қысқа толқынды пешке қоямыз. Тағамды 180 градус температурада 45 минут пісіру керек.

**13. Тыңдаңыз. Дұрыс жауапты белгілеңіз.** №13

– Фарух, сіз неге мейрамхананы Қазақстанда аштыңыз?

– Жеке мейрамханам болса екен деп армандайтынмын. Біздің елде мейрамхана ашу үшін көп қаражат керек екен. Мен Қазақстанға алғаш рет турист болып келдім. Қазақстан маған қатты ұнады. Мұнда әртүрлі халықтар тұрады екен. Сол себепті мен осы жерде «Дәмді» мейрамханасын аштым.

– Жақсы. Мейрамханаңызды неге «Дәмді» деп атадыңыз?

– Себебі, «дәмді» менің ең алғаш үйренген қазақша сөзім болды.

– Қай халықтың тағамдарын дайындайсыздар?

– Әрине, қазақ ұлттық тағамдары және түрік тағамдары. Себебі, мейрамхана Қазақстан жерінде емес пе?

– Сіздердің ас мәзірлеріңізде қазақтың қандай тағамдары бар?

– Асылған ет, бауырсақ, айран, көже, құрт, ірімшік, кеспе, сірне, қуырдақ және тағы басқа да тағамдар жеткілікті.

– Келушілер көбіне қай тағамға тапсырыс береді?

– Әлбетте, бірінші кезекте – асылған ет, сосын қуырдақ.

– Әдетте, «ұлттық тағамдар мейрамханасы қымбат» деп айтады, сіздерде баға қалай?

– Тағамдардың бағасы мың екі жүзден төрт мыңға дейін.

– Мейрамханаңызда іскери кездесулер болып тұратын шығар?

– Әрине, бізде арнайы залдар да бар. Себебі, іскери адамдарға тыныш әрі ыңғайлы орын керек екенін ескердік.

– Соңғы сұрағым, құпия болмаса, жылдық табысыңыз қанша?

– Әрине, құпия.

– Жөн екен, сізге табыстар тілеймін. Сұхбатыңызға рақмет!

– Сізге де рақмет!

**14. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.** №14

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің берген мәліметіне сүйенсек, құжаттар магистратура, докторантура бағдарламалары, сондай-ақ, ғылыми, педагогикалық, медициналық және инженерлік-техникалық салада білімін көтеру бағыты бойынша қабылдануда. «Болашақ» бағдарламасы бойынша білімін жетілдіргісі келетін мемлекеттік қызметкерлерге де, ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге де талап төмендетіліпті. Мысалы, еңбек өтілі мен бакалавр дипломының балдық көрсеткішіне, сонымен бірге шетел тілін білуіне қатысты көрсеткіш те төмендетілген. Басты талап: «Болашақ» түлегі елге оралып, кем дегенде 5 жыл жұмыс істеуі керек.

**15. Сұраққа сай келетін жауапты табыңыз.** №15

№1. «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау үшін мынадай жеңілдіктер белгіленеді: Соңғы 3 жылда мемлекеттік қызметте үзіліссіз жұмыс өтілі бар мемлекеттік қызметшіге магистр дәрежесін алуға және клиникалық ординатурада да оқуға;

Мемлекеттік білім ұйымдарының соңғы 3 жылда ғылыми немесе педагогикалық жұмыс өтілі бар ғылыми немесе педагог қызметкерлерге де магистр дәрежесін алуға, клиникалық ординатурада оқуға үміткерлер.

Техникалық және медициналық мамандықтар бойынша, сондай-ақ ауыл жастары, мемлекеттік қызметшілер, ғылыми және педагогикалық қызметкерлер қатарынан шыққан үміткерлер үшін шет тілін білудің деңгейі төмендетілген. Сонымен бірге бұл санаттағы үміткерлерге 4 оқу семестрінен аспайтын көлемде, ғылыми тағылымдамадан өтуге, үміткерлерге 1 оқу семестрі көлемінде тілдік курстан өту мүмкіндігі беріледі. Басқа да жеңілдіктер туралы бағдарлама сайтынан танысуға болады.

№2. «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу ережесіне сәйкес стипендиат шетелде оқуды аяқтағаннан кейін міндетті түрде Қазақстан Республикасына оралып, мамандығы бойынша Қазақстан Республикасында немесе Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет органдарында үздіксіз бес жыл еңбек қызметіне кірісуге міндетті. Сондай-ақ өзіңіздің шарттық міндеттемелеріңізді орындағаннан кейін ғана оқуды одан әрі жалғастыра аласыз.

№3. Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау үшін конкурстық іріктеу үш турдан тұрады. Бірінші тур үш кезеңнен тұрады: мемлекеттік тілді білуін тестілеу, шет тілін білуін тестілеу, психологиялық тестілеу. Шет тілін білуін тестілеуден басқа барлық кезеңдер Астана қаласында өткізіледі де, ал шет тілін білуін тестілеу Алматыда да, Астанада да өте береді.

**16. Тыңдаңыз. Дұрыс нұсқасын жазыңыз.** №16

№1. «Болашақ» бағдарламасына құжат тапсыруға мен-ақ келдім.

№2. Бағдарламаға қатысу үшін ағылшын тілін де, қазақ тілін де білу міндетті.

№3. Үміткерлер мемлекеттік тілден тест тапсырады-ау деп ойлаймын.

№4. Бағдарламаға магистратураға да, докторантураға да құжат тапсыра аласыз.

№5. Екінші тур қорытындысы бойынша сіз-ақ келесі турға өттіңіз.

**17. Кеңестерді тыңдаңыз. Бағандағы сөздер тұсына кеңестердің ретін қойыңыз.** №17

№1. Алғашқы жұмыс күнінде барлық ұжыммен жақынырақ танысыңыз.

№2. Бірге жұмыс істейтін әріптестеріңіздің есімдерін жаттап, кейде жазып алыңыз.

№3. Жұмысқа жаңа орналасқанда алғашқы кездері қиын болады. Сондықтан да қолыңызға қалам алып, барлығын қойын дәптерге жазып жүріңіз.

№4. Әріптестеріңізге үнемі «Сіз» деп сөйлеңіз. Егер де өзіңізбен қатарлас жандар болса, олардың бәрімен тілдесіп, біртіндеп «сен» деп сөйлесіңіз.

№5. «Бұл жобаға өзімнің үлесімді қосайын», «менің ойым мынадай» деп өз пікіріңізді білдіріп, жұмысқа деген қызығушылығыңызды көрсетіңіз.

№6. Демалыс күндері бастығыңызға SMS-хабарламалар жіберіп немесе телефон шалып мазаламаңыз. Шұғыл жағдайларда ғана қоңырау шалып, жағдайды түсіндіріңіз.

№7. Жұмысқа киетін барлық киіміңізге аса мән беріңіз.

№8. Жұмыс үстеліңіздегі барлық заттарды әрдайым жиыстырып жүріңіз. Тартпада кәмпит-тоқаштарды сақтамаңыз. Сақтаған жағдайда, оларды ұзаққа қалдырмаңыз.

**18. Тыңдаңыз. Мәтінді ретімен қойыңыз.** №18

**Жұмыс орныңызға гүл әкеліп қойыңыз**

Отырғызылған, не жаңа кесілген гүл болса да – өз еркіңіз. Бастысы, жұмыстан шаршаған кезде кейде әдемі гүлге назар аударып, кейде суарып қойсаңыз, иіскеп не жай сүйсініп қарасаңыз болады. Әріптестеріңіз де сіздің үстеліңізге қызығып қарап өтетін болады.

**Әріптесіңізбен әңгімелесіңіз**

Позитивті адамдармен араласқанда, олардың оң энергетикасы жан-жаққа шашырайтыны белгілі. Әріптестеріңіздің арасынан осындай жанды таңдап алып, оған шай кейде кофе ұсынып, кеңсе жаңалықтары жайлы әңгіме бастаңыз. Бірнеше минуттан кейін-ақ оның позитивті көңіл күйі сізге де беріледі.

**Үстеліңізді жинастырыңыз**

Үстеліңіз реттеліп тұрса да, барлық ескі қағаздарды бір қарап, қажет еместерін лақтырып не топтастырып қойыңыз. Орныңыздың «жаңарғанын» сезінгеннен кейін, жұмысқа қайта кірісуге құштар боласыз.

**Әріптесіңізге көмек беріңіз**

Барлық мейірімді істер – жақсы көңіл-күйдің бірден-бір қайнар көзі. Әріптесіңізге кішігірім көмек көрсетіп, рақметін естігенде, бойыңызда жаңа күш пайда болғанын сезінесіз. Бұндай сезімді ғаламтордағы әзілдерден ала алмайсыз.

**19. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.** №19

**Су астындағы мұражай**

Мексиканың «Канкун» атты демалыс орталығында су асты мұражайы бар. Аталған мұражай көркемөнер саласында, яғни әлемдегі ең ірі құрылыстардың бірі болып саналады.

2010 жылдың желтоқсан айында ашылған мұражайда төрт мыңға жуық сәулет ескерткіші орналасқан. Бүгінгі таңда осы бір экспозициялар екі метрден он метр тереңдікте жатыр.

Мүсіндердің әрқайсысы су астында анық көрінуі үшін арнайы материалдардан жасалған. Және тұнық судың астында орын тепкен мұражайды түбі әйнектен жасалған кеме арқылы да тамашалауға болады. Сол арқылы суға түспей-ақ су астындағы өмірге баға бере аласыз. Оған қоса көркемөнердің тамаша туындылары табиғатты аялау керек, яғни қорғау керектігін аңғарту мақсатында да салынғаны бірден байқалады.

Су астындағы қызықтардан басқа мұражайдың адамдарға әрі эстетикалық қуаныш сыйлайтын жағы бар. Әр мүсіннің поэтикалық атауы көңіліңізді елең еткізері анық: «Жоғалған үміттің топтамалары», «Адам от ішінде», «Үміт бағы» тағы басқа да атаулар бар.

**20. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.** №20

– Алло

– Алло, Әсел сәлем, қалайсың?

– Жақсы. Өзің қалайсың?

– Менде де бәрі ойдағыдай. Әсел, ертең орталық мұражайда көрме болады екен, барасың ба?

– Ол қандай көрме екен?

– Нақты білмедім. Не көркем сурет көрмесі немесе мүсіндер көрмесі. Қазір, менде жарнамалық парақша болған. Қазір, көрейін. Таптым. Жас фотографтар көремесі екен, тақырыбы «Жастар нашақорлыққа қарсы».

– Жарайды.

– Барасың ғой?

– Иә, барам.

– Онда ертең сағат тура тоғызда университет алдында кездесейік немесе сағат тоғыз жарымда мұражайда кездесейік. Қалай қарайсың?

– Жарайды. Келістік. Көрме сағат нешеде басталады?

– Тоғыз жарымда. Онда жақсы, көріскенше!

– Жақсы. Ертеңге дейін!

**21. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.** №21

**“Тәуелсіз Қазақстан” экспозициясы (1985-1991 жылдар)**

«Тәуелсіз Қазақстан» экспозициясы республиканың егемендік алуы мен тәуелсіздікке қол жеткізуі секілді күрделі процесті көрсетуге арналған.

Хронологиялық тұрғыдан ол 80 жылдардың ортасы мен 1991 жылдың 16 желтоқсанында еліміз тәуелсіздігін жариялаған дейінгі кезеңді қамтып отыр.

Залда қойылған экспонаттар – тарихи құжаттар, мұрағат материалдары, матери-

алдық және рухани мәдениет бұйымдары келушілерге еліміздің егемендігінің қалыптасуындағы негізгі кезеңдерді баяндайды. Сондай-ақ, Қазақстанның әлемдік қоғамдастықтағы экономикалық және мәдени қайта құрулармен танысуына мүмкіндік береді. Экспозиция Қазақстан Республикасын құрудағы Н.Ә.Назарбаевтың тарихи рөлін ашып көрсетеді.

**22. Тыңдаңыз. Дұрыс нұсқасын таңдаңыз.** №22

**«Қазақстан Республикасы Президентіне тарту етілген сыйлықтар» экспозициясы**

Күмбезді залдан іскери кездесулер мен келіссөздер, ресми сапарлар кезінде Мемлекет басшысына тарту етілген сыйлықтар – кескіндеме, мүсін, сәндік-қолданбалы өнер туындыларының көре аласыз.

Мемлекет басшылары арасындағы сыйлық алмасу дәстүрі адамзат тарихындағы ең ежелгі дәстүрлердің бірі болып табылады. Сыйлық – сол заманда да, қазір де ізгі ниет пен сенімнің кепілі. Халықаралық және мемлекетаралық сұхбаттарда сыйлық алмасу ынтымақтастыққа деген ашықтықты, өзара құрмет актісін білдіреді.

Мемлекет басшысының сыйлықтары республикамыз бен Президентіміздің халықаралық беделіне көрсетілген құрмет пен мойындау белгісі болып табылады. Президентке тарту етілген сыйлықтар топтамасы сақтам бірліктерінің жалпы саны жеті мыңнан асады, ал олар әлемнің елуден астам елінде дайындалған.

**27. Тыңдаңыз. Сөйлемдерді анықтаңыз.** №23

№1. Көп ұзамай спортшы өзінің спорттан кететіндігін хабарлады.

№2. Ол алғаш велосипедке отырғанынан бастап бес жылдың ішінде бір де бір жаттығудан қалмағанын айтты.

№3. Аудан-аймақтарда спорт мектептерін ашып жақсы мамандарды тарту керек екенін айтты.

№4. Жұмысқа қыркүйектен бастап кірісетініміізді айтты.

№5. «Болашақта сенен үлкен спортшы шығады»,– деді ол шәкіртіне.

**24. Тыңдаңыз. Мәтінге сәйкес ақпараттың дұрыс нұсқасын жазыңыз.** №24

**Серік Сәпиев жомарттық танытты**

Кеше ғана аяқталған Олимпиада ойындарында отандастарымыз аз сыйлық алған жоқ. Қоржынымызға бірі алтын, бірі күміс, ал енді бірі қола әкеліп қосты. Ал, Серік сынды батырымыз алтынды еншілеп қана қоймай, Баркер Кубогын да ұтып алған болатын. Қазақтың қоржынына еңбек пен сарқылмас күштен келіп түскен бұл Кубок бәрімiздің төбемізді көкке жеткізді. Бірақ Серік Сәпиев сол сыйлықты өзіне қалдырмастан, Қазақстан Республикасының Бокс Федерациясының төрағасына сыйлайтынын хабарлады. Бұл шешімін ол Қазақстан Республикасының Бокс Федерациясының марапаттау салтанатында жария етті.


ҚОСЫМША

Бірақ Федерация төрағасы бұл мәртебелі сыйлықты алудан бас тартты. «Серік, бұл сенің олжаң», - деп Кубокты жомарт боксшының өзіне тапсырды. Одан соң, Серік төрағаның қолынан сый үстіне сый қосып, тағы да 125 мың доллар алды. Бұл сыйлық алтын спортшымызға беріліп жатқан қосымша ақшалай сый екен.

**25. Тыңдаңыз. Мәтінде болған ақпараттарды белгілеңіз.** №25

Қазақстандық футболдың дамуына кері әсер ететін екі фактор – жеті ай ғана ойнауға мүмкіндік беретін ауа райы және қазақстандықтардың толыққанды тамақтанбауы. Европалықтар мен оңтүстік америкалықтармен салыстырғанда, қазақстандықтар жейтін тамақтың құрамында кальций, магний, темір секілді дәрумендер аз. Барлық физикалық күш белсенділік жағынан, орта статистикалық тұрғыдан алғанда қазақстандық футболшы европалықтан әлсіз болып саналады екен.

**26. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.** №26

**Болашақ қазақ мақтанышы**

Шахматтан әлемнің үш дүркін чемпионы, Индонезияда 20 жасқа дейінгі қыздар арасында өтетін шахмат бойынша халықаралық турнирдің жеңімпазы, халықаралық спорт шебері атағының иесі, Гиннес Рекордтар кітабына енуге үміткер Жансая Абдумәлік университеттің грантын иеленді.

Университет ректоры Жансаяның жетістіктеріне тәнті болып, келешекте университетте тегін білім алуға мүмкіндік берді.

«Аталмыш университетте дарынды, білімге құштарлығы зор жастарға қолдау көрсетілді. Университетте физика-математика мектебінің түлектері, көптеген халықаралық және республикалық байқаулардың жеңімпаздары оқиды. Жансаяның осындай ортада білім алуы оның жаңа мүмкіндіктерін көрсетуге, ғылыми жұмыстармен айналысуға жол ашады деп ойлаймын. Сондай-ақ, университет Жансая қатысатын барлық жарыстардың шығынын өз мойнына алады» деп, университет ректоры оқу грантының сертификатымен салтанатты түрде марапаттады.

**27. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.** №27

Крейсерлік кеме капитаны Чарльз Мур Тынық мұхитында көшіп жүрген үлкен күл-қоқыс «аралын» тапқалы бері біраз уақыт болды. Кейін ғалымдардың зерттеуі бойынша бұл, шын мәнінде, суға батпайтын әртүрлі пластмасса құтылары мен қатты қалдықтардан құралған қоқыс үйіндісі болып шыққан. Тынық мұхитындағы күл-қоқыс «аралы» анықталғалы бері оның көлемін дәл білу мүмкін болмай отыр. Кемеден қарағанда оның шегі мен шеті көрінбейді. Ал ұшақтан оны анықтау тағы қиын. Ғалымдардың пікірінше, үнемі көшіп жүретін бұл күл-қоқыс жалпы көлемі 700 мың шаршы шақырымнан 15 миллион шаршы шақырымға дейінгі аумақты алып жатқан көрінеді. Яғни бұл мұхиттағы күл-қоқыс «аралында» 100 миллион тоннадан астам әртүрлі қатты қалдықтар мен қоқыс жинақталған. Чарльз Мурдың есебінше, күл-қоқыс «аралының» 80 пайызы құрлықтарда тасталған күл-қоқыстан, 20 пайызы кемелер палубасынан мұхитқа лақтырылған әр¬түрлі қоқыс қалдықтарынан құралған. Олар

тек бір күнде ғана жиналып қойған жоқ. Сондықтан адамзат тек құрлықты ғана емес, сонымен қатар алып мұхиттарды да улағалы талай жылдар болды деген сөз.

**28. Тыңдаңыз. Дұрыс жауапты таңдаңыз.** №28

Әлемдегі бай әйелдердің бірі Чжан Иньді «Қоқыс патшайымы» деп атайды. Өткен ғасырдың 80-жылдары ол АҚШ-тың қоқыс тастайтын алаңдарын аралап, қордаланған қағазды арзанға сатып алады. Қытай ол кезде АҚШ-қа тонналап тауар экспорттайтын, сондықтан тауар жеткізген контейнерлер кері қарай бос қайтатын. Чжан осы контейнерлермен қоқыстан тапқан қағазын Гонконгтегі зауытқа тасымалдады. Сөйтіп, Американың қоқыстағы қағазы орауыш түрінде қайтадан осы елге аттана бастады. Пысық әйел осылайша өз бизнесін жақсы жолға қойды. Кей жылдары Чжанның бір жылдық табысы алты миллиард долларға дейін жетіп жүрді. Жалғыз Чжан емес, көптеген елдер қоқыс өңдеуден баяғыдан бері миллиондаған табыс табады.

**29. Тыңдаңыз сұрақтарға жауап беріңіз.** №29

### Әртістер арасындағы ырым-тыйымдар

Кейбір әртістер өзге де шығармашылық адамдары секілді кейде ырымшыл, кейде тым сезімтал, кейде өзгелердің көрген түсіне сенгіш болып келеді, алайда бұл барлық әртістерге тән деп айта алмаймыз. Олар өнер жолында жүргендіктен, бәрінің сәтті шыққанын қалайды. Содан болар, өзге салада жүрген жандармен салыстырғанда, әртістер, соның ішінде театр әртістері ырымға ерекше сенеді. Сахна – әртіс үшін өте киелі жер. Кейбір әртістер сенетін ырым-тыйымдарға назар аударыңыз. **Сахнада:**

Сценарийден тыс сахнада айқайлауға, дөрекі дауыс көтеруге, ұрысуға, ысқыруға болмайды.

Сахнада шемішке шағуға болмайды, әйтпесе әртістер құрамы жиналмай қалады.

Қолшатыр мен тарақ негізінде ешқандай жамандық шақырмайтын заттар, бірақ сахнада әлдекім қолшатырды ашып, тарақты түсіріп алса, жамандықтың белгісі саналады.

Егер әртіс сахнадан шеге тауып алса, рөл алуда жолы болады.

Сахнада ешқашан тірі гүлді қолдануға болмайды, алайда жасанды гүлдерді пайдалануға болады.

Сахнаға шығарда оң аяқпен аттау керек. Егер байқамай сол аяқпен шығып қалсаң, не айтар сөзіңді ұмытып қаласың, не қандай да бір келеңсіз жағдайларға тап болып қалуы ықтимал.

**Әрлеу бөлмесінде:**

Әрлеу бөлмесінде айнаға әріптестер жақтан оң жақ иықпен қарау керек.

Әрлеу бөлмесінде ысқыру ақымақтыққа жатады. Біреу осылай етсе, бір актер рөлінен айырылып қалады. Байқаусызда ысқырып қойған жағдайда әрлеу бөлмесінен шығып, есікті қағып қайта кіру керек.

Киіну бөлмесінен үнемі сол аяқпен шығу керек.

Әрлеу бөлмесінің есігіне ешқашан сурет ілмеу керек.

**30. Тыңдаңыз. Мәтін мазмұнына сәйкестендіріңіз.**

№30

**Тоқты**

Осы аптада айналаңызда болып жатқан жағдайларды сабырмен қарсы алыңыз. Аптаның бірінші жартысында өте абай болғаныңыз жөн. Аптаның ортасынан бастап жұмыстарыңыз реттеліп, көңіліңіз жай табады.

**Торпақ**

Аптаның бірінші жартысы сіздің істеген әрекетіңізге байланысты дамымақ. Сейсенбіге дейін маңызды жұмыстарыңызды бітіруге тырысыңыз. Бірде жоспар бойынша жұмыс істеп, бірде уақытыңызды тиімді пайдаланыңыз. Аптаның соңында отбасыңызбен демалғаныңыз абзал.

**Егіздер**

Апта жақсы жаңалықтармен басталмақ. Әріптестеріңіз келісімшарттың бірнеше тармақшаларын өзгертуі мүмкін, не болса да сабырмен қабылдаңыз. Апта соңында қаржы жағынан қиындықтар тууы мүмкін. Ақшаңызды үнемдеп жұмсаңыз.

**Шаян**

Осы апта бірқалыпты өтпек. Аптаның бірінші жартысында ер адамдардан гөрі әйел затымен жақсы тіл табыса аласыз. Өзіңіздің ақылыңыз бен біліміңізге сүйеніп, бұрынан шешілмей жүрген мәселелердің басын ашуыңыз мүмкін. Отбасыңызға көп көңіл бөлуге тырысыңыз.

**Арыстан**

Осы аптада жаңа жобалармен жұмыс істеген өте тиімді болмақ. Нәтижесінде қомақты қаржы табуыңыз мүмкін. Алға қойған мақсатыңызға жету үшін әрекет жасап, алға жылжыңыз. Апта ортасында бірде жұмысқа деген ынтаңыз төмендеп, бірде қызметіңізде келіспеушіліктер тууы мүмкін.

**Бикеш**

Апта басында мазасызданып, сабырыңыз қашады. Алайда уақыт өте бәрі орнына келеді. Апта соңына қарай көңіліңіз жайдарланып, бақыт құшағында жүруіңіз мүмкін. Сабырмен барлық қиындықты шешкеніңіз абзал.

**Таразы**

Осы аптада сіз біресе ұшып-қонып жүріп, біресе шапқылап жүріп біраз жұмыстарыңызды бітіріп алуыңыз мүмкін. Шығармашылық адамдарының шабыты оянып, жетістікке жетуі ықтимал. Алайда, туындының бәрі дерлік жақсы бола бермейді. Сол себепті сенетін адамыңыздын пікірімен бөліскеніңіз дұрыс болмақ.

**Сарышаян**

Осы аптада сіз асықпай жүріп, жетістікке жетуіңіз мүмкін. Жан-жақтан келіп түскен ұсыныстарды жіті ойланып, дұрыс шешім қабылдағаныңыз абзал. Апта сонында жақындарыңыздың ренжісіп, көңіліңіз жабырқауы мүмкін.

**Мерген**

Біріншіден көңіліңізді түсірмеңіз. Екіншіден, өзіңіздің жаныңызға жақын іспен айналысыңыз. Үшіншіден, сізді кез келген жағдайда қолдайтын, көмектесетін адам іздеңіз. Аптаның басында жұмыста қиындықтар туып, біраз қиналуыңыз мүмкін. Алайда, апта сонында бәрі қалпына түсіп, рақаттанып демаласыз.

**Тауешкі**

Осы аптада бұрын жіберген қателерді жөндеуге мүмкіндік туады. Жаңа жобалармен жұмыс істеп, біраз жетістіктерге жетесіз. Ең бастысы, өзіңіздің күшіңізге сенгеніңіз дұрыс.

**Сукұйғыш**

Осы апта жұмыста да, жеке өміріңізде де тың өзгерістер болып жақсы жаңалықтарға толы болмақ. Алайда сізге не маңызды екенін шешіп алғаныңыз дұрыс. Аптаның ортасында жұмыста қиындықтар туып, сөйлескіңіз келмеген адамдармен тіл табысуыңызға тура келеді.

**Балық**

Осы апта сізге ауыр болмақ. Үміт артқан адамдарыңыздан көңіліңіз қалуы да мүмкін. Алайда апта ортасында жаңа жұмыстар бастап, жетістікке жетуіңіз ғажап емес. Қиындықтардың шешімін уақыт еншісіне қалдырып, сабыр сақтағаныңыз жөн болмақ.

**35. Тыңдаңыз. Тиісті ақпаратты жазыңыз.** №31

Менің аты-жөнім Артур Маунтер. Мен Аустралиядан 3-4 күн бұрын келдім. ЭКСПО аймағы - өте жақсы әрі шырайлы орын. Астана – жастардың болашағына жол ашатын, мүмкіндігі мол қала. Мен тілдік кедергіні байқамадым. Мұнда көп адамдар, әсіресе жастар ағылшынша сөйлейді. Тіпті, такси жүргізушілерінің көбі тілді меңгерген. Мені осы жай қатты қуантты.

**36. Тыңдаңыз. Сұраққа жауап беріңіз.** №32

Менің есімім – Уале Петерсен. Шынымды айтсам, бұл қалаға екі сағат бұрын ғана жеттім. Бұл - Қазақстан үшін маңызды көрме деп есептеймін, осы бағытта ауқымды жұмыстар істелінді. Менің бірінші тамашалаған павильоным - Қазақстандікі. Астанаға алғаш рет бес жыл бұрын келген болатынмын, осы уақыт ішінде қала өзгеріп, халық саны айтарлықтай өсіпті. Басқа өңірлермен салыстырғанда, Қазақстан жоғары қарқынмен дамып жатыр деп ойлаймын. Тілдік кедергіге қарамастан, қазақ халқы өте сыпайы, айтып жатқан дүниеңді түсінуге тырысады. ЭКСПОдан алған әсеріммен Даниядағы достарыммен, әріптестеріммен міндетті түрде бөлісемін.

**37. Тыңдаңыз. Ақпараттың дұрыс/бұрысын тексеріңіз.** №33

Астана ЭКСПО-2017 Көрмесінің архитектуралық символы саналатын Көрме кешенінің орталық элементі – «Нұр Әлем». Бұл әлемдегі ең үлкен сфералық ғимараттың диаметрі 80 метр, ал биіктігі 100 метр. Ғимараттың 1 қабатында Қазақстан павильоны орналасқан. Мұнда келушілер елдің тарихы, мәдениеті, дәстүрі, көрікті жерлері, сондай-ақ Қазақстанның соңғы жетістіктерімен таныса алады. Сфераның ішінде Болашақ музейі орналасқан. Бұл жай ғана музей емес, «Нұр Әлем» Көрмеден кейін инновациялық және маңызды зерттеу әрі мәдени орталыққа айналуы тиіс. Болашақ музейінің 2-8 қабаттарында цифрлық, мультимедиалық және интерактивті технологиялар залы бар. Мұнда энергияның негізгі түрлері ұсынылған: ғарыш, күн, биомасса, жел, су және кинетика. Лифт арқылы ғимараттың жоғарғы бөлігіндегі шолу алаңына көтеріліп, бұл жерден бүкіл ЭКСПО ауданына тамаша көрініс ашылады. Ал кіреберістің алдында Көрменің Басты алаңы орналасқан.

**34. Тыңдаңыз. Жауап беріңіз.** №34

**Торыш мекені**

Бүгінге дейін көп адам біле бермейтін аймақтың бірі. Шар алқабы атанып кеткен бұл жер киелі Маңғыстауда орналасқан. Торыштың ғажаптығы – домалақ тастарында. Адам бойындай алып тастар бір-екеумен шектелмейді. Тұтас бір алқапты алып жатыр. Олардың кейпі әртүрлі. Бірі жат планеталықтардың кемесіне ұқсаса, бірі жұмыртқаға, үшіншісі саңырауқұлаққа келеді. Барлығы да қолмен қашалғандай. Аңыз бойынша, баяғы бір заманда Маңғыстау жеріне мыңдаған жау әскері келіпті. Жергілікті жұрт оларға қарсы тұра алмасын біліп, Жаратушыға дұшпан әскерін тасқа айналдыруын сұрап жалбарынған екен. Сол сәтте күн күркіреп, найзағай ойнап, арам ниетпен келген қалың қол түгелдей тас болып қатып қалған деседі. Бұдан бөлек аталған аймақта аңыз да, сан түрлі ғажайыптар да көптеп кездеседі. Шар алқабын көрсеңіз, айтылғанның бәріне сене түсесіз. Алайда, бұл шарлардың пайда болуының ғылыми түсіндірмесі де жоқ емес. Осыдан мыңдаған жыл бұрын Каспий мен Аралдың ортасындағы кең алқапта теңіз болған көрінеді. Домалақ тастар сол шақтан қалған шөгінділер болса керек. Ғалымдар оларды «конкреция» деп атайды.

**35. Тыңдаңыз. Жауап беріңіз.** №35

**Торғай даласы**

Жер бетіне салынған құпия суреттер әлемнің түкпір-түкпірінде кездеседі. Олардың көлемі мен салыну әдісі әрқилы. 2007 жылы қазақ жерінде де құпияға толы құпия суреттер бары анықталды. Бірнеше әдіспен салынған бұл суреттер еліміздің солтүстігіндегі Торғай даласында шоғырланған екен. Солардың ішінде Торғай свастикасы, Үштоғай шаршысы, Бестам шеңбері, Қоғай кресті, Ашутас кресті сынды бейнелер ауқымы жағынан ең үлкендері болып табылады. Бір қызығы бұл суреттердің барлығын дерлік тек биіктен ғана көруге болады. Бүгінде ғалымдарды таңқалдырған геоглифтердің осы ерекшелігі. Жергілікті халық арасында бұл ғажап ескерткіштерге қатысты еш дерек жоқ. Тіпті, Торғай халқы «аяқтарының астында жатқан» геоглифтерді көрмеген, олар жайлы еш ақпарат білмеген болып шықты.

Торғай геоглифтерінің табылуы Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде көлемді түрде талқыға түсті. Қазіргі уақытта олардың барлығын дерлік ғалымдар жан-жақты зерттеп жатыр және маңызы жағынан Мысыр пирамидаларынан, британиялық Стоунхенджден, Колизейден еш кем емес деп отыр.

Бүгінде зерттеу былай тұрсын, мемлекет тарапынан қорғалмағандықтан, жоғарыда келтірілген ғажаптарды сақтап қалудың өзі қиынға соғуда. Мысалы, онда адамдардың жиі барып, көлікпен ары-бері жүруі, малдың емін-еркін жайылуы — онсыз да уақыт әсерінен жойылып жатқан ескерткіштердің құртылуын тездетуде. Кей нысандар адам қолымен жойылып та жатқаны белгілі...

**36. Тыңдаңыз. Айтылған ақпаратты белгілеңіз.** №36

**№1** Өзін – өзі ұстау мәнері өзара амандасудан басталады. Этикет ережесі бойынша ер адам әйелге, жасы кіші үлкенге, бағынышты адам бастығына амандасады. Әйелдерге

қалауына қарай, ал ер адамға қол алысқан дұрыс. Көптеген елдерде, оның ішінде бізде де тұрмыстағы әйел адамның қолын сүю қабылданған. Қол алысуда бастығы бағыныштыға, үлкен ер адамға бірінші қолын ұсынады.

**№2** Сыртқы түр этикетінен де хабардар болған жөн. Тап – таза, өзіне сенімді, сыпайы көзге ұрып тұратын артық жылтырақсыз киінген қызметкер сенімге тез ие болады.

**№3** Біріншіден, әдеби кітаптар оқып, өлеңдер мен көркемсөздер жаттау арқылы жадыңыздағы жақсы сөз тіркестерін үнемі жаңғыртып отырыңыз. Сіздің миыңыз неғұрлым көп мәтінді сақтаған сайын Сіз қажет кезде оларды дайын күйінде қолдана қоясыз. Екіншіден, өз сөзіңізді жақсы ұғыныңыз. Әрбір сөйлегеніңіз қысқа да нұсқа, сауатты құрылған сөйлемдерден болуы тиіс. Сіз ойыңызды дұрыс құрап жеткізе алмасаңыз, қандай құнды пікір айтам дегенмен ол дұрыс қабылданбауы мүмкін.

**№ 4** Сіз айналаңызды ынта қоя тыңдаған сайын, сөйлеуші де Сізге ықыласпен әңгімелей түседі. Сіз өзіңіз біреуді ықыласпен тыңдасаңыз, Сіз сөйлегенде, ол да Сізді сондай ынтамен тыңдамақ. Белсенді тыңдай отырып, мәселе бойынша орынды сұрақтар қоя білу – адамның көзін жеткізудің маңызды бір бөлігі. Әдетте, қызметтегі жоғарылауларды жақсы сөйлейтіндерге қарағанда жақсы тыңдай білетіндер тез алады.

**41. Тыңдаңыз. Ақпаратты анықтаңыз.** №37

**Менің досым – менің бастығым**

Бастықпен арадаға достықты қызметке араластырмаңыз. Кеңсе сыртында достық қарым-қатынаста болғаныңызға болады. Алайда, кеңсеге аяқ басқанда жеке өмірді сыртта қалдыру керек. Бастығыңызға әдеттегідей сөйлеп, әдеттегідей ойнап-күлетін болсаңыз, басқа әріптестер сізді жақтыртпауы мүмкін немесе бастығыңыздың абыройы түседі. Елестетіңізші, әрбір қызметкердің көңілін тауып жүретін бастықтың не қадірі бар? Дегенмен, нағыз достардың арасына қызмет кедергі бола алмайды.

**42. Тыңдаңыз. Жауап беріңіз. Белгілеңіз.** №38

Бес саусақ бірдей емес. Адамдар да әр түрлі. Жаныңызда әрдайым жақсы адамдар жүрсін десеңіз, өзіңіз де жақсы болуға ұмытылыңыз. Жаман адам жоқ. Оны өзгертетін өзіміз. Қандай адамнан қашық жүру керек? Біздің аз-кем кеңесімізге құлақ түріңіз.

1. Өзімшіл адамнан аулақ болыңыз. Ондай адамдар өзіне керек кезінде ғана сізді өз мақсатына пайдалану үшін жаныңызда жүреді.

2. Сізден көп нәрсе сұрай беретін және өзі ештеңе бермейтін жандардан қашық болуға тырысыңыз.

3. Өздерін ешқашан кінәлі деп санамайтын адамдардан сақ болыңыз. Қандай жағдайда да өз «шындығын» дәлелдеп бағады. Сол арқылы өз ұпайын түгендеуді мақсат тұтады.

4. Олар күн сайын мың құбылады. Бірде қайырымды, қамқор адамның рөлін сомдаса, енді бірде жүрегі қатты қатыгез адам бола салады.

5. Оларда «дос» деген ұғым жоқ. Тек қана пайдалану ғана бар. Өзгеге де болсын демей, тек «өзіме, өзіме» дейтін ашкөздігі бар.

**43. Тыңдаңыз. Тиісті сөзді жазыңыз.** №39

**Артық жұмыс істеу - адамның жаны үшін де, тәні үшін де зиян**

Жұмыс, үй, жұмыс, үй... Сіз де көз алдыңызға өзіңізді елестеттіңіз бе? Иә, адам баласы табысқа жету жолында өз-өзін құрбан етуге даяр. Тіпті, күні-түні жұмыс істей беруге күші жеткілікті деп ойлайды, себебі ол жас қой. Ұйқысыз өткен түндер мен демалыссыз өткен күндердің кесірінен туатын зардап адамды айналып өтпей қоймайды. Осыған да мән берген жөн.

Бүгінгі күннің адамы өмірінің жартысынан көбін жұмысқа арнайды. Ол жеке өмірімен қалай қош айтысқанын да байқамай қалады. Туған-туыстарынан алшақтап, өмірі мағынасыз күйге түседі. Яғни, жұмысқа тым берілу – адам баласы үшін зиян болғаны. Мұндай тұжырымды АҚШ ғалымдары дәлелдеген. Мамандардың айтуынша, жұмысқа тым берілегендіктен адам физиологиялық тұрғыдан да, моральдық тұрғыдан да зардап шегеді.

Американдық социологтар бүгінгі заманның адамдарын жұмысқа тым берліген дейді. Алайда жұмысты кім үшін істеп жатқандарын адамдардың өздері де білмейді. Заманауи адамдар жай ғана жұмыс істеп қоймайды. Бір-бірімен жарысып, озып шығуы үшін, табысты күн үшін өздерін құрбан етеді. Мансабы үшін адам баласы бар күшін жұмсайды, уақытын өлтіріп алады.

«Бүгінгі күннің адамдары өмір сүрмейді, жұмыс істейді. Туған-туыстарынан гөрі уақытының көбі жұмыстағы әріптестерінің жанында өтеді. Ол туғандардың арасындағы байланыстың үзілуіне әкеліп соғады. Сондай ақ, зерттеушілер жұмысқа берілген адамдардың психикасы да іштен бүлінеді»,-дейді.

**44. Тыңдаңыз. Дұрыс жауапты таңдаңыз.** №40

Еліміздің болашағы жастардың еңбекқорлығына, талап-тілегіне, арман-мұратына байланысты. Олар ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртады. Жастар ел экономикасын, ғылымын да дамыту үшін еңбектенуге міндетті. Ендеше жастар еңбек жолына түскенде ғана қоғамын дамыта алады.

**45. Тыңдаңыз. Дұрыс қатарды таңдаңыз.** №41

**Тоқтар Әлімбеков: «Шаштараз ашатын болсаң, Америкада несіне оқыдың?»**

Тоқтар Әлімбеков Ұлттық бірыңғай тестілеуде жоғары балл жинап, 2011 жылы Алматыдағы КИМЭП-ке түседі.

«Қазан айында университет басшылығы Президенттік грант деп мені тегін оқыта алмайтындарын, оқу ақысының 50 пайызын төлеуге міндетті екенімді айтты. Қарапайым отбасында тәрбиеленген маған оқудың жарты ақшасының өзін төлеу қиындық тудыратын еді. Ары қарай білімімді жалғастырудан бас тартып, құжаттарымды қайтарып алдым да, АҚШ-қа аттанып кеттім. Мичиган штатындағы Орталық Мичиган университетінің президенттік гранттын жеңіп алып, жеке кәсіпкерлік, экономика саласында 4,5 жыл білім алдым. Үздік аяқтап, былтыр туған өлкеге қайтып оралдым, – дейді Тоқтар. Қазір жас кәсіпкер. Бүгінде Шымкенттің дәл ортасынан «Chaplin's Barbershop» ерлер шаштаразын ашып, ісін дөңгелетіп отыр. Бұдан бөлек жастардың мәдениетін көтеруге, қаланы көркейтуге, құқықбұзушылықтың алдын-алуға арналған әлеуметтік жобалардың авторы.

**42. Тыңдаңыз. Тиісті сөзді жазыңыз.** №42

### 3 миллион теңгені 6 айда ақтадық

Жалынды жас алған білімін іс-тәжірибеде қолданып көруге бел буады. Содан кейін 100 күнде 0 теңгеден бастап, кәсіп ашамын деп өз-өзіне мақсат қояды. Қыркүйектің басында басталған жобаны 30 күн жоспарлайды, 3 миллион теңге бере алатын инвестор мен орын табады, 50 күн ғимарат салғызып, іші-сыртын жөндейді, 20 күні құжат жинауға, жарнама жасауға кетеді. Осылайша, 2016 жылдың қараша айында Шымқалада алғашқылардың бірі болып, «Chaplin's Barbershop» ерлер шаштаразын ашады.

**43. Тыңдаңыз. Ақпаратты анықтаңыз.** №43

Бүгінде 80-нен астам ұшқышқа жалған медициналық анықтама берілген. Алдағы уақытта мұндай заңсыз әрекеттерге қатысы бар дәрігерлерге қомақты көлемінде айыппұл салынуы мүмкін. Авиациядағы қауіпсіздікті қадағалау үшін осындай өзгерістер енгізілмек. Бұл жөнінде жаңа заң жобасы жасалды. Құзырлы орындар қызметкерлерді тексеретін мамандарды да бақылауға алады. Экипаж мүшелерінің жұмысқа жарамдылығын Халықаралық ұйым куәландырады. Экипаж командирін ешкім жіті тексермейді. Ұшқыш тек жылына бір рет қан тапсырып, тыйым салынған препараттарға қарсы сараптама жасатса болғаны. – Медицина қызметкерлер өз ісіне жауапсыз қараса 100 айлық есеп көрсеткіш айыппұл салынады. Ал екі рет қайталанған жағдайда, оның көлемі екі есе артады.

**48. Тыңдаңыз. Жауап беріңіз.** №44

Жалған медициналық анықтама алғысы келетіндер мұндай құжатқа қазір үйде отырып-ақ тапсырыс бере алады. Өйткені интернетте оның саудасы қызып тұр. Ақпан айында студенттерге жалған анықтама сатып келген қостанайлық азаматша ұсталған болатын. Медициналық анықтамалар қорытындысы және сырқат парақтарын қысқа мерзімде және төмен бағамен ұсынып жүрген келіншек қаладағы емхананың мөрі мен сондағы дәрігерлердің қолтаңбасын пайдаланып келген. Сканерден өткізу арқылы қағазға басылатындықтан олардың түпнұсқа екеніне күмән келтіру қиын-ақ. Алайда зер салып қараған адам анықтаманың жалған екеніне көз жеткізе алады.

**49. Тыңдаңыз. Тиісті сөзді жазыңыз.** №45

1. Кәсіпорын қызметкерлері ҚР заң актілерінде, құрылтай құжаттарында белгіленген демалыс, әлеуметтік сақтандыру мен әлеуметтік қамтамасыз ету және жұмыс режиміне қатысты барлық құқықтарды пайдалана алады.

2. Кәсіпорын қызметкерлері белгіленген уақытта кәсіпорын басшыларына кіріп, өз жұмыстарына байланысты мәселелерді айтуға құқылы.

3. Кәсіпорын әкімшілігі ұжымдық шартта көзделген шаралардың орындалуы туралы еңбек ұжымы кеңесінің алдында есеп береді.

4. Қызметкерді жұмысқа алғаннан кейін оның басшылары қызметкерді құрылтай құжаттарымен, ережелерімен, еңбек шартымен және ішкі еңбек тәртібімен, лауазымдық нұсқаулықпен таныстыруға тиіс.

5. ҚР қолданылып жүрген заң актілерін бұзбауға, кәсіпорынның ішкі еңбек тәртібін қатаң сақтауға, тиісті басшылардың өкімдерін орындауға;

6. Кәсіпорынға немесе оның қаржысы мен мүлкіне зиян келтіретін әрекеттерді жасамауға міндетті.

7. Әкімшіліктің қызметкерден еңбек шартында көрсетілмеген жұмыстарды талап етуге құқығы жоқ.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:


1. ҚР СТ 1925-2015 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Ортадан жоғары деңгей. Жалпы меңгеру». – Астана, 2015 ж.

2. Қазақ тілін оқытуға арналған бірүлгі бағдарлама. – Астана, 2016 ж.

3. Қазақ тілін қарапайым деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы. – Астана, 2011 ж.

4. Қазақ тілін базалық деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы. – Астана, 2011 ж.

5. Қазақ тілін орта деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы. – Астана, 2011 ж.

6. Қазақ тілін ортадан жоғары деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы. – Астана, 2011 ж.

7. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. -784 бет.

8. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы,1998 ж.-509 бет.

9. Ерназарова З.Ш., Мұхамедиева Н.Қ., Әшірова Б.С., Көшкенбаева Р.К., Тұңғатова Ғ.Ж. Елтану. Оқу құралы. – Алматы, 2005 ж.

10. Өмірзақ Т., Сансызбай Ә. Қазақ тілі. Оқу құралы. – Астана, 2006 ж.

11. Күзекова З. Қазақ тілі. Оқу құралы. – Алматы, 2005 ж.

12. Исаев С.М. Қазақ тілі. – Алматы, 2007 ж.

13. Д. Ақанова, А. Алдашева, З. Ахметжанова, Қ. Қадашева, Э. Сүлейменова. Ресми-іскери қазақ тілі. – Алматы, «Арман-ПВ», 2010 ж.

14. Мұрзалина Б., Нұрекеева С., Нұрғазина Г., Сағындықова С., Байтасова С. Қазақ тілі. Оқу құралы. – Алматы, 2003 ж.

15. А. Салқынбай. Қазіргі қазақ тілі. Оқулық. – Алматы, 2008 ж.

16. Н. Оралбай, К. Құрманәлиев. Қазақ тілі. – Алматы, «Арыс», 2007 ж.-456 бет.

17. Н.Т. Сауранбаев. Орысша-қазақша сөздік. – М., 1954 ж.

# ЖАЗБА ҮШІН

# Редакциялағандар:

М. Мұқаметқали
Ж. Бейсембаева
А. Бердіқұлова

# Көркемдеуші дизайнер:

С. Тлемисов

Басуға 27.10.2017 ж. қол қойылды.
Пішімі 60х90 1/8 . Офсеттік басылым. Шартты б.т. 42,5
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 31

«Palitra Press» ЖШС-нде басылды.
050000, Алматы қаласы, Л.Хамиди көшесі,4а